

Қазақстан Республикасы білім және ғылым
министрлігі
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті

Ж.А.Рүстемова

Қазақ балалар әдебиеті

Оқулық

Қарағанды - 2009

Рүстемова Ж.А. Қазақ балалар әдебиеті. Оқулық. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009, 280 б.

Оқулықта қазақ балалар әдебиетінің пайда болу, қалыптасу кезеңдерінен бастап 90 жылдарға дейінгі тарихы ұсынылады. Қазақ балалар әдебиеті ұлттық мәдениетіміздің даму процесінің жанды бөлігі ретінде қарастырылады. Кітапта көп жылдар бойы оқулықтарға аттары енгізілмеген ақын-жазушылардың шығармашылығына да орын берілген. Оқулық филология, педагогика факультеттерінде оқитын студенттерге, мектеп мұғалімдеріне, жалпы, балалар әдебиеті мәселелері қызықтыратын көпшілік қауымға арналған.

Пікір берушілер:

Б.С.Рақымов, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.;

Қ.М.Байтанасова, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының, доценті, ф.ғ.к.;

З.Т.Жұмағали, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік Университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д..

Ж.Т.Балмағамбетова, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Ф.Ә.Мейрамов атындағы орыс тілі мен әдебиетінің тәжірибесі мен әдістемесі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

© Рүстемова Ж.А., 2009

Алғы сөз

Қазақ балалар әдебиеті тарихын жасаушы Ш.Ахметовтің ең алғашқы еңбегі «Балалар әдебиетінің очеркі»(Октябрь революциясына дейінгі қазақ балалар әдебиетінің өсу жолдары туралы очерк) 1960 жылы жарық көрді. Одан кейін «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі»(1965), «Қазақ балалар әдебиеті»(Балалар ауыз әдебиеті мен XIX және XX ғасыр басындағы әдебиет)(1974), «Қазақ совет балалар әдебиеті»(1976) оқу құралдары баспадан шықты. Аталған еңбектерден қолдарыңыздағы оқулықтың өзгешелігі - **біріншіден**, құрылымында. Оқулық «Методологиялық мәселелер», «Қазақ балалар әдебиетінің негіздері», «XIX ғасырдағы балалар әдебиеті», «XX ғасырдың басындағы балалар әдебиеті», «1920-30 жылдардағы балалар әдебиеті», «1940-50 жылдардағы балалар әдебиеті», «1960-80 жылдардағы балалар әдебиеті» деген жеті бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім тараулары «Қазақ балалар әдебиетінің зерттелуі» және «Балалар әдебиетінің ерекшеліктері» деп аталады. Әрине, аталмыш мәселелер Ш.Ахметовтің Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі»(1965) кітабының «Кіріспесінде» де сөз болады. Бірақ шолу түрінде, үстірт айтылған. Біздің әңгімеміз жекелеген талдауларға иек сүйейді. «Қазақ балалар әдебиетінің зерттелуі» тарауы қазақ балалар әдебиетінің 30 жылдары, 50-60 жылдары және 70 жылдардан кейін зерттелуі мәселелерін қамтиды. «Балалар әдебиетінің ерекшеліктері» тарауының мақсаты - әр жылдары балалар әдебиетінің ерекшеліктеріне қатысты жазылған әдеби-сын мақалалардағы ой-тұжырымдар мен қорытындыларды жүйелеп, талқыға салу.

Екіншіден, оқулық мазмұнындағы өзгешелік. Қазақ балалар әдебиеті тарихына арналған оқулыққа тұңғыш рет

«жыраулар поэзиясы», «Ш. Уәлиханов», «Ш. Құдайбердиев», «А. Байтұрсынов», «Ж. Аймауытов», «М. Дулатов», «М. Жұмабаев» тараулары енгізіліп отыр. Ш. Ахметов кітаптары кеңестік дәуірде жазылды. Қазақ балалар әдебиетінің мазмұны түгелдей кеңестік идеологияға бағынды. Идеологиялық қысым салдарынан жыраулар поэзиясы, Ш. Уәлиханов, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаевтар қазақ балалар әдебиеті тарихына енбей қалды да, жалпы қазақ балалар әдебиеті өзінің алдындағы дәстүрлерден тыс зерттелді.

Балаларға арналған шығармалар, әсіресе, 20-30 жылдарда жарық көрген шығармалар тақырыбына қарай қабылданды, кейіпкерлері төңкеріс ерлері мен социалистік қоғам құрушылары болып табылатын туындылар мақталды, кеңестік идеология талабынан шықпайтындары мейлінше датталды. С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің, І. Жансүгіровтің балаларға арналған шығармаларының ішінен ауыз әдебиеті дәстүрінде туған және балалар талғамы ескеріліп жазылған туындылары, жеткіншек мінезі мен іс-әрекеті реалистік бояумен көрінетін шағын көлемді әңгімелері, ойнақы, жаттауға жеңіл, тақпақ үлгісіндегі өлеңдері мен поэмалары жетерлік. Оқулықта олардың ой саларлық, ғибрат берерлік жақтары сарапқа салынды, көркемдік ерекшеліктері зерделенді. Идеологияға бой алдырған тұстары да ажыратылып көрсетілді.

Ұсынылып отырған оқулықта қазақ қаламгерлерінің балаларға арнап жазған шығармалары мен нақты балалар ақын-жазушыларының туындылары жаңа көзқарас тұрғысынан таразыланды. Оқулық мазмұнының өзгеруі, екінші жағынан, балалар әдебиеті мұрасының сапалық елекке түсуіне де байланысты. Бұл ретте, әрине, қазақ балалар әдебиетіне арналған хрестоматияның үлесі зор.

1956 жылы Ш.Ахметовтің құрастыруымен тұңғыш рет «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы» жарық көрген болатын. Хрестоматия 1980 жылы әдеби өмірдегі елеулі өзгерістерге байланысты қайта толықтырылып жасалып, екінші рет басылды. Хрестоматияның бұл басылымына С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ө.Тұрманжанов, С.Ерубаяев, М.Әлімбаев, Б.Соқпақбаев шығармалары енгізілді. 2004-2005 жылдары «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы» қоғамдағы елеулі өзгерістер мен әдебиетке қойылған жаңа талаптарға байланысты толықтырылып, түрлі-түсті суреттермен безендіріліп, Ш.Ахметовтің 90 жылдық мерейтойына арналып үшінші рет басылады. Хрестоматия Павлодар педагогикалық колледжі, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты оқытушыларының қатысуымен өңделген. Үш кітаптан тұратын хрестоматия ішіндегі өзгерістер айтарлықтай. Мәселен, хрестоматияның екінші кітабына М.Ж.Көпеев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, үшінші кітабына М.Жаманбаев, Ә.Табылдыев, М.Ғұмар, Қ.Ыдырысов, Ә.Дүйсенбиев, Ж.Смақов, Қ.Мырзалиев, Қ.Баянбаев, Е.Өтегілеуұлы және тағы басқа көптеген қаламгерлер туындылары кірген. Аталмыш хрестоматиядағы материалдарды оқулықтың зерттеу объектісі етіп пайдалануға тырыстық.

Үшіншіден, тараулар соңында тапсырма берілуі. Тапсырмалардың ұсынылуында дәстүр жалғастығына байланысты заңдылық қатаң сақталады. Мысалы, Асан қайғы, Бұқар жырау жырларындағы ел тәуелсіздігі мен береке-бірлікті сақтау сияқты негізгі ой-түйіндерді батырлар жырымен ұқсастығына орай салыстыру, Ш.Уәлихановтың халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеудегі еңбегін балалар фольклорымен байланыстыра

отырып әңгімелеу, қазақ балалар әдебиетінде Махамбет, Абай, Ыбырай орнықтырған арна-дәстүрлердің ХХ ғасыр ақын-жазушылары шығармашылығында жалғасуы, қазақ қаламгерлерінің балаларға арналған шығармаларындағы, қазақ балалар ақын-жазушыларының туындыларындағы өзара дара және ортақ стильдік белгілерді айқындау т.с.с. мәселелерге қатысты тапсырмалар. Тапсырмалар тарау тақырыбының сипатына қарай ұсынылғандықтан, кей жерде бірде-екілі сұрақпен шектелсе, кей тұста бірнешеуі қатар берілді.

Жатталатын өлең-жырлардың таңдалуында да белгілі бір заңдылық бар. Балаларға арналған халық өлеңдері(бесік жыры, тұсау кесу жыры, санамақ, мазақтама, тақпақ, сұрамақ, қызықтама т.б.) мен қазақ балалар ақындарының балалар фольклоры дәстүрінде туған өлең-жырларын жаттау студенттер бойында дәстүр жалғастығы мен сабақтастықты ұдайы есте тұтуды қалыптастырады, ата-баба салт-дәстүрлеріне деген құрмет сезімдерін арттырады және оқу бітіргеннен кейін қай жерде қызмет етпесін, балабақшада, мектепте, тіпті жоғары оқу орнында болсын, бір сөзбен айтқанда, бала оқуы мен тәрбиесіне қатысты мекемелерде - бұл өлеңдер болашақ маманның практикалық қажетін өтейді. Күнделікті тірлікке, отбасылық өмірге, туысқандық, дос-жарандық қарым-қатынастарға аталмыш кәусар жырлардың игі әсері мол. Бесік жырының, мейлі, халық бесік жырының, мейлі авторлық бесік жырының қадір-қасиеті ана сүтінен кем емес. Шәкірімнің Абай тақырыбындағы өлеңдерін жаттау - Абай шығармаларының биік нысанасын ұғыну, дәстүр жалғастығын түйсіну, сондай-ақ, аға мен іні арасындағы жарасымдылықты, сыйластықты сезіну, одан үлгі-өнеге алу деген сөз. Елдікті, тәуелсіздікті, ынтымақ-бірлікті жырлап өткен Асан қайғы,

Бұқар жырау толғауларын, өршіл рух сыйлайтын Махамбет өлең-жырларын жатқа білмеу - жас ұрпақ тәрбиесіне жауапты кез келген жан үшін мін. Жамбыл жырлары болса - халық поэзиясының мәйегі.

Еңбегімізде балалар ақын-жазушыларының бүкіл шығармасын қарастыруды мақсат тұтпадық. Олай болған жағдайда ұсынылатын материалдарды оқулық көлемі көтермейтін еді. Екінші бір жағы, оқулықпен жұмыс істейтін оқушы, студент қауымына өз бетімен зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізу міндеті жүктелетіні тағы бар. Мұғалім, немесе оқытушы өз қалауына байланысты әр тақырыпқа тапсырма ойластыру мүмкіндігіне ие.

I бөлім
МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР
1 тарау. ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ
ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ балалар әдебиетінің 30-жылдары зерттелуі.
С.Ерубаев қазақ балалар әдебиеті жайында. Горькийдің 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында жарыққа шыққан «Тағы да сауаттылық туралы», «Балалар әдебиеті туралы», «Балаларға - әдебиет», «Тақырыптар туралы», «Балалар кітаптары мен ойындары туралы жазбалар» мақалаларында болашақ балалар жазушыларын тәрбиелеу мәселесі басты орынға қойылды. С.Ерубаевтың «Балалар әдебиетін жасайық» деген мақаласының (1930) нысанасы да осыған саяды: «... нақтылы міндеттемелер алыңыздар, балалар көркем әдебиетін жасауда өздеріңізді жауапты деп санаңыздар. Болайын деп отырған жазушылар съезінде мәселе көтеріңіздер. Өздерінің тілегендерінен қызғылықты, түсінікті кітап, әңгіме, өлеңдер жазып беріңдер, балалар өміріне жақын келіңдер. Балалар өмірінің өзгешелігімен танысыңыздар, балалардың өз тілімен өз өмірлерінен де жазып беріңдер»(17,375). Ендеше, қандай тақырыпта жазылмасын, балалар шығармаларының басты кейіпкері баланың өзі болуға тиіс. Балалар әдебиетінің осынау басты ерекшелігін Саттар ақын-жазушыларға «...балалардың өз тілімен өз өмірлерінен де жазып беріңдер» деу арқылы аңғартып өтеді.

С.Ерубаевтың аталған мақаласынан балалар әдебиетін ересектер әдебиетінен дараландырып тұратын сипаттарға сол тұстағы қазақ қаламгерлерінің назарын аудармақ болған мақсатын байқағандаймыз. Саттар хат иелері - кішкентай оқырмандар жөнінде былай дейді: «Бұл оқушылар - кітапқа, қызғылықты өмірге, күреске құмар оқушылар. Бұлардың

бәрі де «қызғылықты кітап жоқ, ал болса аз» дейді» (17,273). Бұл санамаланған қасиеттердің бала психологиясына тән екендігін және қызықты кітапқа деген зәруліктің қазақ балалар әдебиетінде әлі күнге орын алып отырғандығын ескерсек, Саттар ой-пікірі, ескертуінің сол кезең үшін ғана елеулі болып қоймай, қазір де үлкен мәнге ие екендігін айрықша атап айтамыз. «Лениншіл жас» газетінің 1934 жылғы 29 майда шыққан санында бұрынғы Әулиеата қаласының бір мектебі оқушыларының «Бізге көркем жазылған жақсы, қызық балалар кітабы мен ойын, өлең, әңгімелер керек» деген ашық хаты басылады. Саттардың жоғарыдағы «Осы уақытқа дейін біздің қазақ жазушылары балалармен сөйлесуді, өмірімен танысуды, балалардың пікірін білген емес. Бірақ қазақ пионерлері жазушылар бастамаса өздері бастады. Ендігі міндет - пионер қойған тілекті орындауда» деуі осы себепті. Балалар хатына Ғ.Мүсірепов, Т.Жароков, Ә.Тәжібаев және тағы басқа ақын-жазушылар жауап береді. Мұхтар Жанғалин екеуі бірігіп жазған орта мектептің 10 сыныбына арналған оқу құралында «...жас жазушылардың қатарынан көрнекті жазушылардың қатарына еркін қосылған талантты жазушы» атанған Ғ.Мүсіреповке де және тағы басқа қазақтың көрнекті ақын-жазушыларына да өзінің «қоғамдық борышым» деп есептеген талап-тілегін інілік ізетпен жеткізе білуін өжет жастың ерлігі деп бағалауға болады.

Қазақстан Жазушыларының көптен күткен бірінші съезі Алматыда 1934 жылы 12-18 маусым аралығында өтеді. Съезд жүріп жатқан кезде Саттардың «Не айтар еді» атты публицистикалық шығармасы «Лениншіл жас» газетіне «Оқушы» псевдонимімен шығады. Бұл достық әзіл де жас жеткіншектер үшін шығармалар жазу мәселесін көтереді: «Қызық кітап керек» деп қыңқылдаған тоғыз жасар Үмітке

әкесінің берген жауабын тыңдайық: «-Қалқам, ондай кітап жазатын Асқар еді, соңғы кезде ол да балаларды ұмытып барады. Сәбит, Мұхтар, Ғабиттер балаларға арнап бір кітап жазған емес. «Бұлардан қалыспаймыз» деген кісіше Жақан, Ғалым, Мәжит, Өтебай, Саматтар да балалар туралы түк жазбай жүр. Тегі, осылар балаларды кісі деп есептеп, санға қосқысы келмей ме екен? Әлде ұсақ, өнімсіз дей ме екен?» (17,294).

Саттар әзіліне объект болғандардың ішінен Өтебайдың балалар әдебиетіне қатысы жөнінде айта кетелік. Ө.Тұрманжанов балалар тақырыбына 1929 жылдан бастап жаза бастаған. Балаларға арналған «Қарлығаш» атты кітапшасы 1930 жылы Алматыда басылып шығады. 1932 жылы «Құрыш құс» кітабы жарық көреді.

Жазушыларды балалар әдебиетін жасауға шақырған Саттардың өзі жас оқырмандарға арнап арнайы шығарма жазды ма деген сауал туады. «Өз сөзіне лайық Саттар Ерубаев (1914-1937) «Терек пен гүл» дейтін әңгіме мен «Мәңгілік өмір туралы» жас ұрпақтың еліктеуіне тұратын өлмейтін де өшпейтін, әрқашан айтып жүретін жыр жазып берді» - делінген 1976 жылы жарық көрген «Қазақ совет балалар әдебиеті» оқу құралында. 1972 жылы өз алдына жеке суретті кітапша болып шықса да, бұл жырды балаларға тікелей арналып жазылды дей аламыз ба? Әрине, жоқ. Себебі, ересектер үшін жазылған шығармаларды да балалар оқуына ұсынуға болатынын өмірдің өзі дәлелдеді. Мәселен, Горькийдің өзі көзі тірісінде «Дауылпаз туралы жыр», «Италия жайындағы ертегілер», «Изергиль кемпір», «Челкаш» және тағы басқа көптеген шығармаларын жас жеткіншектер назарына ұсынған болатын.

Саттардың балаларға арнайы шығарма жазбауының бір кілттипаны - кішкентайлар үшін шығарма жазудың

қиындығын сезінуінде және бұл жауапты іске кірісуге өзінің даяр еместігін түйсінуінде деп топшылаймыз. «Ойлап, түпкі маңызына жете түсініп алмай, кешігіп қаламыз деп шалағай жазсақ, әрине, қарқын мен сапаны бір-біріне қарсы қойған боламыз. [...] Құрылыстан қалмау үшін, құр қалмады деген атақ алам деп жылдам қосылу (бұл бәрібір қалғандық) жақсылыққа жеткізбейді, қарқынмен қабат мәселені жете түсініп, ойланып, маңызды қылып жазу керек»(17,361). Міне, осындай ойлардың иесі жас Саттардың еш дайындықсыз сыншыл да сезімтал, талғампаз қауым - балаларға шығарма жазуға міндеттеме алуы мүмкін де емес еді. Денсаулығының дімкәстігіне қарамастан «көркем шығарма жазумен қатар, әлеумет тіршілігінің бәріне араласып, пікірін айтып отырған» Саттардың көрнекті ақын-жазушы ағаларына сыпайы тілмен «балалар әдебиетін жасайық!» деуі олардың даярлығына кәміл сенгендігі деп ұққанымыз жөн.

Б.Бұлқышев балалар әдебиеті жайында. Баубек Бұлқышев та Қазақстан жазушыларының II съезі қарсаңында жазылған «Балаларға жақсы кітаптар керек» мақаласында балалар әдебиетіне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей келе жатқандығын айтады. Мақаладан Баубектің бала психологиясын жетік білетіндігі байқалады. Олардың әр нәрсеге әуестенгіш, әсерленгіш, жылт еткен құбылысқа ынтық көңілдерін тап басып көрсетеді. Балалар үшін үлкен тәрбие құралы - көркем әдебиет екендігін жұртшылық есіне салады. «Жазушылардың ішінде балалар әдебиетіне ептеп көңіл аударған Қалмақан еді. Ол да ең соңғы рет балаларға өмір бойы азық қылындар деп «Тәтті қауынын» тарту етті де, соңғы уақытта балалардан ол да қол үзіп кетті. Мүмкін, Қалмақан балаларға «Тәтті қауын» есейіп, ер жеткенше қорек етуге жетеді деп жүрген болар. Бірақ балалар бірнеше

«Тәтті қауын» сияқты тәтті әдебиет жемістерін күтіп отыр. Қалмақанның мұнысына да рахмет. Басқа ақын-жазушылар «Тәтті қауын» түгіл балалардың әдебиет қорына бір уыс бүлдірген де қосқан жоқ» деп(10,378) жазады Б.Бұлқышев.

Баубек сынына іліккен Қ.Әбдіқадыров 1930 жылдары балаларға арнап екі кітапша шығарған болатын. Қалмақанның «Тәтті қауын» әңгімесі 1933 жылы жазылып, 1936 жылы осы атпен аталған әңгімелер жинағына енгізілді. Ал Баубектің мақаласы 1939 жылы «Октябрь балаларының» 29 мамыр, №40-шы нөмірінде жарияланды. Қалмақанның балаларға арналған шығармаларынан қалам қабілеті қарымын таныған Баубек оның үш жыл бойы үнсіз жатқандығына қынжылады. Дегенмен, басқа жазушылармен салыстырғанда оның бүлдіршінге ұсынылған дүниелері бар екендігіне шүкіршілік етеді. Демек, Баубекті қынжылтатын жайт - сыншылар сынайтын балалар әдебиетінің жоқ екендігі. «...біздің ақын-жазушыларымыз балалар әдебиетіне көңіл бөліп, балалардың тілегіне сай жақсы, қызықты шығармалар бере алмай келеді»- дейді(10,379) Баубек. Әдебиетке, әсіресе балалар әдебиетіне қатысты жоқ-барды қанағат еткен дұрыс емес. Мәуелі ағаштан жылдан-жылға мол жеміс күту - қандай заңды болса, әдебиеттен де жақсы туынды талап ету сондай табиғи, қажетті, заңды.

«Балаларға жақсы кітаптар керек» деген мақаласы Қазақстан жазушыларының II съезі қарсаңында жазылса, «Жазушылармен әңгіме» съезд өткен соң жазылды. 1939 жылы «Октябрь балалары» газетінің 12 шілде №50-ші нөмірінде жарық көрді. «...Қазақстан

жазушыларының екінші съезі(1939) әдебиеттің рухани жүдеушілігі жағдайында өтті. Онда жаңа әдебиеттің табыстары сөз болмады»- дейді(33,74) С.Қирабаев съезд жайында. «Октябрь балалары» газетінің ұжымы ұйымдастырған әңгімеге Қазақстан жазушылары ІІ съезінің делегаттары мен облыстардан келген ақын-жазушылар қатысады. А.Тоқмағамбетов, Ә.Әбішев, Ж.Тілеков, С.Машақов және тағы басқалары балалар әдебиетін жандандыруға қатысты өз ұсыныстарын айтады. Сөйтіп бұл жиында «Октябрь балалары» газетінің коллективі пионерлер мен мектеп оқушыларының тілегіне сәйкес көркем тілді, терең сюжетті әңгімелер, қызық поэмалар, ертегілер, сапта жүргенде әнге қосып айтатын жақсы өлеңдер жазуды ақын-жазушыларға ұсыныс етіп қойды» (10,385). Бұның өзі Баубектің тікелей қатысуымен өткен шара, балалар әдебиетін дамытуға арналған игілікті істердің бірі еді.

Қазақ балалар әдебиетінің сараланып сөз бола бастауы ХХ ғасырдың 30-жылдарында басталса, С.Ерубаетын, Б.Бұлқышевтің балалар әдебиеті мәселелеріне арнаған мақалалары сол тұстағы зерттеулер сапында балалар әдебиетінің даму ерекшелігінен қалың жұртшылықты хабардар етті.

Қазақ балалар әдебиетінің 50-60-жылдары зерттелуі. Балалар әдебиеті жайында жазылған сын-мақалалар, әсіресе, Отан соғысы жылдарынан кейін кең қанат жайды. Қазақ балалар әдебиетінің әр түрлі жанрлары жайында С.Қирабаевтың, Ә.Тәжібаевтың, А.Нұрқатовтың, С.Сейітовтің, Ә.Дербісәлиннің, С.Ордалиевтің, Б.Сахариевтің, Н.Ғабдуллиннің мақалалары баспасөз беттерінде жарияланды.

Соғыстан кейінгі кезеңде С.Бегалин, Ө.Тұрманжанов,

М.Әлімбаев, Б.Соқпақбаев, С.Омаров, М.Гумеров, Ә.Дүйсенбиев, Н.Серәлиев, Қ.Мырзалиев, Ж.Смақов, Қ.Ыдырысов, Қ.Мұқышев, Б.Ысқақов С.Сарғасқаев, А.Байтанаев сынды ақын-жазушылар қазақ балалар әдебиетінің тұрақты маман кадрларына айналды. Бүлдіршіндер мен жасөспірімдерге арналған туындыларымен Қ.Аманжолов, М.Хакімжанова, Қ.Бекхожин, Ж.Саин, С.Сейітов, Ш.Смаханұлы, І.Мәмбетов, О.Әубәкіров, Ш.Хұсайынов, Н.Ғабдуллин, Б.Тәжібаев, С.Жүнісов, М.Ақынжановтар көзге түсті. 50-60 жылдары жарық көрген мақалалар 40-50 жылдардағы қазақ балалар әдебиетінің даму ерекшеліктерін аталмыш қаламгерлер шығармашылығы негізінде қарастырды, балаларға арналған шығармаларда кездескен кемшіліктердің болу себептері мен олардан арылу жолдарын көрсетті, «кішкентайлардың үлкен әдебиеті» алдына орындалуға тиіс мақсат-міндеттер қойды.

1954 жылы жазылған «Қазақ совет балалар әдебиетінің кейбір мәселелері» мақаласында С.Қирабаев 40-жылдардың алғашқы жартысын қазақ балалар әдебиетінің еркін дами алмаған кезеңі ретінде атап көрсетеді. Қазақ балалар әдебиетінің бұл тұстағы кенже қалуының екі түрлі себепін атайды: біріншісі, тиісті орындардың әдебиеттің бұл саласын өркендетуге мән бере қарамауы, екіншісі, балалар әдебиеті саласында жұмыс істерлік арнаулы маман жазушы кадрлардың жоқтығы.

С.Қирабаев 40-шы жылдардың соңында жағдайдың біршама өзгергендігін баяндайды, яғни 1948-1949 жылдары балаларға арналған кітаптардың көптеп басылып шыққандығын айтады, сондай-ақ балаларға арналған бірер өлеңін бетке ұстап шығып кеткен өлең кітаптардың да болғандығын ескертеді. Балалар әдебиеті кадрларының

жетіспеушілігі осыдан да байқалса керек. Осы кезең балалар прозасы мен балалар поэзиясы даму ерекшеліктеріне сыншының жасаған сындарлы талдауы ақын-жазушылардың шығармаларындағы орын алған бірқатар кемшіліктерді аңғартты. Көпшілік шығармалардағы оқушы бейнесінің солғын, жансыз шығу себебін сыншы төмендегіше түсіндіреді: бірінші, жазушы балалар өмірін жеткілікті дәрежеде зерттемейді, өмірдің жаңалығына еркін бойламайды, шығармаларын ескі әсерлеріне сүйеніп жазады; екінші, шығарма оқиғасын дайын схема бойынша тізіп, баяндап шығады, оқиға адам тағдырымен байланыспай жалаң белгіленеді, кейіпкерді ойдан шығарылған жалған қиыншылықтармен шырмайды; үшіншіден, адам характерін ашуға тіпті көңіл бөлмейді, өздері жасаған характерлерге өздері сенбейді, геройларының іс-әрекеттері жайында қосымша түсініктер беріп отырады.

Мақаладағы «Балаларға арналған шығармалардың басты геройы бала болуы міндетті емес, тіпті бір де бала қатыстырмай балаларға арнап шығарма жазуға болады» - деген(21,100) сыншы пікірі қазіргі кезең оқулықтарының біріндегі «Литература для детей нигде и никогда не была плодом усилий только детских писателей. Ж.Ж.Руссо когда-то объявил, что «Робинзон Крузо» - лучшая детская книга, хотя она не была написана именно для детей. Юные читатели приняли книгу, потому что она отвечала их потребности открывать мир, самих себя, испытывать свои возможности, воображая, переживая иллюзию участия в необычной ситуации»(42,4)деп келетін тұжырыммен үндесіп жатыр.

Балаларға арналған поэмалардың көбінің тым жеңіл оқиғаға құрылатындығын, не құрғақ баяндау жолына түсетіндігін, шығарма тілінің мейлінше ауыр болатындығын,

шағын сюжетті өлеңдерін көпшілік ақындар «дастан» деп атайтындығын айтқан сыншыны балалар әдебиетінің бағбаны демеске негіз жоқ. «Меніңше, балаларға арналған өлеңдердің тілінің жатық, идеясының анық берілуі өз алдына(бұл бүкіл поэзияға керек қасиет қой), онда гипербола, дыбыс үнділігі, сөзді ойната білу, қызықты ұйқастарды қайталау керек пе деймін» (21,103). Сыншы бұл тұрғыда Маяковскийдің балаларға арналған өлеңдерін, А.Барто, С.Михалов, Д.Родари туындыларын үлгі етеді.

Сыншы балалар қаламгерлерінен нақтылықты талап етеді. Мәселен, мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларға арналған әдебиеттің қандай болуы керектігі жайында төмендегідей кеңес береді: «Балаларға арналған кітаптың ерекшелігі - оның мейлінше қарапайым, нақтылы, әдеби образға бөлеп жазылуымен байланысты. Бөбектердің кітабы оқушыны әрі көңілдендіретін, қуанышқа бөлейтін, жеңіл оқылатын, оның үстіне баланың санасын оятарлықтай ойға құрылуы керек. Көркем әдебиеттің басқа саласы сияқты ол да қайнаған өмірден алынып, образды түрде жазылуға тиіс. Әрине, бұл жерде жазушының көркемдік суреттеушілік құралы үлкендердікінен өзгешерек болады»(21,104). Әдебиетші ғалым әңгіме жанрының өркендемей отырғанына қынжылыс білдіреді. Суретті кітапшалардың сапасына қатысты сын айтады. 40-50 жылдары кеңес заманының табаны тұтқыр ілімін ұстанушылар кеңестік балалар ұшы-қиыры жоқ арманнан, шығармашылық фантазиядан, қиял-ғажайып элементтері бар кез келген ертегілік дүниелерден бойларын аулақ ұстаулары қажет деп санады. Әлбетте, бұл жағдайға байланысты да сыншы позициясы айқын: «Бөбектердің өте сүйіп оқитын шығармалары - ертегі бізде анда-санда басылады.[...]Оның үстіне біздің кейбір сыншыларымыз ертегінің өзіндік ерекшеліктерін ескермей, айуанаттар туралы

ертегілердің көбеюіне қырсығын тигізді. Әдетте, көп ертегілерде аңдар басты кейіпкерлер ретінде алынады. Ал, бұл біздің кейбір сыншыларымызға ұнамайтын көрінеді. Сондықтан олар «адам туралы жазбай, аң туралы неге жазасыздар, аңдарың адамнан да ақылды болып көрінеді» деп ұрысады» (21,106).

З.Серікқалиев 1961 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көрген «Балалар поэзиясы туралы» мақаласында балалар ақындарына, бірінші кезекте, балалар фольклоры шығармаларын үлгі етеді. Сәбилердің үндес, ұқсас дыбыстарды айтуға ұмтылу ерекшелігі ойнақы өлеңдердің тууына жағдай жасайтындығын, бұл міндетті балалар фольклорының толығымен атқарып отырғандығын үлкен қуанышпен жеткізеді.

З.Серікқалиев ойынша, қазақ балалар ақындары үшін орыс балалар қаламгерлерінің балаларға арналған шығармалары әрқашан да үлгі. Сыншының XX ғасырдың 60-жылдарына дейін бір-екі ғасырлық тарихы қалыптасқан орыс балалар әдебиетін, жасы кіші балалар талғамы, қабілет-қарымы, психологиясын зерттеу нәтижесінде бүлдіршіндер талғамына жауап беретін тамаша жыр жауһарларын дүниеге әкелген К.Чуковский, С.Маршак туындыларын қазақ балалар ақындарына үлгі ретінде ұсынуы, әрине, заңды. Орыс балалар ақындарының балалар өлеңдерін жинап, жұртшылыққа таныстыру, тарату тәжірибесін алға тартады. Қазақ балалар әдебиетінде бұндай үрдістің дамымай отырғандығына қынжылыс білдіреді. Балалар психологиясын, тілі мен тірлігін зерттеу - қазіргі күннің де өзекті мәселесі. Чуковскийдің «Екіден беске дейін» кітабы жөнінде пікірі жоғары. Орыс қаламгерлерінің ыңғайынша автордың өзі де қазақ балаларының бірді-екілі өлеңдеріне тоқталып, олардың аяқ алыс, беталыстарына қуаныш сезімін білдіреді. Осы орайда ата-аналар, тәрбиеші, педагогтар мен балалар ақындарының бала аузынан

шығатын сөзді жазып алу ісіне мүлдем қырсыз екендігін ашық айтады. Бұл істі бірігіп қолға алса ғана, өзіндік нәтиже беретіндігін ескертеді. Сын мақаланың шын бағасы балаларға арналған шығармалардың ерекшеліктерін көрсетуінен көрінеді: «Бала психологиясына, оның ойлау, түйіндеу ерекшелігіне сай оқиғаның, көркем образдың айнала қоршаған ортадан неғұрлым нақты, көрнекті алынуы; жирендіріп не қуандырып, бүлдіршінің ішкі сезім дүниесіне бірден әсер ететіндей баяндаудың күшті лиризммен берілуі; оқиға өрбуі мен шешімінде, кейіпкерлер қарым-қатынасын, мінезін, характерін ашуда суреттеудің динамикалы келуі; ойнақы, жеңіл, бейнелі тілімен сәби жүрегін ғажайып бір шат сезімге бөлеп, оларды белгілі бір идеалға, еңбексүйгіштік пен адамгершілікке, адалдық пен ерлікке меңзеу, - міне, бұлар нағыз ақын, нағыз суретші қаламынан туатын шығармаға тән қасиет».

Сыншы жиі жазылатын тақырыптарға тоқталады. Олар: мектеп, мектеп бағы, оқушылардың жазғы демалысы және табиғат құбылысы, жан-жануарлар мен жәндіктер туралы өлең-жырлар. Аталмыш тақырыптардағы өлеңдер бойынша аталған кемшіліктер елеусіз емес. Мектеп тіршілігі жайындағы өлеңдердің көпшілігі жалаң сөзді болып келеді. Бұларда нақты ой, түйін, көркемдік шешім жоқ. Бейнелі сурет, образ көрінбейді. Оқушылардың жазғы демалысы жөніндегі өлең-жырларға тән кемшіліктер бұдан гөрі қомақтырақ. Біріншіден, өлеңдерде жаналық жоқ. Өйткені автор құбылысқа жалаң таңданады. Оқиға мәні мен астарына терең үңілмейді. Екіншіден, авторлар тарапынан оқиғаны үстірт баяндаушылық, риторикаға бой ұру байқалады. Фактілер мен құбылыстардың фотографиялық көшірмесін жасайды. Жалаң дидактика, үгіт айту басым.

Қазіргі уақытта да келелі тақырып болып отырған

табиғат, хайуанаттар әлемі жайындағы поэзиялық туындылар кемшіліктері дегенде, сыншы бұлардың бір-біріне қоянның көжегіндей ұқсас келетіндігін көлденең тартады. Шешім, ой, мораль тұрғысы, бірін-бірі түп-тура қайталайды дей келіп, Ә.Табылдиев, Т.Шопашев, Б.Тұрсынбаев, І.Мәмбетов, Ш.Смаханұлы, Қ.Мұқышев өлеңдерін мысалға келтіреді. Сондай-ақ, қазақ балалар поэзиясында сонау 30-жылдардан бері орныкпай келе жатқан тақырыптарды да қадап айтады. Қазақ балалар әдебиетін жасауға ең алғаш саналы түрде көңіл бөлген қаламгер І.Жансүгіров 1931 жылы жазған «Мен қалай жаздым?» мақаласында «Бізде, әсіресе, техника, өнер жайында шығармалар туған жоқ. Енді бұл кетікке кірпіш қалауымыз керек дейміз» деген болатын(2,193).

«Жыл сайын мыңдаған жас ұрпақ мектеп бітірісімен өмірге жолдама алып, фабрикалар мен заводтарға, құрылыстар мен колхоз-совхоз далаларына жұмысқа аттанады. Халық игілігіне бағышталған осындай сан алуан ұлылы-кішілі істердің мән-жәйін кішкентайларға бейнелі поэзия тілімен жырлап беру балалар ақындарының ардақты міндеті емес пе? Бізде, әдетте, үлкендер еңбегі жайында жазғанда оқиғаны, шындықты тек жасөспірімнің ұғымымен бағалап, солардың білім деңгейінде ғана жұқалап айту керек дейтін үстірт пікір бар. Туған жер келбетіндегі тамаша өзгерістерге әзірше өзі тікелей үлес қосып, қолма-қол араласып кете алмаса да, дүние сырын жаңа-жаңа ұға бастаған білімқұмар сезімтал жас оқушыға шахтер мен болат құюшының, мұнайшымен теміржолшының өмірін, қажырлы еңбегін нағыз көркем шығарма арқылы жан-жақты білу неге қызық болмайды» деп ағынан ақтарылады З.Серікқалиев. Бұл тақырыптардағы өлеңдердің балалар әдебиетінде көп тарала қоймауын тапсырыспен жазылған

дүниелерді жаны нәзік, сезімтал балдырғандардың қабылдай алмауымен, соны жан-тәнімен сезінген сезімтал ақын қауымының сергектігімен түсіндіруге болатын сияқты. Сонымен автор 60-жылдар ішінде жарыққа шыққан өлең жинақтары мен суретті кітапшаларына тән ортақ кемшілік ретінде мазмұн жұтандығын, тақырып тарлығы мен идеялық шешімнің бірыңғайлығын көрсетеді.

1961 жылы «Жұлдыз» журналының кейінгі нөмірлерінің бірінде Ә.Тәжібаевтың «Жас ұрпаққа жақсы әдебиет жасайық» деген мақаласы жарияланды. Мақала авторы балалар әдебиетін жанрлық даму тұрғысынан бағалайды. Балалар поэзиясы, прозасы және драматургиясы салаларының өсіп-өркендеуі жөнінде ой бөліседі. Ж.Саиннің, М.Хакімжанованың, О.Әубәкіровтің, С.Сейітовтің, Ә.Табылдиевтің, Қ.Ыдырысовтың, Қ.Бекхожиннің, Ә.Дүйсенбиевтің өлең-жырларына тоқталады. Кемшін жағы турасында Серікқалиевтен асып ештеңе айта қоймайды, жетістік жағын көбірек қаузаиды. О.Әубәкіровтің «Менің інім», «Шолжаң» өлеңдері жөнінде «Баланың міні мен сыны, ойыны мен шыны түп-түгел қабысып жатыр» дейді. Мақалада автор қазақ ақын-жазушыларынан балалар әдебиетінің арнаулы ақын-жазушыларын ажыратып, бөлек отау иелері ретінде алғашқылардың бірі болып айтады.

Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесі жөніндегі сын төмендегідей: «Лирикалық герой сахнаға шыққанда қарны ашып шығып еді, кітап біткенше бір тойынбай қояды. Аңсайтыны қант. Ол қант көрсе ұрлап та жейді, сатып алып та жейді. Бір рет ашығуға болар, өне бойы аштықты айта беру қызық емес». Мақала авторы үнемі сын айта бермейді. Әсіресе, поэзия саласы бойынша барынша көрегенділік танытады. Жылт етіп көрінген

жауһарды жаза баспай таниды. «Толағай» поэмасының авторы өз кезегінде Ө.Тұрманжановтың «Құмырсқалар, аралар - қиыспас дос, құдалар» мысал-поэмасына сүйсінбей тұра алмаған. Ә.Дүйсенбиевтің «Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ» поэмасы жөнінде «Тілі жатық, ұғымға жеңіл, оқуға қызықты, балалар үшін бір жағы ермек, бір жағы тәрбие. Шығарманың мазмұны үшін түрін, композициясын ауырлатпай, дөрекі білгірлікке ұрынбай өте татымды, өте тартымды шығарған» деп пікір білдіреді. Сондай-ақ, ақын назарынан шағын өлеңдер де таса қалмаған. Қ.Мұқышевтің «Тауық пен жылан», Қ.Мырзалиевтің «Күшігім», Ә.Табылдиевтің «Сары маса мен инелік» өлеңдерінің жас жеткіншектерді баурағыш қасиетін ақындық сезімталдықпен таниды. Алдында ғана өлеңдері таң-тамаша еткен ақындардың келесі бір туындыларын бекер дүниелер деп есептейді. Сөйтіп, сәттісін де, сәтсіз шыққандарын да таныстырып өтуді міндет санайды. Балалар әдебиеті сыны дамуына қынжылыс білдіреді. Ә.Тәжібаев М.Әлімбаев пен З.Серікқалиев мақалаларынан өзге іліп аларын таппайды.

Болашағы үлкен жанрдың бірі ретінде балалар драматургиясын атай отырып, Ш.Хұсайыновтың, С.Омаровтың, Н.Ғабдуллиннің, М.Гумеровтің, С.Ахметовтің, Б.Тәжібаевтың, С.Жүнісовтің, Қ.Мұқышевтің мектеп сахналарына арналған пьесаларын жаңа бастама деп қабылдайды. Б.Ысқақовтың «Кішкене театр» және бірнеше автордың «Мектеп сахнасы» жинақтарының жарыққа шығуын үлкен табыс деп бағалайды. Орыс тілінде жазылған пьесалардың үлгі алар тұстарын баса айтады.

Балалар драматургиясының жай-күйі С.Ордалиевтің «Балалар драматургиясының жайы» мақаласында(1964) біршама көрініс тауып, бұл олқылықтың орны толтырылған. Зерттеуші соғыстан кейінгі жылдары туған пьесалар

авторларына орыс балалар драматургиясы туындыларын үлгі етеді. М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин», М.Ақынжанов пен Қ.Бадыровтың «Алтын сақа», Ш.Хұсайыновтың «Нұрлы тас», «Есірткен ерке», Ш.Байжановтың «Әлия Молдағұлова» пьесаларының тақырыптық, мазмұндық, идеялық ерекшеліктерін көрсетуге күш салады. Ересек адам(колхозшы қарт Қуаныш, колхоз председателі Нарын), әсіресе, мектеп мұғалімдері(мектеп директоры Ақтан, отряд бастығы Дариха) бейнелерінің солғын шыққандығын «Нұрлы тас» пьесасы нәтижесінде көрсетеді. «Автордың суреттеуінше, Ақтан, Нарын, Қуаныштар - ұнамды образдар. Бірақ оларды автордың өзінен басқа ешкім сүймейді, өйткені сүйетіндей, сүйсінетіндей олардың ешбір әрекеті, қимылы айқын көрінбеген»(41,230). Пьесадағы оқушылар - ересектерге қарағанда әлдеқайда көреген, алыстан болжағыш, ақылдырақ. Автор өз пікірін орыс әдебиеті драматургиясы үлгісінде дәлелдеуге тырысады. Бұл жайт түсінікті де. Орыс балалар әдебиетінің қарқынды дамуында оның драматургиясының да алғы шепте болғандығын сол тұстағы пьесалардан байқаймыз. Пьесадағы тіл олақтығы мен бас кейіпкер бейнесінің ашылмауына байланысты ескертпе Ш.Байжановтың «Әлия Молдағұлова» пьесасына жасалады. Бас кейіпкері әсіреленуі нәтижесінде басқалары ұмыт қалған пьеса деп Ш.Хұсайыновтың «Есірткен ерке» (1953) пьесасын атайды. «Қазақ драматургтерінің балаларға арнаған шығармаларында іс-әрекетті шынайы көрсетудің орына риторикалық репликалар мен көп сөзділікке салыну, геройлардың тіліне елеусіз қарау көп кездеседі. Соның салдарынан ол шығармалардың кейіпкерлері бір-біріне өте ұқсас, бәрі бір типтес болып келеді, мұның өзі сөз жоқ, пьесалардың сапасын түсіріп, құнын төмендетеді» (41,236).

«Балалар прозасы» атты мақаласын(1965) А.Нұрқатов балалар әдебиетінің дамуы мен жанрлық ерекшеліктеріне шолу жасаудан бастайды. Н.Серәлиевтің «Намыс» жинағына енген әңгімелеріне назар аудара отырып, олардағы бала мінезін, бала қылығын танытатын сипаттарды басты жетістік ретінде атайды. Повестерден Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», С.Сарғасқаевтың «Сұлутөрдің балалары», А.Байтанаевтың «Ерденнің басынан кешкендері» туындылары жөнінде әр қилы пікір білдіреді. Бастапқы екі повесть турасында көркемдік, тіл ерекшеліктерін бағалай келіп, бұларда өмірдің көлеңкелі жақтарын суреттеуге көп орын берілген деген тұжырыш жасайды. «...өмірдің тек көлеңкелі жақтарын көбірек көріп, қызықтаушылық Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» атты басқа повесінде де баршылық.[...] Мұнда да автор ұнамсыз жәйттерді, өмірдегі және адамдардың басындағы көлеңкелі күйлерді тәптіштеп, қазбалап суреттеуге үйір-ақ. Автордың назары ауа беретін - ылғи бір жұтаңдық, тапшылық, қолқысқалық»(40,390).

А.Нұрқатов Сарғасқаев повесін С.Антоновтың «Жасыл алқап» шығармасына ұқсатады. Жазушы шығармасы тілін «Балалар» атты жинағындағы әңгімелері тілімен салыстырады, повестегі тіл шұбалаңқылығынан жинақ әңгімелерінде арылғандығын атап көрсетеді. Есесіне, А.Байтанаевтың «Ерденнің басынан кешкендері» повесінің ұнамды жақтарын молдау көрсетеді. Біріншіден, повесть оқиғасының қызғылықтығы. Екіншіден, балалар мен ересектер бейнесінің жан-жақты көрінуі. Үшіншіден, шығарма тілін бейнелі етудегі жазушы ізденісінің көрініс беруі. Дегенмен де, қаламгердің кейіпкер толғаныстарын бейнелеуге терең бойламай жатқандығын ескертіп өтеді.

Әдеби ертегі жөнінде С.Қирабаевпен қатар пікір айтқан - А.Нұрқатов, С.Бегалин, Б.Тұрсынбаев ертегілерінің кемшілігі дегенде халық ертегілері мен аңыздары желілерін қайталау қасиетін алға тартады. М.Гумеровтің, С.Омаровтың, Ж.Байжановтың аңыздық, ертегілік тақырыптарға арналған суретті кітапшаларының да аңыз, ертегілерден алыс кетпегендігін ескертеді.

Балалар әдебиеті жайында сөз болғалы бері айтылып келе жатқан жайт, оның бала жасына сәйкес келуі. Демек, суретті кітапшалар тақырыбының тарлығы ғана емес, олардың қабілеті, бала ой-өрісіне сәйкессіздігі де - басты кемшілік.

Балаларға арналған прозада типтік образ жоқ. Типтік бейне сомдауды ойға алуға тиіс қаламгерлер ертеде шыққан шығармаларын атын ғана өзгертіп тың туынды ретінде қайтадан ұсынуда дейді А.Нұрқатов. «Балдырған» журналының жарыққа шығуы - бөбектер үшін тамаша сый. Бірақ балалар және жастар баспасын ашу - кезек күттірмес шаруа. Халық ертегілері басылып шығуда, бірақ сирек шығуына байланысты қазіргі күні олар аздық етуде. Зерттеуші алда атқарылар шаруаның біршамасын атайды. Балаларға арналған таңдаулы шығармаларға мезгілімен конкурс жариялап отыру, жеткіншектерге арнап шығарма аудару ісін жандандыру.

Кемшілік атаулының қатарында жазушының бала өмірін терең зерттемеуі аталады. Қарапайымдылықты желеу еткен қаламгерлердің көркемдік қасиеті кем, әсер етушілік қуаты жоқ туындыларды туғызатындығы рас. Бала тірлігін, кезең шындығын зерттеу жазушыларға міндет саналады. Балалар жазушысы болу үшін оған білім қажет. Жазушы білімді қайдан алады? Өз балалық шағынан алады. Балалармен арадағы қарым-қатынастан, оларды бақылау

нәтижесінен тірнектеп жинайды. Аталмыш талап-тілек бүгінгі күні де өзекті. Оның көкейкесті болу себебі, балалар әдебиетінің объектісі әрдайым бала болып саналады. Демек, объектіні зерттемей ол жайында шынайы туынды туғызу мүмкін емес. Мақала авторлары, жалпы алғанда, 1940-50 жылдардағы балалар әдебиетінің тыныс-демін объективті түрде көрсете алған.

40-50 жылдардағы қазақ балалар әдебиетінің жай-күйі 50-60 жылдары жарық көрген ғылыми еңбектерден де көрініс тапты. 1960 жылы Ш.Ахметовтің «Балалар әдебиетінің очеркі», 1963 жылы «Қазақ совет балалар әдебиеті» еңбектері жарыққа шықты. 1964 жылдың 16 мамырында С.Мұқанов Ш.Ахметовтің «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі» кітабының алғысөзінде былай деп жазған болатын: «Өткен жылдармен, әсіресе, революциядан бұрынғы жылдармен салыстырғанда советтік дәуірде балалар әдебиеті қазақ тілінде де орасан өсуі, жылдан жыл биіктеп, салмактанып, көркемденіп келе жатуы мәлім. Бұл жөнде әр кезде жазылған мақалалар да аз емес. Шеген Ахметовтің оқушыларға ұсынып отырған мына кітабы - сол мақалалардың биік өркеші сияқты еңбек»(2,3). Әр кезде жазылған сол мақалалардың қатарында С.Қирабаевтың, Ә.Тәжібаевтың, А.Нұрқатовтың, С.Ордалиевтің, З.Серікқалиевтің жоғарыда аталған мақалалары бары анық. Бұлардан өзге авторлардың да, атап айтсақ, С.Сейітовтің, Ә.Дербісәлиннің, Б.Сахариевтің, Н.Ғабдуллиннің қазақ балалар әдебиеті мәселелеріне арналған мақалаларын Ш.Ахметов кітап кіріспесінде атап көрсетеді. «Бұлардан басқа да балалар әдебиеті жайында жазылған ірілі-уақты жиырма шақты мақалалар кездесті. Осы аталған игі еңбектердің бәрінде де қазақ совет балалар әдебиеті жайында айтылған өрелі ойлар мен құнды пікірлер

бар. Оны жақсарту, көркемдігін арттыру мәселесі жайында да елеулі ұсыныстар жасалған» - деген(2,8) Ш.Ахметов осынау құнды пікір, өрелі ойлардың біразын басшылыққа алғанға ұқсайды. Мәселен, кітабының кіріспесінде балалар әдебиетінің алты түрлі ерекшелігін атайды. Олар - оқиға мен көркем образдың нақтылығы, лиризмнің болуы, суреттеудің динамикалылығы, пейзаждық суреттің қажеттілігі, шығарма мазмұнының белсенділікке шақыруы және шығарма тілінің ойнақылығы, жеңілдігі мен бейнелілігі.

С.Қирабаев, З.Серікқалиев, Ә.Тәжібаев, С.Ордалиев А.Нұрқатов өз мақалаларында балалар әдебиетінің белгілі бір сипаттарға ие болу қажеттігін балаларға арналған әр шығарманы талдау барысында ескертіп отырады. Демек, балалар әдебиетінің сан қилы мәселелеріне байланысты туатын пікірталастардың барлығы да балаларға арналған туындылардың түбегейлі зерттелуімен тікелей қарым-қатынаста өрістейді. Зерттеу еңбектерінің де белгілі бір сала проблемалары бойынша бұрын айтылған тың, пікір, ой-тұжырымдарға иек сүйейтіні тағы шындық.

Қазақ балалар әдебиетінің 70-жылдардан кейін зерттелуі. Балалар әдебиеті саласында ойлы пікір айтқан ғалымдар мен қаламгерлер қатарын кейінірек Б.Ысқақов Қ.Мырзалиев, Ә.Табылдиев, З.Серікқалиев, Е.Елубаев, С.Қалиев, Қ.Ергөбек, Б.Сарбалаев, Б.Ыбырайым, Ә.Бөпежанова және т.б. құрады. 70-80 жылдары С.Өскенбаевтың «Қазақ балалар прозасының даму тенденциялары» (1970), Г.Нұғыбаеваның «Детская литература Казахстана 1970-80-е годы(развитие, нравственность, проблематика)»(1984) тақырыптарында кандидаттық диссертациялары қорғалды. 90-шы жылдары К.Матыжанов «Қазақтың фольклорлық балалар поэзиясы»

(1990), Ә.Өтегенова «Жанрово-художественные особенности современного казахского детского рассказа(70-80-е годы)» (1990) тақырыптарында кандидаттық, Б.Ыбырайым «Қазіргі қазақ балалар повесінің көркемдік ерекшеліктері» (1990) атты тақырыпта кандидаттық және «Қазіргі қазақ балалар прозасы және рухани эстетикалық даму мәселелері» тақырыбында докторлық(1998) диссертацияларын қорғады. 2000 жылдардың ішінде қорғалған зерттеу жұмыстары ретінде Б.Қапасованың «Қазіргі қазақ балалар лирикасы»(2001), А.Ақтанованың «Қазіргі қазақ балалар драматургиясы»(2003), Ж.А.Рүстемованың «Қазақ балалар прозалық әдеби ертегісі»(2004), Б.Ақыштың «Балалар прозасындағы жеткіншектер бейнесінің жасалуы(рухани әлем және адамгершілік мұрат)» (2006), Г.Қажыбаеваның «Қазіргі қазақ балалар поэмасы(1960-90)»(2006), Ә.Жәкімнің «Қазақ балалар поэзиясы және Мұзафар Әлімбаевтың көркемдік тағылымы»(2006), Ш.Жанаеваның «1960-80 жылдардағы қазақ балалар поэзиясы және Қ.Мырза Әли шығармашылығы»(2007) тақырыптарында қорғалған кандидаттық диссертацияларын атауға болады. Қазақ балалар әдебиетінің дамуына айтарлықтай үлес қосқан ақын-жазушылардың жекелей өмірі мен шығармашылығына қатысты қорғалған Е.Құлымбетовтың «Өтебай Тұрманжановтың ақындығы»(1974), Б.Баткееваның «Мұзафар Әлімбаевтың лирикасы»(1999), Ж.Бұлтанованың «Қабдыкәрім Ыдырысовтың шығармашылық мұрасы» (2007) атты кандидаттық диссертацияларын да атаған жөн. Қ.Мырзалиевтің «Сөз сиқыры»(1982), Б.Ыбырайымовтың «Көркемдік көкжиегі»(1991), К.Ісләмжанұлының «Рухани уыз»(1995), Қ.Ергөбектің «Мейірім шуағы»(1985), «Өтебай Тұрманжанов»(1992), «Арыстар мен ағыстар»(1 том, 2003)

кітаптарында қазақ балалар әдебиеті мәселелері сөз болады. Қ.Ергөбектің құрастыруымен жарыққа шыққан «Сөзстан» (1983), «Қазақ совет балалар жазушылары»(1987) жинақтарында балалар ақын-жазушыларының шығармашылық өмірбаяндары жайында мол мағұлмат беріледі.

2 тарау.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Халық даналығы «Бала - балқыған қорғасын, оны қандай қалыпқа да құюға болады» дейді. Сондықтан баланың көркем әдебиетке деген қызығушылығын қоламтасында өшіріп алмай үрлеу қажет, осыған әрекет жасау керек. Орыс балалар әдебиетінің кеңес дәуіріндегі қамқоршысы М.Горький балаларға жазған хаттарында олардың оқуына ұсынылатын кітаптарды жүйелі түрде көрсетіп отырған екен. 1979 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Балаларым - бақытым» кітабының соңғы бөлімінде балалар оқуға тиісті кітаптарға Горькийдің берген қысқаша түсініктемесі келтірілген. Бұнда батырлар жыры, ертегілер, А.С.Пушкин, И.С.Тургенев, Л.Н.Толстой, В.Г.Короленко, В.В.Бианки, С.Я.Маршак, К. И.Чуковский, Г.Х.Андерсен, М.Твен, Э.Сеттон-Томпсен және тағы басқа көптеген авторлардың шығармаларының аты аталып, түсі түстелген, олармен міндетті түрде танысудың қажеттілігі айтылған.

Балалар әдебиетін жасаудың ең бір оңтайлы жолы - бала талап-тілегін білу, біліп қана қоймай оны орындау екендігін Горький ерте еске тұтса керек. Өйткені 1912 жылдың өзінде-ақ орыс жазушысы балалардың өтініштері бойынша «Торғай балапаны», «Евсейкомен болған уақиға»

ертегілерін жазды. 1918-19 жылдары «Ақымақ Иван туралы», «Самауыр», «Яшка» ертегілері жарық көрді. Өзін ешқашан балалар жазушысы есептемегенмен Горький бала өмірі жөнінде көп жазды.

Горькийдің оқушы балалардан алған хаттары бойынша С.Маршак «Балалар Горькийге жауап береді» мақаласын жазды. Мақала балалар әдебиеті ерекшеліктері мен балаларға арналған кітаптарға қойылатын талаптарды айқындауда маңызды мәнге ие болды. Кеңес балалар әдебиеті алдына жаңа бағыт-бағдар межеледі. Кішкентай оқырмандарға арнап шығарма жазуға ниеттенген қаламгер қауымы үшін пайдалы дүниеге айналды. Үлкендер әдебиеті мен балалар әдебиетінің жалпы міндеттері мен принциптері, көркемдік әдістері мен тарихи тағдыры бірдей.

Балалар әдебиеті - әдебиеттің жеке бір саласы. Сондықтан оған ерекше қасиеттер тән. Балалар әдебиетінің ерекшелігі жайындағы мәселе 30-жылдары да, одан кейін де талай рет талас өзегіне айналды. Көбінесе бір-біріне кереғар пікірлер легі толастамады. Ақын-жазушы, сыншы және педагогтардың кейбірі балалар әдебиетінің басты ерекшелігі - оның тематикасында, екіншілері - оның ұғынықтылығында, үшіншілері - оның балаларға лайықталған ерекше тілінде деп түсінді. Бірқатары балалар әдебиетінің ерекшелігі бала оқырманның жас өзгешелігін есепке алуда деп есептеді. «Әйтпегенде, - дейді М.Горький. - жазушы қаламынан балаға да, ересек адамға да қажетсіз, адрессіз кітап тууы мүмкін». Балалар әдебиеті баспасы жұмысының күрделілігін С.Маршак оның үш тілде кітап шығаруымен байланыстырады, өйткені бес жастағы бала бір тілде, он жастағы бала екінші тілде, ал он бес жастағы бала үшінші тілде сөйлейді. «Жастан-жасқа толуымен өзгеретін бала табиғаты дәуірден дәуір, ұрпақтан ұрпақ ауысқан

сайын да өзгеріске түседі. Адамзат та есейеді. Кезінде үлкендердің өздері үшін шығарылған көне мифтер қазіргі уақытта балаға арналған ертегіге айналған» - дейді И.Мотяшов.

Балалар жазушысы болу үшін оған білім қажет. Жазушы білімді қайдан алады? Өз балалық шағынан алады. Балалармен арадағы қарым-қатынастан, оларды бақылау нәтижесінен тірнектеп жинайды. Балалар кітаптарының тематикасына шектеу қоюға болмайды, онда адамның бүкіл қоғамдық және жеке өмірі қамтылады. А.Макаренконың айтуы бойынша, бұл жерде «не туралы?» деген сұрақ болмауы тиіс, «қалай?» деген сұрақ қойылуы керек.

Балалар әдебиетінің тағы бір қасиеті - юмор. Онсыз ол балалар әдебиеті болмақ емес. Бұның өзі балалар табиғатымен белгіленеді. Балада К.Чуковскийдің айтуы бойынша, «күлуге деген үлкен қажеттілік» (есть великая потребность смеяться) бар. Осы қажеттілікті өтеу үшін жарамды материал ұсынылуы қажет. Көркем шығарма балаларды көңілдендіру үшін ғана күлдірмейді, олардың бойында юмор сезімін тәрбиелеу үшін күлдіреді. Өйткені юмор сезімі бала өскенде оның кез келген қолайсыз ортаға қарсы қорғаныс қабілетін арттырады және ұсақ-түйек қажетсіз кикілжіндерден жоғары тұруға үйретеді. Ашықжарқындылық балалық шаққа тән болатыны сияқты юмор балалар әдебиетіне тән.

Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесінен Қожаның әжесінің аңқаулығын сипаттайтын эпизодты тұтасымен келтірейік: «Әжем менің қызық адам. Тұрмыстың қарапайым қағидасына бұдан жүйрік кісі осы ауылда, сірә де, табыла қояр ма екен. Сөйте тұрып ол көп мәселе жөнінде сәбидей аңқау. Қараңғы болған соң аңқау болмай қайтсін. Мен қанша әуреленсем де, оған осы күнге

дейін жердің домалақ екенін ұғындыра алмай-ақ қойдым. Айтысып-айтысып келеді де, қолын бір-ақ сілтейді. - Бар аулақ. Жер домалақ емес, сен домалақсың. Басымды қатырмай, бар!- дейді. Кейде екеуміз құдай жөнінде керісіп қаламыз. - Құдай жоқ болса, дүниені кім жаратады? - деп сұрайды әжем. - Дүниені ешкім де жаратқан жоқ, өзі жаралды. - Сен немене, сонда қасында қарап тұрып па едің, дінсіз неме? -Қарап тұрғаным жоқ, кітаптан білем. - Ал, адамды кім жаратты? - Адам маймылдан жаралған. - Тәйт, сандалған неме. Сандалмай бар онда ана ормандаға маймыл әке-шешене».

Сонымен, балаларға арналған шығармаларға керек нәрсе юмор екен. Көңілді шығарма балаға тез сінеді. Баланы күлдіре отырып, оның жанына ізгілік дәнін егуге болады. «Менің атым Қожада» бала жанына жақын әдемі юмор бар. Белгілі әдебиеттанушы Қ.Ергөбек «Менің атым Қожаның» бас қаһарманы жайында былай дейді: «Қазіргі күнге Қожаның өзі олқы соғатыны және шындық. Өйткені қаһарман жаңалануы керек. Өйткені, қаһарманды тұлғалайтын, ішкі жан-дүниесін ашатын мотив жаңалануға тиісті. Бірақ, Қожа қазақ балалар әдебиеті тарихында белгілі бір кезеңде өмірге келген қызықты қаһарман болып қала береді». Әрине, Қожа қаһарман ретінде балаларды ендігәрі қызықтырмайды деуге болмайды. Дегенмен, бүгінгі оқушылардың өз уақыты деңгейіндегі шығармаларды оқығысы келетіні тағы шындық.

Балалар әдебиеті - балалар өмірінің энциклопедиясы. Бала кітап арқылы өзін, өз өмірін танып біледі. Балалар өмірінің энциклопедиясы халық өмірінің энциклопедиясын да танытады, өйткені бала тағдыры халық тағдырынан ажырағысыз. Бұның өзі балалар әдебиетінің халық әдебиетімен органикалық бірлікте екендігін байқатады.

Мектеп жасына дейінгі үш жасар баладан бастап он алты жасқа дейінгі жасөспірімнің жас ерекшелігіне лайық оқылатын кітаптар бар. «Балаларға арнап шығарма жазу былай тұрсын, жазылған жақсы шығарманы жыға танып қабылдаудың өзі бір мәселе. Әлгі шығармаларды түсіну үшін алдымен кім-кімге де бала бола білу, балаша ойлау, балаша қабылдау керек» - дейді әдебиеттанушы Қ.Ергөбек(16,171). Қазақ балалар ақын-жазушылары да өз шығармаларын жазуда баланың жас ерекшелігін басты нысанаға алады. Әрбір қаламгер шығарма жазарда, оның жасы кіші балаға немесе ересек балаға арналатындығын алдын-ала болжайды. Автордың кей жағдайда шығармасы жазылып біткеннен кейін ғана оның қай жастағы балаға лайық екендігін анықтауы мүмкін.

Қ.Ергөбектің «Көркем шығарманы өмірдің өзі деп қарайтын, солай қабылдайтын бүлдіршіндердің көңіліне қаяу салмау үшін оларға арналған көркем шығармада иненің жасуындай жасандылық болмауы шарт. [...] Бар ойынды бала мінезіне құрып жеткізуің керек. Ең бастысы, бұл жастағы балаларға бағытталған шығарма сезім арқылы көңілге ұялауы шарт.» - дегенімен келіспесіңе болмайды(16,168). Ал жасөспірімдерге арналған шығармалар жөнінде не деуге болады? Ә.Бөпежанова былай дейді: «Төл балалар әдебиетімізде жеке кейіпкерлер психологиясын көрсетуде табыстар бар болғанмен, уақыт рухын терең беретін шығармаларға зәрулік сезіледі. Үлкен масштабтармен келгенде -жинақтау, қоғамдық ой айта білу, баланың рухани әлемін, жан-дүниесіндегі қиян-кескі «майданды» зерделеу, оның бойындағы тазалық - рухани күш-қуаттың терең қыртыстарын қопару жағы кемшін. Характер ірілендіру, характер біртумалылығы, жаңа көркемдік ізденіс-шешімдер де қажет-ақ»(11,124). Демек,

уақыт рухын терең беретін шығармалар туғызу -қазіргі қазақ балалар ақын-жазушыларының алдында тұрған келелі міндеттердің бірі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақ балалар әдебиетінің зерттелуі жөнінде әңгімеленіңдер.
2. Ш.Ахметовтің «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері» кітабында(1965) қазақ балалар әдебиетінің қандай ерекшеліктері аталып көрсетіледі?
3. Балалар әдебиетінің ерекшеліктері туралы әдебиеттанушы ғалымдардың, ақын-жазушы, педагогтардың ой-пікірлерін мысалға келтіріңіздер. Өз ой-тұжырымдарыңызды айтыңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Ш. Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. - Алматы: Мектеп, 1965.
2. Ә. Бөпежанова. Өрнектер. - Алматы: Жазушы, 1991.
3. М. Горький. Әдебиет туралы. - Алматы: Жазушы, 1984.
4. Қ. Ергөбек. Арыстар мен ағыстар. 1-2 кітап. - Алматы: Өркениет, 2003.
5. С.Қирабаев. Көп томдық шығармалар жинағы. 1 том. - Алматы: Қазығұрт, 2007.
6. Сөзстан. 4 кітап. - Алматы: Жалын, 1983.

II БӨЛІМ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

1 тарау. ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Балалар фольклоры. Балалар фольклорына аясына не жатады? Балалар фольклоры ұғымына ауыз әдебиеті үлгілерінің көптеген жанрлары мен жанрлық түрлері жатады. Олардың ішінде қара сөз түріндегі шығармалар мен өлең-жырлар бар. Демек, балалар фольклоры қара сөз түріндегі шығармалар мен үлкенді-кішілі өлең-жырларды қамтиды. Қара сөз түріндегі шығармалар балаларға арналған ертегілер, аңыздар, әңгімелер, мысалдар саналады. «Хайуанат жайында балалар үшін айтылатын қазақ ертегісінің бір алуаны «Күшік пен мысық», «Қотыр торғай» сияқты кішкене жануарлар жайындағы ертегілер. Ақылсыз күшік, айлакер мысық балаға әр жәндікті әр кейіпте танытумен бірге күлкі, көңілді, баланың өз мінезіндей ойнақы күйде әңгімеленеді. «Қотыр торғай» ертегісінде әңгімелік құрылыс жағынан қызық айтылатын ерекше түр бар. [...] Құрылыс ерекшелігінен басқа, балаға арналған бұл ертегіде сол баланың өз мінезінің шағымпаздығын әзіл еткен мағына да бар. «Құйыршық» ертегісінде де сондайлық, бала мінезінің тынымсыз, мазасыз тыпырлаған қалпын кейіптеу бар. Ойнақы тынымсыз баланы тынымсыз ешкінің үнемі жыбырлап, тыным бермей тұратын құйыршығымен салыстырып әзіл ету бар»- деген(6,25) М.Әуезов пікірін еске алсақ жеткілікті.

Балалар фольклорының арнайы сала болып бөліну себебі, оның өзіне тән көптеген ерекшеліктерінің болуында. Ол ерекшеліктер К.Ісләмжанұлының балалар фольклорына берген анықтамасынан көрінеді: «...балалар фольклоры - балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын халықтың

ғасырлар бойы жасаған асыл мұрасы. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, тілінің нәрлілігімен, ақ пен қараның жігін айқын ажыратқан тәрбиелік маңыздылығымен, эстетикалық талғамдылығымен бағалы»(50,12).

Фольклорлық балалар поэзиясы. Балалар фольклорының ең бір үлкен саласы -фольклорлық балалар поэзиясы, немесе балаларға арналған халық өлеңдері. Фольклорлық балалар поэзиясын жалпы атаумен балалар фольклоры деп те атай береді. Балалар фольклорының кейбір үлгілерінде мазмұнға жеткілікті мән беріле бермейді. Ұйқасы оңай, ойнақы болса, ондай өлеңдер көбірек қолдау табады. Осындай өзгешелік ойын өлеңдерінен анық көрінеді. Мазмұнға жеткілікті көңіл бөлінбеу мысалын санамақтардан анық байқаймыз. «Бірлан, сірлан, қабылан, қатыс, мірлан отыз, сен тұр, сен шық». Балаларға арналған халық өлеңінің бір түрі осындай. Өлең жеңіл ұйқасқа құрылған, ойнақы. Өлең шумағындағы біраз сөздің мағынасы түсініксіз. К.Ісләмжанұлы төмендегіше түсініктеме береді: «Ғалымдардың пайымдауынша, жұмбақ сөздердің шығу тегі сонау алғашқы қауымдық құрылысқа тіреледі. Ол кезеңде шаруашылықтағы құралдардан бастап, аң-құс, табиғат құбылыстарының көпшілігі тура аталмай, шартты атауларға ие болған. Санамақтарда сол дәстүрдің сарқыны бар. Балалар тірлігінде ол әлі күнге сол дәрежесінде көрініс тауып келеді - деген ғылыми пайымның дұрыстығын қазақ санамақтарының табиғаты да дәлелдейді»(50,98). Қазақ балалар санамақтарында орыс тілінен енген кірме тіркестер де кездеседі.

Они, Вани
Туфли Вани
Васкаризм.

Оңшыл, молшыл,
Гологоншыл,
Кошкин дом
Вышел вон,

Балалар фольклорында коллективтік сипат басым келеді. Халық өлеңдерін балалар жаттап алып, айтып жүреді. Кезекпе-кезек айтылатын өлең түрлері де («Бақа», «Түйе, түйе, түйелер», «Түлкі, түлкі, түлкішек» т.б.) балалар фольклорында мол. Халық сатирасымен тамырлас мазақтамалар да балалардың есінде жүреді. Табиғи ерекшеліктерін сезініп өзара бөлектене бастайтын ұлдар мен қыздардың бір-бірін мазақтап, ызаландыруға көшкен әрекеттері балалар айтысынан көрінеді.

Балалар фольклорында түрлі көне түсініктер (арнау-тілек өлеңдері), ырым, салт жоралғылары (тұсау кесу жыры), жан-жануарлардың даусы мен қимылына еліктеу құбылыстары (ойындар мен ойын өлеңдері) байқалады. Балалар ойындары өлеңдерінің орындалуы ойындық шартты әрекеттермен байланысты келеді. Ал арнау-тілек өлеңдерінің шығу тегі ай, күн т.б. құбылыстарды киелі деп есептеген анимистік ұғымнан туындайды. Және түрлі жануарларды тотемге айналдырған халық түсінігі де бар. Бала өміріне қатысты дәстүрлі ғұрыптарға, ырым, салттарға байланысты орындалатын өлеңдер де бұған дәлел.

Балалар фольклоры балалар коллективінің өзіндік сүзгісінен өтеді. Өз ұғымдарына, түсініктеріне, тіл оралымына, іс-әрекеттеріне сәйкес емес туындылар балалар тарапынан қабылданбайды. Ал қабылданған жағдайда балалар шығармашылығының дәстүріне лайықты өзгеріп, өңделеді.

Міне, осы айтылған ерекшеліктердің барлығына фольклорлық балалар поэзиясын іштей саралауда назар

аударылады. Бұл шарттарды К.Ісләмжанұлы төмендегіше жинақтап көрсетеді:

-шығармаларды кім шығарып, кімдердің орындайтындығын және қалай орындайтындығын ескеру;

- шығармалардың атқаратын қызметін ескеру;

- балалардың жас ерекшелігін ескеру;

-шығармалардың поэтикасын(шығармалардың тақырыптық, мазмұндық, сюжеттік, композициялық құрылымын, сөз саптасын, тіл кестесін т.т.) ескеру.

Сонымен аталған принциптер бойынша К.Ісләмжанұлы балаларға арналған халық өлеңдерін мынандай топтарға жіктеп, ішкі жанрлық түрлерге бөледі: Әлпештеу поэзиясы(бесік жыры, сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жырлары, уату-алдарқату жырлары); Жеткіншектер поэзиясы(маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдері, балалар өлеңдері:тақпақ, сұрамақ; қызықтама, өтірік өлең, мазақтама); Ойындық фольклор(ойын өлеңдері: тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақ, балалар айтысы, ойынға байланысты жырлар: ойынға шақыру, қаламақ, санамақ, драмалық ойындар)

Бесік жыры(колыбельные песни). Бесік жырының атқаратын қызметі - баланы ұйықтату. Бесік жырының негізгі мазмұны баланы ұйықтатуға, тыныштандыруға, оның жарқын болашағына ақ тілек(үміттену, сенім арту) білдіруге құрылады. Мәселен, үміт тілек:

Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып
Ұста болар ма екенсің?

Бата тілек(сенім арту):

Ала биен құлындап,
Алатауға сыймасын»
Қара биен құлындап,
Қара тауға сыймасын...
Ақылыңмен батыл бол,
Ағайынмен тату бол.
Бағаналы таудай бол,
Шағалалы көлдей бол.

Бесік жырында ананың балаға деген махаббаты айқын көрінеді. Өскен соң ата-ана, туған-туысқа қамқоршы, жанашыр бол дегенді меңзейді. Бала болашағын еңбек айқындайтынын танытады. Бесік жыры көп вариантты. Орындаушы жан бесік жырын өз қабілет қарымына, эмоциональдық көңіл-күйіне байланысты өзгертіп, толықтырып отырады, өз жанынан жаңа шумақтар қосады. Бесік жырындағы қайталаулар «Әлди, әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат, бөпем», «Әлди, бөпем, әлди-ай», «Әлди, әлди, бөбегім», «Әлди, әлди, бөпешім», «Жылама, әлди, жылама», «Жылама, балам, жылама» түрінде келеді, «бөпем», «бөбегім», «бөпешім», «балам» деген қаратпа сөздер үнемі айтылады. Орыс бесік жырында аң-құстардың аттары(собачка, зайка, ласточки-касаточки, серенький волчок, котик т.д) жиі айтылады, көбінесе бала есімі қатыстырылады:

Приди, Котя, ночевать,
Мово Ванечку качать
Уж я Котику - коту
За работу заплачу.
Дам кувшин молока
Да кусок пирога

Орыс бесік жырындағы қайталаулар «Баю-бай, баю-бай, поскорей засыпай» т.б. түрінде ұшырасады.

Мәпелеу жырлары(пестушки). Мәпелеу жырлары халықтың баланы бағып-қағуға байланысты өмірлік тәжірибесінен туындаған. Сәби денесінің дұрыс жетілуіне қолайлы жағдай туғызу мақсатынан баланың аяқ-қолын созып, әр түрлі жаттығулар жасату - практикалық қажеттілік. Анасы бала құлағына жағымды сөзбен жаттығу әрекеттерін сүйемелдей өлеңдетеді.

Өс-өс, балам, өсе бер,
Батыр бол - балуан білекті,
Батыл бол - таймас жүректі
Аяғыңды созайық,
Саусағыңды жазайық,
Етті болсын балтырың,
Епті боп өс, жарқыным.
Өс-өс!

Өлеңнің ұйқасы мен ырғағы, көркемдік құрылысы дене жаттығуларын сүйемелдеуге ыңғайланған, сол әрекеттермен үндес шығып отырады. Мәпелеу жырларын орысша пестушки немесе потягушки деп атайды.

Потягунушки, потягунушки!
Поперек толстунушки,
А в ножки ходунушки,
А в ручки хватунушки,
А в роток говорок,
А в голову разумок!

Өлең ырғағы жаттығу әрекетіне лайықталғандықтан баланы сергітіп қана қоймайды, жанын да жадыратады.

Дыбок, дыбок
Скоро Ванюшке годок!

- дей отырып баланы аяққа тұрғызады. Бала өсе келе, мәпелеу жырларының мазмұны да күрделене түседі, балаға жаңа міндеттер («Ақ білек» т.б.) артады. Бала жан-жағына

көз тоқтатып, айналасын тани бастаған кезеңде уату-алдарқату жырлары айтылады.

Уату-алдарқату жырлары(потешки). Уату-алдарқату жырларының міндеті - тынышсызданған баланы алдандырып, сергітіп, көңілін басқа жаққа аудару. «Қуырмаш» өлеңін бала саусағын ретімен жұмып, ретімен аша отырып айтады. Өлең соңында баланың алақанын қытықтайды.

Қуыр-қуыр қуырмаш,
Балаларға бидай шаш.
Тауықтарға тары шаш,
Әжең келсе есік аш,
Қасқыр келсе, мықтап бас.
Мына жерде қой бар,
Мына жерде ешкі бар,
Мына жерде сиыр бар,
Мына жерде түйе бар,
Мына жерде жылқы бар,
Мына жерде күлкі бар
Қытық! Қытық!

Уату-алдарқату жырлары – бала көңілін аулайтын ермек қана емес, тәрбие құралы.

Бас бармақ,
Балалы үйрек
Ортан терек
Шылдыр шүмек
Кішкентай бөбек
Сен тұр - қозыңа бар,
Сен тұр - қойыңа бар,
Сен тұр - жылқыңа бар,
Сен тұр - түйеңе бар.
Сен - қария

Қазан түбін жалап,
Үйде жат!

Кішкентай бөбек(шынашақ) қозы бағатын болса, үлкен адам қария үйде отырып демалмақ. Үлкенге жасалатын құрмет осындай болмақ. Сондай-ақ, саусақтарды ретімен жұмып, ретімен ашу да бала ұғымын жүйелілікке тәрбиелейді. Бұл қимылдың өсіп келе жатқан баланың ми қызметін жақсартуға, сөйлеу дағдысын жетілдіруге әсері бар. Сол себепті болар, саусақ ойындары Азия елдерінде ғана емес, славян халықтары арасында да кеңінен таралған.

Большаку дрова рубить,
А тебе воды носить,
А тебе печку топить,
А малышке песенки петь!

Бесік жасынан асқан балаға ойын қажет. Бұл жерде қызықтаманың ролі үлкен.

Қызықтама(прибаутки). Фольклорлық балалар поэзиясының күрделілеу түрі - қызықтама. Қызықтамалардың ең басты ерекшелігі, өлеңдік баяндауға құрылатындығы. Олардың сюжеті үнемі тізбекті болып келеді. Бұл жанрдың кейіпкерлері түйе, түлкі т.б. («Түлкі, түлкі, түлкішек», «Түйе, түйе, түйелер» т.б.) хайуанаттар болып келеді. Қызықтама бала қиялын ұшқыр етеді, сұрақ-жауап түріндегі диалогтық форма өлеңге динамизм дарытады. Бұл өлеңдерді балалар ынталана тыңдап қана қоймай, оның астарындағы юморды да түсіне білуі шарт.

Түлкі, түлкі, түлкішек,
Түнде қайда барасың?
Әжем үйіне барамын.
Әжең саған не берер?
Сиыр сауып сүт берер,

Ешкі сойып бұт берер.
Оны қайда қоясың?
Жалпақ тасқа қоямын.
Ит жаласа қайтесің?
Таяқ алып қуамын..
Кір боп қалса қайтесің?
Ағын суға жуамын.
Ағып кетсе қайтесің?
Пароходпен қуамын

Фома туралы орыс балалар қызықтамасын мысалға келтірейік:

Куды, Фома, едешь?
Куды погоняешь?
Сено косить!
На что тебе сено?
Коровок кормить!
На что тебе коровы?
Молоко доить!
На что тебе молоко?
Ребяток кормить!

Қызықтамалар бала назарын өзіне лезде аударатындықтан тез жатталады. Балалар шығармашылығының кіші жанрларының басым көпшілігін **тақпақ, сұрамақ, қаламақ, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ пен мақал-мәтелдер** құрайды.

Тақпақ («Торғай», «Қарға», «Сауысқан» т.б) - шағын көлемді шығарма. Тақпақта дыбыстық үйлесімдер жарасымы анық байқалады. Мазмұны балалардың таным-түсінігіне, күнделікті тірлігіне етене жақын болып келеді. «Жазда» деп аталатын халық өлеңі жазды қалай қызықтауға болатындығын баяндайды. Өлең бір топ балаға емес, бір балаға, балақайға арналуымен өзгеше.

Балақай-ау, балақай,
Жаз келеді-ау, алақай!
Жалаң аяқ жүреміз
Балақты да түреміз.
Көлден балық сүземіз,
Жалтылдатып тіземіз.
Тау мен тасты кеземіз,
Сан қызықты көреміз,
Сайдан жидек тереміз.
Тайға мініп желеміз,
Алтыбақан тебеміз.

Сұрамақ («Қарға, қарға, қарғалар», «Ауылың қайда?», «Бақа» т.б.) диалогқа құрылып, екі баланың кезектесіп айтуына ыңғайлы болып келеді. Өлең құрылысы да ойнақы, жеңіл, шымыр ұйқасқа құрылады. **Қаламақ(жеребьевки) және санамақ(считалки)**. Балалар ойынының басталуында қаламақтың да, санамақтың да атқарар рөлі зор. Қаламақ пен санамақ арқылы балалар екі топқа бөлінеді. Қаламақ бойынша ойыншылар төмендегідей сұрақ-жұмбақ жасырады.

Аспандағы жұлдыз керек пе?

Судағы құндыз керек пе?

Орыс балалар қаламағы төмендегіше келеді:

Матка, матка, кого надо?

Коня вороного

Или казака удалого?

Травки - муравки

Али золотой булавки.

Мәтін таңдауда баланың тапқырлығы, түсіну қабілеті, талғамы байқалады әрі ұшталады. Қаламақтардың құрылысы өте қарапайым. Екі жол өлеңдегі заттық ұғымдардың мәнінен бала жанының талай сырын ұғуға

болады. Біріншіден, баланың әрқашан күнделікті тұрмыста таныс, өз ұғымына жақын заттарды таңдайтыны көрінеді. Екіншіден, бала талғамына халық шаруашылығының да елеулі әсер ететіндігі байқалады. Сонымен қаламақтар баланың ішкі дүниесінен мол хабар береді. Санамақ қаламаққа қарағанда көлемдірек. Санамақ көбінесе санды негізге алады. Мағынасы түсініксіз сөздер санамақта жиі кездеседі.

Бірім, екім,
Алма, текім,
Сары шымшық,
Сартылдауық,
Сен тұр,
Сен шық!

Бұл жанрдың да тәлімдік мәні өте зор. Ең алдымен ұйқасты өлеңдер баланы әдемі сөйлеуге дағдыландырады. Жаттау қабілетін, танымдық ой-өрісін дамытады. Санамақ тәртібін бұзбай айту баланы сергектікке, байқампаздыққа баулиды.

Жаңылтпаш(скороговорки). Балалардың ең сүйікті ермек ойындарының бірі - жаңылтпаш болып табылады. Сөздерді жаңылыссыз, тез айтуға дағдыландырады. Қате айтқан бала күлкі туғызады. «Жаңылтпаштарды халық бала психологиясына мен тілінде болатын мүкістерге сәйкес шығарылған. Тілі шыға бастаған жас бөбек пен тілі шыққан балдырғандардың тілінде көбінесе «р» дыбысы мен «и» дыбысын, «ш» дыбысын «с» дыбысымен шатастыру байқалады. Сондықтан жаңылтпаштар, да көбінесе сол «р» дыбысы мен «и» дыбысын қатар айтуға құрылған:

Дегенде, әй, Тайқарбай, әй, Тайқарбай,
Қойынды май жусанға жай, Тайқарбай.
Тайқарбай, Майқарбайлар толып жатыр,

Әй, Тайқарбай дегенің қай Тайқарбай
Сол сияқты «қ-к», «ж-ш», «т-д», «н-ң» т.б. дыбыстарды
шатастырмай айтуға жаттықтыратын жаңылтпаштар
бар(36,10).

Арнау-тілек өлеңдері(заклички, приговорки). Бұл
өлеңдер табиғат құбылыстары мен хайуанаттарға арналып
айтылады. Өлең төркіні табиғат құдіретіне сыйыну тәрізді
наным-сенімдерге негізделген.

немесе

Май берейін, құрт берейін,
Күннің көзі шық, шық!

Белең, белең, белең құрт,
Белі жуан белең құрт,
Шандырынды созармын,
Тас төбеннен ұрармын,
Уытыңды жаймай шық!
Шық!

Орыс балалар арнау-тілек өлеңі де осы тәріздес:

Божья коровка
Улети на небо,
Принеси нам хлеба!

Жұмбақтар(загадки). Жұмбақ - ойын өлеңдердің
ерекше формасы. Жұмбақ баланың байқампаздығын,
бақылампаздығын, ойлау ассоциациясын дамытады. Көркем
сөйлеу мәдениетіне баулиды. Көпшілік жұмбақ метафора,
теңеуге құрылады. Жұмбақ құрастыру, оны шешу - балада
бейнелі ойлау қабілетін қалыптастыру үшін таптырмас
жаттығу. Ертедегі жұмбақтар көбінесе, мал
шаруашылығына байланысты болған.

Апаң, апаң
Ескі шапан,
Иір қобыз,

Жарық жұлдыз(Түйе)

Кейін заман талабына қарай ғылым мен техниканың дамуына байланысты жұмбақтар туды.

Самұрық құс самғады,

Көктен өтіп,

Айға жетіп

Жеңілдеді салмағы(Ғарыш кемесі).

Жұмбақтар ұйқасы ырғақты өлеңге құрылады. Жұмбақтың дүниетанымдық қасиетімен қатар тәрбиелік мәні де зор. Бала жұмбақ айту арқылы танымдық, білімдік ұғымдарды ой-қиял елегінен өткізеді. **Мақалдар.** Мақалдар - нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіндері болып табылады. Мақал, негізінен, екі бөлімнен(көбінесе екі тармақтан) құралады. Бірінші бөлімде пайымдау (айтатын ойдың түп негізі), екінші бөлімде ой қорытындысы айтылады(Еңбек етсе, емерсің). Тура мағынада (Еңбек етсең, ерінбей, тояды қарның тіленбей), ауыспалы мағынада (От жақпаған үй - қорамен тең, адам кірмеген үй моламен тең) қолданылатын мақалдар да бар. Қазақ мақалдарының тақырыптары: бірлік, батырлық, ерлік, өнер-білім, төрт түлік, егіншілік, адам қасиеттері т.б. Төрт түлікке байланысты мақалдар:

Қойдың сүті - қорғасын,

Қойды соққан оңбасын.

Мал өсірсең, қой өсір,

Өнімі оның көл-гөсір.

Өмір тәжірибесі аз балаға айтылатын ақыл-насихат, өсиет-өнеге мақал арқылы да беріледі.

Ертегілер. Қазақ балалар фольклорының ішінде кейбір жанрлық түрлер үлкендерге де, балаларға да ортақ болып келеді. Олар: батырлар жыры, ертегілер, аңыз әңгімелер. Қазіргі ғылыми ұстаным бойынша қазақ халық ертегілері

хайуанаттар жайындағы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілері, новеллалық ертегілер, батырлық ертегілер және сатиралық ертегілер түрінде қарастырылады(23). Қазақ балалар фольклорында жасы кіші балаларға арналған арнаулы ертегілер бар. Олар: «Мақта қыз бен мысық», «Күшік пен мысық», «Қотыр торғай», «Шудалы торғай», «Құйыршық» және т.б. Аталған ертегілердің көлемі шағын, композициялық құрылысы қарапайым келеді. Бұларда диалогқа көп орын беріледі. Бір эпизодтың жиі қайталануы байқалады. Мәселен, ол бас қаһарманның басқа кейіпкерлермен кездесуіне байланысты эпизод болуы мүмкін. «Қотыр торғай» ертегісінде торғай өзіне кездескен хайуанаттың бәрінің үстінен шағым жасайды. Қотырын ауыртқан шеңгелді ешкіге шағады. Тілін алмаған ешкіні қасқырға шағады. Қасқырды жылқышыға, жылқышыны байға, байды кемпірге, кемпірді желге шағады. Ерігіп жүрген құйын кемпірдің жүнін ұшырады, кемпір, бай, жылқышы, қасқыр, ешкі бірін-бірі қуады. Ақыр соңында ешкі шеңгелді жейді. Қотыр торғай осылайша шеңгелден кек қайтарады. Ертегідегі біркелкі эпизодтар осылайша қайталанып келіп, соңында бас кейіпкер белгілі бір нәтижеге жетеді. Орыс халқының «Ешкі мен жаңғақ» ертегісі де осындай тізбекке құрылған. «Мұндай құрылысы бар ертегілерді тізбекті(кумулятивный) ертегі дейді.

Қайталанатын эпизодтардағы диалогтардың көбінесе ұйқасқа құрылуы, яғни өлең түрінде келуі де кездеседі. Өлең араласқан ертегі театрландырылған көрініске сұранып-ақ тұрады. Баланың жасы кіші болған сайын ертегі қаһармандары мен ондағы оқиғаларды шын өмірдегідей қабылдайды. Лақ, қозы, бұзау, күшік, мысық тәрізді ертегі кейіпкерлері баланы баурайды. Олардың тірлігі адам өміріне ұқсас. Адам характерін қайталайды. Уақыт өте келе

хайуанаттар әлемі өкілдері белгілі бір сипатқа ие бола бастайды. «Әрбір аң айнымас мінез иесі болады. Арыстан - әр зорлықтың, асқақ күштің иесі; қасқыр - тойымсыз қомағайлық, жеміттік мінез иесі; түлкі - пәле басы және жаурыны жерге тимес, аяр алдамшы, өзінен өзгенің бәріне іші қас, сырты дос болып жүреді.[...] Өзінше, біралуан келесіз, ақылсыз қара күштің иесі болып аю жүреді.[...]Момын, жазықсыздан, кең тазалықтан осы хайуандар арасында жүріп жем болатын түйе бар»(6;213).

Хайуанаттар жайындағы ертегілерге құрылысының қарапайымдылығы, шағын көлемділігі және диалогқа құрылуы жағынан **новеллалық(салт) ертегілер**(«Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ», «Ұр, тоқпақ», «Қаңбақ шал», «Байбай шал», «Айлалы тазша», «Қу тазша», «Тазшаның қырық өтірігі», «Қу бала», «Екі еріншек», «Үш жалқау», «Олақ қыз» т.б.) ұқсас келеді. «Алдымен бұндай ертегілердің оқиға ортасында жүретін бас геройының өзі ерекше. Оның бар іс-мінезінен бұрын аты-қалпы, кескін-ұсқыны да күлкі, оқыс келеді»(6,225). «Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ» ертегісіндегі кейіпкерлердің оқшау тұрпаты әңгіме басында-ақ күлкі туғызады. Олардың өрескел әрекеті мен өлімі де күлкі туғызбай қоймайды. «Ұр, тоқпақ» ертегісі сиқырлы заттардың әрекетіне құрылған. Бұлар шалды ойда жоқта оқыс күлкі туғызатын жағдайларға душар етеді. «Қаңбақ шал», «Байбай шал» ертегілерінде әлсіздік пен тапқырлық, айлакерліктің қатар жүріп, иесін жеңіске жеткізетіндігі әңгімеленеді. Тазша бала жайындағы ертегілерді М.Әуезов күлдіргі ертегілердің ең шебер үлгісіне жатқызады. «Күлдіргі әңгіме, тегінде, анық шебер құрылса, осындайлық көпке мәлім, көпке қанық жайдан алыну керек. Ол үшін күлкілі хал барлық жұрт білетін, көптің көз алдындағы табиғат ішінен алынатыны - халық

күлкісінің бір ерекшелігі, даналығы»(6,226). Бірқатар ертегілер жалқаулықты, еріншектікті, олақтықты әшкерелейді. Балаларға бұндай ертегілердегі тұрмыс, кәсіп белгілері мен сипаттары қызықты болмақ. Аталған ертегілердегі юмор мен тапқыр сөз -әрқашан бала тілегін қанағаттандыратын нәрлі дүние. **Қиял-ғажайып ертегілерінде** қиял тудырған неше алуан жан иелері көрінеді. Жалмауыз кемпір, мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, жалғыз көзді дәу, алып қара құс, тұлпар ат, алтын шашты қыз т.б. қатысады. Қиял-ғажайып ертегілерінің тіл кестесі, сөздік құрамы, жалпы әңгімелену ерекшеліктері өзгеше. Ертегі «баяғы өткен заманда», «ерте, ерте ерте екен, ешкі жүні бөрте екен, қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен», «есте жоқ ерте заманда» деп басталады да, «барша мұратына жетіпті», «барша мұрат басына жетіпті», «бақытты ұзақ өмір сүріп, мұраттарына жеткен екен» деп аяқталады. Қиял-ғажайып ертегісінде басты кейіпкер аса қатерлі жаумен(жалмауыз кемпір, мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, жалғыз көзді дәу т.б.) алысады. Ертегіде қажыр-қайрат, қимыл-әрекет адамының қуатына сену бар. Олар - Ер Төстік, Кер құла атты Кендебай сияқты өз ақыл-ой, қажыр-қайратына сүйенген жандар. Бас қаһарманға көмек көрсететіндер - ай десе аузы бар, күн десе көзі бар ару қыздар(Күн астындағы Күнікей қыз, Ай астындағы Айбарша т.б.), таусоғар, көлжұтар, желаяк, саққұлақ сияқты ғажайып жан иелері, алып қара құс, тұлпар ат т.б. Сиқырлы қазан, алтын сақина, айна, дастарқан, кездік, тоқпақ, семсер сияқты заттар да қаһарман керегіне әрекет етеді. Қиял-ғажайып ертегілерінде тұрақты сөз тіркестері мен қолданыстары жиі кездеседі. Қимыл-әрекетті жылдамдату, тездету мақсатында «заманды күндер болғанда», «күндердің күнінде», «котыр тай ұстағанда

құнан, жүгендегенде дөнен, ерттеп мінгенде бесті ат болады», қиын-қыстау күн туғанда «маңдайы тасқа тиіп, табаны жерге тиіп», «ұшқан құстың қанаты күйеді, жүрген аңның тұяғы күйеді», «қара құсқа қоң етін кесіп береді» т.с.с. тіркес сөздер молынан ұшырасады. Қиял-ғажайып ертегілері фольклордың басқа жанрларының көптеген стилистикалық әдіс-тәсілдерін өз бойына жинақтаған. Қиял-ғажайып ертегісіндегі айрықша сөздік үлгілер оны өзге ертегілер қатарынан бөлекше етіп көрсетеді.

Аңыз әңгімелер. Өмірде болған, болып кеткен оқиғаларға қатысты туған шығармалар - аңыз әңгімелер. Тарихи аңыздар тарихта болған ірі тұлғалар жөніндегі әңгімелер екені мәлім. Тарихи аңыз сюжеті шағын, басты қаһармандары тарихи адамдар (Асан қайғы, Жиренше шешен, Алдар көсе, Қожанасыр, Қорқыт, Абылай, Жошы т.б.) болып келеді. Тарихта болған адамдар ішінде халық қаһарманы ретінде есте мәңгі қалатыны — Асан қайғы. Асан қайғы өзінің сын болжаулары арқылы заман жайында біршама дерек қалдырған жан. Асан қайғы жайындағы аңыз әңгіменің мағыналысы - оның халық үшін жайлы қоныс іздеуі жайындағысы. Қиялындағы мекенге «Жерұйық» деп ат қояды. Мұндай қиял мекенін орыс аңызы да («суы - сүт, жағасы - балқаймақ») айтқан болатын. Жиренше шешен туралы аңыз халық аузында көп айтылады. Жиреншеге шешендік, тапқырлық, шапшаңдық, қасиеттері тән. Аңыз әңгімеде Жиренше зорлықшыл хан жанында жүреді. Хан Жиреншенің әйелі Қарашашқа қызығады. Оны адам қолынан келмейтін іске жұмсайды. Жиренше арам ханның зорлығынан өзінің ақыл-айласы, тапқырлығы арқылы құтылып отырады. Әйелі Қарашаштың ақылы, қасиеті артық. Жиреншеге адал жар. Хан қармағынан құтылу жолын Қарашаш ойлап табады, ақылдылығының,

айлалығының арқасында Жиреншенің де өмірін сақтап қалады, өз басын да құтқарады. Алдар көсе жайындағы аңыз әңгімелердің көрнектісі - «Алдардың Шық бермес Шығайбайды алдауы». Әңгімеде Алдар дүниеқоңыз байды мазақ етеді. Сараң байдың бермесін алады. Өткірлік, алғырлық, шапшаңдық қасиеттеріне ие Алдар алдампаз шайтанның, қомағай саудагердің, арамза бақсының, зорлықшыл ханның сазайын тартқызады. Айлаға айла, амалға амал қолданады. «Ел қиялы Алдар көсенің басына сансыз көп, шексіз кең оқиға, әңгімелердің бәрін жамай, құрай берген. Алдар көсенің аты сондықтан да жеке-дара ат емес, мысал түрінде жаппай ат болып кеткен»(6,229). Қорқыт жайындағы аңыз әңгіменің түрі сан алуан. Бірақ бәрінде де Қорқыт өлмеске шара іздейді. Өлімнен құтылу үшін шартарапты кезеді. Қайда барса да, алдынан қазылған көр шығады. «Бұл Қорқыттың көрі» деген жауап естиді. Қорқыт - күй атасы. «Қазақ аңызы бойынша, жер жиһан күй дегенді естімеген шақта, адам баласы ән-күй білмей тұрған шақта осы өнерді бірінші аспаптың қылына оралтып шығарған Қорқыт еді дейді. Сондықтан Қорқыт жер үстіндегі күй атасы болды дейді»(6,237). Күй атасы болу арқылы Қорқыт өлімге қарсы амал тапқан жан болып есептеледі.

Батырлар жыры. Ауыз әдебиеті - халықтың ой-санасы мен мінез-құлқын қалыптастыратын тарихи мектеп. Батырлық жырлар - сол мектептің маңызды құралы. Қаршадайынан халықтың ауыз әдебиетін сүйіп, тыңдап өскен әрбір қоғам мүшесі еліне пайда тигізетін ер болуды армандайды. Жеке адамдардың қара бастың қамын ойлайтын психологиясына эпостық жырлардағы халықтық ойлар қарсы қойылып отырады.

«Алпамыс» жыры - Орта Азия халықтарының ерте

замандарда ру болып жүрген кезінде туған шығармасы. Бұл жырдың Орта Азия халықтарына ортақ болу себебі де осыдан. «Алпамыс батыр» жырының негізгі идеясы - ру бірлігін сақтау. Сондықтан да жырда ру бірлігін көздеген, әр рудың арасында араздық, шапқыншылық емес, татулық болуын мақсат еткен адамдардың іс-әрекеті ардақталады. Халық жыры Алпамысты қалмақ еліне аттандырады, ол өкпемен көшіп кеткен ел-жұртының бір бөлегін қайтару, оны қоңыраттарға қайта табыстыру, татуластыру мақсатын көздейді. Алпамыс образы - халықтың руға қамқор, қорған болар батырды арман еткен қиялынан туған образ. «Алпамыс батыр» жыры жас жеткіншектерге «бірлік бар жерде тірлік, елдік барын» аңғартады. Достыққа адалдық, сертке беріктік, ел мүддесін жоғары қоюшылық - жырдың кішкентай оқырманы үшін әрқашан да өнеге. Жыр ел қорғау жолында халық мүддесі үшін күресушілердің жеңетіндігін аңғарта отырып, жас ұрпақтың алдына халық үшін қызмет ету жолын таңдауды ұсынады. Жырдың өміршендігі де осынысында және ел бірлігін сақтау жөніндегі идеясында.

«Қобыланды батыр» жырындағы Қобыландыны ерлік іске бастаған да, оны рухтандырған да - халық, халықтың намысы. Қобыландының батыр атануы - оның ел-жұртын адал ниет, шын көңілмен сүйгендігінен. Жырда Тайбурылдың шабысы өте әсерлі суреттелген.

Құбылып бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді.
Тау менен тасты өрледі,
Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді.
Көлденең жатқан көк тасты,

Тіктеп тиген тұяғы,
Саз балшықтай иледі.

Тайбурылдың шабысы арқылы халқы үшін кек алуға аттанған батырдың тасқындаған күші, ыза-намысы берілгендігі байқалады. Мұнымен қатар Тайбурылдың шабысында халықтың ой-арманы, қиялы жатқаны да байқалады. Одан сеңгір-сеңгір таулардан бір-ақ қарғып өтетін, алысты жақын ететін, қырық күншілік жерге бір күнде жететін көлік болуды аңсаған халық қиялы көрінеді. Жырда ерте кездегі талай-талай географиялық атаулар да кездеседі. Сонымен қатар қазірде сирек аталатын өсімдіктердің аттарымен де балаларды таныстырып қалуға зор мүмкіндік береді.

«Ер Тарғын» жырындағы Тарғын - бір рудың ғана емес, бүкіл ноғайлы жұртының батыры. Оған ноғайлы атанған елдің алыстығы жоқ, бәрі де жақын, тума-туыс болып көрінеді. Тарғын басқыншы жаулардан өзінің ел-жұртының елдігін қорғауды және сол елдің бірлігін сақтауды, оған қызмет етуді мақсат етеді.

«Қамбар батыр» жырының басты идеясы халыққа қызмет еткен батырды, оның ерлік істерін ардақтаудан туған. Егер басқа жырларда батыр образы көбінесе бірден оның күреске, аттанысқа қатысуын суреттеу арқылы жасалса, олардан Қамбар образының елеулі бір айырмашылығы бар. Халық жыры оны еңбекші халыққа қызмет еткен еңбек ері деп көрсетеді. Бұдан халықтың ел қорғаған батырды ғана емес, еңбек адамдарын да ардақтайтындығы байқалады.

Балалар фольклорының жиналуы, зерттелуі. Қазақ фольклоры алғашқы үлгілерінің жүйелі түрде жиналып зерттеле бастауы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұл кезеңде орыс балалар фольклоры үлгілерін

жинастыру, зерттеу ісі біршама ілгерілеп кеткен еді. XIX ғасырдың 60-жылдары орыс зерттеушілері балалар фольклорын арнайы қарастыра бастады. Балаларға арналған халық шығармаларын В.И.Даль, П.В.Шейн, П.А.Бессонов жазып алып жинайды. 1868 жылы П.А.Бессонов «Балалар фольклоры» атты кітап шығарады. 1870 жылы А.Н.Афанасьевтің «Орыс балалар ертегілері» деген жинағы жарық көреді.

Қазақ фольклорын жинаушылар бұл кезеңде балалар фольклорына арнайы көңіл бөлген жоқ, халық мұрасының бір қыры ретінде бесік жыры, жұмбақтар, өтірік өлеңдер сияқты танымал жанрларды қағазға түсіріп қана қойды. Мысалы, Радловтың «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томында өтірік өлең үлгісі кездеседі. Балаларға арналған халық шығармашылығына қатысты мол еңбек сіңіргендер К.Д.Ушинский («Детский мир», «Родное слово») мен Л.Н.Толстой («Русские книги для чтения») болды. Балалар фольклоры үлгілерін іріктеуде олар қажырлы еңбек етті. Бұл үлгінің қазақ балалар фольклоры тағдыр-талайының қалыптасуына әсері болмай қойған жоқ. Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясында» (1879) қазақ халық әдебиетінің озық үлгілерінен балаларға лайықталған тамаша үзінділер мол.

М.Дулатовтың «Қирағат» атты оқу құралында (1911) фольклорлық үлгілер аса мол қамтылған. 1926 жылы шыққан «Балаларға тарту» жинағында халық поэзиясының балаларға арналған үлгілері тұңғыш рет толығырақ топтастырылды. І.Жансүгіров құрастырған «Ел өтірігі» кітабы да (1927) осы жылдардағы бағалы жинақтардың бірі болды. Бұл кезеңде қазақ балалар фольклорының үлгілері жиналып, жарық көріп қана қойған жоқ, зерттеушілер

назарына да іліне бастады. А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (Теория словесности) еңбегінде(1926) өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақ, жарапазан, бесік жыры сияқты терминдер алғаш ғылыми айналысқа түсіп, мағыналық жағынан тиянақталады. Ғалым ауыз әдебиетінің жанрлық түрлерінің балалар репертуарынан алатын орнына да назар аударады. Х.Досмұхамедовтың «Қазақ халық әдебиеті» (1924) еңбегінде бала табиғаты мен тілінің дамуы жөніндегі мәселені анықтауға да мол сәуле түсіреді. Салмақты сілтеме ойларды М.Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1927), С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932) кітаптарынан да кездестіреміз.

М.Ғабдуллин «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» оқулығында халық ауыз әдебиетінің кейбір жанрларында балалар фольклорына жататын мұралар барын атап өтеді. Ш.Ахметов «балалар фольклоры» терминін өз еңбегінде алғаш қолданып, түсініктеме береді. Балалар фольклорының ішкі жанрлық түрлерін өзінше саралайды. Б.Уахатов «Қазақтың халық өлеңдері» монографиясында балалар өлеңдеріне жеке бөлім арнаса, «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» кітабында оның түркі тектес халықтар фольклорымен ортақ желілеріне тоқталады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Балалар фольклорының өзіне тән ерекшеліктерін атаңыздар.
2. Балаларға арналған халық өлеңдерін(бесік жыры, санамақ, мазақтама, тақпақ, сұрамақ, қызықтама т.б.) жаттаңыздар. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштардың баланың ақыл-ойын жетілдірудегі қызметін түсіндіріңіздер.
3. Балаларға арналған халық ертегілерінің құрылымдық ерекшеліктерін түсіндіріңіздер. Ертегілер мен аңыз-

әңгімелерді тәлім-әрбиелік және әлеуметтік мәнін аша отырып талдаңыздар.

4. «Қобланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырларының идеялық-көркемдік ерекшеліктері туралы айтыңыздар. Батырлар жырының өлең құрылысын балаларға арналған халық өлеңдерімен салыстырыңыздар.

5. Батырлар жырындағы әйелдер бейнесіне тән ортақ қасиеттерді даралаңыздар, өзіндік ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы пікір білдіріңіздер.

6. Балалар фольклорының жиналуы мен зерттелуін әңгімелеңіздер.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Ақ бата - Алматы: Өнер, 1992.
2. Ақ сандық, көк сандық - Алматы: Жазушы, 1988.
3. С.Ахметов. Қуыр-қуыр, қуырмаш. - Алматы: Өнер, 1993.
4. Соқыр теке. - Алматы: Өнер, 1990.
5. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. - Алматы: Мектеп, 1980.
6. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 1 -кітап. – Павлодар: Арман, 2004.
7. Қазақтың көне эпосы. – Алматы: Аруна, 2008
8. Қамбар батыр. – Алматы: Жалын, 1981.

2 тарау. ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯ

Асан қайғы. Асан қайғы Алтын Орда, Қазан, Әбілқайыр, Ноғай, Астрахань хандықтары заманында өмір сүрген. Атамекені Еділ, Жайық, Ойыл, Сағыз, Жем өзендерінің аймағы болған. Ғұмырының соңғы шағын Астрахань хандығында өткізген.

Жыраулар поэзиясындағы дәстүрлі сарындар Асан шығармаларында да молынан кездеседі. Мысалы, хандық өкіметті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру, адамның өмірі мен өлімнің мәні айналасындағы толғаулар.

Ш.Уәлиханов «көшпенділер философы» атаған Асан қайғы өз заманының ойшылы, ақылшы би болған. Толғаулары ақыл-кеңес, өсиет, нақыл түрінде көрінеді. «Қырында киік жайлаған», «Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің» толғауларында Асан ел іргесі берік болуын үндейді. Ел-жұртының амандығын, бейбіт тыныш өмірді көздейді. Хандар арасындағы қақтығыс, сыртқы басқыншы күштің қаупі жырауды қайғыға салады. «Қырында киік жайлаған» толғауында Жәнібек ханға көрегендік болжамын айтады. Ханның халық қамын ойламай отырғандығын бетіне басады. «Жемнен, Ойылдан, тыныш мекен, жайлы қоныстан елді көшірдің, Еділ деген тар жерге тығылдың» деп кінәлайды.

«Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің» толғауында Еділ өңірінде елге тыныштық болмайтынын болжайды. Толғаудан Асанның қилы кезең табиғатын жыға танығаны көрінеді. Қонысың тарылып барады, жерден айрылатын болдың, сол себепті аулақ көшу керек дегенді айтады. Бірақ Жәнібек Астраханнан қозғала қоймайды. Асан қайғы Жәнібек ханнан ат құйрығын үзеді.

Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы-қилы заман болмай ма?

Суда жүзген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма,
Мұны неге білмейсің?
Қош-аман бол, Жәнібек,
Енді мені көрмейсің.

«Бұл заманда не ғаріп?», «Есті көрсең, кем деме», «Еділ бол да Жайық бол», «Көлде жүрген қоңыр қаз», «Таза мінсіз асыл тас», «Құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан қайтіп күн көрер?» толғаулары философиялық мәселелерді қозғайды. Феодалдық қоғамдағы әдет-ғұрып, мінез-құлық мәселелерін көтереді. Дүниенің құбылмалы екендігін «Бұл заманда не ғаріп?» толғауы арқылы суреттейді. «Есті көрсең, кем деме» деген толғауы адамдар арасындағы қарым-қатынасты сипаттайды. «Еділ бол да Жайық бол» жыры ел мен ел, адам мен адам арасындағы татулықты, ынтымақты, кешірімділік пен сыйластықты толғайды. «Көлде жүрген қоңыр қаз» толғауынан ел болашағына қатысты қаупі байқалады. Жәнібек хан әрекетін ишара еткендей болады.

Көшіп-қонып көрмеген
Жер қадірін не білсін!
Көшсе, қона білмеген,
Ақылыңа көнбеген,
Жұрт қадірін не білсін!.

Асан жырау жырдың қасиетін шебер ашар ұтымды, ұтқыр бейнелеу құралдарын дәл таңдап қолданады. Жырау өлеңдерінде ойлы нақылдар, афоризмдер мол кездеседі. Өлеңдерінде шешендік пен суреткерлік астасып жатады. Бірыңғай дауысты дыбыстан басталатын жолдар - ассонанстар да баршылық. Ылғи дауыссыз дыбыстан басталып, аллитерация тәсілін тудыратын жолдар да кездеседі.

Жыраудың «Таза мінсіз асыл тас» толғауының қуат-

күші әр жұп тармаққа түйінделген ойдың әр келесі бір жұп тармақта айтылатын ойға қанаттас етіліп, біртіндеп күрделі поэтикалық тұтастыққа ұласуында.

Таза мінсіз асыл тас
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады

Көненің үзілмей жаңа әдебиетпен жалғасуында Асан Қайғы мұраларының алтын көпірдей өз орны, өз үлесі бар. Асанда көне түркі поэзиясынан келе жатқан бір ұйқас бар. Ол - өлеңнің бастапқы сөздерінің ұйқасуы.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтып күн көрер?!
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтып күн көрер?!
Шыбын шықса, жаз болып,
Таздар қайтіп күн көрер,
Жалаң аяқ балапан,
Қаздар қайтіп күн көрер!?

Мұндағы «Құлан, жылан» немесе «таздар, қаздар» дейтін сөздердің ұйқасып келуі бұған дәлел. Құлан мен жыланды қатар қою арқылы поэтикалық бейне тудырған. Синтаксистік параллелизмнің сарыны сезіледі.

Бұқар жырау Қалқаманұлы. Бұқар жырау поэзиясының басты тақырыптары: адам өмірі, оның мінез-құлқы мен іс-әрекеті, ел-жұрт, заман. Өз толғауларында жырау жалпы қауымға ортақ, көпшілікке маңызды мәселелерді айтады. Өлең-жырларында пәлсафалық нақыл

басым, жинақтау мен ғибрат айту көбірек. Жырау өзі өмір сүрген дәуірдің барлық бедерін суретке салғандай бейнелеп береді.

Асан қайғы тәрізді, Бұқар жырау да бірсыпыра жырларын өз тұсындағы ханға, атап айтсақ, Абылайға арнайды. Осы орайда Бұқар толғауларын Абылайға және жалпы қауымға арналған деп те бөлеміз.

Ел бірлігін жырлау - Бұқар өлең-жырларында негізгі мәселенің бірі. Бұл, әсіресе, оның ел-жұрт, заман тақырыбындағы толғауларынан көрінеді. 1739 жылы Түркістанда Әбілмәмбетті ақ киізге салып хан көтерген той болады. Бұл той Арқада жалғасады. Осы жердегі мәжілісте Ұлы жүз бен Орта жүз азаматтары болашақ жөнінде сөз қозғайды. Бұқар қазақ елінің бірлігінің кетіп бара жатқанын, төрелер арасындағы алауыздықты, сыртқы жаудың алдындағы шарасыздықты айтады. «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» толғауында төмендегідей кеңес береді:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректен болыңыз,
Судан суға шүйгумен
Көлден көлге қоныңыз.
Байлар ұғлы шоралар
Бас қосыпты десін де,
Маң-маң басып жүріңіз,
Байсалды үйге түсіңіз.
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,

Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз.

Бөгенбай қайтыс болғанда айтқан жыры - «Қазақтың ханы Абылай». Бөгенбай өлімін 90-нан асқан жырау Абылайға

Құлағанға ұқсайды
Қазақтың қамал қорғаны

-деп естіртеді.

Толғауда Бөгенбаға үлкен баға береді:

Еңбек қылған ел үшін,
Жауда кеткен кек үшін,
Қазақтың абырой-арына
Сарып қылған бар күшін,
Қайыры болсын халқыңа,
Сабыр қыл, ойлап келмесін,
Қарияң келіп жырлап тұр
Еңбегі сіңген ер үшін,
Батырың өтті Бөгембай!

Бұқардың ерекше көңіл бөлген тақырыбы - адам өмірі. Адам өмірін жастық шағыннан кәрілік кезіне дейін буынға бөліп суреттейді. «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда» толғауында Абылай өмірін, ісін бала жасынан кемеліне келген шағына дейін жыр етеді.

Бұқардың ерекше қадір тұтқан жасы - жиырма бес. Бұл адам өмірінің ең қызық шағы, дегеніне жету үшін еңбек етіп, талап қылып, құлшыныс жасайтын кезең екенін «Атам болған жиырма бес» толғауында айтады. Жастық шаққа қарттық-кәрілікті қарама-қарсы қойып сипаттайды. «Жиырма деген жасыңыз» толғауында адамның 20, 30, 40 жастағы өмірін бұлақ, лақ, құр атқа теңейді. Елуден ары қарай көшкен елге, мұңлы күнге, тұманды түнге балайды. Тоқсан жаста өлімнен басқа жоқ екен деген қорытынды жасайды.

Бұқар өзінің толғауларында адам өміріндегі қолайлы-қолайсыз жайттар, шарапатты не кесепатты мінез-құлықтар туралы психологиялық тұрғыда сипаттама жасайды, философиялық ой түйіндерін ұсынады. Араб әліпбиі

бойынша оқып, қара таныған Бұқардың «Алла деген ар болмас», «Айтар болсаң Алланы айт» толғауларының бүкіл өзегі философиялық терең ой, өмірлік тағылым тұрғысынан өріледі. Алла атын жырау өз сөзіне тыңдаушы назарын аудару үшін, оларға діни сезім арқылы әсер ету үшін қолданған сияқты. Ол діни білімді халық түсінігіне лайықтап толғайды. «Алла деген ар болмас» өлеңіндегі

Қартайсаң қарт бабанды сыйлай бер,
Күндердің күні болғанда
Кімдер де кімнің дейсің бәлі бүгілмес

- деген философиялық түйін үгіт-насихат айту тұрғысында келген. Бірақ Бұқар жырларына жалаң дидактика жат. Бұқар толғауларынан жыраудың өмірге, өзін қоршаған ортаға көзқарасы аңғарылады. Мәселен, жоғарыда келтірілген тұжырымда «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген тұспал бар. «Айтар болсаң алланы айт» толғауында жақсының тірісінде қадірін біл дегенге меңзеу жасалады. Адамның өсіп-жетілуінде әкенің орны ерекше екенін «Әкелі бала - жау жүрек, жиын болса барады, барса орын табады» дегенге «әкесіз бала - сужүрек, жиын болса бара алмас, барса да орын таба алмас» деп салыстыру жасайды. Демек, Бұқар сөздері афоризм сыңайында құрылып, мақал-мәтел деңгейінде қолданыс тапқан.

Бұқар жырау тілінің көркемдігі, өткірлігі әдебиетіміздің алға басуына әсерін тигізді. «Арту-арту бел келсе» өлеңінің әр тармағы дауысты дыбыстан басталып көркемдік сипат дарытқан.

Арту-арту бел келсе,
Атан тартар бүгіліп,
Алыстан қара көрінсе,
Арғымақ шабар тігіліп,
Алыстан жанжал сөз келсе,

Азулы сөйлер жүгініп.

Бұқар - өмір сүрген дәуірдің болмыс-шындығын көркем бейнелеп, артына елеулі әдеби мұра қалдырған жырау. Ең алғаш ауыз әдебиетіндегі үлгілерден бастау алса да, дәуір талабына орай әлеуметтік мазмұн мен көркемдік сапаларды игерген жыраулық поэзия Бұқар шығармалары арқылы жана белеске көтеріліп, әдебиетіміздің байып, марқая түсуіне жол салды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Асан қайғы, Бұқар жырау өмір сүрген кезеңдердегі қазақ елінің тарихи жағдайы туралы әңгімеленіңдер. Асан қайғы, Бұқар жырау толғауларының тарихи сипатына мән беріңіздер.
2. Асан қайғы, Бұқар жырау жырларындағы ел тәуелсіздігі мен береке-бірлікті сақтау сияқты негізгі ой-түйіндерді батырлар жырымен ұқсастығына орай салыстырыңыздар.
3. Жыраулардағы шешендік, нақыл сөздерді ауыз әдебиетінің басқа үлгілерінен іздестіріңіздер, салыстырмалы талдау жасаңыздар.
4. Асан қайғы, Бұқар жырларын жаттаңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

- 1.Бес ғасыр жырлайды. - Алматы: Жазушы, 1989. 1-том.
- 2.Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1992.

Ш БӨЛІМ ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

1 тарау. МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ

Өлең-жырлары. Махамбет бойындағы күш-қуатын елдің бостандығы мен тәуелсіздігі жолына жұмсады. Әр уақытта да әділетсіздікке қарсы шығу үшін жалынды жүрек, берік сенім керек. Жалғандық пен жауыздықты әшкерелеу тек ерлердің қолынан ғана келген. Сондай ерлердің бірі - Махамбет. Махамбет - халқын сүйген ақын. Оның өлеңі - ел сүюдің үлгісі. Махамбет шығармалары жеткіншектерді табандылыққа, қайсарлыққа тәрбиелейді. Махамбет ақын - ерлікке үндейтін жалынды үгітші. Махамбет - өз стилі, өзіндік өлең құрылысы, тіл өзгешелігі бар ақын. Ақын өлеңдерінде терең ой, нәзік сезім және саяси өткірлік ұштасып жатыр. Бұл қасиеті ақын өлеңінің құрылысы мен түріне әсер еткен. Махамбет жырлары өзінің екпінділігімен, ырғақтылығымен өзгешеленеді. 1837 жылы қазан айының аяқ кезінде Исатай хан Ордасын 3500 қолмен қамайды. Хан он күн мұрсат сұрайды. Махамбеттің хан алдауына көнбеу жөніндегі кеңесін Исатай тыңдамайды. Сол аралықта Орынбордан подполковник Гекке әскері келеді. Қарауылқожа қолымен қосылып, Исатай әскерін Бегетай құмында, Тастөбе деген жерде жеңеді. Махамбеттің Исатай сөзі ретінде айтылатын «Әй, Махамбет жолдасым» деген өлеңі бар. Өлеңде Махамбет Исатайдың хан Ордасын шабудан тоқталып қалып, зор сәтсіздікке ұшырағанын айтады.

Қырық бір жасқа келгенде,
Өз дегенім болмаса,
Өзгенің тілін алмаған,
Кісі ақылы қонбаған,
Қанша айтса да болмадым,

Сөзіңе құлақ салмадым.
Бұрала біткен емендей,
Қисық туған сорлы ағаң,
Хан сөзіне сенгенім,
Он күн мұрсат бергенім.
Әскерімді таратып,
Он бір күнге қаратып,
Бекетай құмға келгенім

Исатай 40 кісімен Жайық өзені қатқанға дейін Нарын құмында қашып жүреді. Желтоқсанның он екісінен он үшінә қараған түнде Жайықтың бергі бетіне өтпекші болады. Өзен бойындағы отряд оқ атады. Исатай әскері аз шығынмен өтіп кетеді. Жайықтан өткеннен кейін боран үдейді. Исатай бастаған қол ел таба алмай далада түнейді. Түні бойы қар жамылып, мұз төсеніп, ұйқысыз шығады. Сарбаздар ішінен әлсіздік танытқандары болады. Оларға күрес болашағы бұлдыр көрінеді. Сарыуайымға салынушышардың бетін қайтару үшін Махамбет «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін сол жерде шығарыпты деседі.

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық, шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,

Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай
Ерлердің ісі бітер ме?

Исатай соғыста қаза табады. Махамбет 1841 жылы ұсталып, Орынборға жөнелтіледі. «Баймағамбетке айтқан сөзі» осы тұста, Орынборға айдалып бара жатқанда айтылған тәрізді.

Еділдің бойы ен тоғай
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім.

-деп арманын ашық айтады. «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңінде Махамбет Исатай қозғалысының екі түрлі мақсаты болғанын айтады. Бірі - хан билігін жою, екіншісі - бұқара мұқтажын өтеу. «Еңсесі биік ақ орда, еріксіз кірсем деп еді, керегесін кескілеп, отын етсем деп едім» дейді ақын. «Хан керегесін отын етемін» деу - батырлар жырындағы сарын. Махамбет көтерілістің екінші мақсатын былайша суреттейді: «Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім, жағалай жатқан сол елге мал толтырсам деп едім». Хан Ордасын бұзу - саяси талап, ал қоныс, жер-су, мал үшін күресу - экономикалық талап. Өз кезеңі үшін бұл талаптардың мәні аса зор болды.

Ақын өлеңдерінде эпостық баяндау сарыны бар. Ол жалынды лирикамен араласып келеді («Баймағамбет сұлтанға айтқаны»). Махамбет өлеңдері әлеуметтік сарындағы саяси-үгіттік лирикаға да ұласады. («Ереуіл атқа ер салмай»). Өлеңдерінің көбі дерлік жоқтау сарынында айтылады. Бұл құбылыс Исатай қаза тапқаннан кейін

туған өлеңдерінен байқалады («Тарланым», «Гайманның ұлы Исатай»). Кейбір өлеңдерінде Махамбет өмірді философиялық бағытқа негіздеп, өз ұғымын баяндайды. Олар риторикалық сұрақтармен де айтылады («Қоғалы көлдер, қом сулар»). Ақын өлеңдерінде көңіл-күйді көрсететін элегиялық лирика біраз орын алған («Қызғыш құс»). Ақын өмірінің соңғы кезеңін қуғында өткізді. Сол кезеңдегі өлеңдерінен ақынның қасіретке бөленген мұңды жаны танылды. Ақын көңіл-күй лирикасының озық үлгілерін туғызды. Махамбет жыр ағымымен суырып салма түрде толғаған өлеңдерін көтеріліс кезеңінің жағдайына бейімдейді. Сондықтан, оның өлеңдері 7 буынды, 7 және 8 буын аралас түрде жасалған. Ал 11 буынды тек бір ғана «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай» деген өлеңі бар.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Махамбет өмір сүрген кезең жөнінде әңгімеленіңдер.
2. М.Өтемісұлының қазақ балалар әдебиетіндегі орнын оның шығармашылық тұлғасына назар аудара отырып анықтаңыздар.
3. Ауыз әдебиетіндегі батырларды бейнелейтін көркемдегіш сөздер мен Исатай бейнесіндегі образды сөздерді салыстырыңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Бес ғасыр жырлайды. - Алматы: Жазушы, 1989. 1-том.
2. Махамбет Өтемісұлы. Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 2002.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. - Алматы: Мектеп, 1980.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

2 тарау. ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

Еңбектері. Шоқанның шешесі Зейнеп - Баянауылдағы Қаржас руының әйгілі биі Шорманның қызы. Шоқан кішкентайынан алғыр, зейінді болып өседі. Үлкендердің қасында тапжылмастан шоқиып отырып әңгіме тыңдайтын баланы ата-анасы «Шоқиғаным, Шоқаным» деп еркелетеді екен. Ақырында бүкіл ағайын-туған, ел-жұрты да осылайша атап кетеді. Бастапқы Мұхаммедқанафия деген есімі кей ресми құжаттарда ғана жазылады. Апыл-тапыл жүре бастаан кезде Шыңғыс үйіне түскен Абылайдың қарт батырларының бірі Шоқанды көре салып «Аумаған Абылай ағам екен ғой» деп көзіне жас алған екен.

Ш.Уәлихановтың бүгінгі ұрпаққа жеткен 300-ге жуық жазба мұрасы бар. Күнделіктері мен хаттары өз алдына бір төбе. Ш.Уәлихановтың әдеби мұрасынан қазақ ауыз әдебиетінің барлық түрлерінің нұсқаларына берілген ғылыми сипаттамаларды көптеп кездестіруге болады.

Кішкентайынан әжесі Айғанымнан алуан түрлі ертегі жырларды естіп біледі. Тумысында дарынды балаға әжесі халық даналғының сарқылмас білім бұлағы болған. Ол Шоқанға қазақтың ескі аңыздары мен хикаяларын әңгімелеп отырған. Әжесі Шыңғыс халық поэзиясын, қазақтың музыкалық фольклорын зерттеп, жинауда көп жұмыстар істеген. Шөже, Орынбай, Арыстанбай және ақын қыз Ажар тәрізді ең таңдаулы ақындар мен жыршыларды үйіне жиі шақырып алып отырған. Шоқанға Шыңғыс қазақтың халық поэзиясын, аңыздары мен жырларын, әңгімелері мен ертегілерін көшірте бастайды. «Едіге» жырының үш түрін 1842 жылы әжесі, Шоқан және Ахмет Жантөрин үшеуі салыстырып кейінгі нұсқасын жасайды.

Шоқан Кадет корпусындағы оқуынан демалысқа келгенде елдегі аңыз, әңгімелер мен жырларды үздіксіз

жазып алып отырған. «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларының біршама нұсқасын қағаз бетіне түсіреді. Кейін оларды оқытушысы Н.Ф.Костылецкийге тапсырады.

Шоқан халық ауыз әдебиетінің алғашқы төрешісі болды. Ауыз әдебиеті нұсқаларының таза халық ақыл-ойының айғағы екенін және оның білім берерлік маңызын терең ұғынды.

Шоқан ауыз әдебиетінің нұсқалары арқылы халықтың өткендегі тарихын, тұрмыс-салтын, көзқарасын, дүниетанымын зерттеген. Қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін басқа халықтар әдебиетімен салыстыра қарады. «Жоңғар очерктерінде» қырғыздар мен қазақтардың көптеген ертегілері мен мифтерін, эпос жырлары мен аңыздарын славяндардың сол сияқты шығармаларымен салыстырады, шығармалар сарынының ұқсастығына таң қалады.

Ш.Уәлиханов аңыздарды төрт топқа бөліп зерттеді: адамның ата-тегі туралы аңыздар, шежіре жөніндегі аңыздар, тарихи аңыздар және поэзиялық аңыздар(ноғайлы жырлары)(30,119).

Шоқан еңбектерінде тарихи аңыздардың да құпиясына терең үңілу, байсалды пікір айту басым келеді. «ХҮІІІ ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар» деген көлемді еңбегінде Шоқан Абылайды екінші қатарға қойып, соғыстағы батырлардың ерлік істерін бірінші қатарда баяндаған. Шоқан, сонымен қатар, Абылайдың қазақтар арасындағы атақ-даңқы зор болғанын да жоққа шығармайды. Аталмыш еңбекте Шоқан Бұқар жырау туралы тұңғыш рет тарихи дұрыс мағлұмат береді. Бұқарды ақылгөй дана ақын ретінде, Абылайдың серігі тұрғысында жоғары бағалаған. «Абылай» атты мақаласында Абылай

саясатының сырына назар аударады.

Шоқан есімдері аңызға айналған Қорқыт ата, Жиренше шешен, Өз-Жәнібек, Асан қайғы, Абылай туралы мәліметтерді, олар өмір сүрген дәуірлердегі тарихи жағдайларды анықтайтын фольклорлық материалдарды көп жинаған. «Қазақ шежіресі» еңбегінде былай дейді. «Ұлағатты ескі сөздерде Жәнібек ақылдылығымен Өз атанған, қазақтар оны Өз-Жәнібек дейді. Өз-Жәнібектің дана, білгір, шешен биі - Жиренше Шешен болған. Жиренше Шешен айтыпты деген қанатты сөздер қазақ арасында өте көп. Жиренше есімінің ел арасында тапқырлық пен шешендіктің символы болуы, Жәнібек хан мен Жиренше Шешеннің қосарлана айтылуы тегін болмаса керек»(30,119).

Поэзиялық аңыздарды немесе Ноғайлы жырларын сөз еткенде Асан қайғының есімін құрметпен атап, оны көшпелілердің философы деп жоғары бағалайды. «Қырғыздар туралы жазбалар» еңбегінде Асан қайғының Жырғалаңда көшіп-қонып жүрген қазақ екенін, оның аты тек қазаққа ғана емес, көрші қырғыз еліне де мәлім боп, «Манас» жырында кездесетінін, зираты Ыстықкөлдің маңында екенін ескертеді. Бұл дәуір туралы «Қазақ шежіресі» еңбегінде «Жәнібек билік құрғанда туыстас қазақтар мен ноғайлар бірге көшіп-қонған, ол кез қазақ жырларында алтын ғасыр деп аталады. Қазақтардың көптеген аңыз-дастандары да сол алтын ғасырға дөп келеді»(30,124) дейді.

Осы алтын ғасыр өкілдері Жиренше шешен, Өз-Жәнібек, және Асан қайғының адамгершілікті уағыздайтын аңыз-нақылдарының өміршеңдігін айтқан. «Жиренше Шешеннің бірлік, тәлім-тәрбелік нақылдары, әділ хан Өз-Жәнібек те, Ноғайлардың философ-данасы Асан Қайғы да

осы күнге дейін далалықтардың аузынан түспейді»(30,124)-деп айтқан болатын.

Аңыз-әңгімелерде әр қырынан танылатын Қорқыт Ата туралы Ш.Уәлиханов біраз еңбектерінде қысқа-қысқа мағлұматтар беріп отырады. Қорқыт Атаның көптеген халықтарға тараған бейне екеніне тоқталады. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» еңбегінде Қорқыт жөнінде былай дейді: «Өлімнен қашудың өзі, алланың жазмышынан бас тарту - ислам діні бойынша күнәкарлық, әсте болмайтын нәрсе, ал шамандық халықтардың аңызының көбісі өлімнен қашу... Қазақ бақсыларының арасында Қорқыт туралы аңыз бар. Сол Қорқыт қазақтарды алғаш қобыз тартуға, сарын айтуға үйреткен ең бірінші шаман. Әбден мұсылманданған түркімендердің аңыз-дастанындағы Көрұғлының өзі, аз уақыт болса да, өлімнен қашады. Сондықтан да, көк-тәңірінің өлімге деген құдіреті, қатысы, шамандық сенімде, тосын-ғажайып күштен де, тағдыр деген ұғымға жақын, солай болғанның өзінде, шамандық діндегілер оған құлшылық ұрмай, көк-тәңірі құдіретінен босанбақшы болады...».

Шоқан Қорқыт жөніндегі аңыз, ертегілерді толық талдамаған. Қорқыт жайындағы әңгімені М.Әуезов «Әр жылдар ойлары» еңбегінде толықтырады. Жазушы Қорқытты бірде дана ойшыл, бірде тапқыр өнерпаз, бірде ержүрек жас, бірде өлімді жеңген күйші-қария есебінде таниды. М.Әуезов қазақ Қорқытының басқа ел Қорқытынан бір ерекшелігі - мұндағы Қорқыттың сөз атасы емес, күй атасы ретінде көрсетілетініне назар аударады. Ал бұл пікір Шоқан айтқан пікірден ешбір алшақ емес.

Шоқан қазақ ертегілерін жинастырған, кейбіреулерін орыс тіліне аударған. Қазақ халқының аңыз-ертегілерінде жануарлардың, құстардың қайсыбірін киелі деп санаған.

«Тәңірі» деген мақаласында халық арасына кең тараған көне ұғымдарға, діни түсініктердің тигізер кесепатына жан-жақты барлау жасаған. Мәселен, «Аруақ, қолдай көр, қолтығымнан жебей көр» деп сиырдан ай-мүйізді, аша тұяқтыны; қойдан - ақсарбасты, бозқасқаны немесе аппақ қардай тұмсасын аруаққа арнап құрбан шалады.

«Қазақтар киесінен қорқып, аққуларды атпайды, аққуды құстың сұлтаны деп есептейді. Сондай-ақ, жапалақ, үкі, тоқылдақ, көк қарға, көкекке тиіспейді. Соңғысы ертеде адам болыпты деген аңыз бар. Бір ауылға күйеу бала келіп жатады, аяқ астынан аты жоғалады. Қалыңдықтың сіңілісі атты іздеуге шығарда, бір аяғына өз етігін, екінші аяғына асығып жүріп жездесінің етігін киеді. Көктем мезгілі болатын, міне сондықтан да көкектің бір аяғы қызыл, бір аяғы көк, сол себепті де «Аты жоқ көк, көкек-көкек!» деп айтады, киелі құс санатына жатады, көкек қонған бұтақты сындырып алып, май мол болады деген ұғымда іркітке салады».

Шоқан - қазақ мақал-мәтелдерін алғаш жинаушы және оған тұңғыш баға беруші ғалым. Қазақ мақал-мәтелдерінің өмір шындығына, қазақтың тұрмысына қатысты екеніне ой жүгіртті. «Ұлы жүздің мәтелдері» еңбегінде өзі жинаған мәтелдерінің біраз нұсқасын араб алфавитімен өзгертпей берген және олардың орыс тіліндегі баламаларын да дәл жеткізген. Қазақ тілінде халықтың мінез-құлқын, жалпы ерекшелігі туралы ұғымды нақты білдіретін мақалдар да бар дейді. Мақалдарды бір тілден екінші тілге аударғанда мәні кететінін, оны дәл аударудың қиындығын айтқан. Шоқан ғылыми еңбектерінің көпшілігін орыс тілінде жазды. Оның орыс тілін жетік білуі қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін орыс тіліне аударуға мүмкіндік берді. Зерттеуші қазақ мақал-мәтелдерін мазмұнын дәл сақтай отырып орысшаға

аударды, оларға түсініктер берді. Шоқан өзінің үш жүздей мақал жинағанын айтқан екен.

XIII-XV ғасырларда Алтын Орда хандығының құрамына кіріп, бір мемлекеттің қол астында өмір сүрген Ноғайлы Одағын құрған қазақ-татар халықтарының осы тұстағы бай ауыз әдебиеті нұсқаларына Шоқан зор ықылас қойған. Ноғайлы дәуіріндегі әдебиет қазынасына «Шора батыр», «Орақ батыр», «Манас», «Едіге», «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Қобыланды» сияқты дастандар, т.б. көптеген толғаулы жырлар қосылады деген. «Қазақтар арасында маған белгілі тағы екі жыр бар, оның бірі «Ер Көкше мен Ер Қосай». Бұл жырда уақ руынан шыққан Ер Көкше батыр мен оның баласы Ер Қосай батырдың қуатты қыпшақ тайпасымен күресіндегі ерліктері суреттеледі.[...]Ендігі бір жырдың аты «Орақ батыр». Бұл жырда Орақ батырдың бастан кешкен тағдыры әңгімеленеді. Орақ батыр қарауыл руынан, Россияға жорыққа аттанады, орыстардың қолына түседі, тұтқында абақтыда 10 жыл отырады, содан соң үйленіп, бала-шағалы болады, бірақ туған жерге, елге деген сағыныш маза бермейді, ақыры еліне оралады» ««Едіге» жыры XIV ғасыр соңындағы оқиғаларға қатысты, бірақ XV ғасыр басында құрастырылған. Бұл жыр-дастандағы ескі сөздер мен сөз тіркестері құбылысынан байқалады. Ондай сөздер мен сөз тіркестері қазіргі тілде жоқ. Ең бір таңқаларлық жай, бүкіл жырда бірде-бір парсы, араб сөзі кездеспейді. Мұсылман дінінің қанат жаюы салдарынан, қазіргі, күнделікті сөйлеу тіліміздің өзінде парсы, араб сөздері қаптап кетті».

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ш.Уәлихановтың халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеудегі еңбегін балалар фольклорымен

байланыстыра отырып әңгімелеңіздер.

2. Ұсынылған повесть, романдағы бала Шоқан бейнесі жөнінде әңгімелеңіздер.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. -Алматы: Жазушы, 1985.
2. С.Бегалин. Бала Шоқан. -Алматы: Жазушы, 1964.
3. С.Бегалин. Шоқан асулары. -Алматы: Жазушы, 1996.
4. С.Мұқанов. Аққан жұлдыз. 1, 2 кітап. -Алматы: Жазушы, 1967, 1970.

3 тарау. А.ҚҰНАНБАЕВ

Өлеңдері. Абайдың анық қырық жасында жазған өлеңі - «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»(1885). Ақын өлеңді өз халін баян етуден бастайды. Ғылымға қолын кеш созғандығын айтады, соған өкініш білдіреді. «Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы, қолымды дөп сермесем өстер ме едім» деп бұған өзгені емес, өзін жазғырады. Өкінішін балаларының оқуымен толтырмақ болғандығы білінеді. Баланың қызмет кылып, шен алуы мақсат емес. Мақсаты - балаларының өзі жетпеген биікке жетуі. Сөйте тұра ақын өлең соңында білімнен кенде де қалған жан еместігін, шешендіктен қаражаяу қалмағандығын ескертуді міндет санайды. Бірақ еңбегің еленбесе, тыныш жүрген дұрыс екен деген шешім жасайды.

Абайдың өнімді еңбек еткен уақыты - 1886 жыл. Әуезовтің айтуы бойынша, ақын 1886 жылы он сегіз өлең жазған. Солардың қатарында «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Жаз» өлеңдері бар. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі жөнінде Әуезов «Ел ішіндегі жас желеңге Абайдың, әсіресе, көп ой қорытып айтқан

мағыналы және програмдық бір өлеңі осы деуге болады. Бұнда Абай адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы - ғылым дейді» (6,117). Ғылым іздеген адам бес кеселден(өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақтық) қашық болуы, бес асыл іске(талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) асық болуы керек. Сонда ғана ол адам деген атқа лайық. Ақын надандықтан көп қауіптенеді. Халықтың сенгіштігінен секем алады. Сондықтан көлемді өлеңнің бір жерінде

Ақыл сенбей сенбеңіз
Бір іске кез келсеңіз
Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса, мейлі сол айтты -
Ақылменен жеңсеңіз.
Надандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлсеңіз.

- десе, келесі бір тұсында

Ақымақ көп, ақылды аз,
Деме көптің сөзі бұл.
Жақынның сөзі тәтті деп,
Жақыным айтты дей көрме
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме.

«Мұны жазған кісінің атын білме, сөзін біл» деу арқылы әңгімесінің маңыздылығын баса көрсеткісі келеді. Дегенмен, өлең соңында «мұны жазған - білген құл, Ғұламаһи Дауани» дей отырып сөз иесінің тегін адам еместігін аңғартады, осы негізде асыл сөзді көңілге тоқу керектігін тағы да ескертеді.

«Интернатта оқып жүр»(1886) өлеңінің алғашқы бөлігі болған жайды баяндау түрінде келеді де, соңғысы жастарға

ақыл айту түрінде келеді. Баяндалатын жайттар - интернатта оқып жүрген қазақ балалары, ата-анасы «балам заң білді» деп қуанады, ал балалары ислам дінінің заңдарына шала екендіктерін ойларына да алмайды, оларша, арыз жаза алса болғаны, ойлары - істің ақ пен қарасын тексеру емес, бүлінген елден пайда табу. Аз білгенін көпсінеді, көп қазаққа епсінеді. Жамандығын орыстан көреді. Адамның жамандығына біреу кінәлі емес. Ақынның өз сөзімен айтар болсақ, «қаны бұзық өзі ойлар қу менен сұм боларды».

Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой.

«1886 жылдың өлеңі Абайдың тұсындағы жастар жайын танытумен қатар, ақынның өзінің де ішін ашады. Осы кезеңде орыстың классик ақындары ғана емес, көркем прозасының ең ірі өкілдерінің де шығармаларын Абайдың анық біліп, терең танығанын көреміз»(1;115). Салтыков-Шедрин, Лев Толстой шығармаларынан қорытынды шығармаған жастарға ақынның беретін ақыл-кеңесі төмендегідей:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге.
Военный қызмет іздеме,
Оқалы киім киюге
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге.

Жыл мезгілдеріне арналған өлеңдерінің алғашқысы - «Жаз» (1886).

Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда

Жанды дүниенің қым-қуыт тірлігі басталады. Алдымен жануар, құс атаулының дүрмегі көзге түседі:

Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңкылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.
Жоғары-төмен үйрек, қаз
Ұшып тұрса сымпылдап.

Содан кейін барып адам тірлігі көрініс табады. Үй тіккен қыз-келіншек, мал ішін аралап көңілі толып ауылға қайтқан бай, орталарына қымыз алып қауқылдасып бір бөлек отырған ауыл үлкендері, шешесін жағалаған жас бала, асау мініп теңселген жылқышылар, мылтық атып, құс салған бозбалалар көрінеді. Білімдінің шалымды сөзі, бұған өзгелердің бас шұлғыған қимылы, жылқышының жарамсақтығы сияқты мінездер де көрінбей қалмайды. Негізінен, 8 буынды, арасында 7 буын да кездесіп қалатын өлең динамикалы әрекетке құрылған. «Ұйқастарда келетін «шыбындап», «шылпылдап», «бұлтылдап», «сымпылдап», «сыңқылдап», «жылпылдап» деген сияқты айтуға ауырлау келгенмен, тұрақты тыныштық күй емес, үнемі өзгеріп

тұран қозғалыс әрекетті көрсететін сөздер барлық өлеңге өзгеше ағындылық(темп) береді»(1;114).

«Қыс» өлеңінде(1888) қыс «ақ киімді, денелі, ақ сақалды» шал кейпінде суреттеліп басталады. Шалдың түсі суық. Жан танытын түрі жоқ соқыр, жан аяйтын кейпі жоқ дүлей, мылқау күш. Басқан жері қорқыныш туғызады.

Дем алысы - үскірік, аяз бен қар

Кәрі құдаң қыс келіп, әлек салды.

««Кәрі құда» - ең сұрамсақ, әсіресе, алымпаз, тойымы жоқ, жеміт құда. Ол және қызын бермей талдырумен қатар, сан рет қайталап, еселеп соқпай, ала бермей тынбайды. Әрдайым айналып соғып отыратын қысты осы құдаменен теңеу арқылы Абай Аяз-бабайды орыс әдебиетінен алып келіп, оқушысына өзінің құдасы етіп, қабыстыра кетеді» (1;131). Бөрік киген адамның аязбен қызарып ажрланғаны - таныс сурет. Кейінгі 4 тармақ бұл шалдың қарапайым адам емес, табиғаттың ешкімге де, еш нәрсеге де ерік бермес тылсым күші екендігін мойындатады.

Бұлыттай қасы жауып екі көзін,

Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.

Борандап, бұрқ-сарқ етіп долданғанда,

Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Қыс тірі жанның ешқайсысына жеңілдік жасамайды.

Оған жүгірген бала да, жылы киінген малшы да, қар тепкен жылқы да бір.

Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,

Малшыларым, қор қылма итке малды.

Соныға малды жайып, күзетіндер,

Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды.

Қыспен бірге ілесіп келген осындай бір аманшылығын хабарлай отырып, ақын адамды осының екеуіне қарсы қайрат қылуға шақырады.

1888 жылы жазылған өлеңнің бірі - «Күз». Өлең ерекшелігі күз мезгілінің сұрқай көрінісіне ауыл келбеті араластыра суреттеледі. «Жаз» өлеңінде мезгілді суреттеу белгілі бір тәртіппен келетін болса, мәселен, белгілі мезгіл уақыты, жануарлардың қимыл-әрекеті(шұрқырап жатқан жылқының шалғыннан жоны қылтылдап т.с.с), одан соң барып адам тірлігі(қыз-келіншек үй тігер т.с.с) баяндалатын болса, «Күз» өлеңінде бірінен соң бірі ретімен кетіп отырады.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тоғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.

Ақын өмір сүрген кезең шындығын дәл көрсететін өлең. Бұл - күздің сүреңсіз күндері суретімен үйлес шыққан шындық.

Жыл мезгілдерінің қимыл-әрекетке толы түрі - көктем. «Жазғытұры» (1890) өлеңінде ақын назарынан көктеммен бірге келетін өзгерістің ешқайсысы таса қалмайды. Жан-жануарлардың тірлігі алма-кезек суреттеледі. «Тегінде, көктем мал баққан шаруа халқына қызықты, көтеріңкі кез. Ақын да қыстай малдың күтімімен шұғылданған шал-кемпір, жас-кәрінің жадырап, қуанғанына бірге көңілденіп, қоса қуанады»(1;149). Табиғат денелерінің өздеріне лайық құбылыста көрінуі(күннің жерді қыздыруы, ай мен жұлдыздың қара түнде көрініп, таң атқан соң жоғалуы) адамдар арасындағы қарым-қатынастарға ұқсастырыла беріледі.

«Әсемпаз болма әрнеге»(1894) өлеңінің алғашқы шумағында ақын жастарға не істеу керектігін түсіндіреді. Және осы жолда қандай қадір-қасиетке ие болу керектігі жөнінде әңгімелейді.

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Осылардың бірінің кемдігі адамға қандай зардап шектіретініне дейін (алдың - жалын, артың - мұз) баяндайды. Бойда адамгершілік болмаса, құр қайрат пен ақыл бұрыс іске бастар деген ой айтады ақын. Төртінші, бесінші шумақтарда не істемеу керектігі жөнінде кеңес береді. Мақтанға, күншілдікке қатысты 38-сөзіндегі ойлары таратылып айтылады.

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

Соңғы шумақ қорытынды сөз іспеттес. Ақын кеңесінің тоқ етері - «ақырын жүріп, анық бас». Өзін ұстаз санайтын адам балаға ақыл айтудан жалықпайды. Демек, ақын ниетінде ешқандай сөкеттік жоқ. «Бұл өлең басынан ақырына шейін қоғамдық тілекке қадірлі қасиетті адам болудың Абай ұғымындағы сипаттарын баян етеді. Бұнда адамгершілік қағидаларын ақын өз тұрғысынан атап береді» (1;155).

Абай мысалдары. Абайдың аударма мысалдары алғаш рет 1909 жылы Санкт Петербургте «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Абай аударма мысалдарымен қатар А.Байтұрсыновтың «Қырық мысал» (1909), бір жыл кейін С.Көбеевтің «Үлгілі тәржіма»

(1910), төрт-бес жыл кейін Б.Өтетілеуұлының «Жиған-терген» (1914), С.Дөнентаевтың «Уақ-түйек»(1915) жинақтары жарық көрді.

1986 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан екі томдық шығармалар жинағының екінші томында Абайдың И.А.Крыловтан аударған 13 мысалы берілген. 1995 жылы шыққан қостомдықта Абайдың И.А.Крыловтан аударғандары деп 12 мысал көрсетілген.

Абайдың Крыловтан аударған мысалдарының бірі - «Шегіртке мен құмырсқа». Крылов бұл мысалды Лафонтеннен алған. Крылов мысалы 30 жолдан, аударма 36 жолдан тұрады. 8, 9 буынды а, б, в, б үлгісімен жазылған. Бірінші шумақ жаз қызығын қуған шегіртке тірлігін баяндауға арналады. 2, 3, 4, 5-шумақтарда күз бен қыстың бейқам жан шегіртке сорлыға қолайсыздық әкелгендігі баяндалады. Шегіртке жаз бойы еңбек еткен құмырсқаға бас ұрып «қарағым, жылыт, тамақ бер, жаз шыққанша асыра!» деп жалынады. «Жаздай не бітірдің?» деген құмырсқа сауалына «Ән салудан қолым тимеді» дейді шегіртке.

Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер!
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де, билей бер!

Құмырсқаның үні өктем, үкімі кесімді. Абай Крылов мысалындағы инеліктің орнына қазақ оқырманының ұғымына жақын шегірткені алған. Абай И.А.Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалын 2 нұсқа етіп аударған. Аударманың бірінші нұсқасы 47 жолдан тұрады. 6, 7, 8, 10 буынды аралас ұйқас үлгісінде келген. Мысал көлемі түпнұсқада 26 жол. «Қарға мен түлкі» аударма мысалының бірінші нұсқасы төмендегідей кіріспе сөзден басталады.

Жұрт біледі, күледі,

Сұркия тілдің жаманын,
Қошеметшілердің амалын.
Сонда да солар қайда жоқ?
Ептеп айтса, ересің,
Артынан өкінсең де пайда жоқ.

Содан кейін барып кіріспе сөздегі ойға қатысты оқиға басталады. Қарға тауып алған ірімшігін жеп, аллаға шүкіршілік қылмақшы болады. Олжалы қарғаны көзі шалған түлкі оны тәтті тілмен алдай бастайды. Қарғаның мойны мен көзі, тұмсығы мен жүні - жалпы көркі мақталады.

Осы көрікпен, бұл жүнмен,
Әншілігің білінді,
Ұялмай, қалқам, бір сайра,
Біз де алалық үлгіні.
Құс төресі біздерге
Сіз боларсыз бір күні!

Бұл мақтау түлкі тілегін қабыл алмасқа еш мүмкіндік қалдырмайды. Ән салмаққа ыңғайланып аузын ашқан қарға ірімшігінен айрылып тынады.

«Қарға мен түлкі» аудармасының екінші нұсқасы 57 жолдан тұрады. 6-7 буынды аралас ұйқас үлгісімен жазылған. Аударма өлеңнің бірінші нұсқадан айырмашылығы, бұнда оқиға бірден баяндалады. Автордың мысал кейіпкерлеріне деген бағасы, айталық, ішартуы мен жек көруі, немесе оқиғаға қатысты бағасы, болжамы ұдайы сезіліп отырады. Мәселен, тауып алған ірімшігін ағаш басында отырып асықпай жемек болған қарға әрекетін автор бірден далбасалық деп табады.

Жем іздеген бір түлкі
Кездей келді сорына!

Автордың түлкіге деген жеккөрініш сезімі мына шумақтан

байқалады:

Жуасып, жабырқап,
Таң қалып, таңырқап,
Қарады жүзіне.
Қарашы залымның,
Бұл жұртқа мәлімнің
Алдаған сөзіне!

Бұл мысалда да қарға көркі мақталады. «Алыстан бір өзінді іздеп келдім. Бір ән салып берші, құмарым тарқасын» дейді түлкі. Мақтауға есіріп аузын ашқан қарға ірімшігінен айрылады.

Антұрған,
Сол тұрған
Жерінде бол күлкі!

- деп автор мысал соңын ызалы кекесінмен аяқтайды. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі бес кеселдің бірі - мақтаншақтық. Залымдық жөнінде отыз сегізінші сөзінде жеріне жеткізе айтқан болатын: «Залымдық - адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына қосылады».

Абайдың «Емен мен шілік» мысалы емен мен шіліктің жауаптасуларына құрылған. Алғашқы төрт шумағында емен шілікті мейлінше жазғырып сөгеді. Оны бейшара, сорлы деп таниды. Бейшаралығың аллаға жазықты болудан дейді. Шілікке анық менсінбеушілік танытады.

Тырп етпес менің күшім жауын, желге,
Жапырағым көлеңке талай жерге.
Иығыма сені де алып қорғар едім,
Иең сені бітірген иен дөңге.

Ақын шілік жауабына екі шумақ қана арнайды. Шілік өз жауабын қысқа қайырады, тірлік мәнін және

тәкаппарлықтың қатерлілігін бір-ақ ауыз сөзбен береді.

Бүгінгі аман бола ма үнемі аман?
Кердендікпен деп тұрсың не бар маған.
Шалқақтық иілмейтін кімге жаққан,
Екпінге ерегіссең, қатер саған.

Ақыры тәкаппарлық еменнің түбіне жетеді, ал бас үрған шілік аман қалады. Абайдың «Есек пен бұлбұл» аудармасы 28 жолдан тұрады. Бастапқы 6 шумағы 11 буынды, жетінші шумағы 7 буынды өлең ұйқасымен кестеленген. И.А.Крылов өлеңінің көлемі 29 жол. Есектің бұлбұлға айтқан өтінішінде оның даңқынан хабардар екендігі білінеді.

Сенбісің ақын бұлбұл, жана көрдім,
Атыңа жұрт мақтаған құмар едім.
Бір сайрап берсең, қалқам, өзім естіп,
Рас па екен жұрттың өзі, сынар едім.

Бұлбұлдың әні жан біткенді таңырқатады. Жан атаулыны мың күйге салып толқытады. Қой да, қойшы да тапжылмай тыңдайды. Жел де соқпай, құс та шуламай тына қалады. Есектің «сен біраз әтеш әнін үйрен» деген сөзі көпшілік бағасына қарсы харекет. Жұрт мойындағанды мойындамау білімсіздік, топастық. Абай өз ойын төрт жолмен түйіндейді:

Демеймін жұрт мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын.
Сүйтсе де мұндай сыншыдан
Құдайым бізді сақтасын.

Абай «отыз сегізінші» сөзінде күллі адам балсын қор қылатын үш нәрсенің бастапқысын надандық, екіншісін еріншектік, үшіншісін залымдық дегенді айтқан болатын. «Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік

хайуандық болады».

Абайдың «Қарға мен бүркіт» аударма өлеңі 41 жолдан тұрады. 6-8 буынды аралас ұйқас үлгісімен кестеленген. Аспаннан сорғалап келіп қозыны іліп әкеткен бүркітті көріп қарға желігеді. Қозыны менсінбей қошқарға жабысады. Кешікпей қарғаның бүркіттей емес екені білінеді. Тырнағы қошқардың жабағысына шықпастай болып ілінеді. Тәкаппарлық, мақтаншақтық, ойсыздық, білімсіздік құдайға жақпайды. Сондықтан

Әдін білмес шіркінді

Құдай әбден қарғады.

Құдайдың қарғысына ұшыраған қарға мүшкіл халге түседі. Қойшылар қарғаны ұстап алып, қанат, құйрығын қияды. Аяғына жіп байлап, балаларға ойынға береді. Абай аударма мысалының соңы бұйрықтық мағынада ызалы күйінішке толы түйінде келеді. Құдай қарғысы түрінде қабылданары хақ.

Азат басың болсын құл,

Қолдан келмес іске ұмтыл!

Сұрақтар мен тапсырмалар

Абайдың қазақ балалар әдебиетіндегі орнын оның шығармашылық тұлғасына назар аударып отырып анықтаңыздар.

Абайдың табиғат лирикасын халықтың балаларға арналған өлеңдерімен (маусымдық жырларымен) салыстыра отырып, өзіндік ерекшеліктерін тұжырымдап, түсінік беріңіздер.

Абайдың қазақтың байырғы өлең түрлерінің негізінде қазақ өлеңдерінің құрылысына енгізген жаңалығын дәлелденіңіздер.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-2 том. -Алматы: Жазушы, 1986.
2. Абай. Қара сөздер. - Алматы: Көшпенділер, 2007.
3. М.Әуезов. Абай жолы. 1-2 кітап. -Алматы: Жазушы, 1989.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2- кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

4 тарау. Ы.АЛТЫНСАРИН

«Қазақ хрестоматиясы» еңбегі. «Қазақ хрестоматиясы» орыс хрестоматияларының үлгісімен жасалды. «Қазақ хрестоматиясы» төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Ұсақ әңгіме-ертегілер(балалар турасында)», екінші бөлім «Үлкен кісілер турасындағы әңгімелер», үшінші бөлім «Әр түрлі өлең-жырлар», төртінші бөлім «Мақалдар» деп аталады.

Хрестоматияға енгізген шығармаларды іріктеуде, біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабардар ету принципін көздеді. Екіншіден, оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді дарытуды көздеді. Үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруге тырысты.

Ы.Алтынсарин және қазақ халық ауыз әдебиеті. Ы.Ыбырайдың қазақ ауыз әдебиетінен жинаған материалдарын төрт түрлі жанрға бөлуге болады: аңыз-әңгімелер(«Лұқпан хакім», «Таза бұлақ», «Жомарт», «Өтіріктің залалы», «Ізбасты би», «Жиренше шешен» т.б.), ертегілер(«Қара батыр», «Тазша бала», «Алтын Айдар» т.б.), эпостық шығармалар(«Қобыланды» және басқа жырлардан үзінділер) және мақал-мәтелдер. Осыларға қоса Ыбырайдың хрестоматиясынан сол кездегі қазақ әншілері мен жыршылары шығарған кейбір өлең, айтыстарды кездестіруге болады.

Хрестоматияда жарияланған халық аңызының бірі -

«Жомарт». Ол «Атымтай Жомарт» аңызының негізінде шыққан. Бұл аңыздың түрлі варианттары бар. Жомарт - халықтың арманын бейнелейтін образ. Ол әуелде кедей болған. Кейін өзінің еңбегі арқылы байыған адам. Бұл - халықтың тілегі. «Лұқпан хакім» әңгімесінде халық Лұқпанды өз адамы деп таниды. Лұқпан да өзін халықтан бөлмейді. Халық мүддесі үшін күресуге талап қылады.

Ыбырай хрестоматияға Жиреншенің ханды қаңбақ пен қаз арқылы маскаралайтын, Қарашашпен қосылатын, Қарашаштың тапқырлығын суреттейтін мәтіндерді енгізеді. Жиреншенің қауіпті жағдайдан оңай құтыла беруі де, осы жолда Қарашаш сияқты ақылды жарының болуы да - халықтың арманынан туған жайлар.

«Таза бұлақ» әңгімесінде үш жолаушы бір бұлақтың басында кездеседі. Су ішіп шөлдері қанғаннан кейін тастағы «Ей, жолаушы, болаң, осы бұлақтай бол!» деген жазуды оқиды. Жолаушылардың бірі - саудагер, екіншісі молда екен. Олар жазуды өздерінің мақсаттарына жориды. Үшінші адам көркем жігіт екен. Ол жазуды «таза, ақ жүрек адам бол» дегені деп шешеді.

Ыбырай пайдаланған аңыз-әңгімелердің ішінде қазақтың жыл санауына байланысты аңыз да бар. Ол «Жан-жануарлардың дауласқаны» деген тақырыппен берілген. Бұл аңызды пайдалануда Ыбырайға орыс тіліндегі оқулықтар ой салған тәрізді. К.Д.Ушинскийдің оқулығында осы тақырыптас («Спор животных») әңгімесі кездеседі. Бірақ оның сюжеті мүлде басқаша: үй хайуандары өздерінің қожасына еткен еңбектерін айтып таласады. Әңгімеде сиыр, жылқы және иттің қайсысы адамға пайдалы дегенге адам олардың әрқайсысының өзіндік орны бар екендігін айтады. Ы.Алтынсарин болса осы әңгімеге ұқсас болғандықтан «Жан-жануарлардың дауласқаны» атты халық ертегісін өз

хрестоматиясына енгізуі әбден мүмкін. Бұндағы жан-жануарлар адамның жылына ағалыққа таласады. «Түйе бойына сеніп, құр қалды» деген этимологиялық сипатта аяқталатын әңгіме, әрине, Ушинский әңгімесінен мүлдем бөлек.

Өлендері. «Қазақ хрестоматиясы» ақынның ағартушылық мақсатта жазған екі өлеңімен ашылды. Автор оларды «Сөз басы» деген атпен кітаптың алғашқы беттерінде жариялады. Ыбырай бұл өлендерінде қазақ жастарын білім алуға, мәдениеттің жаңа дәстүрін меңгеруге шақырды. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі - өлең-білімнің пайдасын түсіндіретін өлең. Өлең алғашында «Бір құдайға сыйынып» деп басталған болатын. Кеңес идеологтарының араласуымен бұл жол кеңестік дәуірде түсіріліп тасталған болатын. Хрестоматияның соңғы басылымында(2003) түзетілді. Ыбырайдың түсінігінде «бір құдайға сыйынып барып» оқуға кірісу өз нәтижесін бермек. Сол себепті сөз басын «бір құдайға сыйынып, кел, балалар, оқылық!» деп бастайды. Оқу білген адам бір жаратқан иені танығын үстіне тани түседі деген ой өлең соңында берілген:

Оқу білген таниды

Бір жаратқан құдайды.

Құдайды танымаса, құдайға ұнамауы кәдік. Құдайға ұнамаған жанның осыған дейінгі істеген ісінің бәрі бос әрекет болуы мүмкін деген ой «Танымаған құдайды неғылғанда ұнайды» дегеннен қылаң береді.

Баланы құдайдан сұрау - халықтың ауыз әдебиеті үлгілерінен, әсіресе, ертегілер, батырлар жырынан келе жатқан дәстүр. Баланың өнегелі болып өсуіне бесік жыры, тұсау кесу жырында қандайлық мән берілетін болса, бұл өлеңде сол ата-ананың тілегіне сондайлық мән беріледі.

Шырағым адам болғай деп,

Ата-енең жылайды.
Баладан қайыр болмаса,
Баланы неге сұрайды.

Ата-ана құдайдан қайырсыз ұл сұрамайды, өз үмітін ақтайтын ұл сұрайды. Әйтпесе, бала сұрап несі бар дейді ақын. Автор баланын жанды жеріне дөп тиетін сөзді тауып айтады. Күндердің күнінде ата-ананың қартайтын күні туар. Қартайған ата-ана мал табуға қауқарсыз. Осы кезде сүйенетінің оқумен тапқан білімің болмақ. Демек, тұрмыстың жақсаруы үшін оқу керек.

Ендеше, балаға жүктелетін міндет үлкен. Сол міндетті атқару үшін оқуға кірісу керек деген автор ойы айқын. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі - Ыбырай өмір сүрген дәуірдің рухына, шындығына толы. Өлең құндылығы - қазақ қоғамының сол дәуірдегі өмір шындығынан көрініс бере алатындығы. Ақын өзінің идеясын оқушыға қазақ тұрмысындағы белгілі жағдайлар арқылы жеткізуді көздейді. Мал байлығы мен білім байлығын қатар салыстырады. Малдың «жұтқа» ұшырауы сияқты қазақ өміріндегі апаттарды суреттейді. Өлеңнің екінші құндылық жағы - оның халық дәстүрі, халықтың ұғым өлшемі негізінде жазылғандығы. Бұл жағдай өлеңнің халық арасына оңай және тез сіңісуіне мүмкіндік туғызған фактор ретінде көрінеді.

Оқу үшін қандай қасиетке ие болу керек екендігін бұрынғыдан жеткен нақыл сөздермен түсіндіреді. Бірде «Аяншыл ат арымас, білім деген қарымас» немесе «білмегенді білуге есті бала тырысқан, есер бала ұрысқан», «надандықтың белгісі - еш ақылға жарымас» деп халықтық түсінікпен тұжырса, енді бірде «жөн білмеген наданға қыдыр-ата дарымас», «оқу білген адамдар май тамызған қылыштан» деп өзіндік қорытынды жасайды. Еңбектің

нарқын қазіргі күні нақылға айналып кетіп отырған төмендегі мына шумақ танытады:

Сиса көйлек үстінде
Тоқуменен табылған...
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған...
Өнер-білім бәрі де
Оқуменен табылған.

Өлең әр дәуір ұрпағын тәрбиелеуге үн қосып келе жатыр. Білім-ғылымнан, өнерден алыс жатқан қазақ балаларына осы тәріздес үгіттік, ұрандық мәні бар өлең оқу ол дәуір үшін тың жаңалық еді. Өлеңнің «Кел, балалар, оқылық!» деп қайталанып отыратын үш тармағы ойды бекітіп, оның үгіттік әсерін арттыра түседі.

Ыбырайдың «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңі «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің жалғасы тәрізді. Өлеңде ғылымның жетістіктерін мадақтайды, мәдениетті елдің озық салтын баяндайды. «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде ғылым мен техниканың сол кездегі ең басты жаңалықтары толық баяндалады. Жалпы өнерге уағыздау ертедегі жыраулар поэзиясынан келе жатқан дәстүр болғанымен, соның айқын көрінісін ХІХ ғасыр жыраулар поэзиясынан да байқауға болады. Ы.Алтынсариннің тұстасы, ақын, жырау Майлықожа Сұлтанқожаұлы(1835-1898) «Ілімге толса көкірек» толғауында

«Жігіттің көркі - өнері»
Жақсылардан шыққан сөз
Алтынды-ғауһар бедерлі.

- дейді. Ал Ыбырай болса

Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
«Өнер - жігіт көркі» деп

Ескермедік мақалды.

- деп жырлайды. Өлеңде ғылым мен техниканың соны жаңалықтарын баяндау және балаларды жаңалыққа ұмтылуға уағыздау бар. Демек, уағыз жалаң емес. Мұнда баланың көңілін сендіргеннен кейін айтылатын үгіт «Біз де бекер жатпалық, осыларға таныспай» немесе «жасөспірім достарым, қатарың кетті-ау алысқа-ай, ұмтылыңыз қалыспай» түрінде келіп, жеткіншектерді намысқа шақырады.

Ыбырай ақындығының тағы бір жаңашылдық сипаты оның төл әдебиетімізге хат үлгісінде жазылған өлең түрін әкелуінде десек қателеспейміз. «Қазақ хрестоматиясы» кітабының «Балалар туралы ұсақ әңгіме-ертегілер» деген бөлімінде оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары берілген. Бұл хаттарды оқудағы бала ауылдағы атасы мен әжесіне, ағасына, досына жазады. Ең алдымен атасының немересіне жазған хатымен («Балғожа бидің баласына жазған хаты») танысып көрейік:

Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жанына жәрдем берсін құдайтағаллам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Сабакқа көңіл берсең басыларсың;
Ата-ананды өнер білсең асырарсың,
Надан боп, білмей қалсаң аһ ұрарсың.

Енді немересінің атасына қайтарған жауабын оқиық;
«Қамқор, дуагөй атам мен әже, сіздерге ықыласты
сәлемдерімді жолдап қаламын. Өзім сіздердің оң
баталарыңыздың арқасында сау-саламат бармын. Өткен
поштадан жіберген сәлем хатыңызды, азын-аулақ
ақшасымен жолығып алдым. Ықыласыммен құдай-

тағаладан тілеймін, сіздердің еңбек қамқоршылығыңызды бізге де қызметімізбен өтеуге жазғай еді деп.

Ата, сіз әрқашан ақыл айтушы едіңіз: «балам, алаң болмай, ұстаздарыңның айтқанын орнына келтіріп, берген сабақтарын толық үйреніп, білуге тырыс» деп, мен ол сөздеріңізді ұмытқаным жоқ. Оқыған оқуымыз турасында бұл күнде ұстаздарымыз сонша разы және де ең жақсы оқыған балалардың есебіне қосып, жазып қойды». Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары - қазақтың жазба тіліндегі эпистолярлық жанр үлгісі.

Ы.Алтынсарин ана тақырыбындағы өлең түрін де туған әдебиетімізге енгізді. «Бұл кім?» өлеңінде бар мейірімін баласына арнайтын ана бейнесі оның нәрестесі үшін атқарған қамқорлық істері арқылы нанымды беріледі.

Баға, баға, баға деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп
Түнде бесік таянған.

Үш шумақ өлеңнің алғашқысының өзі-ақ «бұл ана» дегізеді. Ананың балаға жасар қамқорлығын санамалап тауысу мүмкін емес.

Аялы қолда талпынтқан,
Қаймақты сүттей қалқытқан.
Суық болса жөргегін,
Қорғасын оқтай балқытқан.

Ақын ананың тек іс-әрекетін ғана береді. «Анаң қамқоршың, жанашырың, сондықтан сен оны сүй, құрмет тұт!» деген уағыз жоқ. Бірақ ананың бірден-бір қамқоршы екеніне бірден сенесің, кеуденді оған деген шексіз ризашылық пен құрмет сезімі кернейді.

Айналасына ас қойып
Изені көлдей шалқытқан.

Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Иісін жұпар аңқытқан.

Өлең ананың баласын ұйықтату, тамақ беру, күту, мәпелеу әрекеттеріне құрылған. Бұл тұрғыда бесік жырын, уату-алдарқату жырларын, тұсау кесу жырын, мәпелеу жырларын айтатын қазақ әйелінің бейнесі еріксіз еске түседі. Бала күтімі жөніндегі халық түсініктерін қайыра әкеп жүрегімізге ұялатады. Кез келген баланың жаттауына оңай, ұғымына жеңіл тиетін ойнақы өлең түрін Ыбырай ана арқылы ұсынған. 6,7, 8 буын аралас келетін өлең.

Ыбырай сұлу суретті табиғат лирикасын жасады. Ыбырай табиғатты жалаң алып, өмірден оқшау жырлаған жоқ. Табиғатты адам өмірімен байланыстыра жырлады. Ыбырайдың табиғат туралы өлеңдері реалистік суреттермен ерекшеленеді. «Жаз» өлеңінде табиғат көрінісін мал баққан шаруаның тұрмысымен ұштастыра баяндайды, көшпелі елдің өміріне сай сурет жасайды. Жазғы уақытты халықтың көтеріңкі көңіл-күйімен ұштастыра жырлайды. «Жаз», «Өзен» өлеңдері халықтың 11 буынды қара өлеңінің ұйқасы негізінде жазылған.

Төл әңгімелері. Ы.Алтынсарин әңгімелері - түр, стиль жағынан жан-жақты сападағы, түрлі жанр жүгін көтеріп тұрған бай мұра. Автор «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде балаларды еңбек етуге, өмір сырын үйренуге шақырады. Әңгімедегі Асан - тек ас ішуге ғана дағдыланған бала. Тамағы тойса күліп, қарны ашса жылауды ғана біледі. Асан өзі пайдаланып отырған тамақтың қайдан және қалайша табылатындығын білмейді. Нендей нәрсенің тамаққа жарайтындығын білмейді. Үсен Асанға қарама-қарсы бағытта суреттелген. Үсен өз ісіне сеніммен кіріседі. Өйткені оның дұрыстығына шүбәланбайды. Ол әр кез өз әкесінің айтқандарын басшылыққа алып отырады. Осы арқылы

жалпы халықтың тәжірибесіне сүйенеді. Сонымен, «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесіне екі баланың еңбекке екі түрлі қатынасы көрінеді.

«Қыпшақ Сейіткұл» әңгімесінде еңбек нәтижелері суреттеледі. Жазушы екі ұрпақ өмірін бейнелейді. Шығармада қазақ даласында жаңадан орын тебе бастаған жер шаруашылығы мен сауда кәсібінің алғашқы нәтижелерін көрсетеді. Ыбырай осы әңгімесінде ең алдмен, еңбектің, әсіресе, ұжымдық еңбектің күшін көрсетпек болады, екіншіден, қалың көпшілікті жер шаруашылығымен айналысуға шақыруды мақсат етеді.

«Киіз үй мен ағаш үй» әңгімесінде кәсіп мәселесін сөз қылады, отырықшылық тұрмысты уағыздайды. Бір жерді түпкілікті мекен еткен елге киіз үйден гөрі ағаш үй қолайлы болады деген ой айтады. Киіз үйдің мал баққан шаруа үшін қажеттілігі де айтылады.

Аудармалары. Оқулыққа енген көпшілік шығармалар, Ыбырайдың өзі атап көрсеткендей, Паульсонның хрестоматиясынан алынды. Олар: «Асыл шөп», «Бакша ағаштар», «Шеше мен бала», «Мейірімді бала», «Дүние қалай етсең табылады», «Әдеп», «Мұжық пен жасауыл», «Сақып» және т.б. Л.Толстойдан аударған әңгімелері: «Силинші деген ханым», «Малды пайдаға жарату», «Мұңсыз адам», «Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ», «Жамандыққа жақсылық», «Данышпан қазы», «Үш ұры» т.б. Ушинскийден аударған әңгімелер: «Полкан деген ит», «Түлкі мен ешкі», «Үнді» т.б.

Ыбырай көркем аударманың мүмкіндіктерін ашты. Оның аударма әңгімелері тым жатық, қазақтың төл туындысындай оқылады. Жазушы өзі аударған әңгімелерге өзіндік идея, өзгеше өң береді. Кейбір әңгімелердің ұзын-ырғасын түгел сақтамай, олардағы түйінді мәселелерді ғана

жинақтап, қысқартып баяндайды. Мәселен, Л.Толстойдың «Петр I и мужик» әңгімесі екі шағын бөлімнен тұрады. Біріншісінде Петр патша жолдан адасып жүріп, ағаш шауып жатқан мұжыққа тап болады да, біраз әңгімелеседі. Екінші бөлімде мұжық патшаны орманнан алып шығып, жол көрсетеді. Алтынсарин өз әңгімесіне бірінші бөлімдегі оқиғаны ғана өзек етіп алады және тұтастай емес, өз пайымына қарай ыңғайлап алады. Толстой әңгімесіндегі мұжық ақшасын үшке бөледі, бірінші бөлігімен әкешесіне қарызын өтейді, екінші бөлігін ұлдарына қарызға береді, үшіншісін қыздарын асырауға жұмсайды. Алтынсарин әңгіме атауын ауыстырып қана қоймай, кейіпкерлерін де өзгертеді. Әңгіме кейіпкері - көп мал тауып, азбен қанағат етіп, аз жұмсап тұратын үйші. «Қарт әкешемме берген ақшаларымды өтеп тұрған борышым деп білемін, өзімнен туған балаларға оқу оқытуға, асырауға шығарған малымды өсімге берген мал деп білемін. Балалар адам болып, біз қартайғанда жақсы асыраса, олардың борышымды өтегені емес пе, - деді». Ыбырай әңгімесінде өлеңдерінен бастау алатын ой («Баладан қайыр болмаса, баланы неге сұрайды?»), «Ата-анаңды өнер білсең асырарсың» деген жолдар бұған дәлел) жалғасын тапқан. Сөйтіп жазушы ұзақ әңгімелерді қысқартып пайдаланған.

Кейде бір әңгіменің сюжетін пайдалана отырып, оны өзінше құрады. Мысалы, Л.Толстойдың «Царь и рубашка» әңгімесін Алтынсарин «Мұңсыз адам» деген атаумен аударған. Аударма әңгімеде өзгешеліктер жоқ емес. Мәселен, Толстой әңгімесінде патшаның өзі дертті болса, Ыбырайда патша ханымы аурулы болады. Ханым сырқатына еш дауа табылмайды. «Патша мұнан соң бақсы-балгерлерді жидырып, жарлық айтты: -Балдарыңызды ашып, осы ханымға не еме болатынын табыңыз, егер

таппасаңыз, бәріңізді де асып өлтіремін, - деді».

«Царь и рубашка» әңгімесінде патша жарлығы қатал талапқа құрылмайды:

«Один царь болен и сказал: - Половину царства отдам тому, кто меня вылечит».

«Бақсы-балгерлер қорқып, сасып тұрғанда, ішінде біреуі айтты: - Мен бұл аурудың емін таптым».

«Тогда собрались все мудрецы и стали судить как царя вылечить. Никто не знал. Один только мудрец сказал, что царя можно вылечить».

«Сол сөзбен мұны ханға алып келісті. Бұл балгер ханға айтты: - Дүниеде мұңсыз кісі тауып, соның көйлегімен қақтырсаңыз, бұл ауруға сол ем екен».

«Он сказал. - Если найти счастливого человека, снять с него рубашку и надеть на царя -царь выздоровеет».

Л.Толстойдың «Пожарные собаки» әңгімесін Ы.Алтынсарин «Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ» деп аударыпты. Аударма әңгіменің тақырыбы мен кіріспесі ғана бөлекше. Кіріспесі төмендегіше басталады: «Ит - адамға шын дос жануар. Дүние жүзінде иттің неше атасының ұлы бар: біреуі қора, біреуі үй күзетеді, біреуі малшы орнына мал бағады, біреуі аң-құс алып береді, біреулері, тіпті, ат орнына жегіліп те жүріледі. Бұлардың бәрін де екінші кітапта уақытымен айтамыз». Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясының» екінші кітабын шығармақ болғаны белгілі. Бұл жерде осы еңбекті айтып отырғаны күдік тудырмайды. Тағы бір сәл өзгешелік соңғы сөйлемде: «Собака побежала в дом и скоро выбежала с чем-то в зубах. Когда народ рассмотрел то, что она несла, то все расхотались, она несла большую куклу». «Біраздан соң Боб аузында бір тістегені бар, үйден жүгіріп шыға келді. Қараса, әпкелгені бір үлкен қуыршақ екен». Аударма

әңгіменің бұлай аяқталуы өзгертілген атауына байланысты алынған сияқты.

Алтынсариннің атауын ауыстырмай аударған әңгімелері - «Үш ұры» (Три вора) және «Данышпан қазы» (Праведный судья). «Три вора» әңгімесінде үш ұрыға алданатын адам мұжық болса, аударма әңгімеде - сарт. Саудамен айналысатын қасиеті ескерілгендіктен алынған болу керек. Сартқа құдайды ауызға алғызады. «Сарт. - Ендеше, Құдай үшін, есегімді ұстай тұр деп, есегін ұрыға ұстатып, өзі ағашқа жүгіріп кіргенде, бұл ұры есекті алып жөнеледі». Орысшасында «Мужик побежал догонять козу и попросил вора подержать осла. Второй вор увел осла» деп келеді. Осылардан өзге айырмашылық жоқ. «Данышпан қазы» әңгімесінде «ученыйды» молда деп аударған. Әңгіме соңында қазыға разы болған Бауақас патша «Тілегің болса, тіле» - дейді. «Қазы: - Маған сый керек емес. Патшаның осы мақтағаны да маған жетерлік сый деді, - дейді». Ал түпнұсқасында бұл жоқ.

Ушинскийдің «Играющие собаки» әңгімесін «Полкан деген ит» атаумен аударған. Сюжет пен түйін бір болғанымен қанден мен Полканның әрекеттерін сөз қылатын кейіпкерлер өзге. Түпнұсқа әңгіме сюжеті Володя деген бала мен әкесінің диалогына құрылған. Аударма әңгімеде қанден мен Полканды әңгіме объектісіне айналдыратын шәкірт бала мен ұстазы. Бұдан Ыбырайдың әңгіме оқиғасын мектеп тірлігіне, оқушы мінез-құлқына жақындату мақсаты айқын көрінеді.

Ушинскийден аударған «Түлкі мен ешкі» әңгімесінің атауы еш өзгеріссіз берілген. Бірақ ықшам аударылған. Ушинскийде түлкінің құдыққа қалай түсіп кеткендігі(қарғаларға қараймын деп), құдықтың іші мен құдыққа үнілген ешкі сипатталады. Алтынсаринде түлкі

мен ешкі екі-ақ ауыз сөзбен тіл қатысса, орыс жазушысында құдық жайын ұзақ сөз қылады. Құдыққа секіріп түскен ешкіге түлкі «су шашыраттың» деп кейістік білдіріп те қояды. Орысшасы «чуть было не пропал козел с голоду в колодце; насилиу-то его отыскали и за рога вытащили» деп аяқталады. Ал қазақшасы ешкінің құдықта қалуымен аяқталады.

Сонымен, Ы.Алтынсарин өз аударма әңгімелерінде біріншіден, түпнұсқаны сақтап, тақырыбын ауыстырмай өзгеріссіз аударады. Кейіпкерлерін қазақ ортасына қарай бейімдейді («Үш ұры», «Данышпан қазы»). Екіншіден, тақырыбын ауыстыру арқышы сюжетін қысқартып немесе толықтыру енгізе отырып аударады. Кейіпкерлерін өз мақсатына байланысты өзгертеді («Малды пайдаға жарату», «Мұңсыз адам», «Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ», «Полкан деген ит», «Түлкі мен ешкі»).

Қазақтың жаңа жазба әдебиетіндегі диалогтың алғашқы үлгілерін Ы.Алтынсарин, сөз жоқ, аударма шығармалардан барып шығарды. Мәселен, «Шеше мен бала» әңгімесінде диалогтық үлгі бар. Драматургия элементі байқалады. Нақтылы сурет жасау, шын құбылысты қаз-қалпында жеткізу шеберлігі де қазақтың жазба көркем әдебиетінде осы аудармалардан бастау алады.

Ы.Алтынсарин және мысал жанры. Ы.Алтынсарин қазақ балалар әдебиетіне жаңа сападағы мысал жанрын енгізді. Ильминскийге жазған хатында (1876, 3 желтоқсан) былай деді: «Мысалдарды (басни) енгізгім келмейді. Өйткені, қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан гөрі мәндірек әңгімелер керек болады. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін, оқыса оған күлетінін, ал олардың ата-аналары: балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген сияқты жоқ нәрсені үйретеді деп, тіпті

ренжитінін тәжірибемнен білемін». Дегенмен де, Ы.Алтынсарин И.А.Крыловтан екі мысал аударған. Олар - «Егіннің бастары» және «Қарға мен түлкі» мысалдары. И.А.Крылов мысалындағы салған жерден айтылатын мораль Ы.Алтынсариннің «Қарға мен түлкі» мысалында жоқ. Түпнұсқа қарғаның ірімшік тауып алуынан басталса, аударма аш түлкінің тамақ іздеп, жортып келе жатуынан басталады. «Абайдың И.А.Крыловтан аударған «Қарға мен түлкі» мысалы мазмұны мен стилі жағынан түпнұсқаға мейлінше жақын болып келетін болса, Алтынсарин осы өлеңді Абай секілді 7-8 буынды жыр үлгісімен емес, 11 буынды қара өлең дәстүрінде аударған. Ол Крыловтың «ангельский голосок» деген тіркесін «сөзің күміс, алтын» десе, енді бірде «сандуғаш, бұлбұлдарды көріп едім» деп, қазақ ұғымына жақындатып алады».

Сондай-ақ, Ы.Алтынсарин аудармасы бала ұғымына жақындау. Бұнда сыншылдықтан гөрі әңгімелеу сипаты басым. Хайуанаттар жайындағы ертегінің өлеңмен жазылған түрі сияқты қабылданады. Абай мысалдарындағы ызалы кекесін, қаһармандар мінез-құлқына қатысты баға, оқиға өрбуіне байланысты болжам Ыбырай шығармасынан байқалмайды.

«Мұсылманшылық тұтқасы» еңбегі.
«Мұсылманшылық тұтқасы» еңбегі 1884 жылы Қазан қаласында басылып шығады. Ы.Алтынсарин діннің тәрбиелік мәнін жоғары бағалады. Дін иелері түсініп жатпап, оның тәрбиелік мәнін тыңдаушыларға аша білу парыз деп түсіндірді. «Түсінбей жаттау - күнә» деп діни уағыздарды құр босқа жаттап алып молда болу ел мәдениетіне, тәрбие ісіне жат екенін ашына жазды. Ол діни оқулықтардың мазмұнын жете түсінбеген дүмше молдалар дін-шариғат қағидаларын өздерінше бұрмалап теріс

түсініктер беретінін қатты сынады.

Ыбырай шарифат сүрелерін ана тілінде түсіндірді. Оларды өмір тіршілігімен, адам тәрбиесімен тығыз байланыстыра талдады. Діни терминдердің мән-мағынасын ашуға зер салды. Кітап төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде иман туралы айтылады(иман дегеннің не екені, құдайдың бірлігі, Мұхамбет оның елшісі екендігін қалай тану керек екендігі көрсетіледі). Екінші бөлімде құдайға құлшылық ету, намаз оқу, ораза ұстау, кедейлерге садақа беру(зекет) беру және жалпы қайырымдылық істер істеу, қажыға бару көрсетілді, оқылатын аяттар қосылды. Үшінші бөлімде адамгершілік жайы көрсетілді. Төртінші бөлімде арабша аяттар қазақ тіліне аударылып берілді. Ағартушы ғалым адамның не нәрсеге болса да берік сенімі жүректен терең орын алмаса, ол әсерлік, тәрбиелік нәтиже бермейді деген тұжырым жасайды. «Сонымен, бірінші жағынан, халықтың өз дінін білу жөніндегі талабын, бұл талапты ешбір шарамен тоқтатуға болмайтынын еске ала келіп, екінші жағынан, осылай болған соң, қазақ жастарына, өзінің ана тілінде жазылған, мұсылман дінінің негізгі рухына толық сай, дін оқытуға негізгі құрал бола алатын оқу құралын жасап берудің қажет екендігін еске ала келіп, мұның үстіне, мүмкін болғанынша, біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал, екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үш(бұл- қазақтарды татарландыруды ең сенімді тәсілдерінің бірі ғой) мен соңғы кезде Мұхамбет шарифатын үйрене бастап, осыған қоса жіберіліп отырған оқу құралын құрастыруға кірістім».

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметін баяндаңыздар.
2. «Қазақ хрестоматиясы», «Мұсылманшылық тұтқасы» еңбектерінің құрылымдық ерекшеліктерін айтыңыздар.
3. Ы.Алтынсариннің халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы еңбегін әңгімелеңіздер.
4. Ы.Алтынсариннің өлеңдері мен әңгімелеріне тақырыптық, идеялық тұрғыда талдау жасаңыздар. Ыбырай әңгімелеріндегі өмір суреттерінің шынайы сипатына назар аударыңыздар.
5. Ы.Алтынсарин өлеңдерінің құрылымдық жүйесін талдаңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Ы.Алтынсарин. Таза бұлақ. - Алматы: Жазушы, 1988.
2. Ы.Алтынсарин. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – Алматы: Қаламгер, 1991.
3. Ы.Алтынсарин. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2-кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

IV БӨЛІМ XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

1 тарау. ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

XX ғасыр басындағы жазба әдебиеті XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі дәстүрлерді дамытты және өз өрнегін де тапты. XX ғасырдың басында «Оян, қазақ!» деп жар сала келген жазба әдебиетімізге өз мақсатын жүзеге асыру үшін тың түрлер, жаңа жанрлар қажет еді. Өзге шығармаларды аударып отырып, дүниежүзілік жазба әдебиетте бар озық әдіс, тәсілдерді игерді, төл әдебиетімізді жаңа жанр, соны түрлермен молықтырды. Қазақ аудармашылары көбіне мысал жанрында аударуға ден қойды. Қалам иелері мысал жанрында көкейдегі ойды жеткізу әлдеқайда жеңілірек, әлдеқайда тиімдірек болатынын түсінді. А.Байтұрсыновтың «Қырық мысал» (1909), С.Көбеевтің «Үлгілі тәржіма» (1910), Б.Өтетілеуовтің «Жиған-терген» (1914), С.Дөнентаевтың «Уақ-түйек» (1915) жинақтарындағы мысалдар ел бойын жағымсыз мінез-құлықтан арылту мақсатын көздеді.

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» үлгісін ұстанған оқулықтар ретінде С.Көбеевтің «Үлгілі бала» (1912), Т.Жомартбаевтың «Балаларға жеміс» (1912), М.Дулатовтың «Қирағат» (1924) жинақтарын айтуға болады.

Балаларға арналған өлеңдердің жеңіл, ойнақы ұйқасқа құрылу ережесі XX ғасыр басындағы қазақ балалар әдебиетінде қатаң орнықты. Қазақ ақын-жазушыларының қатары бұл тұста, әсіресе, ағарту саласында істеп жүрген мұғалім, тәрбиешілермен недәуір толықты. Сол дәуірдің, өзі өскен ортасының дәрежесінде алғанда біраз білімі бар мәдени қайраткер және тәжірибелі мұғалім Т.Жомартбаев

әдебиетке осы тұста келіп қосылды. Оның «Балаларға жеміс» атты еңбегі 1912 жылы Семейдің «Ярдам» («Жәрдем») баспасынан жарық көрді. Арманы жастарды білімге ынталандыру болғанын ақын «Балаларға өнеге» деген өлеңінде ашып айтады.

Б.Өтетілеуов те - Абай, Ыбырай шығармаларын жас буын тәрбиесіне кең пайдаланған алғашқы ұстаздардың бірі. Шәкірті Ғ.Мүсірепов «Ол кейде сабақ біткеннен кейін оқуға, білімге шақыратын әңгімелерді айтады. Көбінесе өзі аударған Крылов мысалдарын айтып береді. Абай, Ыбырай шығармаларын оқиды. Не түсінгенімізді сұрайды» - деп жазды. Аударма жасауда Абайдан көп үйренген. Оның Абай аударған И.А.Крыловтың «Қарға мен бүркіт», «Піл мен қанден» мысалдарын, А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінділер аударуы тегін емес.

XX ғасырдың бас кезінде балаларға арналған әдебиет жанрлары өсті. Солардың ішінде балалар поэзиясының да салмағы артты. Оны біз Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ағартушылық мақсатта туған өлеңдерінен, Спандияр Көбеевтің «Үлгілі бала», «Үлгілі тәржімә» кітаптарындағы өлең, әңгіме, аудармаларынан, Сәбит Дөнентаевтың төл мысалдары мен сатиралық өлеңдерінен көреміз.

XX ғасыр басындағы түрлі бағыт өкілдері Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев дәстүрлерін берік ұстанды. Ыбырай өлеңдері мен әңгімелерінің ықпалы әрқайсысының шығармаларынан байқалды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. XX ғасыр басындағы кезең күрделілігіне назар аударыңыздар. Ғасыр басында да қазақ халқының болашағы үшін ең қажетті нәрсе оқу, өнер-білім болып саналды. Осы мәселелердің сол тұстағы қазақ балалар әдебиетінде

көрінуін дәлелдеңіздер.

2. XX ғасыр басында қазақ ақын-жазушыларын толғандырған мәселелерге бүгінгі заман талабы тұрғысынан көңіл аударыңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. XX ғасыр басындағы қазақ ақындары.- Алматы: Мектеп, 1982.
2. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1983.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. -Алматы: Мектеп, 1980.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2 кітап. – Павлодар: Арман, 2004.

2 тарау. Ш.ҚҰДАЙБЕРДИЕВ

Оқу-білім, өнер тақырыбындағы өлеңдері. Оқу-білім тақырыбындағы өлеңдеріне оның «Жастарға», «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым» өлеңдерін жатқызуға болады. «Жастарға» (1879) өлеңінде Шәкәрім халықты бақытқа, жақсы өмірге жеткізудің бірден-бір жолы - ғылым мен өнерде, мәдениет пен еңбекте, адалдық пен әділдікте деген ой айтады және қазақ жастарын соған үндейді. Абайдың «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдерімен мазмұндас бұл өлең халық ақылшысы, ұлы ұстаз Абай есімімен шебер өрнектелген. Шәкәрім: «Абайдың қадірін жете түсінейік, әйтпегенде сөзімізді ұғар жан жоқ екен деп бізден де үмітін үзер» - дейді.

Әкесінен жеті жасында айрылған Шәкәрімді атасы Құнанбай жетімдігін сезінбесін деген оймен бетінен қақпай еркебұла ғып өсірсе керек. Жүйрік ат мініп, құмай тазы

ертіп, қыран бүркіт ұстаған Шәкәрім жастық шағының біраз жылын сауық-сайран, саятшылықпен өткізген екен. Оны жөнге келтіріп, ақылға салған сол кездің өзінде ел ақылшысы болып танылған дана-данышпан Абай болатын. Абайдың данышпандығын алғашқылардың бірі болып Шәкәрім «Жастарға» өлеңінде мойындайды:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалық,
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,
Бір білімді данышпан жан табалық.

Өлең жастарға айтылатын тілек түрінде жазылған. Онда ол «ақылы дария, білімі көл-гөсір данышпанның алдына жүгінейік, біз сияқты ауыл жастарын қолынан түк келмейтін өңкей мылжың деп сөгіп кетпесін, жаздық-жаңылдық, уақытымыздың көбін зая өткізіп алдық десек, мейірімі түсер, білімдінің батасын алайық, білмекке құштар көңілімізді байқап, еңбегім жанатын болды деп бір қуансын» дейді.

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,
Әр түрлі асылы көп өтпей жатқан.
Тегін білсең аласың, бос береді.
Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан.

- деген шумақтарда Шәкәрімнің Абайды ақысыз-пұлсыз ақыл сатқан «саудагер» бейнесінде беруі өте сәтті, нанымды шыққан. Осыншама қымбат дүниені тегін беру - жанашыр, қамқор адамның ғана қолынан келеді деген ой қылаң береді.

Шәкәрім Абайдың әділдігіне риза, турашылдығына тәнті, ұлылығына бас иеді. Сөйтсе де, «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» дегендей Абайдың қатты айтқан сөздерін көңіліне ауыр алған сәті де болса керек.

Сөзбен де, өлеңмен де сабақ беріп,

Алсын деп керектісін өзі теріп,
Шиканымды езгендей шықты жаным,
Айтқанда естігендер ұғып келіп.
Шүү дегенде бұл сөзі жанға батты.
Бұрын ондай көргем жоқ жаманатты,
Қайырусыз, қағусыз өскен басым,
Бұлқындым шу асаудай мойны қатты.
Жаны ашып, жақсы соқпақ тазалапты,
Жігерленсін, білсін деп табалапты.
Жоба көрмей, жүгенсіз кетпесін деп,
Қатты сөзбен қайырып қамалапты.

- дей келіп, Абайды шын жанашырым деп ұғады.

Шәкәрімнің «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым» деген өлеңі(1912) элегия сарынында жазылған. Естінің сөзін ұқпас ортада өз жалғыздығын сезінуден, торығудан, Абайды сағынудан туған өлең. Өлеңнен Абайға мұңын шағып, шерін тарқатып тұрған Шәкәрімді көргендей боласың.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ш.Құдайбердиевтің азаматтық және табиғат лирикасына жататын өлеңдерін анықтаңыздар. Әлеуметтік сыншылдық, гуманистік сипаттарын аңғарыңыздар.
2. Шәкәрім өлеңдерінің Абай шығармаларымен үндестігі мен жалғастығына назар аударыңыздар.
3. Ш.Құдайбердиевтің «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым» өлеңін Махамбеттің элегиялық сарындағы жырларымен салыстырыңыздар.
4. Шәкәрімнің Абай тақырыбындағы өлеңдерін жаттаңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Шәкәрім. Шығармалары. -Алматы: Жазушы, 1988.
2. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Өлеңдері мен поэмалары. - Алматы: Рауан, 1990.
3. Ш.Сәтбаева. Шәкәрім Құдайбердиев. -Алматы: Білім, 1991.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2- кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

3 тарау. С.ТОРАЙҒЫРОВ

Өнер-білім тақырыбындағы өлеңдері. С.Торайғыров күрделі кезеңде өмір сүрді. Кезең оқиғалар ақынның дүниетаным көзқарасына, шығармаларының тақырыптық мазмұны мен түрін, жанрына әсер етті. Іргелі оқу орнынан білім алу және халқының қызметіне жарайтын азамат болу - оның ынта-тілегіне айналды. «Оқып жүрген жастарға» (1912) өлеңі анау, тілек түрінде жазылған. Ыбырайдың «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңін еске салатын жолдар бар:

Басқалар жоғын тапқанда
Біздер қайтіп қаламыз.

Басқалар - мәдениеті, өнері озық елдер. 7-8 буын аралас өлең Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен буын өлшемі жағынан ғана ұқсас емес. Талапшылдыққа, тәуекелшілдікке қатысты ойды Сұлтанмахмұт өлеңінен де байқауға болады.

Тәуекелге бел бусақ
Көрдегіні аламыз.
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,
Қусақ бәрін шаламыз.

Өлеңде лирикалық кейіпкер әділетсіз жанның жүрекке салған жарасын айтады. Жастарды қулық, сұмдыққа қарсы

тізе қосуға шақырады.

Іс істейік бір болып,
Ашылмасын саламыз.

- деп ауызбірлікке, ынтымаққа үндейді. Абай, Ыбырайдың аталған өлеңдерінен бір ерекшелігі, бұнда саяси астар бар. Ақынның бодандық бұғауында отырған халқының шарасыз халін таныған, қабырғасы қайысқан қалпы төмендегі жолдардан байқалады:

Тепкісінде басқаның
Қор боп жүдеп барамыз.

«Балалық» сөзі ХХ ғасыр басындағы ақын-жазушылар шығармаларының көпшілігінде алаңсыз, уайымсыз тірлік кешкен халықтың бейкамдығын білдіретін тұспал сөз ретінде ұғынылған. Осы ретте С.Дөнентаевтың 1915 жылы жазылған «Балалық» деген өлеңі еске түседі. Қазақ жұртының ойсыздығы оның балалығы ретінде тұспалданатын өлеңнің 4 шумағында автор балаға тән мінез-құлық қасиеттерінің бірсыпырасын, атап айтсақ, алдағанға сену («Алдау үшін көз жұмғанды «өлді» деп», «Уансын деп ұсынғанды «берді» деп», «Ел қыдыртам, мінгіземін тайға» деп, «Қаймақ пенен тойғызамын майға» деп), соның салдарынан қолындағысынан айрылу («Алдағанның бірін ұқпай айла деп, Қолдағысын бәрін берген балалық»), затты сыртқы сипатына қарай бағалау («Иегіне шұлғау орап шәрпім деп», «Жылтыраса санын соғып «алтын» деп», ««Құбыжық» деп бөркін теріс кигенді»), өз мінін білмеу («Жығылғанын жұрттан көрген балалық») тәрізді сипаттарын баяндайды. Сұлтанмахмұт та өз кезегінде осы сөзге салмақ салады:

Ойынды енді азат қыл,
Қалсын былай балалық!

Балалықты қою деген сөз - ірі істерге бағыт түзеу деген

сөз. Демек, Абайдың кезінде айтқан «Ғалым болмай немене, балалықты қисаңыз» сөзі ХХ ғасыр басындағы ақын-жазушылар үшін басты қағида болмады деуге негіз жоқ. «Шәкірттерге» (1912) өлеңінде ақын заман жастарының сергелден тірлігін көрсету арқылы кезең шындығын береді. Өлең бір жағынан автобиографиялық сипатта көрінеді. Сұлтанмахмұт өмірін еске түсірсек, көп сәттерін өлеңде суреттелетін жастардың әр алуан адасқан тірлігін қайталайтындай әсер береді. 11 буынды өлеңнің де айтпағы - оқу-білім және ынтымақ-бірлік артықшылығы.

Оқыған жастарының арқасында

Көз ашты көрші жұрттың халықтары

- деп Абай, Ыбырай сүрлеуімен тіке тартады.

Немесе

Білеміз ынтымақсыз іс оңбайды,

Тартынып, шу-шулеткен кісі оңбайды.

Бізде бар аққу, шортан, шаян халқы,

Біздің іс бүйтуменен еш оңбайды.

- деп орыс мысалынан үлгі етер тұсты сәтті таңдайды. «Шығармын тірі болсам адам болып»(1913) өлеңінде ақын ай мен жұлдыз, күнді оқу, білім, өнер ұғымында қолданады. Ай мен күн, жұлдыздың да бірінен екіншісін артық етіп көрсету арқып Сұлтанмахмұт оқу-тоқудың түр-түрі болатынын, шамалы білім мен мол білім ара-жігі болатынын меңзейді.

Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,

Болмасам толған айдай балқып туған.

Надандықты лирикалық кейіпкер өліммен пара-пар санайды.

Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,

Жүргенше өмір сүріп надан болып.

Надан болмау - лирикалық кейіпкердің басты мақсаты.

Сондықтан «Тебем деп, тірі болсам надандықты, Серт етіп, өз-өіме еткен егес» - деп серт береді. Лирикалық кейіпкер уәдесі ақынның кейінгі жазышған өлеңдерінен де көрініс тапқан. Бұларда ақын серті жік-жікке бөлініп, таратылып айтылады. «Өмірімнің уәдесі»(1914) өлеңінде білім алу белгілі бір пәндерді игерумен ұғынылады.

Оллаһи, ант етемін алла атымен,
Орыс тілін білемін һәм хатымен,
История, география пәнді білмей,
Оллаһи, тірі болып жүрмеспін мен.

Бұларды игермеу - лирикалық кейіпкер үшін өліммен тең. Меже - отыз жас. Өмірінің тағы бір уәдесі - «ақын» деген атаққа ие болу. Ақындық мансап емес. Ақындық - жүрек қазынасын халқына тарату. Демек, қаһарманның тағы бір уәдесі - жүрек қазынасын халқының пайдасына жарату. «Шәкірт ойы»(1917) өлеңінде лирикалық кейіпкер мақсаты нақтылық сипатқа ауысады. Сөзі ширақ, үні нық. Бұл жолы «Бұл сөзім асып айтқан асылық емес» деп («Шығармын тірі болсам адам болып» өлеңіндегідей) деп күмілжімейді, ақталмайды.

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам?

Келесі шумағы «Еңбек түбі - бейнет, бейнет түбі - зейнет» дегенді дәлелдеуге бағытталған. Бұнда бұрынғы ай да, жұлдыз да жоқ. Күн ғана бар. Күн жалқы «білім» ұғымында ғана емес, халық үшін жалпы «жақсылық» ұғымында.

Қыздырып күннің қарауы,
Надандық теңізі тартылар,
Орны отайып, көгерер

Қызығын жайлап ел көрер.

Лирикалық қаһарманның мақсаты айқын. Бұрынғы уәдесіне берік. Ендігі шешімінен де ешкім(Қаһарман Рүстем, Әли де, сыланған жар да...) айныта алмақ емес.

Мысалдары. Сұлтанмахмұттың «Арыстан мен тышқан» аудармасы(1912) мен Спандиярдың осы аттас мысалы арасында айырмашылық бірден байқалады. Бір тышқан айдалада ұйықтап жатқан арыстанның үстіне ойнақ салады. Бас жағына барған кезде арыстан тышқанды ұстап алады. Тышқан «босат!» - деп жалынады. «Менен де бір жақсылық көрерсің!» - дейді.

Арыстан күліп айтты: «Сорлы тышқан!
Не жақсылық қайтады сен байғұстан?
Дүниеде саған қалған күнім кұрсын,
Күшің кем жудырықтай шымшық кұстан»

Ақыр соңында «көңіл көтеріп, күлдіргенің үшін босатайын!» - деп тышқанды қоя береді. Арыстан бір күні торға түседі.

Даусын танып баяғы тышқан келіп,
Кұтқарды торды қиып, тістеп үзіп.

Мысал осылай аяқталады. Мұнда қорытынды жасалмайды. Қорытынды жасау оқырман үлесіне қалдырылады. Ә.Бөкейхан аудармасында оқиғаны қара сөзбен баяндап беру бар. Ал С.Көбеевтің «Арыстан мен тышқан» мысалы

Мінеке, сізге ғибрат болсын бұл да,
Жаратты жанға не қып бізді құда.

- деген жолдармен түйінделеді. Әрі тышқан кезінде өзін келемеж қылған арыстанды сөгеді.

Ғ.Тоқайдан аударған «Екі тышқан» мысалында да(1912) ынтымақ, бірлік мәселесі көтеріледі. Екі тышқан даладан тауып алған майды бөлісе алмай жанжалдасады.

Төреші болған маймыл майды жоқ қылады. Алғашқы мысалдан бір өзгешелігі, бұнда қорытынды түйін бар:

Сорлының жанжалдасқан мйы қайда:
Бермейді ешбір уақыт жанжал пайда.
Өзара қосылмаса ынтымағың,
Жем болдың көрінгенге әрбір жайда.

«Көк өгіз» (1912) мысалында табынын тастап, жылқыларға қосылған өгіз жайы баяндалады. Ордалы қасқыр қамаған кезде жылқы үркіп қашады. Қасқырдың ортасында қалған өгізді өзге сиырлар құтқарады.

Әпендім, ой жіберсең бұл бір ақыл,
Бұрынғы кәриелерден қалған ақыл,
Жынысы басқа жылқылар тастап кетіп,
Бәледен өз жынысы құтқарды ақыр.

Автор нақты оқушысынан мысал астарына үңілуді сұрайды. Ақынның бір шумақтан тұратын «Мысал» атты өлеңі бар. Жанр өзгешелігін Сұлтанмахмұттың «Мысалы» әбден айғақтайды.

Бір жерде бір бас қосқан жиын, топыр,
Ішінде бір бишара көзі соқыр.
Алдар деп көзі бардың соңына ермей,
Жоқ болған жарға құлап байғұс соқыр.

Мысалда сюжет те бар, осы оқиғаның дамуы(соқырдың жиын, топыр арасында болуы), шарықтап шешілуі(көзі барға сенбегендіктен жарға құлауы) де бар. Мораль екінші бөлімде. Түйін жасаудың ешқандай қажеті жоқ. Қарап отырсақ, Сұлтанмахмұт мысалдарының барлығы бір ғана мәселеге, өзара ынтымақ, ауызбірлік мәселесіне арналған. Ақын мысалдары шағын көлемді. 11 буынға құрылған.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. С.Торайғыровтың өнер-білім тақырыбындағы

өлеңдеріне талдау жасаңыздар.

2. Ақын мысалдары ерекшеліктеріне тоқталыңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Д.Әбілов. Сұлтанмахмұт. Роман-трилогия. - Алматы: Жазушы, 1980.
2. С.Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. 1-2 кітап. - Алматы: Жазушы, 1987.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. -Алматы: Мектеп, 1980.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

4 тарау. С.ДӨНЕНТАЕВ

Өлеңдері. Ақынның Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде жазған өлеңдерінің көпшілігі «Уақ-түйек» жинағына(1915) енген. «Ұры мен баласы», «Қожа», «Ауырған арыстан», «Көзі тоймайтын ит», «Екі теке», «Балалықты сағыну», «Балалық» өлеңдері 1912-1918 жылдары жазылған. «Қоғамды ащы сынайтын астарға толы сатиралық және юморлық өлеңдерінің қайсысы да бала еркін қабылдайтын ойнақы өлеңдер. Бұл өлеңдерінде ақынның барынша қарапайым, жеңіл ырғақтар мен бунақтарға баратын себебі де - адам болашағы, халық келешегі - балаларға түсінікті болайын, солардың кәдесіне асайын деген ізгі ойдан туындап жатқан мақсат»(16,34).

«Ұры мен баласы» өлеңі сюжетке құрылған. Ұры алма ұрлауға баласын алып шығады. Бала ұрлық қылуға жан-тәнімен қарсы. «Не болды енді ісіміз біздің, әке? Тұр қазір мына арада біреу көріп» дейді бала әкесіне.

Қалтылдап өне бойы, дір-дір етіп,

Жалма-жан алма ағаштан түсе қалып,
Баладан сұрап жатыр келіп жетіп:
«Апырмау, о кім, балам, қашан көрді?
Қай жермен жүріп, қайда, қалай келді?»
Жас бала сол уқытта әкесіне:
«Ол бізді көріп тұрған құдай» деді.

11 буынды өлең өлшем жағынан Ыбырайдың өсиет өлеңдерін қайталап қоймайды, екі ақынның алланы хақ деп таныған көңілін де аңғартады.

Жүз жерден бала түгіл үлкен айтсын,
Хақ сөзге тауық етер жан қайда бар.

- деп өлең соңын түйіндеуі осы себепті;

С.Дөнентаев «Ауырған арыстан» мысалы арқылы «біреуге ор қазба, өзің түсерсін» дегенді аңғартқысы келген тәрізді. Дегенмен, түйін төмендегіше:

Алайда жіп тақпаймыз ешкімге дөп.
Сөз түртіп, шағыстырған қасекендер,
Түлкіге қалып жатыр күлкі де боп.

Өсекшілдіктің жақсылыққа апармайтынын қасқырдың басына түскен хал арқылы ақын жақсы аңғартқан.

С.Дөнентаевтың бала ұғымына жеңіл ойнақы өлеңдерінің бірі - «Көзі тоймайтын ит». С.Көбеевтің де сюжеті осыған ұқсас «Қомағай ит» атты мысалы бар. «Қомағай ит» атты мысалмен тақырыптас С.Дөнентаевтың «Көзі тоймаған ит» дейтін өлеңі бар. Бұл екі өлеңде де, негізінен, қанағатсыздық, дүниеқұмарлық сияқты адам бойындағы теріс мінездер сыналады. Өлеңде сүйек тістеп келе жатқан иттің көпірден өте беріп суға түскен өз суретін көргені, су ішіндегі иттің сүйекті тартып алмақ болып әуреленуі суреттеледі»(32,66).

Көпірге түсті бір ит сүйек тістеп,
Ойы бар көпірменен дария кешпек,

Көрінді су бетінде бұған бір ит,
Бұнда да бір сүйек бар бақса түстеп.

Ойнақылық өлең ұйқасында ғана («сүйек тістеп», «дария кешпек», «бұған бір ит», «бақса түстеп» т.б.) емес, сүйек тістеген иттің мінез-құлық, ой-тілек, әрекеттерінде де бар.

Судағы ит бұл бейбақтың көлеңкесі,
Білерлік көлеңкені болмады есі,
Толымды көрінген соң анау сүйек,
Ол иттен тартып алмақ бар дәмесі.

Суға «айбаттанып», «қайраттанып» ұмтылған иттің жайы не болары белгілі. Мысал тұжырымы:

Әрқайда «ашкөздінің» олжасы осы,
Байқасаң, іс түбіне көзің салып.

«Екі теке» мысалының сюжеті балаға жақын деуге болады. Көпірдегі екі текенің бір-біріне жол бермей, сүзісуі, ақыр соңында, екеуінің суға құлауымен тынады. Талас, ерегестің балалар арасында жиі болатынын ескерсек, оларға таныс құбылыс екендігін мойындаймыз.

Ерегістің нәтижесі осы да,
Таласқандар мұнан артық не тапты?...

Мысал түйіні ерегіс нәтижесіне құрылған. «Қожа» мысалында ақын Қожанасыр туралы әңгімелердің бірінің сюжетін пайдаланған. Көмген алтынына аспандағы бұлтты белгі еткен Қожа қылығын күлкі етеді.

Алайда, біздің жұртты араласаң
Табарсың Қожа сынды талай ерді.

- деген қорытынды жасайды.

Уай, заманым, балалық,
Әр ісің бір балалық,
Алды-артыма қарасам,
Кетіп қапсың тазарып.

- деп басталатын «Балалықты сағыну» өлеңі(1914) 7-8 буындық өлшеммен жазылғандығымен де бастапқы мысал өлеңдерден өзгеше. Ақын түсінігінде, балалық - «хан, төрені тең көрген», «асық, топай өңгерген», «анау-мынау ойда жоқ», «жан біткенді ел көрген» шақ. Ақын балалық шақтағы ойын әрекеттерін де бейнелейді. «Қарағым» деген сөзге гүл-гүл жайнап, шаттанған бала жүзі елес береді. Өлең арқылы әрбір жан өз балалық шағын еске түсірері анық және

Ойдан қырға шапсам да,
Қанша абырой, бақ тапсам да,
Мыңнан бірін көрмедім
Мерекенің сен көрген.

- деген ақын пікірімен келісері тағы шындық.

««Балалықты сағыну» - қарапайым лирикалық өлең де, «Балалық» - балалық шаққа күле қарай отырып, елдің бойындағы шалалықты сынау бағытындағы өлең. Өлең соңғы шумақта жалқылық(лирикалық кейіпкер балалығы) категориясынан жалпылық категориясына(халық балалығына) сәтті ұласады»(16,36).

Заман өтіп бара жатыр желдетіп,
Өзге халық өсіп жатыр ер жетіп,
Текке отырған көздің жасын көлдетіп,
Қашан кетер біздің елден балалық.

Әлеуметтік ой айтуға ауысқан ақын «Балалық» өлеңінде(1915) тағы да мысал өлеңдеріндегідей 11 буынды өлшемді қолданады.

«Көркемтай» әңгімесі(1924). «Прозалық шығармаларының ішінде идеалы-көркемдік жағынан елеулісі - «Көркемтай» әңгімесі. Бұл Сәбиттің 1916 жылы жазатын «Өгей ұл» атты сюжетті өлеңімен тақырыптас, үндес сияқты. Осы кезде жазылған(1924ж.) Мұхтар

Әуезовтың «Жетім» атты әңгімесімен де ұқсастығы жоқ емес. Бәрінде де жетім балалар дүниеқоңыз жауыз ағайындарының қорлығын көріп, аянышты тұрмысты басынан кешіп, ақыры өледі» - дейді Е.Исмаилов Сәбит Дөнентаевтың 1957 жылы жарық көрген кітабының алғысөзінде. «Өгей ұл» өлеңінің(1916) сюжеті төмендегідей: Бір байдың інісі өліп, келініне әмеңгерлік дәстүрмен некеленеді. Інісінен жалғыз ұл қалады. Бала ер жетеді. Бай жалшыны алыстан іздемейді. Жетім ұл күн-түн демей байға қызмет етеді, малын бағады. «Қыз айттырсын» деген сөзін шаруаның көптігін сылтау қылып бай елең қылмайды. Күндердің күнінде жас бала боранда қалады, суық тиіп аурулы болады. Содан оңалмайды. О дүниеге бет бұрған балаға бай кенеттен «жалаға қалмалық!» деп қыз айттырмақ болады. Біреумен құда болып балаға кеп естіртеді. Тілсіз қалған бала қолын сермейді.

Атқарылып қарыздан,
Мойнындағы парыздан,
Жағасы жайлау бай қалды.
Ырзалық деп қол сермеу,
Сол ма, жоқ па ол сермеу
Кім тексерсін жәй-халді?

«Көркемтай» әңгімесі Орынбор қаласында шығып тұрған «Жас қазақ» журналының №4, №5, №6 сандарында 1924 жылы басылған. Әңгіме аяғына «Жетім» деп қол қойылған. Әңгіме «Көркемтайдың шын аты - Көркемәлі, кішкене кезінде балалармен ойнағанда тілі келмеген балалар «Көркемтай» деуші еді. Шешесі де еркелетіп сүйгенде «Көкемайым-Көркемтайым» деп әдеттеніп, содан «Көркемтай» атанып кеткен» деп басталады. Автор әңгіме басынан-ақ Көркемтайдың ана махаббатына бөленіп өсіп келе жатқан жеткіншек екендігін байқатады. Жазушының

Көркемтай өмірінде болатын кейінгі келеңсіз жайттарды тағдырдың қатал соққысы ретінде сипаттайды. Көркемтай қайырымсыздық құрбаны. Әмеңгерлікпен Көркемтайдың шешесін әйелдікке алған Ысқақ - мейірімсіздік дәнін егуші басты адам. «Қасындағы ағайын көршілерінің балалары Көркемтайдың жақсы жүргендігін күндеп көре алмайтын. Көркемтай үйіне барса, Ысқақтың үйінің ішімен жабыла ұрсып әлденемелер айтып, баланың тауын шағып жіберетін:

- Сен, жалмауыз обыр, әкеңді жұтып, енді қарайған малыңды жұттың. Бүкіл бір үйдің малы сенің киімің мен тамағыңнан артылмайды. Шешең мен екеуің әкеңнің дүниесін құрттыңдар, - деп балағаттап, Көркемтайды жылатып жіберетін. Оны шешесі есіткенде, Ысқақтың үйімен ұрсып: - Менің жалғызымда нелерің бар! - деп, баласы үшін әлденеше рет таяқ жеп, басы жарылған күндер де болған».

Шеше шарасыздығы Көркемтай басында ауыртпалықтың болмай қоймайтындығын аңғартады. Ысқақтың тепкісінен көз ашпаған Көркемтай шешесінің өлімі бұл ауыртпалықтың келуін тездетеді. Күзгі ауылдың көңілсіз күйі шешесінен айрылғалы жылға жақындаған Көркемтай көңіл-күйімен ұштастырылады. Ысқақтың шешесі жататын кереуеттің аяқ жағында ескі көрпеге оранып, басын бүркеп, домаланып жатқан Көркемтай жатысы оның шешесі өлгеннен кейінгі сүреңсіз, сұрқай өмірін көрсетеді. Бір үйлі жанның ішіндегі қайырымдысы - Ысқақтың келіні Нағима. «Көркемтайдың Нағимаға бауыр басушылығының себебі Нағиманың өзі бір түрлі жұмсақ жүректі, жылы жүзді, кісіге жақындығы бар әйел еді. Біреудің зорлауымен Ысқақтың баласына тиген».

Бірақ Ысқақтардан қаймығатын жас келін Нағиманың жан жылуы Көркемтай үшін білте шамның жарығындай-ақ.

Көркемтай үйінің қораларын Ысқақтың бұзуы, тайынан үйреткен көк бестісін алып қоюы - жетім бала қайғысын қалыңдата түседі. Білте шамның соңғы жарығы Нағиманың Ысқақ үйінен кетуімен бірге өшеді. «Нағима кеткеннің артынан Көркемтайдың қайғысы бұрынғысының үстіне екі есе болып жамалды, бұрынғыдан да жаман хияли болды. Күн-түн демей беті ауған жаққа кетіп қалған күндері болды. Қыстың қақап тұрған аязды кештерінде талай рет ауыл адамдары далада қаңғып жүргеннен алып келіп үйіне қондырып жіберіп жүрді. Кейде жұмсақ көңілді біреулері Ысқақтың үйіне ұрысып тапсырып кетуші еді». Қайғы, бірінші жағынан, қысқы суық, екінші жағынан, Көркемтайды дертті етті. Көктемгі мамыр айының көркем күні тек Көркемтайға ғана қуаныш сыйламады. Дерт қысқан Көркемтай көк моланың бір бұрышында бүктүсіп жата берді. «Анадайдан өткір көзімен карап құйрығын қыймылдатып, аштық жылы аштан өліп қалған адамдардың етін жеп дәндеген байғұтандар отыр». Автор бұл жерде ашаршылық жылдардың қасіретті шындығын ашып отыр. Батқан күнмен бірге Көркемтайдың да демі үзіле берді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. С.Дөнентаев мысалдарының өзіндік ерекшеліктерін анықтаңыздар. А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, С.Торайғыров, С.Дөнентаев мысалдарын өзара салыстырыңыздар.
2. XX ғасыр басындағы өлең-жырлар мен әңгімелерден жетім балалар тағдырының көрініс табуы жөнінде әңгімеленіздер. Джек Лондонның «Жолдан тайған», М.Горькийдің «Жетімек», А.Серафимовичтің «Торғай түн» әңгімелерін оқыңыздар.
3. С.Дөнентаевтың «Көркемтай» әңгімесіне тақырыптық-идеялық тұлғада талдау

жасаңыздар. Қ.Кемеңгерұлының «Момынтай», «Жетім қыз» әңгімелерімен салыстырыңыздар. Бір тақырыпқа жазылған әңгімелердің үндестігі, басты айырмашылығы, автор шешімі туралы өз ойларыңызды, пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. С.Дөнентаев. Шығармалар. -Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957.
2. Қ. Кемеңгерұлы. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-2 том. - Алматы: Алаш, 2005.
3. А.С. Серафимович. Үш дос. – Алматы: Жалын. 1982.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. -Алматы: Мектеп, 1980.
5. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

5 тарау. С.КӨБЕЕВ

Шығармалары. С.Көбеев бүкіл саналы ғұмырын оқытушылыққа арнады. 1901 жылдан 1956 жылға дейін педагогтік қызметпен айналысты. Ұстазы Ы.Алтынсарин тәрізді педагогтік қызмет пен жазушылықты шебер ұштасыра білді. Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясы» үлгісімен жарық көрген «Үлгілі тәржіма» мен «Үлгілі бала» жинақтарындағы мысал өлеңдері мен әңгімелерінің қай-қайсысын болсын балаларға арналмады деп айта алмаймыз. «Үлгілі тәржімаға» Спандияр жасаған 44 аударма және автордың «Мекен» атты бір өлеңі кіреді. 44 мысалдың барлығы Крыловтан аударылмаған. Ақын «Үлгілі тәржімаға» Крыловтан 37 мысал аударып енгізілген. Қалған 7 мысал Ушинскийдің, Л.Толстойдың, Ыбырай

Алтынсариннің хрестоматияларында ұшырасады.

С.Көбеев мысалдары өлеңмен де, қарасөбен де жазылған. Олардың арасында идеялық, тақырыптық, тіпті сюжеттік тұрғыда бір-біріне ұқсас келетіндері де бар. Мәселен, ақынның өлең түріндегі «Арыстан мен тышқан» және қарасөзбен жазылған «Құмырсқа мен көгершін» мысалдарының сюжеттері ұқсас. Екеуінде де хайуанның мүшкіл халге түсуі бар және оған ойламаған жерден берілетін көмек бар. Ол көмек - бір кездегі жақсылықтың өтеуі.

«Арыстан мен тышқан» мысалында әлеуметтік астар айқын. Мұнда әлдінің әлсізді өзіне тең көрмеушілігі айтылады. Автор «нашарды күшті кісі көңіліне алмас, теңгеріп өз бойына асыл жүрмес» дейді. Арыстан «кезі келгенде көмек берем» деген тышқанды келеке қылады. Күндердің күнінде аңшы торына ілігіп, халі мүшкіл болады. Тісімен торды қиып, арыстанды босатқан тышқан былай дейді:

Бір ісім түсті менің мына сізге,
Еттіңіз аяушылық сіз де бізге.
Осыдан не жақсылық дегендей қылып,
Ақырын ішіңізден күлдіңіз де.
Мінекей, сізге ғибрат болсын бұл да,
Жаратты жанға не қып бізді құда.
Сұраймын бұдан былай ұмытпаңыз
Жақсылық болатынын тышқаннан да.

Тышқан өзін құдайдың тектен текке жаратпағанын ескертеді. Бұл жерде Алтынсарин ықпалы айқын сезіледі. Өйткені өлеңмен жазылған мысалдарының көпшілігінде ақын құдайды ауызға жиі алады. Тышқанды қоя бергеннен кейін автор «Бұл дүние бірде олай, бірде бұлай, жаратқан ризық беріп жанды құдай» дейді.

«Құмырсқа мен көгершін» мысалында болғанды баяндау ғана бар. Суда ағып бара жатқан құмырсқаны көгершін құтқарса, кейіннен сол құмырсқа көгершінді аңшының ауынан құтқарады. Мысал сюжеті жасы кіші балаға түсінікті. Жазушы қорытынды жасауды баланың өзіне қалдырады. Табиғаттағы тірлік суреттеледі. Түйіні - «тіршілік көзі - өзара көмек».

«Ат пен есек» мысалында жүгі ауыр есекке ат жәрдем етпейді. Иесі жолда зорығып өлген есектің барлық жүгін оның терісімен қоса аттың үстіне артады. Ат өз қателігін кеш түсінеді. Сөйтіп, автор қайырымсыздықтың соңы неге апаратынын көрсетеді.

Абай «отыз сегізінші» сөзінде күллі адам балсын қор қылатын үш нәрсенің бастапқысын надандық, екіншісін еріншектік, үшіншісін залымдық дегенді айтқан болатын. С.Көбеевтің «Маймыл мен көзілдірік» мысалында көздің емі көзілдірік дегенге бес-алтауын бір-ақ сатып алған маймыл оларын қалай жаратарын білмей басы қатады. Соңында тасқа атып құлпаршасын шығарады.

Наданға айтқан сөзің текке кетер
Дос болсаң, ықылассыз қызмет етер
Бір істі пайдасы үшін паш етсеңіз,
Ықылас көңіліңіз болар бекер.

«Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады». Мысалдағы маймыл білімінің жоқтығынан күлкі болады.

Надандық мәселесін «Есек пен сандуғаш» мысалында жалғастырады. Бұл жолы ақын надандықтың жазылмас дертке тең екендігін ұғындырады, надан адамнан сақтандырады:

Наданға еткен қызмет кетер текке,

Жақсылығың болса сақтан, ондайға етпе.

Сандуғашқа ән айтуды әтештен үйрен деп ақыл айтқан есекті ақын «Білімді жетіп мақтауы сол, надан күшік» деп жазғырады. Білімсіз жан объективті баға беруге дәрменсіз. С.Көбеевтің мақалмен түйінделетін аударма мысалының бірі - «Асыл шөп». Жігіттер, сабыр етсең, әрбір іске Болса да жақсы-жаман ерте-кеште, «Сары алтын - сабыр түбі» деген бір сөз, Бұрынғыдан қалған мақал рас емес пе? Жалпы С.Көбеев өлеңдерінде түйін, яғни автор қорытындысы үнемі ұсынылып отырады.

Қадиша Зылиқадан емес мықты,
Сабырлы төзуменен не боп шықты,
Сондай-ақ аш-арыққа төзім керек,
Сөзімді надан босқа жіберіп, жақсы ұқты.

Алтынсарин әңгімесіндегі Зылиха мен Бәтима төбелеріне бір-бір жәшік көтерген қыз балалар болса, өлеңдегі Зылиха мен Бәтима екі қап арқалаған бірі - жас, екіншісі -моқалдау тартқан әйел. Екі шығармада да «сабыр» атты шөптің екіншісінің қолына түспейтіндігіне қауіп айтылады.

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсеқызар, жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін
Алты бақан ала ауыз.

- деп Абай бес түрлі қадірсіз қасиетті айтқан болса, сабырсыздық, шыдамсыздықтың қауіпті екендігін С.Көбеев растай түскен. Ал көрсеқызарлық Спандиярда өз шамасын білмеушілік, өз күшін артық бағалаушылық, өзін артық бағалау, өзіне ешкімді теңгермеушілік тұрғысында көрінеді. «Қарға» мысалы бұған дәлел. Ақын өлеңдерінің көпшілігінде адам бойындағы бірнеше кесірлікке тұспал жасалады, солардан арылту мақсатында уағыз айтылады.

«Қарға» мысалында бірде

Жақсыдан ғибрат ал жай жүргенше,
Істеген ісін істеп шамаң келсе.

- дейді де, «Көңіліңді бұзықтыққа бір де бұрма» деп жалғастырады. Ары қарай «Жауыздық залымынан өнеге алма, Қалып боп, жуса кетпес өле-өлгенше» дегенді тағы қосады. Кіріспе сөз сюжетке жасалатын түйін ретінде ұсынылады. Өйткені, содан кейін барып мысал оқиғасы баяндалады. Қарға қозыны әкеткен бүркітті көреді де, қошқарға ұмтылады. «Құс жаманы қарға түгіл, қасқыр-дағы, шамасы кеп әкете алмас ондай малды» деп автор қой жүнінен аяғын шығара алмаған қарғаны бір мұқатып өтеді. Оның масқарасын шығарған тағы бір жағдайды баяндайды:

Қойшылар қанат-құйрығын бірдей жұлып,
Беріпті ойнандар деп балаларға.

Өтірік залалын түсіндіру С.Көбеев үшін басты мәселе болып табылады. «Өтірікші» мысалы төмендегіше басталады:

Пайдасы өтіріктің екі дүнияда
Болмайды деп бірнеше рет айттым молда.
Мен-дағы көргенімді тәржіме еттім,
Үлгі алар ғибратынан құрбыларға.

Осы кіріспе сөзден кейін барып оқиға баяндалады. Қойшы бала «қойға қасқыр тиді» деп ауыл адамдарын дүрліктіреді. Қолдарына айыр, кетпен, балта ұстап бәрі қойға жүгіріседі. Бұл жерде тағы да мазақ қылушы, келеке етуші бейнесі бар.

Шек-сілесі қатып Исін күліп жатыр,
Мәз болып жарым шіркін алдағанға.
Әрине, қылжақбастың жазасы дайын:
Алладан тағдыр уақыт жеткеннен соң
Қойға кеп екі қасқыр тиді шынымен.

Осы жолы Исіннің сөзіне ешкім сенбейді. Көмекке келген жан болмаған соң қойының көбін қасқыр қырып кетеді. Автор қойшы балаға аяушылық танытпайды. Қайта «Жылады кешке дейін иттей ұлып» деп жазғырады.

С.Көбеев көпшілік мысалдарын Кішікүм ауылында мұғалім болып істеген кезінде аударған. Белгілі бір мысалдың аударылуына себеп болған жағдайлар да болған. Соның бірі -«Көлбақа мен юпитер» мысалы. 1901 жылы ақын Ырғыз уезіндегі Толағай болысына қарайтын Кішікүм дейтін жерге мұғалім болып барады. Он төрт шаршы метр шамасындай жер үйді мектеп етіп береді. Төбесіндегі жалғыз терезесінің көзі қарын, пеші жоқ, жер едені тегістелмеген, есігі орнатылмаған үй. «Жығылғанға жұдырық» дегендей осы үйге Ыбырай бай арық-тұрақ төлдерді енгізеді. Осы жағдайға байланысты Крыловтың «Көлбақа» мысалын аударарды. Көлді тастап тауға шыққан бақа сусыз өлімші халге жетеді. Тау басын топан су басса екен деп тілейді. Юпитер көлбақаның ақылсыздығын сөгеді: «Одан да таудан түсіп аяндасаң, Батпаққа болды уақыт сенің жетер».

1912 жылы «Үлгілі бала» жинағы жарық көреді. «Үлгілі бала» «Мектепке шақыру» өлеңімен ашылады.

Балалар, жиналыңыз мектепке ерте,
Мәз болмай деген сөзге, мырза ерке,
Бұл кезде өнерлі адам өрге шықты,
Зат емес, надан кісі алар текке.
Ертеңгі шақыруымен әтеш құстың,
Халықтар кетіп жатыр егіндікке.
Күн шығып, терезеге сәуле түсті,
Тұрыңыз, жарамас тек уақыт өтсе,

Ал, С.Көбеевтің 1988 жылы «Жалын» баспасынан «Орындалған арман» деген атпен жарық көрген кітабында

мысал саны 37 деп берілген. Осылардың арасында мысал есебінде ұсынылған «Жетімнің өлеңі» «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты хрестоматияда(1983) «Үлгілі бала» кітабынан алынған етіп көрсетілген. Академик С.Қирабаев С.Көбеевтің ««Үлгілі балаға» енген бірқатар төл шығармаларын жетім-жесірлердің аянышты тұрмысын көрсететін өлеңдер мен әңгімелер деп сипаттайды.

«Осындай қысқа жазылған өнегелі әңгімелермен қатар «Үлгілі бала» кітабында панасыз қалған балалардың өмірін өте қайғылы халде сыпаттайтын екі өлең бар. Оның бірі «Жетімнің өлеңі», екіншісі «Жетім» деп аталады»(34,127). Сонымен, С.Көбеевтің төл туындысы - «Жетімнің өлеңі». 5 шумақтан тұратын 11 буынды өлең. Өлең кара өлең ұйқасына құрылған.

Бетіңмен іс істеуге ақылың кем,
Бой өсіп, жас жетпеген, білмейсің жөн.
Мал-басың ағайынның талауында,
Алдамшы осы емес пе дүние деген,
Көзіңнен жас ағады қан аралас.

Өлеңде жыраулар поэзиясының әсері бар. Риторикалық сұрақ заман келбетін ашады, мейірім іздеген жас баланың ішкі дүниесінен хабар береді.

Шөлдесең сусын болар көлдер қайда?
Қарын ашса тамақ болар жерлер қайда,
Қаңғырып, жүдеп-жадап жүргенінде,
Сипайтын маңдайыңнан ерлер қайда?

XX ғасырдың 20-жылдарында бұл тақырып М.Әуезовтің «Жетім», С.Дөнентаевтың «Көркемтай» әңгімелерінен көрініс тапты.

Ақынның кара сөзбен жазылған әңгімесі 24 шақты. С.Көбеевтің «Екі соқа» кітабында(1990) төл әңгімелері ретінде 7 әңгімесі берілген. Олар - «Қайырымды бала»,

«Түскі тамақ пен кешкі тамақ», «Атасы мен немересі», «Балалар мен мұғалім», «Өсиет», «Құстың ұясы», «Шал мен балалар».

Қайырымсыздыққа - қайырымдылық, аяушылық, адамшылық, боссөзділікке - еңбек, сенімсіздікке - сенімділік қарсы қойылады. Өз мінін білмеушілік, айлакерлік, қолдағыны місе тұтпаушылық, тойымсыздық, сатқындық, арамдық, мақтанқұмарлық сыналады. Оқу-білімнің артықшылығы, өз ісін жетік білушілік, сөзге тоқтаушылық дәріптеледі.

С.Көбеевтің өлеңмен жазған мысалдарынан қара сөзбен жазғандарының бір ерекшелігі, бұларда бірлік, ынтымақтық тақырыбынан өзгелері қайталанбайды. С.Көбеевтің «Жарлы мен бай», «Қайырымды бала», «Атасы мен немересі», «Құстың ұясы» мысалдары қайырымдылықтың үлгісін көрсетеді. Бір кезде өзін таспен атып қуған, кейін кіріптарлыққа түскен байға кедей аяушылық білдіреді. «Бекер-ақ бұл тасты сақтап жүрген екем, бұл кісі бұрын бай кезінде одан қорқушы едім, енді бұл қалпында аяймын». Әкесі берген ақшаны қайыршы шалға сыйлаған бала («Қайырымды бала»), атасына жаны ашып әке-шешесін жөнге салмақ болған немере («Атасы мен немересі»), әке сөзінен соң құстың балапанына аяушылық сезімдері оянған балалар («Құстың ұясы») бейнелері бар.

Ең өзекті тақырып - еңбек. «Екі соқа» әңгімесінде күні бойы еңбек еткен соқа еңбексіз, бос жатқан соқаға «Егер сен де жұмыс қылып михнаттансаң, мендей жарқырап тұрар едің» дейді. Тот басқан соқа жалқаулығынан зардап шегеді. Балаға «Жалқаулық адамды аздырады» деген ой ұсынылады. «Түскі тамақ пен кешкі тамақ», «Өсиет» әңгімелері астың дәмді болуы еңбекке байланысты екендігін білдіреді. «Сен жұмысқа ерте шық, сонда сен

біреуге жалынбайсың, саған біреу жалынады, жұмыстан кеш қайт, сонда ішкен тамағың тәтті көрінеді, әм бай боласың» («Өсиет»).

Еңбектен кейінгі маңызды тақырып - оқу мәселесі. Еңбек еткен адам сияқты оқу білген адам да ұтады. «Егер оқи білмесеңдер, кітап сендерге неге керек, бұл кітапты мен алайын, қай бұрын оқи білгеніңе берермін» дейді мұғалім балаларға. Демек, «Балалар мен мұғалім» әңгімесінде оқу да, оқу көзі - кітап та қастерлі.

«Аз сөз - алтын, көп сөз - көмір» мақалын «Сауысқан мен қарға» мысалы дәлелдейді. «Көп сөйлеген кісінің сөзінің жартысы өтірік болады» деген қарғаның мерейі, әрине, шықылықтаған сауысқаннан үстем. «Қоян мен көлбақалар» мысалындағы «Менен де қорқатын жәндіктер бар екен, бекер өлмейін» деген қоян шешімі әр жәндіктің бекер жаралмағандығын аңғартады. Өз тұлғасына, іс-әрекетіне, мінез-қасиетіне сенімсіздік құптарлық емес. Құптарлығы - тәубаға келушілік.

Үлкенді құрмет тұту қажеттігі «Шал мен балалар» әңгімесінде еске түсіріледі. Сөзге тоқтау да - басты қасиет. Өзін келемеж қылған балаларға мысқыл сөзбен жауап қайырған шал да, өз қателіктерін түсініп ұялыс тапқан балалар да белгілі бір тұжырым жасауға жетелейді.

Жануарлардың, аңдардың бір-бірімен өзара айтысы - көне заман шығармаларынан, халық ертегі-аңыздарынан келе жатқан үрдіс. Әр заттың өз орны, өз қасиеті бар. Әрқайсысы өз орнында жақсы. «Айтыс» әңгімесінен көрінетін аталмыш ой «Қаз» деп аталатын мысалдан да қылаң береді. Мақтаншақ қазға әтеш былай дейді: «Бекер сен мақтанасың, сен аттай жүгіре алмайсың, балықтай жүзе алмайсың, бүркіттей ұша алмайсың: әр істің басын шатып, жаман білгенше, бір істі тәуір білген жақсы емес пе?».

Дүниеде өз мінін білмеушілік жаман. «Қасқыр мен қойшылар» мысалында «Жазығым қоңырлығым ба?» деген қасқырға қойшылар «Сенің жазығың жүніңнің қоңырлығы емес, қой жегенің үшін ұрамыз» деп жауап береді. Ал «Құйрықсыз түлкі» мысалында, керісінше, өз мінін жасырмақшы болған түлкі әшкереленеді. «Бәріміз бұдан былай құйрықсыз жүрейік» деген ұсынысына басқалары тойтарыс береді. - Егер құйрығың бүтін бүтін болса, сен бұлай айтпас едің?

«Арыстан, есек және түлкі», «Түлкі мен қырғауыл» мысалдары зорлыққа да амал, айлаға да айла бар екендігін көрсетеді. Олжаны қомағай арыстан ренжімейтіндей етіп бөлген түлкі бұл харакетімен өз басын арашалайды. Екінші мысалда түлкі қырғауылға «жұрттың бәрі бір-бірімен дос болатын көрінеді» - дейді. Дей тұра, жақындап қалған ит туралы ести сала қашады.

«Өз үйірін сатқан орынсыз қалар» деген мақал - «Көгершін мен этеш» мысалының түйіні. Істің мәнін түсінбеушілік, ақымақтық «Қасқыр мен кемпір» мысалында сыналады. Кемпірдің немересін «қасқырға беремін» дегеніне сенген қасқыр ойы, расымен, күлкі туғызады.

Қашан да мақтанқұмарлық іске зиянын тигізеді. «Қарға мен көлбақа» мысалында қарға көлбақаның өзін мақтағанына масаттанып есіреді. Сөйтіп, аузындағысынан айрылады. Мақтаншақтық пен даңғазалық екеуі - егіз. Мәселен, «Кедей мен қоян» мысалындағы кедей де қолындағысынан айрылып қалады. «Мына қоянды ұстап алып, базарға апарып сатып аламын. Тауықтарды өсіріп сатып, алған ақшама қой сатып аламын. Қойым қоздап өскен соң, ат сатып аламын. Бұдан кейін қызметкер жалдап «ей, жалқау, жалқауланбай жүр» деймін» - деген кезде қатты айқайлап жіберіп, қоян оянып, қашып ағашқа кірді».

С.Көбеевтің кез келген туындысынан оның ағартушылықты мақсат тұтқан ниетін айқын аңғаруға болады. Жазушының балаларға арнаған мысал өлеңдері мен әңгімелерінің басты нысанасы осы мақсатпен тығыз байланысты. Қаламгердің бала психологиясын жете меңгергендігін аудармалары да, төл туындылары да танытады. Ыбырай мектебінде оқыған, оның хрестоматиясы үлгісімен еңбек жазған, қысқасы, қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымының жолын қуған С.Көбеевті балалар әдебиетінің анық қамқоршысы демеске еш негіз жоқ. Ильминскийге арналған бір хатында(1876, 3 желтоқсан) «Хрестоматияға мысалдарды (басни)енгізгім келмейді» деп жазған Ы.Алтынсарин шығармашылығынан С.Көбеев еңбегінің ерекшелігі сол, ол - қазақ балалар әдебиетіне мысал жанрын саналы түрде енгізді, мысалдарды өлеңмен де, қарасөзбен де аударды, бала ұғымына лайықтап жазды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. С.Көбеев өмірінің басты кезеңдерін «Орындалған арман» романы негізінде баяндаңыздар. С.Көбеев өмірі мен қызметінің Ы.Алтынсарин шығармашылық өмірбаянына ұқсастығын дәлелдеңіздер.
2. С.Көбеев мысалдарының ерекшеліктеріне тоқталыңыздар.
3. С.Торайғыровтың, С.Дөнентаевтың, С.Көбеевтің балаларға арналған шығармаларындағы дара және ортақ стильдік белгілерді айқындаңыздар

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. С.Көбеев. Орындалған арман. - Алматы: Жазушы, 1988.
2. С.Көбеев. Таңдамалы шығармалары. –Алматы: Қазақ университеті, 2006.

3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. – Алматы: Мектеп, 1980.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2- кітап. – Павлодар: Арман, 2004.

6 тарау. А.БАЙТҰРСЫНОВ

«Қырық мысал» кітабы(1909). Ақын халықты ояту, сана-сезіміне әсер ету жолдарын іздеді. Әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен И.А.Крылов туындыларын аударды. «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарады. А.Байтұрсынов мысалдарында қазақ тұрмысына жақын суреттер бар. Патша отаршыларының зорлық-зомбылығына байланысты сарындарды жұмбақтап жеткізеді. Заман тынысын танытатын ойлар айтады. Сондықтан А.Байтұрсынов аударма мысалдарында еркіндік басым.

А.Байтұрсынов мысалдарының барлығы дерлік қорытынды түйінмен аяқталады. Мақал-мәтелмен түйінделетін түрлері де («Шымшық пен көгершін», «Өгіз бен бақа», «Қасқыр мен мысық» т.б.) кездеседі. Байтұрсынов мысалдары нақты адамға («Жігіттер, сақтаныңыз надан достан», «Қазағым, сал құлағың нақылыма» т.б.) арналады. Көбінесе қаратпа сөз жасырын тұрады. Кейде бірінші жақтан қауіп айтылады.

Жұрт едік аңқау өскен қазақ болып,
Далада, кең сахарада көшіп-қонып.
Алдаған залымдардың тіліне еріп,
Жүрмесек болар еді мазақ болып
(«Қарға мен түлкі»).

Абайдың Крыловтың «Қарға мен түлкісін» екі нұсқада аударғаны белгілі. Байтұрсынов аудармасы 12 шумақтан

тұрады. Соның 6 шумағы түлкінің қарғаны мақтауына арналған. Байтұрсынов

Қарасақ, көп адамдар түлкі боп жүр,
Залымдық өтірік пен мүлкі боп жүр.
Солардың сұмдығына түсінбеген
Қарғадай жұртқа мазақ, күлкі боп жүр.

- деп заман шындығынан хабар беріп барып жоғарыдағы қаупін білдіреді. Көпшілік мысалдарда («Қасқыр мен қозы», «Қартайған арыстан», «Маймыл мен көзілдірік», «Шал мен ажал» т.б.) автор өз ойын қоса қабат беріп отырады.

Мысалы,

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын: оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Беріден артық дейміз оның несі?!

(«Қасқыр мен қозы»)

Кейбір мысалдардан («Қайырымды түлкі», «Шал мен жұмыскер», «Бұлбұл мен есек» т.б.) құдайдан, алладан жәрдем тілейтін сипаттар байқалады. «Асылды жасық пенен танымайтын Сынынан сақта, алла, надандардың» («Бұлбұл мен есек»); «Пана боп, өзін сақта, құдіретім, Кімде-кім балапандай қалса жетім» («Қайырымды түлкі»); «Құдайым, жолдас қылма жамандарға, Көзі тар, көңілі соқыр надандарға» («Шал мен жұмыскер»).

И.А.Қрыловтың «Дуб и трость» мысалын Абай «Емен мен шілік», Ә.Бөкейханов «Ағаш пен қамыс», А.Байтұрсынов «Емен мен қамыс» атауларымен аударды. Мысалдарда желге қарсы қарысқан ағаш(емен) шорт сынады да, олай-былай қисайып, майысқан шілік(қамыс) аман қалады.

Майысқаннан шіліктің несі кетті,
Батыр, мақтан көйлеме сен де о ғұрлы.

- деп түйіндейді Абай мысал соңын. Ал «қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген» А.Байтұрсынов «Емен мен қамыс» мысалын

Күштінің ыңғайымен жүргендерді
Ойлама істейді деп жамандықтан.
Болмаса қайратыңа ебің серік,
Опа жоқ құр хайласыз мықтылықтан

- деп қорытындылайды. Демек, «Ахаң аудармаларының түпкі қозғаушы тетігі де ұйқыдағы ұлтты оятатын ұран сөздің ұрымтал түрін іздеу»(9, 58).

«Маса» (1911) кітабы. Орынборда басылған бұл кітапта бұрынғы астарлы ойлары ашық айтылады. Басты сарыны - ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы. Бірталай өлеңге өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер арқау болған. Бірталай өлеңі бостандық жолындағы қайратты ерлер тұлғасын мүсіндейді.

А.Байтұрсыновтың орысшадан аударған «Оқуға шақыру» өлеңі С.Көбеевтің «Мектепке шақыру» өлеңімен үндес.

Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.
(А.Байтұрсынов)

Балалар, жиналыңыз мектепке ерте,
Мәз болмай деген сөзге, мырза ерке,
Бұл кезде өнерлі адам өрге шықты,
Зат емес, надан кісі алар текке.
(С.Көбеев)

Ыбырайдың «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінен үзінді келтірейік. «Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң өзіне азық етуде.

Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшағын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ». «Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ» деген ойдың А.Байтұрсынов пен С.Көбеев өлеңдерінде берілуін байқайық:

Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да;
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,
Барады аралар да ұшып балға.

(А.Байтұрсынов)

Ертеңгі шақыруымен әтеш құстың,
Халықтар кетіп жатыр егіндікке.
Күн шығып, терезеге сәуле түсті,
Тұрыңыз, жарамас тек уақыт өтсе, -

(С.Көбеев)

Өлең шумақтары қыбырлаған тірлік иелерінің әрекеттерін суреттеуге құрылған. Соңғы «Аллалап», ал кітапты қолдарына! Құлдарын құдай сүймес жалқау болған» деген екі жол тағы да Ыбырай әңгімесінің «сені де құдайтағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстауға әдеттенуге керек» деген қорытындысымен үндес. Бұл тұста Ыбырайдың «Бір құдайға сиынып, кел, балалар, оқылық!» деп басталатын әйгілі өлеңін де еске түсірген жөн.

«Қырық мысал», «Маса» жинақтары қазақ балалар әдебиетін жаңа тақырыппен, идеямен байытты. Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. А.Байтұрсынов өмір сүрген дәуірдегі тарихи жағдайды баяндаңыздар. Ақынның қазақ балалар әдебиетіндегі

орнына нақты деректерге назар аудара отырып баға беріңіздер.

2. И.А.Крылов мысалдарын қазақшаға аударған ақын-жазушылар. А.Байтұрсынов мысалдары ерекшеліктеріне тоқталыңыздар. А.Байтұрсынов, С.Дөнентаев, С.Көбеев мысалдарын өзара салыстырыңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. А.Байтұрсынов. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991.
2. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2- кітап. – Павлодар: Арман, 2004.

8 тарау. М.ДУЛАТОВ

«Қирағат» кітабы(1924). Кітапқа Наурыз(1911), «Мектепке» (1911), «Мектептен» (1911) өлеңдері енгізілген. Жалпы «Қирағат» кітабы 1911, 1914, 1916, 1923, 1924 жылдары жарық көрген. Балалар әдебиеті саласында әжептәуір еңбек еткен М.Дулатовтың өлеңдері мен әңгімелерінен Ыбырай мен Абай салған арна-дәстүрлердің анық көрінісі бар. «Наурыз» (Жаңа жыл) 13 шумақтан тұрады. 7 буындық өлшеммен жазылған. Ақын жаңа жыл сипатын береді. Табиғат суреті салған жерден ел тірлігімен ұштастырылады.

Аспанда күннің нұры,
Макпалдай жердің түрі.
Қуаныш мал мен жанда,
Қыс шыққан өлмей тірі.
Ойнаған анау бала
Көкорай жалын дала.
Егіндік егін еккен
Ұзамай болар жаңа.

Наурыз ерекшелігін М.Дулатов өзінің «Қош келдің, Наурыз!» мақаласында былай жалғастырады: « ... бұл Наурыз ел-елде қуанышпен қарсы алынып, шаруаның бір малы екеу болып, көңілі өсіп, жасы үлкендер құшақтасып көрісіп, жаңа өспірім жас буын қуанысып күлісіп, жанның бәр дүнияға жаңа келгендей мәз-мейрам болса керек. Мұның бұл айда бұ күнгі күнді жыл сайын осында қуанышпен қарсы алып, ойнап-күліп өткізу үшін қазақ елі ерінбей еңбек сіңіріп, мезгілін өткізбей егін егіп, пішен шауып, күн ілгері қамынды же. Сонда ғана былтырғы, бұрнағы жылдардай қан жыламай алдағы наурыздарды да шын мейрам, шын шаттықпен өткізесің».

Буын өлшемінің өзгешелігі болмаса, Абайдың «Жазғытұрым», «Жаз» өлеңдерін еске салады.

Бай, жарлы келген күйі,
Ойын-той ауыл, үй
Қой сойып, қонақ асы
Мырзалық еткен сыйы.
Ат шауып, тай жарысқан,
Таласып бәйгі алысқан
Көтерем арық-тұрық,
Жаз шығып жайланысқан.
Сұлу жүр сылаңдаған
Күлімдеп қылаңдаған.
Ерініп бір басуға,
Жас талда бұраңдаған.

«Мектепке» (1911) және «Мектептен» (1911) өлеңдерінде мезгіл құбылысы оқушы бала тірлігімен астаса берілген. Мезгіл болғанда қыс мезгілі. Әдетте, мектепке, оқуға шақыру күзбен байланыстырылса керек еді.

Ашық күнде жарқырап,
Жаңа жауған жатыр қар.

Домбықтырып беттерін
Адамдардың тұр ызғар.

Мұнда автор қыстың ажарлы бір келбетін суреттеуден қытымыр кескінін хабарлауға жедел ойысқан. Мұның себебі өлеңнің философиялық астарында жатқан сияқты.

Жатырсындар неге ұйықтап?
Күн шығып қалды, балалар.
Таңертеңгі аязбен
Мектебіңе жөнел бар.

«Оян, қазақтың» авторы бұл жерде де «ұйқыдан ояту» идеясына адал. Символика айқын: жаңа жауған қар - өмірдің әдемілігі, ызғар - тіршілікте болмай қоймайтын қиышдық. Шыққан күн - мезгіл, сәт, уақыт. Әр адамның шешуші қадам жасар кезі. Таңертеңгі аяз - сол «ызғар» ұғымында: қиыншылық, бөгет деген сөз. Кедергі-бөгетке қарамай, алға ұмтыл, уақытыңды сәтімен пайдалан деген ойды ұғамыз. «Мектептен» өлеңіндегі(1911) сабақтан қайтқан балаларға ықылас үлкен. Тіпті үй алдындағы Майлыаяқ та «күйрығын былғап еркелеп, қылды ықылас шындықтан». Оқу - еңбек түрі. Соңғы шумақ «Еңбек түбі - бейнет, бейнет түбі - зейнет» немесе «еңбек етсең, ерінбей, тояды қарның тіленбей» даналығының салмағын көтеріп тұрғандай әсер береді:

Күліп шулап, кірсе үйге,
Самауыр тұр бу шыққан.
Тойып алып тамаққа,
Балалар жатып тыныққан.

Екі өлеңді («Мектепке» және «Мектептен») бір-бірімен байланыстырып тұрған - ақынның балаларды оқуға шақыру идеясы.

М.Дулатовтың алғашқы өлеңінде Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық!» дегеніндегі сыпайылық емес, «тезірек

қимылдамасаң, несібеңнен қағыласың» дегенді аңғартатын жанашыр қамқорлық бар, «мектебіңе жөнел бар» түріндегі өктемдік бар. Абай ықпалы қыс келбетін суреттеуі мен идея біртектестігінен көрінеді.

Мектептен қайтып балалар
Қызарып беті суықтан.

Абайдың өнер-білім, ғылым тақырыбындағы өлеңдерінің дидактикалық сипатымен, уағыздық қасиетімен ерекшеленетінін, жыл мезгілдеріне арналған өлеңдері мезгіл құбылысын дәл, өз қалпында суреттеуімен өзгеше екендігін білеміз. Демек, Міржақып Абай шығармаларының уағыздық қадір-қасиетінен гөрі өмір құбылысын дәл беру қасиетін ерекше қалап алған тәрізді.

1924 жылы Орынборда шыққан «Қирағат» кітабындағы шағын әңгімелері «Жаз», «Жазғы кеш», «Шілде», «Күз», «Қыс», «Қоян», «Қасқыр қысты қалай өткізеді?», «Бұғы», «Піл», «Кит», «Үй жануарлары», «Бөрік», «Күлкі сөз», «Оқу», «Нұрым мен Дүйсен», «Оқымысты бала», «Шалдың үш баласы», «Жастық», «Күлмеңіздер кәріге», «Қонақ кәде», «Ешкімге жауыздық жасама», «Байлық» деп аталады. «Ай-кү_лак» (балалар ойыны), «Дүмпілдек» (қырғыздың ойыны), «Марламқаш» (балалар ойыны), «Денсаулық жайынан» «Оқу құралы» (Қирағат) жинағынан алынған.

М.Дулатов жыл мезгілдерін қара сөзбен суреттейді. «Жаз», «Шілде», «Күз», «Қыс» суреттемелері бала ұғымына лайықталып жазылған. Ақынның «Жазы» көктем мезгілін бейнелейді. «Наурыз» өлеңіндегі ел тұрмысы айна-қатесіз ұсынылады: «Су өзеннің жиегімен асып, жағаларын қар кешіп, күн жылынып болған соң, шөп шығып, трлі түсті гүдер шешек атады. Егіншілер соқа-сайманын түзеп, жер жыртуға шығады. Тоғай да жапырақтарын жамылып, жаңа келген сайрағыш құстардың үнімен көңілді болып кетеді. ...

Қыстан қысылып шыққан мал жүнін тастап, бие құлындап, қой қоздап, қара жерді сағынып қалған жануарлар баласа тұрмай, далаға қашады. ...Балалар ойынға шығып, жүгіріп, жыл құстары тегіс келіп, жұмыртқа салған».

Абайдың «Жаздыкүн шілде болғанда» өлеңін мазмұны жағынан жартылай қайталайтын суреттеме «Шілде» деп аталады. Жартылай дейтініміз, жаз қызығын баяндау көшпелі елдің өміріне біртіндеп еніп келе жатқан жаңалық нышанын танытуға ауысады. «Осы кезде қазақ бұрынғыдай алысқа көшпейді. Бұрын жердің еркін шағында жүз елу, екі жүз шақырым жерлерге жайлап кетеді екен. Үлкендер сол күндерін осы күні қатты сағынып сөз қылысады. Шөп шабатын мезгіл де жетті. Боз балалар жайлаудың қызығын қия алмай ерініп әрең шығады. Қазақ шөпті бел орақпен шабады. Машина жаңа тарап келеді. Оқудағы балалар да жаздай қымыз ішіп тынығып, енді сабаққа баратын күндерін санап жүр».

Сүреңсіз көрініс күз, қыс мезгілдеріне тән болатын болса, Міржақып әңгімелерінде осындай құбылыстың болу себебі егжей-тегжей баяндалады. Ел мінезі де көрінеді. «Жаз күні көп байлағаны есіне түсіп, қымызшыл шалдар арық құлынын жаңа аяп отыр» («Күз», 193). Түз хайуанына қыс мезгілінің жайсыздығы баян етіледі. «Орман қарайған, ішінде құстарды көре алмайсың, қоян күндіз жасырынып, түнде ғана жүгіріп жас ағаштарды кеміріп жүр» («Қыс», 194). «Қыс» суреттемесінде оқуға баратын бала жайы тағы да назарға алынады: «Сабаққа мезгілімен жүретін баланың да ертеңгі аяз есінен көпке дейін шығатын емес» (194). Суреттеме соңындағы «Қыс қысыл, жаз жазыл» түйіндемесі - мезгіл сипатын айқын танытатын қорытынды.

Танымдық мақсатта жазылған шағын әңгімесінің бірі - «Жазғы кеш». Ойын қызығына түсіп кештің қалай батқанын

байқамай енді үйлеріне жүгіріп келе жатқан баланың көзімен суреттелген құбылыс. Түп қурайдың тұсынан мұнарланған көктің жиегін өртке ұксатады. Онысы туып келе жатқан ай болып шығады. Жер ошақ басындағы сүт пісіріп отырған әжесі - жазғы кеш көрінісін толықтырып тұрған бейне.

М.Дулатовтың қоян, қасқыр, бұғы, піл, кит тәрізді тұз хайуандарының түр-сипат, тірлігін сипаттайтын әңгімелері бар. Олардың адамға тигізетін пайда-залалы қатар көрсетіледі. Бұғы еті мен сүтінің, терісінің, қыл-аяғы қанының пайдасын, жексе, көлік болатынын, пілдің де адамға көп қызмет қылатынын, киттің майына бола ауланатындығын баяндайды. «Кит» әңгімесін «Тілінің үлкендігі алты қанат үйдің орнынан үлкен болмаса, кіші шықпас, қазақтың «жандыда балық үлкен, жансызда қамыс үлкен» деп жүргені осы кит болса керек» деп түйіндейді.

«Бұғы», «Піл», «Кит» әңгімелері сипаттау түрінде келсе, «Қоян», «Қасқыр қысты қалай өткізеді?» әңгімелері аталған хайуандардың бір күндік тірлігін суреттейді. «Қоян» әңгімесінде адам тұрмыс-тіршілігін байқататын эпизодтар баршылық. Ел мінезі де көрінеді. «Екі қазақ қатарласып, біреуіне екіншісі қалайша былтыр бір атын ұрлатқанын сөйлеп келе жатыр еді. Жүк өтіп кетті, қоян орғып, жолдан өтіп, қырманға қарай жөнелді. Жолда ескі таныстарынан екі қоянға кез келіп, олармен біраз ойнап жүрді де әрі кетті». Түнгі жолаушының қырағы көзі шалған құбылыс дерсің. Осы қырағы көз бидай мен сұлы дәнін жеп түн жартысын ойынмен өткізген қояндар тірлігін бақылаумен болады. Бір сәт бір үйден шыққан баланың жылаған дауысына елеңдейді. Таң ата ел өмірі қайта жанданады. «Қатындар суға жөнеліп, еркектер жұмыстарына қарап, балалар да жылап шулай бастады.

Жүкшілер жолға шығып қалған екен». Ал қоян ше? «Біздің қоян қайтадан жүгіріп ініне келіп, екі құлағын арқасына салып, екі көзін бадырайтып ашқан қалпыменен ұйықтап қалды».

Міржақыптың аталмыш әңгімелерінің осындай танымдық сипатымен қоса тәлім-тәрбиелік мәні де қоса-қабат жүреді. «Қасқыр қысты қалай өткізеді?» әңгімесі қазақтың алқам-салқам мінезін тұспалдайды. «Жалғыз-ақ сорлы қасқырдың басына қыс күні бар бәле орнаған, мұның бір ғана үміті - бекітусіз қора, күзетсіз жылқы». Әңгімнің «Малға абай бол, ит-құстан сақ бол» дегенді аңғартатыны анық, сергектікке, сақтыққа үйретері хақ.

«Үй хайуандары» әңгімесінде жылқы, түйе, сиыр, кой, ешкі, ит, мысық, тауықтың адамға қызметі баяндалады. «Олардың қызметі үшін адам асырайды, бағады, қысты күні аяздан тоңбайтын жылы қора жасайды, ұры, бөриден сақтау үшін бақташы қояды».

Жазушының бала мінезіне, іс-әрекет, сөзіне құрылған шағын әңгімелері - «Бөрік», «Күлкі сөз», «Оқу», «Нұрмаш пен Дүйсен». Әкесінің бөркін киіп «үлкен кісі болдым» деп ойлаған Нұрмаш әрекеті күлкі туғызады. «Сөйткенмен бөрік олай ойламады. Үлкен кісі болған Нұрмаштың көңіліне қарамастан, дәл мұрнына түсті». Автор юморы айқын. «Күлкі сөз» әңгімесі диалогқа құрылған. Қазіргі «Бала тілі - бал» айдарымен берілетін әңгімелерді еске түсіреді.

- Әй, Қасым! Неге аузыңды томпайтасың?

- Күпімді күйдіріп алдым.

- Неге жамап алмайсың?

- Инем жоқ,

- Тесігі үлкен бе?

- Жағасынан басқа түгі қалған жоқ.

«Нұрмаш пен Дүйсен» әңгімесі жұмбақ-сауал түрінде

келеді. «Сен біздің үйге бала бол, сонда сіздің үйдің де, біздің үйдің де кісілері бірдей болады» дейді Дүйсен. Нұрмаштың үйінде неше кісі, Дүйсеннің үйінде неше кісі деген сауал қояды автор. Әңгіменің балаға есеп үйрету қызметі бар. «Оқу» әңгімесінде сегіз жастағы Жүністің оқуға ынтазарлығы айтылады. Ақырында Жүніс оқу, жазу, есеп үйренеді. «Бір оқығанға екі оқымағанды береді» деген мақалмен өз тұжырымын жасайды автор.

«Оқымысты бала», «Шалдың үш баласы», «Күлменіздер кәріге», «Қонақ кәде», «Ешкімге жауыздық қылма», «Байлық» аңыз-әңгіме, ертегілері халық аузынан алынған. «Оқымысты бала» әңгімесінде қалада оқитын бала жазғытұры ауылына келеді. Әкесінің «қолыңа тырнауыш алып, шөп жинауға жәрдемдес» дегеніне бала «мен әр түрлі ғылымдар оқып қайттым, қара қазақтың сөздерін ұмыттым, тырнауыш деген не нәрсе?» -дейді. Далада жатқан тырнауышты басып қалып, сабы маңдайына тиеді. «Тырнауышты аяқ астына тастаған қандай ақымақ екен» - деп ашуланады.

«Жан тұрмысы өркендеу үшін жас балаға ертегі тым қымбат. Бала ертегіні жан-тәнімен тыңдайды. Жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзің желге айтылғанмен бірдей. Егер сен балаға өтірігінен қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне, бала өтірік айтпа керек екендігін сонда ұғады. Қысқасы, балаға ертегі тым қымбат нәрсе»(М.Жұмабаев). «Шалдың үш баласы» ертегісінде «мен өлгенде қалай көмесің?» деген ауқатты әке сұрағына кенже баласы «сенің өлуің біледі, менің көмуім біледі» деп жауап береді. «Жібекке орап, ақ жуып, арулап қоямыз, шақырылмаған ел қалдырмай ас береміз, үстіңе күмбезден мола салдырамыз, басыңа атыңды жаздыры, көк тас

қойғызамыз» - деген үлкен ұлдары ашаршылық жылы аштан өледі. Ауырып қайтыс болған әкесін кенжесі үстіндегі шекпеніне орап, жерошаққа көмеді.

«Күлменіздер кәріге», «Қонақ кәде» әңгімелеріндегі кәрі кісіні келемеж қылған балаларын бір ауыз сөзбен тыйған әке, қатықсыз қара көже беріп қонақ кәде дәметкен әйел аптығын бір шумақ өлеңмен басқан адам - қарапайым халық ортасынан шыққан өкілдер. «Ешкімге жауыздық қылма» әңгімесінде бір кезде өзін таспен атып қуған байды тіленші мүсәпір халде кездестіреді. «Өттеген-ай, бұл тасты бекер сақтап жүрген екенмін, мұнан бай әлі күшті күнінде мен бұдан қорқушы едім, мұны күндеуші едім, енді қазір мұндай нашар халін көріп көңіліме аяушылық түсті» - деп байға аяушылық танытады. «Байлық» әңгімесінің идеясы - барға қанағат етушілік. Ұстазы шәкіртін «сенің денің сау, қол-аяғың аман, жұмысқа жарарлықсың. Қалайша енді осынша байлыққа ие бола тұрып, жарлымын дейсің?» - деп жазғырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. М.Дулатов өлеңдері мен әңгімелерінің идеялық-тақырыптық және көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасаңыздар.
2. Ы.Алтынсарин туындыларымен салыстырыңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. М.Дулатов. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1991.
2. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2- кітап. – Павлодар: Арман, 2004.

9 тарау. М.ЖҰМАБАЕВ

Өлеңдері. Балаларды оқуға шақыратын келесі бір өлеңнің авторы - М.Жұмабаев. Арнау түріндегі «Қарағым» атты өлеңде үгіт-насихат басым. Өлең 1912 жылы шыққан «Шолпан» жинағына енген болатын.

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!

Ойынға құр қаларсың, көңіл берме.

Оқымай ойын қуған балаларға

Жолама, шақырса да қасына ерме!

- дейді ақын. Абайдың «ондай болмақ қайда деп, айтпа, ғылым сүйсеңіз» дегенін Мағжан «қарманған қарап қалмас!» - деген рас сөз, тоқтамай істе болсаң батып терге» деп жалғастырады. Ыбырайдың «мал - дәулеттің байлығы, бір жұтасаң жоқ болар» десе, Мағжан ақын «Тер ағызып, өліп-талып табылған ата дәулет быт-шыт болып тозады» дейді.

М.Жұмабаевтың «Қарағым» өлеңі С.Көбеевтің «Мектепке шақыру», А.Байтұрсыновтың «Оқуға шақыру», М.Дулатовтың «Мектепке» өлеңдерімен үндес. Ең алдымен, үшеуі де арнау түрінде келеді. Екіншіден, өлең шумақтарында ой ұқсастығын туғызған сөз қолданыстары бар. Салыстырып көрейік:

Балалар, жиналыңыз мектепке ерте,
Мәз болмай деген сөзге, мырза ерке,
Бұл кезде өнерлі адам өрге шықты,
Зат емес, надан кісі алар текке.

(С.Көбеев)

Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

(А.Байтұрсынов)

Жатырсындар неге ұйықтап?
Күн шығып қалды, балалар.
Таңертеңгі аязбен
Мектебіңе жөнел бар.

(М.Дулатов)

Шумақтардағы «Балалар, жиналыңыз мектепке ерте», «Жатырсындар неге ұйықтап?» пен «жатпа қарап», «күн шығып қалды» мен «қарап тұр терезеден күн жылтырап», «мектебіңе жөнел бар» мен «оқуға бар» дегендердің ара-жігі ажырағысыз. Мағжан, Спандияр, Ахмет өлеңдері 11 буынды болып келуімен де ұқсас. Міржақып ақын өлеңіне 7 буынды өлшем ойнақылық сипат дарытса, 11 буынды өлшем үлкен салмақ жүгін көтеріп тұр. Мағжан, Ахмет, Спандияр өлеңдерінен авторлардың басты мәселеге тереңдеп бару талабы байқалады. Үшіншіден, төртеуінде де Абай, Ыбырайдан келе жатқан дәстүр, идея сақталған. Ол үлгі М.Дулатовтың екі өлеңі («Мектепке», «Мектептен») түрінде берілсе, Мағжанның «Қарағым», Ахметтің «Оқуға шақыру», С.Көбеевтің «Мектепке шақыру» өлеңдерінен жеке-жеке көрініс береді.

1924 жылы «Ақжол» газетінің нөмірлерінде жарияланған «Әже», «Немере мен әжесі» өлеңдері әже мен немере арасындағы диалогқа құрылғанымен, кезең суретін, от басында ұршық айналдырып, жүн түткен, арасында ерте айтқан әже мен ерте тыңдап ақырында сілекейі ағып, шаршап ұйықтаған немересінің тірлігін, немересінің көп сұрағына жауап бере алмай қиналған әженің ақыр соңында «тек! - деп ем ғой, - тентек, тентек, мұны айтатын мектеп, мектеп!» деп тығырықтан шығу қарекеті кезең суреттері фонында берілуімен өзгеше. Балаларға саналы түрде арнап жазған өлеңдері «Балаларға тарту» жинағына(1927) топтастырылған. «Ақ қала», «Ата, бата», «Ана»,

«Сылдырмақ», «Сал, сал білек», «Бөбектің тілегі», «Сұр құлын» өзіндік ерекшеліктері жеке-жеке тоқталғанда білінеді. «Ақ қала» өлеңінде ақ қардан ақ қала тұрғызған балалардың көңіл-күйін автор шебер жеткізген. Шеберлік кілті - бала қам-қарекетінің дәл бейнеленуінде. Өлеңде іске деген құлшыныс («топырлап, шулап, соқтыға, тоғытқан бейне тоқтыдай, жапырласты шөпірлеп»), негізгі іске талас («мен оям! - деп біреуі, «мен қоям!» деп біреуі терезеге таласты»), істің нәтижелі бітуі («Күліп жүріп көп бала, салып қойды ақ қала») бар. «Ата, бата» өлеңінде атасының немересіне беретін батасы екі дара тілектен тұрады.

Атасы:

«Құлыным бата дейді ғой!»

«Бата десең, қарт атаң

Айналсын сендей батасын!

Оқы, құлыным, әлім бол,

Атаң берді батасын!»

Ауыз әдебиеті дәстүрінде жазылған «Ана», «Сылдырмақ», «Сал-сал білек, сал білек», «Бөбектің тілегі», «Сұр құлын» өлеңдерінде айшықты тіл, кестелі сөз өрнегі мол. Әлпештеу поэзиясының бесік жыры, уату-алдарқату жыры, мәпелеу жырлары, балалар тақпағын еске салады. «Ана» өлеңінде ана монологы жоқ, сырқат бөбегінің жанындағы қасірет шеккен ана кейпі сипатталады. Баяндау арқылы ананың балаға деген махаббатының өлшеусіздігін көрсеткен ақын. «Сылдырмақ» - бала мінезіне құрылған өлең. Бөбек пен оның ағасы Әлімжан мінезі шағын өлең ішіне сыйып кете берген.

Бөбектің егер қолынан

Түсе қалса сылдырмақ,

Әлімжан аға болмысы

Сылдырмақты сыйдырмақ,
Ең болмаса «байқаусыз»
Басып кетіп сындырмақ.

Тағы да бөбектің мектепке баруын, білім алып, әлім болуын тіліген тілек «Сал, сал білек, сал білек» өлеңінен көрінеді. Халық өз өлеңінде «ал, білек, ал, білек, атаң тілін ал білек, мал ішіне бар білек» десе, ақын «Сал, білек, сал, білек, балдан тәтті бал білек, мектепке бар бір мезгіл, әжеңнің тілін ал, білек» дейді. «Атаның көңілі балада, баланың көңілі далада» демекші, «Бөбектің тілегі» өлеңінде малжанды бөбек қозы, лақ, құлыншақты өзінің тілек тілеу объектісіне айналдырады. Тоқтышақтың тоғыз, саулық қойдың сегіз, құла биенің құнан табуын тілейді. Бөкен жүнді бөрте ешкінің төрт айда төрт ешкі болуын, әукесінің алты рет бұзаулауын өтінген бөбек тілегі бар. «Сұр құлын» өлеңінде шағын сюжет сілемі бар. Сүліктей сұлу сұр құлынын жаз бойы Әлжан сылап-сипап қызықтайды. Қыс түсіп, арада біраз уақыт өтеді. Әлжан құлыншағын көруге келеді.

Сұр құлын жоқ алдында
Жалбыраған жабағы:
Томпиды аузы Әлжанның
Салбырады қабағы.

Ертегі-поэмалары. «Жүсіп хан(Шын ертегі)» ертегі-поэмасында(1924) Аббас ханға бас балшысы келіп балына не түскенін айтады. Оныншы күні ханға қаза жететінін хабарлайды. Ханды ашу қысып, жеңдетіне балшыны өлтіруге бұйрық етеді. Үрейі ұшқан балшы жұлдызды алдауға болатынын білдіреді.

Айла мынау сізге, хан,
Тап қазіргі сағаттан
Тақты тастап кетесіз.

Сіз кетіңіз, падиша,
Он күн біреу уақытша
Хандық құрсын тағында.
Жұлдыз сөзі дөп келер:
Тақта отырған хан өлер
Оныншы күн тағында.

Жүсіп хан уақытша хандықты уәзіріне ұсынады. Құлық-сұмдығы мол уәзір бірден хандыққа оқымысты қазы лайық дейді. Қазы хандыққа қолбасыны лайық санайды. Қолбасы хандықты жендетке ысырады. «Шала есті» жендеттің өзі де он күндік хандықтан бас тартады. Ханды ханшасы, қолбасысымен, уәзір, қазы, молдасымен ұры санайтын, халықты зар қақсатқан залым санайтын Жүсіп он күнге уақытша хан болсын дейді балшы. Сумандаған уәзір Жүсіпті хан болуға көндіреді.

Сөйтіп, халықтың қалқаны Жүсіп болады. Тірі қалған бай, молда ес жияды Тоғызыншы күні Жүсіпті өлтіруге ниет қылады. «Жұмысы жоқ бір істе, жатушы еді сарайда, арақ, қарақ маңайда» деп Аббас ханды жоқтайды. Оныншы күні Жүсіп ханды өлтіреді. Жүсіптен қашып, тау-тасты паналап жүрген Аббас ханның күні қайта туады. Ертегі поэма соңында Аббас ханның бұрынғы тірлігі қайта қайталаанады. «М.Жұмабаев кейін «культ» (жеке басқа табынушылық) атанған қасіреттің сол кезде шыға бастаған қауіпті кеселдерін ескертіп отырған сияқты.

Сыпырғандай тезекті
Өңшең залым кезептен
Еңбекші елді аршыды

- деген жолдарды оқығанда, сұрақ туады: «Ау, сонда не - адам жаны тезек құрлы болмағаны ма? Осындай жалт еткен ой:

Елді сорған сұмдардың

Қырықтырған басын түймедей.

- деген уытты сөздерді оқығанда беки түседі. Сталиннің жеке басқа табынушылығы кезінде сөз жүзінде «ең бағалы капитал - адам» деп жар салынса, іс жүзінде адамның құны көк тиын болмай қалды емес пе?»(14,32).

«Өтірік ертек» ертегі-поэмасының(1926) кіріспесі халық санамағына құрылған. «Мысыққа қарсы тышқандар көтерілісі автордың негізгі ойын жеткізу үшін схемалық түрде алынған. Шираз қаласындағы бір тышқан жүзім шарабына тойып алып, күш біткесін ойындағы құсасын сездіріп қоюы, мысықтың мешітке барып сәлде киіп, тышқандармен бітісем деп алдауы, тарту-таралғысымен келген тышқандарды қан жоса етуі, мысықты тамам тышқан көптігін істеп байлауы, дарға асам деген жерден босап кетуі, ақыры тышқандардың өз ханын құртып барып, ханды да, мысықты да елден аластауы - Россиядағы белгілі тарихи оқиғалардың елесін береді»(14,28). Әңгімесін автор бірден баяндай жөнелмейді. Жас тыңдаушысын, алдымен, жыр оқиғасына дайындайды, оларды ынтамен тыңдауға шақырады. Осыдан кейін барып «Ерте, ерте, ерте екен, ешкі жүні бөрте екен» деп ертегісін бастайды. Оқиға өтетін жер - Шираз қаласын сипаттаудан бастады. Шираз жүзімін сипаттауға мол орын береді. Жүзім шарабының қасиетін айтуды ұмытпайды. Осыдан соң ана негізгі әңгімеге көшетінін хабарлайды. Автор жүзім шарабын бекерге сөз қылмапты. Шарап толы құмыра тізілген үйге бір тышқан келіп кіреді. Шараптан татып көреді. Мысыққа деген кегі қозады. Әбден балағаттайды. Тышқан сөзін тыңдап тұрған мысық оған тап береді. Тышқанды жалынған, жалбарынғанына қарамастан бір қылғытады. Күн артынан күн өтеді. Көзіне тышқан түспеген соң «Қой, бұл істі тастайын, мен бір істі бастайын» деп бір шешімге келеді.

Мешітте отырып сопы молда болады. Басына сәлде киіп, қолына тасбиық ұстайды. Құдайдан күнәсін кешуді өтінеді. Ендігәрі тышқан байғұсты жәбірлемеуге, тышқан етін жемеуге ант береді. Тышқан ордасы мысық сөзіне сенеді. Ордадағы бір қария сенімсіздік білдіреді.

Арақ ішкен өңшең мас,
Есі шала өңшең жас,
Дүрсе қоя берісті:
«Кім көрінед көзіңе,
Өз ақылың өзіңе!
Сен бүйдеме игі істі!
Кері тартпа кәрісің,
Етек басу - бар ісің».

Тамам тышқан мысыққа тарту-таралғы жасамақ болып мешітке келеді. Мысық сілекейі шұбырып тап береді, топ тышқанды қан-жоса қылады. Тышқандар ханы мысыққа соғыс ашады. Мысықты дарға аспақ болады. Мысық бұлқынып, қыл арқаннан босанып кетеді. Маңайын жып-жылмағай қылады. Есін жиған тышқан бұрынғы тірлігіне басады. Хан той тойлауға кіріседі. Елдің қамын жегендер аулақ үйге жиналып кеңес құрады. Мысық пен ханды ордадан қуады.

Автор поэма соңында халық санамағын еске түсіреді. Оны тегін мысалға келтірмегендігін ескертеді. Жұмбақ санамақты басынан бастап айта келіп «мысық талаушы екені, ханның қанаушы екені енді есіңе түсті ғой» - дейді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. М.Жұмабаевтың балаларға арналған өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасаныңдар, тәрбиелік мәніне тоқталыңыздар.
2. XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттің дамуына тарихи-

әлеуметтік жағдайлардың ықпалы жөнінде М.Жұмабаевтың «Жүсіп хан(Шын ертек)», «Өтірік ертек» поэмалары негізінде түсіндіріңіздер.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. М.Жұмабаев. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1991.
2. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2- кітап. – Павлодар: Арман, 2004.
3. Қазақ балалар поэмасының антологиясы. - Алматы: Арда, 2005.

7 тарау. Ж.АЙМАУЫТОВ

Өлеңдері. Ж.Аймауытовтың «Қыс» өлеңінің басты тақырыбы қыс болғанымен, идеясы оқуға шақыру болып табылады. Автор қыс келбетін ел тірлігімен байланыстыра суреттейді. Бұл байланыс, әсіресе, өлеңнің құрылымдық жүйесінен анық байқалады. Өлең кіріспе, негізгі екі бөлім, қорытынды бөліктен тұрғандай әсер береді.

Жалп-жалп, жалп-жалп жауды қар,
Тон киіндік, тонды мал.

Кіріспе негізгі бөлімде не жайында айтылатындығына оқырманды дайындау мақсатын көздейтін сияқты. Қар жауды, демек, қыс түсті. Түскен қыс өзімен суығын бірге ала келді. Адамдардың жылы киінуі, малдың тоңуы қыс ызғарына байланысты болып отыр. Өлеңнің бірінші бөлімінде алғашқы жолдағы ой жалғаса түскен, яғни, қыс мінезі тағы көрінеді:

Бұрқ-бұрқ, бұрқ-бұрқ боран бар,
Боран жоқта тұман бар.
Қызыл шұнақ қызыл бар.
Суда айна тас мүсін бар.

Қылаулатқан қырау бар.

Екінші бөлімде екінші жолдағы харакетке ұқсас тірлік молынан баяндалады:

Боғы қатқан бұзау бар.

Үйіп алған отын бар.

Қалтыраған қатын бар.

Бүрсеңдеген лақ бар.

Сүмеңдеген қонақ бар.

Қыздар қылған шұжық бар.

Қонақ айтар қызық бар.

Соңғы бөлім негізгі бөлімдерде айтылған ойдың түйіні іспеттес қабылданады.

Ай, балалар, балалар!

Күнде оқуға жүрелік,

Үйренелік, білелік!

Қыс ызғарына қарамай, күнделікті атқарылатын шаруаларға қарайламай оқуға бару керектігі жайындағы ой айтылады. 7 буынды өлшем балаларға арнау түрінде жазылған бұл өлеңге ойнақылық сипат дарытқан. Жауған қар мен соққан боранның еліктеуіш сөздермен бейнеленуі де белгілі дәрежеде өлең ойнақылығын арттыра түскен.

Жапалақ, жапалақ қар жауар,

Жамбасыңа мұз тоңар.

Лақ, тоқты қашады,

Қойшы талқан асады.

- деп келетін халық өлеңінің авторлық өлеңге ықпалы айқын.

Ертегілері. Жүсіпбек Аймауытовтың балаларға арнап жазған «Жаман тымақ», «Шал мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз» сияқты ертегілері бар. Олар суретті кітапша үлгісінде жарық көрген. «Көк өгіз» ертегісі былай басталады «Ертеде үш ағайынды жігіт болыпты. Мал дегенде үшеу ара жалғыз өгізі болыпты. Үлкені көк өгіздің басын алады, ортаншысы

-ортасын, кішісі - артын алады. Үлкені өгіздің басын, ортаншысы ортасын, кішісі артын бағып жүреді. Бір-екі жыл өткенде көк өгіз өседі, үлкейеді: үш ағайынды жігіт бірін-бірі көре алмайтын болады». Ертегіде адам сенбес оқиға ары қарай жалғаса түседі. Мәселен, бір қара бүркіт серкенің мүйізіне қонып отырып, өгізді жейді. Жауыннан ықтап, серкенің омырауына тығылып отырған қара шаруаның көзіне өгіздің жауырыны түсіп кетеді. Кейінгі оқиғалар легін ертегінің аяғынан түсінуге болады. Ертегі аяғы сұрақ-жауапқа құрылған. Автор оқушыларға сұрақ қояды және оған өзі жауап береді. «Енді мұны, оқушылар, ойларыңа жүгірт: көк өгізді көтеріп ұшқан бүркіт күшті ме? Бүркіт пен көк өгізді көтерген серке күшті ме? Немесе көк өгіздің жауырыны көзіне түскенде, шөп құрлы көрмеген қара шаруа күшті ме? Жоқ, үш жүз кісіні ер-тоқымымен, қару-жарағымен сүйреп жүрген түлкі мықты ма? Әйтпесе, сол түлкінің жарты терісі тымақ шықпаған бала мықты ма? Болмаса, қырық қап тезекті жаяу арқалап, көлден өтіп келе жатқанда баласының түсіп қалғанын сезбеген қатын мықты ма? Ең мықтысы қайсы? Осының бәрінен де көк өгіз бен бүркітті бірдей көтерген серке мықты. Екінші, көзіне түскен көк өгіздің жауырынын шөп құрлы көрмеген қара шаруа мықты. Түлкі, қатын, бала - үшеуінің мықтылығы бірдей».

Ж.Аймауытовтың «Жаман тымақ» ертегі-поэмасы(1929) М.Жұмабаевтың «Жүсіп хан», «Өтірік ертегі» дастандарына қарағанда шағын көлемді. Мағжан поэмаларындағыдай ұзын-сонар кіріспе жоқ. Балаларды шығарма оқиғасына дайындау ыңғайы да байқалмайды. Кейіпкер сипаттамасы да көп берілмейді. Жеті, сегіз буын аралас жыр өлшемімен жазылған.

Жаман тымақты кедейдің жалғыз сиырын ауылнай алып қояды. «Сорлы кедей қалбаңдап, жаман тымақ

жалбандап» ақсақалға барады, одан қайыр болмаған соң болысқа келеді, болыс ұрса жөнелген соң молдаға жолығады. Байдан несиеге он сом сұрайды. «Ортан қолдай бес бұзау жыл шығарып бересің?» деген соң начальникке жолықпақ болып кеңсеге келеді. Мне, осыдан бастап жаман тымақ хикаясы басталады. Көп қағаздың арасында жатқан тымақты бір күні тілмаш тысқа лақтырады. Көшеде жүрген бір ақ ит тістеп алып кетеді де, ат қора түбіне тастайды.

Өткен түні қорадан
Ат жоғалған түн екен.
Қазақ-орыс иесі
Атын іздеп жүр екен.
Тымақ тапты, кенелді,
Кеңсеге алып жөнелді.
Жаман тымақ бүрісіп,
Құлақтары құрысып,
Шәрке, телпек серік боп,
Жатты шкафта құнысып.

Арада айлар, жыл өтеді. Шкаф ашылып, тымақ та, телпек те, шәрке де бостандыққа шығады. Билік өзгерген. Өзі тысқа лақтырған тілмаш та, шкафқа тастаған қазақ-орыс та қуғынға түскен. Бұл өзгеріске жаман тымақ әжептәуір желпінеді. Бір қазаққа селбесіп еліне қайтады. Қалпақты қазақ тоңған соң қалпағын тымаққа ауыстырады. Сөйтіп далақтап елге жетеді. «Жаман тымақ қаладан келіпті» деген хабар жедел тарайды. Тымақ біткен жиылып қалады. Түлкі тымақ, сәлде, күрең тымақ, көнетоздау көк тымақ, боқша асынған сұр тымақ бірі қонаққа шақырып, екіншілері бата бермек болып жік-жапар болады. Жаман тымақ ешқайсысын жанына жолатпайды. Көнетоздау көк тымақты ұрғызбақшы да болады. Боқша асынған сұр тымақтың боқшасын тартып алады, шоқша сақалын

жұлады.

Жапырық жаман тақия
Шыға келді ақыра:
«Мырзамызға тимесін,
Қайдан шыққан немесің?»
«Сенің қамың жеп тұрсам,
Сендер үшін кеп тұрсам,
Ақылы кем, бақыр-ау!
Сенікі не батыр-ау?
Бері кеп айтшы сөзінді;
Шырамыттым өзінді!»
Таянып ед тақия:
Ойбай! Мені тақиям!
Ойбай! Менің тымағым!
Деп бір-бірін танысты,
Шұрқырасып қалысты.

Поэмада елдегі өзгерістер ғана емес, ел мінезі де жақсы көрінген.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың балаларға арналған шығармаларындағы дара және ортақ стильдік белгілерді айқындаңыздар.
2. XX ғасыр басындағы қазақ балалар әдебиетінде Абай, Ыбырай дәстүрлерінің дамуы жөнінде айтыңыздар.
3. XX ғасыр басындағы қазақ балалар әдебиетінде фольклорлық дәстүрдің дамуы жайында әңгімелеңіздер.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Аймауытов Ж. Жаман тымақ. - Алматы: Балауса, 1992.
2. Аймауытов Ж. Шығармалары. 5 томдық. 1-том. -

- Алматы: Ғылым, 1997.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.
 4. Қазақ балалар поэмасының антологиясы. - Алматы: Арда, 2005.

Ү БӨЛІМ

20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

1 тарау. 20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

20-30 жылдары көркем әдебиетке тікелей қатысты қаулылар қабылданды. 1925 жылы 18 маусымда Орталық комитет қабылдаған «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» қаулысы ел мәдениетін пролетариат мүддесіне ыңғайлау саясатын ұстанды. 1932 жылғы 23 сәуірдегі «Көркем әдебиеті ұйымдарын қайта құру туралы» қаулысы бойынша пролетариат жазушыларының ассоциациялары таратылып, Кеңес жазушыларының Одағы құрылды.

Жаңа идеологияны орнықтыру мақсатын көздеген қаулы-қарарлардан балалар әдебиеті де қағыс қалмады. 1930-32 жылдары мектеп пен пионер ұйымдары жұмыстарын жақсарту және балаларға арналған кітаптарды көптеп бастырып шығару жайында қабылданған қаулыларды атап өткен жөн. Қабылданған қаулыларға орай жер-жерде баспасөз ісі жандана бастады.

1921 жылы балалардың Кітап Оқу институты(институт детского чтения) ашылды. 1922 жылы Ленинградта пединститут жанындағы балалар кітапханасында үйірме жұмыс істей бастады. Үйірмеде сыншылармен қатар С.Маршак, Б.Житков, В.Бианки және т.б. жазушылар қоян-

қолтық қызмет атқарды. 1932 жылы «Балалар мен жасөспірімдер әдебиеті» бюллетені шыға бастады. Ол 1935 жылы «Балалар әдебиеті» журналына айналды. Балалар әдебиеті сыны саласында өнімді еңбек еткен сыншылар шоғыры пайда болды. Баспасөз беттерінде Н.Крупская, А.Луначарский, М.Горький, Д.Фурманов, А.Фадеев, А.Макаренко, К.Федин, Ю.Олеша, Ю.Тынянов сияқты қоғам қайраткерлері мен жазушылар балалар кітаптары жөніндегі ой-пікірлерімен бөлісті.

1925 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстанның Орынбор қаласында «Пионер» журналы шыға бастады. Редакторы Ерғали Алдоңғаров болды. М.Әуезов журналға алғысөз жазды. Журналда Б.Майлин, Ш.Иманбаева, С.Мұқанов тілшілік қызмет атқарды. Журнал өз жұмысын қазақ даласын жаппай білім алуға жұмылдыруға бағыттады. Кадр және қаражат тапшылығынан журнал жабылып қалады да, 1931 жылы «Екпінді жас», 1937 жылы «Вожатыйға көмекші» деген атпен шығып тұрады.

1930 жылы 5 қарашада Қазақстанда «Пионер» деген атпен балаларға арналған газет те жарық көре бастады. 1937 жылдың наурыз айынан бастап газет аты «Октябрь балалары» болып өзгерді. 1924-1925 жылдардан бастап шыға бастаған «Жаңа мектеп» (қазіргі «Қазақстан мектебі») журналында да балаларға арналған өлеңдер мен әңгімелер басылып тұрды.

Кеңес балалар әдебиетін қалай жасауға болады дегенде кеңестік ақын-жазушылардың дағдарғаны анық. Тығырықтан жол тапқан М.Горький болды. Кеңес Одағының түкпір-түкпіріндегі пионерлерге «Пионерская газета» арқылы «қандай кітаптарды оқып жүрсіңдер, қандай кітаптарды оқығыларың келеді? Бұрын басылып шыққан кітаптардың қайсыларын қайта басып шығару керек?» деген

сауал жолдады. Балалардан екі мыңнан аса хат келеді. «Саяхаттар жайлы, соғыс туралы, революция хақында, аспан әлемі, аңдар, жер жүзіндегі түрлі елдер жайлы көбірек болса екен,»- деп жазышты балалар» - деп еске алады хаттарды реттеп, баспаға даярлаған С.Маршак. «Енді «Балалар баспасы» не істеу керек екенін біледі және көп кешікпей қызық кітаптар қолдарыңа тиіп қалар» деп жауап жазады Горький пионерлерге. Горькийдің 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында жарыққа шыққан «Тағы да сауаттылық туралы», «Балалар әдебиеті туралы», «Балаларға - әдебиет», «Тақырыптар туралы», «Балалар кітаптары мен ойындары туралы жазбалар» мақалаларында болашақ балалар жазушыларын тәрбиелеу мәселесі басты орынға қойылды. Демек, балалар әдебиеті жанашырлары қаламынан туған 20-30-жылдардағы мақалалар қаламгерлерге нені жазу керек, қалай жазу керек екендігін түсіндіруге құрылып, оларды өзгеше көркемдік ізденістерге бет бұруға шақырды.

20-30 жылдар туғызған мақалалардың қазақ жазушыларына әсері болғандығын олардың осы кезеңдегі шығармаларынан айқын байқауға болады. І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Б.Майлиннің жаңа заманды суреттейтін, жаңа қоғамды құрушы жастарды, төңкеріс ерлерін бейнелейтін шығармалары бұл күндері 20-30 жылдардағы қазақ кеңес балалар әдебиетінің даму өзгешелігін, саяси-әлеуметтік нысанасы мен идеялық-көркемдік деңгейін танытатын кезеңдік шығармалар болып қалғанымен, ауыз әдебиеті дәстүрі мен үлгісінде жазылған бір бөлегінің бүгінгі балалар әдебиеті талабына жауап беретін сипаттары да бар.

Кеңес жазушыларының 1934 жылы өткен І съезіне Қазақстаннан Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин қатысты. Горький кеңес әдебиеті дамуының алдағы перспективасы

жайындағы баяндамасында көркемсөз шеберлерімен қоса ғалымдар мен педагогтарды да балалар үшін көркем әдебиет жазуға шақырды. С.Маршактың баяндамасы кеңес балалар әдебиетінің жай-күйі мен алдағы міндеттеріне арналды. Съезд балаларға арналған кітаптарды көптеп шығарудың бағдарламасын жасауды міндеттейтін қаулы қабылдады. Сонымен жаңа қоғам жаңа балалар әдебиетін керек қылды. Социалистік құрылысты көрсететін әдебиет қажет болды. Жаңа балалар әдебиетінің алдында коммунистік идеологияны насихаттау міндеті тұрды. Бірақ міндет айқын бола тұра, жеткіншектер әдебиетіне бұрынғыша бейіл сақтала тұра(съезд делегаттарының елге оралысымен өз қаламдастарын балалар әдебиетін жасауға шақыра тұра) съезден кейінгі кезеңдерде қазақ балалар әдебиетіне олжа салатын көркем дүние туа қойған жоқ.

Бұның себептері мыналар: Біріншіден, балаларға арнап шығарма жазудың қиындығын мойындау жаңа қадамға тұсау салды деуге негіз бар. «Біз енді кустарлықтан шығып, не жазсақ та терең алып, тепшілеп, зерттеп, мәстірлеп жазып, дәуіріміздің керегіне жарайтын маңызды шығармалар беруіміз керек» - деген болатын І.Жансүгіров Қазақстан жазушыларының І съезінде жасаған баяндамасында. Ал тепшілеп, зерттеп, мәстірлеп жазуды қажет ететін, әсіресе, балалар психологиясын алабөтен зерттеп барып «мәстірлеп» жазуға кірісуді тілейтін әдебиет - балалар әдебиеті. Және қазақ балалар әдебиетінің бұған дейінгі қалыптасқан дәстүрін заман талабына қарай икемдеу «социализмді жырлаудың әлемдік тәжірибесінің жоқтығынан» оңайға түспеді. Екіншіден, бұрынғы жазған шығармаларға көңіл толмаушылық. Мүлт кеткен жерлерін, әсіресе, съезден кейін тап басып танулары ғажап емес. Науқаншылдықтың өріс алуы, бала табиғатына ене

алмаушылық, мінезсіз баяндауға бой алдыру, идеяны жалаң танытуға тырысушылық, диалогтардың нәрсіздігі, формалық ізденістердің мардымсыздығы - осының бәрі белгілі бір дәрежеде балалар әдебиеті дамуын тежеді. Үшіншіден, қаламгерлер өздерінің еркін жүзетін айдынына бет қойды. Бейімбет проза, публицистикаға ойысты да, ауыл өмірін, өндіріс саласын тереңірек зерттеуге кірісті. С.Сейфуллин де, І.Жансүгіров те талант тізгінін үлкен жанрларда ағытты. Сонымен 20-30 жылдар қазақ балалар әдебиеті кеңестендіру науқаны мен қолдан күштеу жолымен жасалған социализмнің алғашқы баспалдағындағы үстем болған танымдық көзқарас нәтижесінде дамыды да, көркемөнер тарихынан өзіне лайық орын алды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 20-30 жылдардағы қазақ балалар әдебиетінің даму ерекшеліктері жөнінде әңгімелеңіздер.
2. Қоғамдағы түрлі өзгерістердің қазақ балалар әдебиетіндегі тақырып пен идеяға ықпалы жөнінде айтыңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Горький М. Әдебиет туралы. - Алматы: Жазушы, 1984.
2. Горький М. Жастар және балалар туралы. - Алматы: Жалын, 1990.
3. Горький М. Ертегілер. - Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1951.
4. Горький М. Балалық шақ. - Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1954.
5. Маршак С. Балаларға. - Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1964.
5. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. - Алматы:

Мектеп, 1980.

6. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

2 тарау. С.СЕЙФУЛЛИН

Өлендері. С.Сейфуллиннің «Бандыны қуған Хамит»(1922), «Балалар»(1925), «Ананың хаты»(1925), «Келіншектің бесік жыры»(1926), «Анаға жауап»(1926), «Совпарттағы қарындасыма»(1926), «Пионерлер»(1929), «Маузер»(1929), «Біз комсомол»(1935), шығармалары кеңес кезеңінде балалар оқуына ұсынылды. Аталған шығармалар кеңес дәуіріндегі балалар әдебиетіне жаңа тақырып, жаңа мазмұн енгізді, оны социалистік құрылыс идеясымен жандандырды. С.Сейфуллин Омбыда оқып, білім алды. Ондағы орыс революционерлерімен қарым-қатынас жасады. 1917 жылы Ақмолада Кеңес үкіметін орнатуға қатысты. 1918 жылғы көтеріліс кезінде ақ гвардияшыл атаман Анненковтың қолында, Колчактың Омбыдағы концлагерінде азап көрді. 1919 жылы қашып шығып, Оңтүстік Қазақстанға өтті. Орынборда Қазақ республикасының басшы қызметтерінде болды. Сол себепті де С.Сейфуллин ұлттық әдебиетте тұңғыш рет азаттық сүйгіш, күрескер қаһарманның бейнесін жасады.

Төңкеріс кезіндегі және кеңес өкіметі енді орнаған тұстағы оқиғаларды «Маузер», «Бандыны қуған Хамит» шығармалары арқылы суреттеді. «Маузер» өлеңі Сәкеннің революциялық көзқарасын танытатын шығарма болғандықтан уақытында өз бағасын алды. Өлеңде Отаны, елі, өз халқының азаттығы үшін қан майданда ауыр жараланған азамат өзінің ақтық сөзін анасына, жас жарына, баласына, майдандас достарына арнайды. Оның Отанға

деген сүйіспеншілігі, қайсарлығы, жауға қаталдығы суреттеледі. Автор жас ұрпақтың алдына үлкен мақсат қояды, оларға сенім мен жауапкершілік арта сөйледі.

Жаңа құрылыстың алғашқы даму кезеңдерін әңгіме ететін «Бандыны қуған Хамит» әңгімесі өкіметке қарсы іріткі салу саясатын жүргізген бандылардың саясатын әшкерелеуге арналды. Композициялық құрылысындағы ерекшелік: оқиға желісі бірден басталып кетпейді. Автор алдымен айналамен, оқиға болатын жермен, шығармада суреттелетін кісілермен таныстырады. Банды бастығы мен оның ізіне түскен Хамиттің жүріс-түріс, мінез, сырт тұлға ерекшеліктері салыстырыла суреттелгендей әсер береді. Хамит портреті арқылы еңбекте, істе төселген азаматтың кейпі балаларға үлгі боларлық қалыпта суреттеледі. Әңгімеде күз айларының сұлулығына ерекше көңіл бөлінген. Табиғаттың әсем көріністері әңгіменің арқауы болып отырған оқиғаларға байланысты алынған. Пейзаждық көріністер негізгі кейіпкерлердің мінезі мен типтік бейнесін әр жақты аша түсуге қызмет еткен. Әңгіме композициясының шебер құрылуы осы жағынан көрінеді. Оқиға өзінің шарықтау шегіне жеткенге дейін кейіпкердің сырт тұлға, мінез өзгешеліктерімен де, пейзаждық көрінісімен де оқушысын әр алуан ойға түсіреді, қызықтырып, еліктіреді. Сәкен түрлі бейнелі сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді, метафораларды кеңінен пайдаланады. Аталған шығарма осы аталған ерекшеліктерімен де және тарихи жағдайлар, яғни өмірде болған оқиғалар жайында хабардар ету қасиетімен де бүгінгі уақыт кезеңінде құндылығын жоймақ емес.

Сәкеннің балаларға арналған өлеңдері баланың көз алдына болашақтың жарқын бейнесін, еркін өмір сәулесін елестіті. «Балалар», «Келіншектің бесік жыры», «Ананың

хаты», «Анаға жауап», «Пионерлер», «Біз комсомол», «Совпарттағы қарындасыма» өлеңдері осы тұрғыда жазылған. Алға қойған ізгі мақсаттар мен арманға жетуді көздеу керектігін ақын жас жеткіншектердің есіне салып отыруды мұрат тұтты. Жас ұрпаққа өнер-білімнің пайдалы жақтарын айтты. Жоғарыда аталған өлеңдері «болашақ тұтқасы - жас ұрпақ» деген ойды білдірді.

С.Сейфуллиннің «Балалар»(1925) деп аталатын жеңіл ұйқасқа құрылған ойнақы өлеңі бар. Баланың табиғат аясындағы тірлігін суреттейтін, 4 және 7 аралас буынды өлең.

Міне, дала...
Бір топ бала,
Жүгіреді айнала.
Мінген таяқ,
Жалаң аяқ,
Табандарын көк бояп.
Жұлып сасыр,
Салады асыр,
Аунап жерге көк жасыл.

Дегенмен, өлең соңының саяси сипатпен бедерленуінен («жас тұлымшақ, тап құлыншақ», «Совет - атаң, дүние - Отан», «Туың қызыл, көлемі ұзын») оның бастапқы бояу-нақышы солғын тартқан. Ақынның заман талабынан тысқары кетпегендігін 1926 жылы жазған «Келіншектің бесік жыры» өлеңіндегі мына бір шумақтан да байқаймыз:

Өңкей біздей зарлыға,
Кемдіктегі жарлыға,
Жаным менің ер жетіп,
Көсем болар ма екенсің?

Бағдарласақ, С.Сейфуллиннің «Келіншектің бесік

жырында» бөбектің тезірек ер жетіп, елге қамқор азамат болуы - басты тілек. Ал фольклорлық бесік жырында есейген баланың әкесі мен шешесіне қарайласуы басты тілектің бірінен саналады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. С.Сейфуллиннің «Маузер», «Бұлшық ет», «Балалар», «Келіншектің бесік жыры», «Ананың хаты», «Анаға жауап», «Бандыны қуған Хамит» шығармаларына бүгінгі күн тұрғысынан баға беріңіздер.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Сейфуллин С. Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: Мектеп, 1988.
2. Талжанов С. Сейфулланың Сәкені. -Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. - Алматы:Мектеп, 1980.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2 кітап. – Павлодар: Арман, 2004.

3 тарау. Б.МАЙЛИН

Өлеңдері. Халықтың бесік жыры, тұсау кесу жырлары дәстүрінде жазылған «Әлди»(Ана жыры)(1923), «Тәй, тәй... қаз, қаз...»(1923) өлеңдерінің мазмұны жас балаға тілек тілеу сипатында болғанымен, негізінен, ел өмірінің келеңсіз көріністерімен таныстырады, қазақ әйелінің мұң-шеріне ортақ етеді. Б.Майлиннің «Тәй, тәй...каз, қаз...» өлеңінің дәстүрлі фольклорлық тұсау кесу жырынан айырмашылығы, бұнда тілек шеше атынан айтылады. Халық бесік жырына ұқсайтын тұстары да бар. Мәселен,

баланың жарқын болашағына құрылған ақ тілекпен бірге, «ел сүймесе, сүймесін, өзім сүйген бөпешім» дегенге ұқсас тіркестер де ұшырасады.

Көз нұрым, көңілімнің қуанышы,
Кейпіңді жаман дейді қандай кісі...
Өзімнен басқа жері айныған жоқ,
Мұрнының әкесіне тартқан ұшы...

Халық бесік жырының дәстүрлі және суырып салма деген түрлері бар. Суырып салма бесік жырында от басы, ошақ қасындағы әйелдің күйініш-сүйініші, мұң-тілегі айтылатыны белгілі. Б.Майлин өлеңінде де шешенің бала күтудегі бейнеті, мұң-зары айтылады.

Шаршаймын, белім талып, әсіресе,
Ойнатып жетелеумен жүрсем біраз.
Қаншама көрдім, қалқам, бейнетінді,
Төрт бөліп, бір сен үшін түнгі ұйқымды.
«Кұдайға» жатсам-тұрсам зар етемін.

Ы.Алтынсарин өлеңінде ананың балаға деген қамқорлығы үшінші жақтан айтылса, Б.Майлин өлеңінде бірінші жақтан, ана атынан айтылады. Ана тілегінің бөлекше көрінетін жері де бар. Қосағының жәбіріне баласы үшін көнеді. Баласы өскенде есе қайтарына үмітті.

Қайтейін бір сен үшін жүрмін көніп,
Осыған жігіт болсаң, құдай беріп,
Шырадай сорлы көзім бір ашылар
Әкеңді билеп-төстеп алсаң ерік.

XX ғасыр басындағы, 20-30 жылдардағы авторлық бесік жырларының, тұсау кесу жырларының ерекшелігі, білімді азамат, дөкей қызметкер болуды тілек етуінде.

Молдаға оқытармын тілің шықса,
Шығарсың білікті боп оқу жұқса,
Дабылың ақырғанда жерді жарып,

Душпаның айбатыңнан басып ықса...

Өлеңде «тәй, тәй, тәй, қаз, қаз, қаз» деген қайталаулар орын алған. Қайталаулар 1 шумақта, 4 шумақта және 9 шумақта айтылады. Бірінші және төртінші шумақтағы «Тәй, тәй, тәй, қаз, қаз, қаз, Аяғын апыл-тапыл басқанға мәз» қайталаулары баланың қадамын қызықтауға қатысты қолданылған. Тоғызыншы шумақтағы қайталаулар болашақта жүзеге асатын шеше тілегіне байланысты төмендегіде өзгеріске түскен:

Тәй, тәй... тәй... Қаз, қаз,.. қаз,
Қуанып әжең сонда болмай ма мәз.
Әдилеп немеремді алдыма алып,
Отырсам келін жұсап, оқып намаз...

Б.Майлиннің «Әлди(Ана жыры)» деп аталатын өлеңі де халықтың дәстүрлі бесік жырынан мүлде өзгеше. Мұнда фольклорлық суырып салма бесік жырындағы сарын бар. Бесік тербетіп отырған ана бөпесіне мұңын шағады, зарын айтады, қорқынышы мен үрейін білдіреді. Өлеңде әлеуметтік теңсіздік мәселесі бой көтереді.

Әлди, әлди... әуіп бөпем, әлди-ай,
Сорлы әкенді малайлыққа салды бай.
Жарық сәуле көрсетпедің өмірге,
Қандай өшің болды бізде, әй, құдай.

Өлең кейіпкері құдайға реніш білдіреді. Сонымен бірге тағдырға бойұсынады. «Өмірімде бір бүтін көйлек кимедім» деп өз-өзін аяйды. «Сорлы жүдеп жүрген шығар ыстықта» деп күйеуін еске алады.

Әлди, әлди... Күйің-ай етінің,
Мына жері ісік пе, ойбай бетінің,
Тезек тер деп тағы мазаны алады,
Шырылдатып қиын тастап кетуім...

- деп балаға да жаны ашиды. Бірақ бай мен бәйбіше

алдындағы қорқыныш сезімі бұлардан үстем. «Әне, ойбай, дауысыңды бай есітті», «Келіп қалып ұрсар ма екен бәйбіше...» деп үрейленеді. Ендігі бір сәт «Қойшы, қалқам, емші мына маманды, сен де аяшы сорлы болған ананды» - деп жалынады.

Айқай дәурен. Билік болса басыңда,
«Әй!..» деп жұмсап ер отырса қасыңда,
Өсірмес пе ек қолдан бір кез түсірмей,
Қалқатайды сылап, сипап жасыңда...

Балаға күтім керек. Оны сылап-сипап өсіру керек. Бар гәп биліктің жоқтығында болып тұр. Билік болғанда, баланы мәпелеп өсіретін жағдай да болған болар еді.

«Қағынғыр»(Ананың ашуы)(1926) өлеңінде анасының баласына деген ашуын жыр тілімен өрнектейді. Бала тірлігіндегі кейбір көріністер «Ойынға, екіншідей баршы, кәне, төмпештеп әкелейін, төбеңді ойып!» деп келетін шеше сөзімен, оның ой-сезім, түсінігімен әдіптеліп беріледі де, бала өмірінен гөрі ересек адамның(әйелдің) характері мен ауыр тұрмыс жағдайынан сыр суыртпақталады.

Ертегі-поэмалары. Шығыс ертегісі сарынымен жазылған «Байшұбар» поэмасында адам мен аң характерінен ұқсастық табады:

Бар еді азаматтан бір қарақшы,
Өте епті ұрлықпенен ашқан көзін.
Жылында ететұғын бір ат олжа,
Жортағы, таңдамайтын болсын жорға,
Аңқаулау бір жолбарыс күшке сенген,

Аңдитын керуенді о да жылда. Автор туындыда адам ақыл-айласын жоғары қояды. Ұры түн қараңғысында жолбарысты шұбар ат деп қалады. Жолбарысқа мініп алып былай деп әндетеді:

Жаралған бір мен үшін, Байшұбарым,

Аласа аттан гөрі, тай шұбарым,
Кездесті иең сай боп, арманың жоқ,
Түзей бер шабысыңды, әй, шұбарым!

Батырлар жырындағы, нақтырақ айтсақ, «Алпамыс батыр» жырындағы Байшұбар шабысы еске түседі осы сәтте. Таң ата астындағы атының жолбарыс екендігі білінеді.

Ертегіде ұры мен жолбарыстың көңіл-күй, ойлары қоса-қабат беріледі. Екеуі бір-бірінен құтыла алмай қапаланады. Ақыры жолда бір терек кездесіп, жігіт соның бұтағына жармасып қала береді. Үстіндегі «пәледен» құтылып, тыным алып отырған жолбарыстың жанына маймыл келеді. Мән-жайға қанған маймыл батырсынып, терекке өрмелейді. Бұл тұсы «Қаңбақ шал» ертегісіндегі түлкі мен дәудің характертерін еске түсіреді.

Ағашқа маймыл келіп өрмеледі,
Ұрыға бұ да тыным бермеді енді.
Бұтақтан істеп алып мықты тұзақ,
Ұры да күтті: - «желсең, кел,»- деп енді.
Маймылдың келген тұсын біліп тұрды,
Тұзақты артқы аяқтан іліктірді.
Бар күшін қолға жиып тартқан кезде,
Маймылдың басы төмен, ал шыңғырды.

Маймыл даусын естіп, жолбарыс безе жөнеледі. Сөйтіп, адам жолбарыстан осылай құтылады. Жасалатын қорытынды мынау: ұрлық түбі - қорлық. Адам жолда кездескен қиындықтың бәрін ақылмен, еңбекпен жеңбек. Хайуаннан артықшылығы осынысында.

«Тазша баланың қырық өтірігі» үлгісінде жазылған Б.Майлиннің «Өтірікке бәйге» ертегісінде(1922) тазша бала мансапқор ханның жанды жерін дөп басып табу арқылы жеңіске жетеді де, хан алтынын олжалайды. Өтірікке бәйге

жариялаған хан әрекетінің ақылға сыйымсыздығын тазшаның «таяқ ұстап, мал соңында жүрген қайыршы шал сіздің әкеңіз еді, рас па, ханым, осыным?» дегеніне ханның тосылып, «рас» деп айта алмауы байқатады. Ханды тұқыртқан тазша бейнесі фольклорлық шығармадағы өз тұрғыласынан сөз қисынын таптық айырмашылыққа құру жағымен бөлекше. Б.Майлин өз шығармасында «жалшылықты» өз тегіне дарытқысы келмей, азар да безер болған хан мен қара халық өкілі -тазша баланың текетіресі арқылы күні өткен кешегі билікке заманы туған кедей-кепшік қажыр-қайратын қарсы қою талабын байқатады, және екіншісін болжамы дұрыс, тапқыр жан етіп көрсету нәтижесінде жаңа дәуір құрылысшысы жеңімпаз, жасампаз болмай қоймайды деген ойды тұспалдайды.

Сорлы шал арқылы автор хан қарауындағы соры қалың халық тұрмысына тұспал жасайды. Хан шындықты мойындағысы келмейді. Тазша бала көп шындықты айтқан жоқ. Сонықтан автор поэмасын «Аз ғана айтқан өтірікке алғаныңның бәрі алтын!» - деп түйіндейді. Кіріспеде автордың «Бәрін айтсам, кейін қайтсам, сөз ұзаққа кетеді» деп хандар зорлығын баяндауды доғаруы, қысқа қайыруы бекер емес.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Б.Майлиннің «Әлди(Ана жыры)», «Тәй, тәй, қаз, қаз», «Қағынғыр(Ананың ашуы)», «Қос жетім», «Кемпірдің ертегісі», «Байшұбар», «Өтірікке бәйге» шығармаларына тақырыптық, идеялық талдау жасаңыздар, бүгінгі күн тұрғысынан баға беріңіздер.
2. С.Сейфуллин мен Б.Майлиннің балаларға арналған шығармаларындағы дара және ортақ стильдік белгілерді айқындаңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Майлин Б. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-3 том. - Алматы: Жазушы, 1998.
2. Қазақ балалар поэмасының антологиясы. - Алматы: Арда, 2005.
3. Бесік жыры. –Алматы: Жалын, 1989.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. -Алматы: Мектеп, 1980.
5. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

4 тарау. І.ЖАНСҮГІРОВ

І.Жансүгіров және балалар әдебиеті. Қазақ балалар әдебиетін жасауға ең алғаш саналы түрде көңіл бөлген қаламгер - І.Жансүгіров. «Бізде балалар әдебиеті – жасалмаған әдебиет. Сондықтан менің бар ойым осы әдебиеттің жасалуына көмектесу еді. Бұл туралы біраз еңбектерім бар: «Балаларға тарту», «Балаларға базарлық» тағы басқалар. Бізде, әсіресе, техника, өнер жайында шығармалар туған жоқ. Енді бұл кетікке кірпіш қалауымыз керек дейміз»(2,193). Ілияс техника жайында өлең тудырды да. 1931 жылы жазған «Элеватор» өлеңі бала мен ересек адам диалогы үлгісінде беріліп, балаларды элеватордың сыр-сипатына қанықтырады. Бала сұрағы

Кеудесі кең,
Жегені жем,
Батырың.
Бойы зәулім,
Аты кім?

- делініп жұмбақ түрінде келсе, ағасының элеватор тұрқын танытатын жауабы жұмбақ шешуі болып табылады.

Ақынның тың пішін іздеу, түр табу нәтижесінде дүниеге келген аралас буынды (төрт және үш буыннан аралас келетін) бұл өлеңнің соңғы шумағы пафостық бояумен бедерленген. Өмір материалын тың формамен түрлендіріп беруге тырысқан ақын өлеңінде халық мұрасына деген сол тұстағы теріс көзқарастың салқыны да жоқ емес.

Ұқтым, аға.
Ата мұра.
Көрдей ұра.
Бітсін, ура
Біржола...

Ұраншылдық сипатқа ие «Элеватор» өлеңінің бұдан бұрынырақ, 1922 жылы жазылған «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз» өлеңдерінен көш төмен жатқандығын мойындамасқа болмайды. «Отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясының тақырыбы – социалистік Отан, елді индустрияландыру, ауылды колхоздастыру, жаңа ашылған өндіріс орындары т.б. болды. Адамды жырлау оның еңбегімен ғана байланыстырылды»(33,49). Бұл жағдайдың әдебиеттің көркемдік бағытына едәуір нұқсан келтіргендігі рас.

Жұмбақ демекші, ақынның 1930 жылы Қызылорда қаласында «Балалар кітабы» сериясымен шыққан «Жұмбақтар» жинағында 67 жұмбақ бар. Өнер мен техниканы түспалдайтын жұмбақтардың бұл жинаққа енуін Ілиястың жоғарыдағы айтқан «кетікке қаланатын кірпішті» қалыптауы деп түсінгеніміз жөн.

Аралас буынды өлеңнің көбеюі революциядан кейінгі дәуірде басталды, бұрыннан бар үлгілер түрленіп, тың машыққа көшті. Бұған Ілиястың «Бөбек бөлеу»(Ана жыры)(1926) өлеңі дәлел. Жеті және сегіз, арасында тоғыз буынды өлшеммен жазылған өлең халықтың «бесік жыры»

өлеңін еске түсіреді. Автор оны буын өлшемі жағынан түрлендіру арқылы ауыз әдебиетінің классикалық дәстүрін әрі қарай дамытады. Екі өлеңнің идеясы ортақ. Бөбектің ер жетуі, есті, елгезек болуы - басты міндет. Дегенмен,

Бөгелмей білім біл, бөбек
Білмесең білім бекер
Бет алдыңа кетерс
Елге есті ер кер
Ер жет!
Есей ертерек.

деген жолдары жаңа заманның соны сипатына лайықталып, оқу, білімді мансұқтайды, ел қамқоры болуын міндеттейді.

Ақынның «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз» өлеңдері - ойнақылығымен, көркемдігімен танылатын туындылар. «...Ақын табиғат пен адам байланысының диалектикасын көрсететін шығармалар шоғырын, өлеңдер циклін дүниеге әкелді. Бұлардың ішінде балалар талғамын ескеріп жазылған, ырғақты, сөздері ойнақы, жаттауға оңай, тақпақ үлгісіндегі «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз»(1923) өлеңдерінде жыл мезгілдері мен табиғаттағы өзгерістер еңбек әрекеттерімен сабақтас бейнеленеді»(34,124).

«Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз» өлеңдеріндегі жыл мезгілдерінің көрінісі ел тірлігімен ұштастырыла бейнеленеді. Ақын өлеңдері кіріспе, екі бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Кіріспесі «Ой, балалар, балалар» деген арнау сөзге құрылған. Бірінші бөлімде жыл мезгілдерінің өзіндік келбеті нанымды суреттеледі. Мәселен, көктем сипаты төмендегіше беріледі:

Ой, балалар, балалар!
Жыл-жылы жел соқты,
Жылғалардан су ақты.

Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті,
Жер қарайды - жаз кепті.
Желкілдейді көк майса,
Желіндейді мал жайса.

Екінші бөлім тугелдей ауыл тірлігін сипаттауға арналған. Лирикалық кішкентай кейіпкердің назарынан туғандарының іс-әрекеті де тыс қалмайды. Дегенмен, ауыл, елдің қайнаған тірлігі - басты назарда.

Ауыл көшті қыстаудан.
Әне! Апамдар қой сауған.
Құс ұясын түзеді,
Тайымды ағам күзеді.
Ел ешкісін қырқыпты,
Егіндерін жыртыпты.

Өлең қорытындысында «Ой, балалар, балалар, ойналық та күлелік!» деген жолдар ұсынылады да және автор балаларды сипатталып отырған мезгілдің ерекшелігіне сай әрекетке, яғни көктемде атқарылатын іске шақырады. «Жазғытұрым» өлеңі

Ой, балалар, балалар!
Ойналық та күлелік,
Қос басына мінелік.

-деп аяқталады. «Жазғы шілде» өлеңінің бірінші бөлімінде шілде айындағы ұзарып өскен көк шөп, оған тойынған марка - негізгі объектілер ретінде көрінеді.

Ой, балалар, балалар!
Шілдем, шілдем- шілде айым.
Шырлап торғай күн сайын.
Шұбар ала шешектер,
Шудаланған көк шөптер.
Жапырақтар жалпайды,
Жас қозылар марқайды.

Ұшты көкек сай құлдай.

Сайда пісті таңқурай.

Екінші бөлім екі жолдан тұрады. Ел-жұрт жайы айтылмайды. Бірақ адам тарапынан атқарылған шаруа айтылады.

Құрт, ірімшік қайналды.

Құлындар дабайланды.

Қорытынды бөлім бала кейпкердің тағы бір тілегін қамтуымен ерекшеленеді.

Нәйім, нәйім бауырсақ,

Ағын суға шомылсақ.

Ой, балалар, балалар!

Ойналық та күлелік,

Үйретіп тай мінелік.

Автор «Күз» өлеңінде мезгіл суретіне сараңдық жасайды.

Ой, балалар, балалар!

Қоңырқай күз болыпты.

Қурап жапырақ солыпты.

Есесіне елдің күзгі тұрмыс күйіне мол орын береді.

Ел егінін алыпты,

Ақ үзіктер жауыпты.

Ел күйекті шешіпті.

«Есепші айтты» десіпті.

Ел мектебін күтіпті.

Енді мая салыпты,

Ел күзекке қоныпты,

Қойшы қойды тоғытты.

Ауыл күзем алыпты.

Тоқтышақ тон бітіпті.

Қарап отырсақ, осының бәрі - көктем, жаз мезгілдеріндегі қарбалас тіршіліктің жемісі. «Жазғытұрымда» «Ел ешкісін қырқып, Егіндерін жыртса»,

«Күзде» «Ел егінін алып, ақ үзіктер жауыпты», «Жазғы шілдеде» «шудаланып көк шөптер, жапырақтар жалпайса, жас қозылар марқайса», «Күзде» «Ел маясын салыпты, қойшы қойды тоғытты, тоқтышаққа тон бітіп, ауыл күзем алыпты». «Күз» өлеңінің қорытындысы «Жазғытұрым», «Жазғы шілде» өлеңдерінің қорытындысы іспеттес.

Ой, балалар, балалар!

Ойналық та күлелік,

Енді оқуға кірелік.

«Ой, балалар, балалар!» түрінде тікелей арнауға құрылған бұл өлеңдерде жылдың әр мезгіліндегі табиғат көрінісі ауыл тірлігімен, соның ішінде балалар әрекетімен байланыстырыла суреттеледі. Дәстүрлі 7 буынды өлең үлгісіндегі өлеңдер саяси сипаттан ада. Аталмыш өлеңдердің құндылығы - табиғат құбылысын дәл, өмір шындығын адал көрсете білген реалистігінде. Демек, «Ойналық та күлелік!», «Қос басына мінелік!», «Үйретіп тай мінелік!», «Енді оқуға кірелік!» деген тілек І.Жансүгіровтен бастау алып отыр. Дәстүрді өзіндік мақсат-мүддемен жалғастырушы - І.Жансүгіров.

1922 жылы «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз» тәрізді өміршең өлеңдерін балдырғандарға сыйлаған ақын уақыт өте өзі үйренген, іштартқан арнасына қайта ойысады. Мәселен, ауыз әдебиеті дәстүрінде жазылған «Малта» өлеңі.

Көбігімді ұлы алды,

Қаймағымды қызы алды.

Қаспағымды мысығы,

Жуынымды күшігі.

- деген жолдарда

Көбелек келіп күмп беріп,

Көбігін ішіп ол кетті.

Жапалақ келіп жалп етіп,

Жарымын ішіп ол кетті
Қырғауыл келіп қиқу сап,
Қазан түбі қаспағын
Қырнап ішіп ол кетті.

- дегеннің ықпалы бары анық. «Түйе, түйе, түйелер» халық өлеңіне буын өлшемі жағынан да ұқсас. Еңбекті жырлаудың оңтайлы тәсілін ақын сәтті тапқан. Малтаның жасалу процесі жайында жас жеткіншектердің ынта қойып тыңдайтыны анық. Дәл осы әдіс «Шәркей» әңгімесінде де қолданылған. 1929 жылы суретті кітапша түрінде жарыққа шыққан «Малта» да, «Шәркей» де балаларды ауылдағы күнделікті өмір тірлігімен таныстырып қана қоймайды, еңбек ету белсенділігіне де шақырады.

І.Жансүгіровтің 20-30 жылдар балалар әдебиетіндегі ізденістері оның 1934 жылы жазылған «Мектеп» пьесасында тиянақталған. Бұл тұста «Қазақ совет балалар әдебиетіне пьеса жанрын ең бірінші болып енгізген де Ілияс еді. Оған дейін бұл қазақ балалар әдебиетінде болмаған жанр» дегенді(2,293) еске алудың реті бар. «Жазғытұрымда»(1922) «Ойналық та күлелік, Қос басын мінелік!», «Жазғы шілдеде»(1922) «Ойналық та күлелік, Үйретіп тай мінелік!», «Күзінде»(1922) «Ойналық та күлелік, Енді оқуға кірелік!» -дейді. «Бөбек бөлеуінде»(1926) ақын «Бөгелмей білім біл, бөбек»- деп бөбек келешегіне қатысты ой-арман, тілегін айтады.

М.Жұмабаевтың әже мен немере арасындағы диалогқа құрылған «Әже», «Немере мен әжесі» өлеңдері немересінің көп сұрағына жауап бере алмай қиналған әженің ақыр соңында «тек! - деп ем ғой, - тентек, тентек, мұны айтатын мектеп, мектеп!» деп тығырықтан шығу харекетін І.Жансүгіровтің «Мектеп» пьесасы еске салады. «Бұл пьеса балалар сахнасына арналған. Қай жастағы бала болса да

ойнауына болады. Қуыршақпен ойнауға да, балалардың өздері сахнада ойнауына да келе береді» деген түсініктемесі бар бір перделі бұл пьесада, әрине, халық ертегісі элементтері бой көрсетеді, олар қайталаулар түрінде де көрініс береді.

Әукен деген баланың «мектеп деген немене?» деген сұрағына апасы да, әкесі де, шал да, кемпір де жауап бере алмайды. Осы сұрағын пионерге қояды. Пионер толымды жауап береді. Бұл жауапты қуыршаққа да, апасына да қайталайды. Қуыршақтың қорытынды сөзімен пьеса түйінделеді:

Егер мектепте оқысаң,
Аэропланда ұшасың.
Автомобильге отырып,
Алыс жерге жортасың!

Автор пьеса кейіпкері балаға надан шал мен қоңыздан қорқатын жаман кемпірді сайқымазақ етіп, ақыр соңында оларды қуып шығуға апаратын «әдепсіздікті» таңады да, пьесаға қуақылық сипат дарытады. Жеткіншектің жүрегіне күлдіргі дүние арқылы жол таппаққа ниеттенген ақынның бағдары дұрыс болғанмен, арзан күлкіге құрылған жағдаяттың диалог нәрсіздігін туғызғандығы анық.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. І.Жансүгіровтің балалар фольклоры үлгілерін жинастыру саласындағы еңбегінің ерекшеліктері жөнінде айтыңыздар.
2. І.Жансүгіровтің «Малта», «Шәркей», «Мектеп» шығармаларына тақырыптық-мазмұндық талдау жасаңыздар.
5. І.Жансүгіровтің балаларға арналған өлеңдері мен әңгімелеріндегі дәстүрлі көркемдік тәсілдер жөнінде әңгімеленіңіздер.

6. I. Жансүгіровтің «Жазғытұрым», «Жаз», «Күз» өлеңдерін жаттаңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Жансүгіров. Құлагер. - Алматы: Жазушы, 1974.
2. Жансүгіров. Өтірік. (Төте жазудан аударылған). - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001.
3. Бесік жыры. –Алматы: Жалын, 1989.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. -Алматы: Мектеп, 1980.
5. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

5 тарау. М.ӘУЕЗОВ

Әңгімелері мен повестері. «Жетім» әңгімесі(1925) әңгімесі алғашқы рет «Таң» журналының 1925 жылғы бірінші санында «Қайғылы жетім» деген атпен басылады. Кейінгі жинақтарда «Жетім» деген атпен жарияланады. «Жетім» әңгімесіндегі басты кейіпкер - жас бала Қасым. Шығармада он жастағы жас баланың қиын тағдыры, аянышты халі берілген. Бұл шығармасында қаламгер бала ұғымын, сезімін беруде өзінше ізденіс танытқан.

Әңгіме үш салт аттының түн қараңғылығында қалың таудың ішіне бет алуын баяндаудан басталады. «Қара барқын тартып қараңғылана бастаған аспанда түксиген қатал қабақ, құлазып жүдеген иесіздік білінгендей. Үлкен жарықтың өшер алдында бір сөніп, бір лап етіп жанғанындай, күнбатыста жарқ еткен нажағай жарығымен күңгірт даланы әлденеге үміттендіріп тұрған сияқты». Әлдене - жетім бала Қасымның өмір мен өлім арасындағы халі. «Сол кезде иесіздікте жүдеу тартып, ұйқыға батып бара

жатқан даланы әнші жігіттің зар-мұңлы даусы ұзақ толқынды ырғағымен тербеткендей болды». Жүргіншілердің түнгі сапары мен жетім бала халін байланыстырып тұрған құбылыс бірнешеу. Олар: түнгі аспанның түксиген қатал қабағы, көз жасын төгуге дайын табиғат ажары және жауын қарсаңындағы нажағайлы аспан көрінісі. Тағы бір құбылыс - әнші жігіттің зарлы әні. «Ән кейде батқан күн мен бейуаққа қоштастырған үн сияқты». Батқан күн мен бейуақ жетім баланың басына түскен халді сездіріп тұрғандай.

Әңгімеде сюжеттік екі линия бар. Бірі - түнгі жолаушылардың өз сапарында ағашқа жабысып, қатып тұрған баланы көруі. Түнгі сапар мен баланы көру аралығында екінші сюжеттік линия өрілген. Қасымның әке-шешесі, әжесі өлгеннен кейінгі бүкіл өмірі көз алдымыздан тізбектеліп өтеді. Жүргіншілер көзімен бағамдасақ, қас-қағым сәт. Адам өмірі ұзынды-қысқалы жол. Дүниеге келісімен өз ықтиярсыз өлмекке бет алады. Демек, жалғыз-аяқ жолмен әкешешесінің бейітіне бет алған бала да ықтиярсыз. «Жүрегін қорқыныш басып, жалғыздық жеп келе жатқан баланы не бастап келеді? Жеті түнде айдап шыққан айдаушы кім? Айдаушы сол баланың тағдыры еді».

Қасым өмірінен көрген түсі ажарлы. «Қасым ұйықтаса, бақытқа жеткендей болып, өзін алдына алып сүйіп уатып, көзін сүртіп жүрген әке-шешелерін көруші еді». Қолдарына алған Иса деген ағайынымен оның әйелі Қадишадан көрмеген қорлығы жоқ. Иса Қасымның әке-шешесінен қалған отыз шақты қой мен он шақты қараны өз малындай бауырына басты.

С.Дөнентаевтың «Жетім» әңгімесіндегі Көркемтайға қарағанда Қасымда өр мінез бар. «Мен жетім емеспін бе? Менің малыма тигенің обал емес пе?» - деп жұрттан естіген сөзді айтуы - алғашқы қарсылық, ашу-ызаның сыртқа шығуы.

Келесісі - әке-шешесінің басына мал сойып апарып, құран оқытпақшы болуы. Иса мен Қадидша малды сойғызбай қояды. Соңғысы - өзіне төнген Исаны тізеден қара таспен ұруы. Жетім баланың қолынан келгені - оы. Енді оның Иса үйіне жолай алмасы анық. «Қазіргі Қасымның ойы, енді баратын қорған жоқ болғандықтан сол қораға барып, сол маңайда қалған жатақтарға жетіп, тау бөктеріндегі әке-шешелерінің басына барып, қабырын құшақтап жылау еді. Тау асатын жолда жалғыз келе жатқан зар еңіреген жетім бала Қасымды алып келе жатқан хал осы». Көркемтайдың көңіліне аз ғана уақыт жұбаныш Нағима болған болса, Қасымның жылағанда жұбататын ондай жанашыры болмады. Көрші-қолаң мүсіркеуден ары аспайды. «Маңайындағы көрші қатындар, сенімсіз топас шалдар: -Бала, малыңа ие болуға жарамайсың!.. Әй, сені Иса жейді ғой. Сенің малыңды күртады ғой. Ие бол! - деген сөздерді айтқыштап қоятын». Көркемтай жылап молаға қашатын болса, шешесінің бейітін құшақтап мұнын шағатын болса, Қасымда ондай мүмкіндік жоқ. Моланың шалғайда, қыстау маңында қалуынан бара алмаушы еді.

«Қасымға бұдан соңғы бір қайғы болып малды қарастыру, қозы бағу шықты. Аздан соң өзге балалар «тілазар, кәпір, бармайдды» деген атпен құтылып қалатын болып, Иса мен Қадидшаның бейілді қабағына ырза болатын күйге келген Қасым тезек теретін болды. Малдан кешке келіп сүрініп-жығылғанда болмаса Қасымға бостандық, еркіншілік жоқ еді. Кейде Иса өз балаларын: «олардың малы жоқ, малдың иесі - Қасым» деп қойып, олардың еріншектігіне өзі кұрық беріп, Қасымның бишаралығын ашық арамдықпен қақпай ғылып та қояды».

Көркемтай кұр жылай беруші еді. Қасым ашық қарсылық көрсетті. Оны бұған ширықтырған жоғарыда

көрген қорлығы. «Қасым енді барлық өзіне қарсы арналған арамдық, өгейлік құлық пен кәпірстан мінезді қабақтан, жарты сөзден ұғатын болды. Тұрған аулында бір адамнан мейірімді мінез көрмеген соң, ешбір жанмен сөйлеспейді. Күз күніндей жабырқап жүдеп, қабағы қатқан қайғыда. Сырт пішіні момын сияқтанады. Бірақ ішіне ылғи жетімсіреген жалғыздықпен бірге, дүниеге сенімсіздік, ешкімге жуымайтын жатбауырлық нығайып орнай бастады». Тау ішінде келе жатқан жетім балада зәре жоқ. «Бұдан кішірек күнінде көп естіген қараңғы сырлы әңгімелер болушы еді. Түнде кездесетін жын-шайтандар, кара түндей жалмауыздар... Сау адамды қағып кететін перілер. Бұлардың талай рет түн жүргіншілерін шошытқан, жындандырған көзіне көрініп елестеген әңгімелері кішкентай Қасымның көңіліне әбден қонып, онсыз да наукасты әлсіз хиялында мықты орын алып қалған...». Көз алдына неше түрлі құбыжық елестеген жетім бала «өлікке» айналады. Ағашқа сүйеніп қатып тұрған балаға үш жолаушы осылай кез болады. ««Қайғылы жетімнің» соңы: «Бұл Қасым еді. Бірақ қазіргі халді Қасым жетімдіктен, қайғы-зардан, ойын кернеген ызадан құтылған. Ол өлген екен» деп бітеді. Ал «Қараш-Қараш» жинағындағы «Жетімде» бұл үзінді: «Ол - өлік. Бірақ денесі әлі түгел мұздап та болған жоқ екен...» деп аяқталады. Бірінші үзіндіні оқығанда Қасымның өлімі оны өмір қыспағынан құтқаратын бірден бір жол дегендей, сол өлімді іште құптағандай ұғым тудырады. Үзіндінің соңғы редакциясында бұл жай біраз басқа тұрғыдан меңзелген. Қасым әлі құрып жығылып, жартылай өлік қалпында талып жатқанымен, оның денесі әлі түгел мұздап та болмаған. Сол мезетте үш салт атты жолаушы да жетіп Қасымды орталарына алды. Осы түйінде әңгіменің оптимистік әуені

сезілгендей.

М.Әуезовтің балалар әдебиетінен негізгі орын алатын шығармасы - «Көксерек» повесі(1929). Оны әлем әдебиетіндегі үздік классикалық шығармалармен салыстыруға болады. Әңгіме сюжеті Канада жазушысы Сетон-Томсеннің «Виннипег қасқырына» ұқсас. Есімі әлемге әйгілі жазушы Джек Лондонның «Қасқыр» шығармасы М.Әуезовтің аударуымен 1936 жылы жеке кітапша болып шыққандығын да айта кетуіміз керек. «Көксерек» повесі 1929 жылы «Жаңа әдебиет» журналының(қазіргі «Жұлдыз») екінші-үшінші нөмірлерінде жарық көрді. 1961 жылы орыс тілінде Мәскеуде «Серый лютий» деген атпен басылды.

Жас Мұхтар Ертіс бойындағы Керекуден кемемен Аққасқа, Сарықасқа деген екі тазы алдырады. Аққасқаны ағасы Ағзамға, Сарықасқаны Жағыпар Мағауияұлына береді.

Повесть кейіпкері Хасеннің прототипі - Мұхтардың ағасы Ағзам Әуезов. Қаладағы қызмет істейтін інісі - Мұхтардың өзі. Повестегі жер аты - Қараадыр - Бөрілі. Повесте Мұхтар Аққасқаны шетелден әкелдіреді. А.Әуезовтің «Бала Мұхтар» кітапшасынан Мұхтар мен Ахмет арасындағы диалогты келтірейік:

Аққасқаны Керекуден алдыртты деуге қимай тұрмын. -
Неге?

Ауыл арасы жақын ғой. Аққасқаны Хасен - Ағзам қалада қызмет істеп тұрған інісі арқылы шетелден алдырған десем әңгіме желісін байыта түскен болар едім. Ахмет «Көксерек» повесінің жазылуы жөнінде былай деп еске алады: «Аққасқаны Ағзам жетегіне алып, Мұхтар екеуміз де жараулы атқа мініп, талай аңға шыққанымыз, бірнеше көкжал қасқырды қуғанымыз, қызығына әбден батып,

соққанымыз бар.[...] Екі-үш қырдан асып кеткен Аққасқаның артынан шапқылай қуа жүріп, зорға жеткенімізде көкжалды алқымынан шайнай, айқасып тұрғанын талай көргенбіз. Сол көріністі Мұхтар «Көксерек» әңгімесінде дәлме-дәл көрсеткен. Ауылдың мал-жанына тал түсте қырғидай тиіп, бір тыныштық бермейтін талай қорқау қасқырлар Көксерек - Аққасқаның алғырлығынан қолға түсті. Бұл оқиғалар Мұхтарға көп-көп сырлы ой салды. Содан барып сегіз бөлімді Мұхтардың «Көксерек» әңгімесі туған-ды».

Шартты түрде повесть бөлімдерін «Күшіктер», «Тұтқын күшік», «Құрмаш және Көксерек», «Көксерек және ақ қасқыр», «Көксеректің күшіктері», «Қасқырлар», «Қасен» және «Аққасқа» деп атауға болады. Автор әңгімесін әр түрлі жабайы аңдардың мекен еткен жерлерін суреттеуден бастайды. Бұл тәсіл жыртқыш аңдар өмірі мен олардың күн көрісін айқындауға тірек болған. Әңгіменің композициясы мен сюжеті оқиғадан оқиға тудырып отырады. Жыртқыш аңдардың қомағайлығы жанды суреттер арқылы беріледі. Әңгімеде жыртқыш аңдар тірлігі мен қазақ жерінің сұлу табиғаты, ең байлығы сөз болады. Жазушы жаратылыстың көркем көріністерін әсерлі суреттейді.

Әуезовтің «Көксерегі»- тұтас философиялық шығарма. Туынды хайуандық тірлікті баяндаудан басталады. Итмұрынды қалың жыныс арасындағы қасқыр іні, ақ қасқыр мен көк шолақтың қызыл қозыны жәукемдеуі. Хайуандық тірлік - зорлықшыл тірлік. Аш құрсақ тілегін қанағаттандыру жолындағы тірлік. Бұл тірлік соңында хайуан ештеңеге қарамайды. Ақ қасқыр мен көк шолақтың дәл сол күнгі іс-қимылын есейген Көксерек сан қайталайды. Күшік кезінде есесі кеткен қара ала төбетті ақ қасқырмен

бірігіп, алдымен, жәукемдейді. Екі қасқырдан Қарадырдағы ел көресінді көреді. Ақпан, наурыз айларында үш-төрт түйе, әлденеше ит желінеді. Кедейлеу ауылдың он шақты қойын Көксеректің бір өзі өлтіреді. Топ қасқырдың басшысы кәрі шолақпен жемтікке таласып, ақыры оны Көксерек өлтіріп тынады. Көк шолақ көп қасқырға жем болады.

Көксерек бастаған атышулы тоғыз қасқыр жалғыз атты шаналы жүргіншіні қамайды. Жүргінші атты тастай салып қашады. Басқалары атты талап жей бастағанда, Көксерек бір-екі қаншықты ертіп алып, кісі соғынан қуады. Алдынан аттылар шығып айырып алады.

Көксеректің адамға ұмтылуы - өшпенділіктің салдары. «Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек ұрлық пен адал астың айырмасы не екенін ұға алмады. Біресе өздері беріп тұрып «же!»- дейді. Біресе сондай тамақты өзі тауып алып жеп жатса, ұрып салады. Сол себепті кей кездері алдына қойған тамақты да жемей, көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатушы еді». Адамдар Көксеректің інін ойран қылды. Тірсегінен қиылған жалғыз күшік қалды. Серігі ақ қасқырдан айрылды. Түйе үстіндегі шал Көксеректің артқы санын жаралады. Осының бәрі Көксеректің адам атаулыға деген өшпенділігін қоздырды.

Көксеректің адамға дос бола алмайтыны жөнінде ауыл үлкендері де, Құрмаштың әкесі де ескертеді.

«- Кәпір, қырыс, тағы емес пе! Кеудесін бермейді, жасымайды! - деп ауыл аңыз қылады.

Сонымен қатар Көксерек жайында ауыл-үйдің қатындары әр алуан өсек те таратып жүрді.

- Ұры. Асырасаң да мал болмайды. Тұқымы жау емес пе! - десті.

Кейбіреулер: «Түнде қозының құйрығын иіскелеп жүреді. Қойды үркіте береді. Түнде даланы жақсы көреді.

Иттен қорыққаннан ғана үйде жатады» деседі. Құрмаш бұл өсектің бәрін елемейді».

«Сол мінезін байқаған үлкендер - Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек: осы кәпір түбінде ел болмайды, - дейтін де болып еді. Бірақ Құрмаш көнбеді».

«Көксеректің бұл жайын байқап ап Құрмаштың әкесі: - Тұу, мына кәпірдің екі көзі жап-жасыл боп кетіпті-ау, тұқымын сезген екен мына жүзіқара, қой, балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық, - деп еді, Құрмаш бұл сөзге көнбеді». Бала тілазарлық жасады. Ел сөзін елемеу, үлкеннің, әкенің тілін алмау үлкен трагедияға душар етті. «Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті. Көксерек ырылдап тұрып, тісінің ұшымен қағып жұлып алып, басын шайқап өткенде, баланың бір жақ көзін қопарып алып кетті. Жүріп бара жатып, қылғып салды...». Бұл оқыс әрекет белгілі бір мәнге ие. Бала көзсіздігіне жасалған тұспал тәрізді көрінеді бізге. Бала көзсіздігі оның тәжірибесіздігінен, үлкендерді, оның ішінде әкені тыңдамаудан туып отыр.

«Иә, көпшілікке қарсы тұру ажалға қарсы тұрумен бірдей ғой. Өмірдің ащысы мен тұщысын бірдей татқан үлкен адам - әке қауіп пен қатерді тез аңғарып, қиядан шалады. Әке ойы мен сөзі шынайы өмірге жанасымды болса, оның айтқанын істеп, тілін алу балаға бірінші парыз екенін Мұхтар «Көксерек» әңгімесінде толық көрсете білген» - деп жазады Ахмет Әуезов. «... Көксерек бастаған бір топ қасқырлар өз ұяласы Көкшолақты бас салып, жұлқып-жұлқып жегенде Құрмашты - адамды жемей аяр ма? Мұхтардың қасқыр бөлтірігін адамның асырап, Көксерекке Құрмашты жегізуінде тағы да қыруар сыр бар, көп нәрсені, жауды аяған жаралы болатынын аңғартады». Құрмаштың трагедиялық өлімі жас баланың көңілінде

жақсылықтан басқаны ойламаған аяулы адал жанның бейнесін қалдырады. Әңгіме соңында кемпірдің қасқырды басқа тебуі - жай тебу емес. Бұл - шығарманың ширыққан, шешім тапқан тұсы.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. М.Әуезовтің «Жетім», «Көксерек» шығармаларының идеялық-тақырыптық ерекшеліктерін айтыңыздар.
2. М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесін С.Дөнентаевтың «Көркемтай», Қ.Кемеңгеровтің «Момынтай», «Жетім қыз» шығармаларымен салыстырыңыздар. Баланың ішкі жан дүниесін, психологиялық әлемін таныту Қасым бейнесінде қалай көрініс тапқан?

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. А.Әуезов. Бала Мұхтар. - Алматы: Жазушы, 1967.
2. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. - Алматы: Мектеп, 1980.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

ҮІ БӨЛІМ

1940-50 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

1 тарау. БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ - БІРТҮТАС КӨРКЕМ ПРОЦЕСС БӨЛІГІ

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында көптеген газет-журналдар өз жұмыстарын уақытша тоқтатты. 1941 жылы маусым айында «Балалар әдебиеті» журналының соңғы саны шықты. Қазақстанда шығып тұрған «Вожатыйға көмекші» журналы да тоқтады.

Қолдарына қару алып майданға аттанған орыс балалар

қаламгерлері А.Гайдар, Л.Кассиль, С.Михалков, Л.Пантелеев, В.Катаев т.б. болды. 1941 жылдың күзінде А.Гайдар қаза тапты. Соғыс кезінде елде С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, А.Токмағамбетов, Ә.Тәжібаев, Ш.Хұсайынов, М.Хакімжанова, М.Иманжанов еңбек етті. Ә.Сәрсенбаев, Д.Әбілов, Қ.Аманжолов, Қ.Әбдіқадыров, Б.Бұлқышев, С.Омаров т.б. қолдарына қару алып, майданға аттанды.

Соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі кезеңдегі қазақ кеңес балалар әдебиетінің көтерген мәселесі - соғыс зардаптары салдарынан өздерінің балалық, жастық шағын жоғалтқан балалар, жастар тағдыры жайлы болды. Үш жүйеде өріс алды: біріншіден, жау тылында партизандармен бірге жүріп Отан үшін алысқан, ерлік көрсеткен, көп қасірет шеккен жасөспірімдер мен балалар ерлігі, олардың тағдыры сөз болды. Екіншіден, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, Б.Бұлқышев сияқты жастардың ерлігі жайлы туындылар өріс алды. Үшіншіден, майданды қарумен, жылы киіммен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп тұрған тылдағы ата-аналар мен балаларға арналған еді.

Соғыстан кейінгі жылдарда қазақ балалар драматургиясы жанданды. 1945 жылы Алматыда «Жасөспірімдер театры ұйымдасты. Театр 1946 жылы бірінші рет М.Ақынжановтың «Алтын сақа» пьесасымен ашылды. 1948 жылы М.Иманжановтың «Жас өмір» пьесасы қойылды. Жасөспірімдер театрының репертуары М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин», Ш.Хұсайыновтың «Көктем желі», «Алдар Көсе», «Есірткен ерке», «Біздің Ғани», Қ.Сатыбалдинның «Аягөз ару», Р.Райымқұлов пен Қ.Исабаевтың «Ашынған жандар» пьесаларымен толыға түсті.

Соғыстан кейінгі уақытта балалар әдебиеті саласында

ғылыми-зерттеу жұмысы кең қанат жайды. Балалар әдебиеті баспасы жанынан Балалар кітабы Үйі ашылды. Бұл лаборатория әдістемелік және библиографиялық құралдар шығаруды жүзеге асырды. 1952 жылдың сәуір айында балалар әдебиеті бойынша Бүкілодақтық мәжіліс(совещание) өткізілді. Кеңес балалар әдебиеті сыны дамуындағы жаңа кезең 50-жылдардың ортасынан басталды. 1953 жылдан бастап Балалар кітабы Үйі кеңес балалар жазушылары жайында сын-библиографиялық очерктер сериясын шығара бастады.

Балалар мерзімді баспасөзі ел өміріндегі маңызды оқиғаларға ұйымшылдықпен үн қосып отырды, мектеп, пионер өмірі жайында хабарлаумен болды. «Вожатыйға көмекші» журналы 1946 жылы «Пионер» деген атпен қайта шыға бастады. «Дружные ребята», «Мурзилка» журналдары шығып тұрды. 1958 жылдың шілдесінен бүлдіршіндер мен сәбилерге арналған «Балдырған» журналы жарық көре бастады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 1940-50 жылдардағы қазақ балалар әдебиетінің даму сипаты жөнінде әңгімелеңіздер. Соғыс кезеңі және соғыстан кейінгі кезең балалар әдебиетінің негізгі мазмұны мен тақырыптары жөнінде айтыңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Қаназов М. Чика - Дабылдың баласы. - Алматы:Балауса, 1993.
2. Соғыс және жеңіс. – Алматы: Балауса, 1995.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. -Алматы: Мектеп, 1980.

2 тарау. Б.БҰЛҚЫШЕВ

Баубек және балалар әдебиеті. Соғысқа қатысқан жас жазушы Б.Бұлқышев өзінің «Заман, жастар, біздікі», «Жауыздық пен махаббат», «Өмір мен өлім туралы», «Мен өмір сүргім келеді», «Шығыс ұлына хат» сияқты публицистикалық еңбектерінде майдандағы жас адамның жүрек тебіренісін әңгімелейді. Туған жерін сүйе білген азаматтың дұшпанға деген кегі де, замандасына арнаған өмір туралы сыры да осы мақалаларда қамтылған. Екінші дүниежүзілік соғыс ХХ ғасырдың бел ортасындағы тарихи оқиға болса, сол тарихи жағдай Б.Бұлқышевтің көптеген шығармаларын өмірге әкелген фактор деп айта аламыз.

Баубек Бұлқышевтің балалар әдебиетін жасауа қосқан үлесін оның «Октябрь балалары» газетіндегі(бұрынғы «Қазақстан пионері», қазіргі «Ұлан») әдеби қызметімен және ондағы жарияланған еңбектерімен таразылаймыз. Баубектің Отан соғысына дейін жазған шығармаларының денін өлеңдері, әңгімелері, очерк, фельетон, мақалалары мен аудармалары құрайды. Солардың ішінде балаларға арнап жазған шығармалары бір төбе. Балалар газетінде жұмыс істеген соң балаларға арнап шығарма жазбаудың еш мүмкіндігі жоқ. Әрі сол кездегі әдебиетіміздің балаларға арналған шығармаға деген зәрулігі айқын бой көрсеткен еді. Баубектің Кеңестер Одағы, Мәскеу, Кремль, Ленин жайындағы өлеңдерінің тақырыбын заман талабы белгіледі.

Баубектің балалар әдебиетіне назар аударуы балалар газетіндегі қызметімен байланысты болса да, оның заман тыныс-тірлігіне қатысты сезімталдығы айрықша атап өтуге тұрарлық. Жаңа қоғам ұрпағын тәрбиелеуде жеткіншектер әдебиетінің ролі жоғары екендігін түсінген зерделі жас оның іргесін нығайтуға жан-тәнімен кірісті. Шығармаларында ауыз әдебиеті мен Махамбет, Ыбырай,

Абай орнықтырған арна-дәстүрлерді жалғастырды. Уақыт ерекшелігіне лайық жаңа форма, жаңа бейне жасауға талапталды.

Баубекте Ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңімен тақырыптық жақтан үндес жатқан «Оқушы жыры», «Сабағымды бітірдім» атты өлеңдер бар. 7-8 буынды болып келуімен де ұқсас. «Оқушы жыры» өлеңіндегі

Оқыған сайын жоғары
Шыңға өрлей беремін.
Қанша оқысам соншама
Маңайымды көремін

- деген шумақ лирикалық бала кейіпкердің оқуға ынтыққан көңілін танытады. Қысқа ғұмырында көп оқып, көп білуге ұмтылған Баубек мұраты осы жолдардан-ақ аңғарылады. Ыбырай өлеңіндегі лирикалық кейіпкер - ересек адам. Ол жас жеткіншекті оқу-білімге, өнер үйренуге шақырады. Өнер-білім жаңалығын айтып тамсанады. Ал Баубек өлеңдерінің лирикалық кейіпкерлері — жеткіншектердің өзі, нәзік жанды бүлдіршіндер. Мәселен, «Сабағымды бітірдім» өлеңінде фотосуретке түсіретін - бала кейіпкер.

Тоқта, әй, жолдас! Тұра тұр!
Бейненді қазір түсірем.
Қазір даяр болады,
Қалмайды бес минуттен.

Баубек өлеңдерінің кейіпкерлері ғылым жаңалығын пайдаға асырады және бұл істе өз үлестері бар екендігін жариялайды.

Химияның ғылымын,
Сүйіп сонша оқыдық.
Міне, ұшырдық, жазда біз,
Ауаға шарды толтырып.

Шарықта, үш көкке шар!

Механигің біз балалар.

- деп өз жетістіктерін мақтаныш етеді.

Халық ауыз әдебиеті дәстүрін үлгі еткен ұзақ өлеңі «Құтты қонақ» деп аталады. Мұнда «Қобыланды батыр» жырындағы Құртқаның сипатын еске салатын өрнек бар.

Мені көр де елімнің

Еркелеп өскен ерін көр.

Ақ алтынды Алтай бар,

Алтайды көр де кенім көр

Жез атасы - Жезқазған

Жезінен жұпар аңқыған,

Жездіні көр де, жерім көр.

Осы ретпен туған жер реңін, оның байлығын, кемеңгер ұлдарын әспеттейді. Бала мінез-құлықтарында ортақ қасиет, сипаттар көп, сондықтан бала жүрген жерде бір-біріне ұқсас жайттар жиі қайталанып жатады. Жаздың ыстық күнінде қалың киім киіп, жұрт тәлкегіне ұшыраған бала персонаждар бізге С.Мұқанов, Б.Сокпақбаев шығармалары арқылы таныс болғанымен, бұлар - мақтаншақтықтан зиян шеккендер. Ал Б.Бұлқышевтің «Ұялдым» әңгімесінің кейіпкері қамқоршы атасының қыстауымен шілденің ыстық күнінде күпі мен бөрік киіп дағдыланған жан. Әрі өз-өзінен сескеніп, үрейі ұшып жүретін қорқақ. Чеховтың «Құндақтағы адам» әңгімесін оқып, өзін соның бас кейіпкеріне ұқсатады. Ұялу себебі де содан. Кейіннен мінезіне жаңалық, өзгеріс ену себебі де содан.

«Лагерьден қайтқанда» әңгімесінде Ертіс жағасындағы лагерьде танысқан Төлеген мен Нұраның өмірге құштар көңілдері бала оқырманға берілетіндей ойнақы бейнеленген. Оқу-білімге деген ынтызарлық олардың достықтарын берік ете түскен. Әңгімеде балалар физикаға іждаһатпен көңіл

бөледі. «Қорқынышты түс» әңгімесінде жас жеткіншектің сыннан өтетін пәні - география. Түсінде Дон өзенінің қойған сұрақтарына Ақан жауап бере алмай қалады. Қорқынышты түсі төмендегідей өріс алады:

Ашуланды, долданды Дон,
Ақан досты қолға алды ол.
Көтеріп ап теңізге атты,
Қайран Ақан суға батты.

Абайдың Лермонтовтан аударған «Теректің сыйы» деген өлеңіндегі Терек өзенінің «долдануы» адам мінезіне ұқсап, жансыз табиғат жандандырыла суреттелген болса, осындағы «ашулы» Дон да тірі кісінің қылығын көрсетеді.

Б.Бұлқышевтің Махамбетке еліктеп жазған «Жүріп келе жатырмын» және «О, ерлер-ау, ерлер-ау!» өлеңдері де бар. Бұл екі өлеңдегі Махамбет толғауларының сарынын бірнеше арнада қарастырған жөн сияқты. Бірінші, Баубек пен Махамбет өлеңдеріндегі идея бірдейлігі тұрғысындағы үндестік. Екінші, екі ақын жырларындағы кейбір сөз қолданыс ортақтығына байланысты ұқсастық. Үшінші, көтеріңкі пафостың, жігерлі үннің болуы. Отан соғысы ХХ ғасырдың бел ортасындағы тарихи оқиға болса, сол тарихи жағдай Б.Бұлқышевтің көптеген шығармаларын өмірге әкелген фактор деп айта аламыз. Екі ақын да халқын сүйді. Сүйіспеншіліктерін екі түрлі жауға қарсы бағытталған қимыл-әрекеттерімен де, жалынды жырларымен де танытты. Екі ақын шығармаларында аралары бір ғасырдан астам уақытпен бөлектенетін оқиғалар шындығы жырланады. Екеуі де ел тәуелсіздігін ойлады, халықтың сәулелі өмірге жетуін аңсады. Махамбет өз арманын ұлт-азаттық көтеріліске қатысу арқылы жүзеге асыруға тырысса, Баубектің ынта-жігері Кеңестер Одағына шабуыл жасаған фашистік Германияны жеңуге, Отан қорғау мақсатына

бағытталды, сол мақсатта ақын қолына қару алып, майданға аттанды. Баубектің «Жүріп келе жатырмын» өлеңіндегі

Күнде жүріс, күнде ұрыс
Батысқа кетіп барамын.
Жағаласып жауменен
Алысып кетіп барамын.
Өлім кешіп, қан кешіп
Кетіп бара жатырмын.
Туын ұстап елімнің
Қауіпті кезең жерлерден,
Өтіп бара жатырмын.

- деген жолдарындағы лирикалық кейіпкердің тірлігі Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңіндегі ерлер ісіне сай. Махамбет өлеңі «ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер салған» азаматтың әрекет ету мақсатын («қалың қарындастың қамы» үшін) түспалдап қана жеткізсе, Баубек өлеңі лирикалық қаһарман алдына айқын мақсат қояды:

Тағдырың үшін, о, елім,
Тағы жүрем, тағы да...
Ер кеудесін оқ алмас
Аттанған ел арына.

Әрине, халық үшін үлкен қимылға бару жайы Махамбет ақынның басқа өлеңдерінде ажарланып көрінеді. Бірақ бұл өлеңіндегі ерлердің де тегіннен-тегін «түн қатып жүрмегені» белгілі.

Махамбеттің «Күн болған», «Күн қайда?» атты өлеңдерінің бар екендігін еске ала отырып, Баубектің алғашында «Күн туған» аталып, кейін «О, ерлер-ау, ерлер-ау!» деп өзгертілген өлеңі «Жүріп келе жатырмын» туындысына қарағанда өз ұлтының азаттығын көкसेген ақын ағасының көңіл-күйімен анағұрлым орайлас, жақын

үндестікте туған деп айтамыз.

Екі ақын да арыстандай айбатты ерлерімен мақтанады. Махамбет Исатайдай ерден айрылған халқы үшін қапалы. Баубек Исатайға ұқсас арыстандай айбатты ерлері бар халқы үшін қуанышты. Махамбеттің «Күн болғанында» өткен күннің азалы бейнесі елес берсе, «Күн қайда?» өлеңінде халық үшін қайта айналып келер шуақты күн жырланады. Махамбет ақын сол бір өткен күндерді аңсайды. Өлең жолдарынан ақынның халқына, туған жеріне деген ыстық махаббаты, атадан балаға жалғасқан салт-дәстүрге деген құрметі сезіледі. Шалғынға байланған бие, балдай тәтті қымыз - дәстүр айшықтары десек те болғандай. Ақын салған осынау көркем сурет көз алдыңнан тізбектеліп өтіп, көңілге оптимизм ұялатады.

Оптимистік көңіл-күйге Баубектің «Жүріп келе жатырмын» өлеңі де жетелейді. Өлеңдегі «жағаласып жауменен алысып кетіп барамын», «ерегісте, ұрыста», «қайыспастай туған ер» сөз қолданыстары жыраулық поэзиямен сусындаған Махамбеттің отты өлеңдерін бірден еске салады. Тіпті 7-8 буынды өлең түрінде болып келуімен де туыстас. Жыраулық және жауынгерлік поэзияны дамытқан Махамбет жырларының игі ықпалы, әсіресе, «О, ерлер-ау, ерлер-ау!» өлеңінен анық байқалады. «Еділге бүгін жау шапты», «Еділ бетін боятты», «күн туды ер басына», «күн туды ат басына», «арғымаққа ер батты», «бекінейік сертпенен жағасында Еділдің», «арыстаным, айбаттым» дегендеріндегі сөз айшықтары мен тіркестері - бізге Махамбет жырлары бойынша көзтаным. Баубек бұларды өз заманының келбетін танытуда қолданды, оларға жаңа мазмұн, өзгеше өң берді. Баубек «ежелгі ерке, ер Еділ» дей отырып Махамбет жырлаған Еділ жайында әңгіме етіп отырғандығын байқатқысы келгендей. «Ежелгі дұшпанның

ел болмайтындығын» еске түсіретін бұндағы «ежелгі» сөзін ол жаңаша қолданады. Демек, Б.Бұлқышев өзі егжей-тегжейін таныс білетін оқиғаны әсерлі бейнелеу мақсатында Махамбеттің тіл қазынасынан өзінің идеялық-эстетикалық көзқарасына сай келетін сөз қатарын асқан талғампаздықпен іріктеп алып, еркін пайдаланған. Қайткен күнде де Б.Бұлқышевтің қарастырылған бұл екі өлеңінің Махамбеттің қай толғауымен болсын үндес жатқандығын аңғару қиын емес. Екі суреткер өлеңдеріндегі стильдік тұрғыдағы туыстық нышан айқын. Махамбет шығармаларынан байқалатын көтеріңкі пафос, асқақ арман Баубек өлеңдерінде де бар. Махамбет өлеңдеріндегі романтикалық пафос ұлт-азаттық көтерілісі мақсатымен ұштасып жатса, Баубек өлеңдерінде ол Отан қорғау мақсаттарына байланысты туған.

Бергенінен берері көп жасқа келіп жеткенде қыршынынан қиылған Баубек қазақ балалар әдебиетінің даму тарихында жеткіншектер әдебиетін дамытуға бағытталған шығармашылық еңбегімен өз ізін мәңгілікке қалдырып кетті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. М.Өтемісұлы мен Б.Бұлқышев өлең-жырларындағы тақырыптық-идеялық үндестік жайында айтыңыздар. Ақын шығармаларының өршілдік рухын дәлелдеңіздер

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Б.Бұлқышев. Заман біздікі. - Алматы: Жалын, 1984.
2. Б.Бұлқышев. Адамзатқа хат. - Алматы: Санат, 2005.

3 тарау. Ж.ЖАБАЕВ

Өлеңдері. Жамбыл - өлең-жырды лезде шығарып айтатын суырып салма импровизатор ақын. Ұшқыр ойлы, өткір тілді ақын. Ақын шығармашылығында оқу-білім, еңбек, Отан туралы жырлар маңызды орын алады. Жамбыл поэзиясы - жігерлі, жалынды саяси, лирикалық жыр. Ақын кез келген тақырыпты өзінің ойы, сезімі, үміті, ішкі дүниесі, сыры етіп жырлайды. Жамбылдың «Шәкірт балаларға», «Атаның әлдиі», «Балама хат», «Жеңіс жырын жырландар», «Жаңа жыл сәлемі», «Жүз жасаған жүректен», «Ленинградтық өрендерім», «Өнердің өсуі», «Балаларға», «Жастық жыры», «Бесік жыры» т.б. өлеңдері балалар әдебиетінен өзіндік орынға ие болды. «Шәкірт балаларға» өлеңінде ақын балалар алдына үлкен міндеттер қояды. Өзін ұялы бәйтерекке, биік шынарға балайды. Жасыл жапырақтай жамырасқан бөбектерді биік шынардай болуына тілек білдіреді. «Балаларға» өлеңінде балалардың өмір жалғасы екенін мақтанышпен жыр етеді. «Бесік жыры» өлеңінде балалардың бақытты өмірін қуана жырлайды.

Жамбыл жазбайды, әндетіп ауызекі орындайды. Оның ақындық құрал - домбыраны пайдаланады. Ол - көркем саяси поэзияны жасаушы.

Жамбылдың балаларға арналған өлеңдерінің басты міндеті өз ұрпақтарының патриоттық рухын көтеру болды. Соғыс жылдарында жазылған Жамбыл өлеңдерінің патриоттық ролі жастар үшін мейлінше ықпалды болды. Алғадай армияға алынғанда «Аттандыру» атты өлеңі дүниеге келсе керек.

Алғадайым арлы едің,
Ата сөзін сыйлаған.
Перзентімнің алды едің,
Көңілімді қимаған.

Аттандырдым майданға,
Аман-есен жүр балам!

Майданда Алғадай ерлік көрсетеді. Бөлім бастығы Жамбылға арнап хат жазады. Алғадайдың өзі де әкесіне хат жазады. «Балама хат» өлеңі арқылы баласына қарт ақын жауапты міндеттер жүктейді.

Жамбылдың аталмыш «Балама хат» өлеңі майдан газетінде жарияланады. Майдан жауынгерлері атынан Ә.Нұршайықов 1943 жылдың наурыз айында «Тыңдаңыз, ата, ұлдарыңыздың үнін» деген атпен жыр жолдайды. Бригада жауынгерлерінің ерлігін жеткізеді. Жауынгерлердің хатына Жамбыл өлеңмен «Жүз жасаған жүректен» деп жауап қайырады. Жамбыл жастарды мақтаныш ете жырлайды. Өйткені жігер де, күш те, қайрат та солардан табылады. Жастарға осындай сенім арта сөйлеу олардың патриоттық сезімдерін шындай түседі. Ақын оларды қандай қиыншылық болса да табандылықпен жеңіп шығуға үндейді. Олардың жігерін тасқындататын халқы барын және бұл халық атынан айтылып отырған сөз екенін еске салады.

1943 жылдың жазында Алғадай ерлікпен қаза табады. Алғадайдың өліміне Жамбыл қатты қайғырады. Ендігі жұбанышы немересі Қуаныш болады. «Атаның әлдиі» өлеңін Қуанышқа арнайды.

«Жеңіс жырын жырлаңдар» өлеңінде балаларға басқыншы жау мақсатын түсіндіреді. «Ленинградтық өрендерім» өлеңінің кәріге де, жасқа да, балаға да қаншалықты рух беріп, олардың жігер-қайратын тасытқаны бүкіл әлемге әйгілі.

Жамбыл шығармашылығының негізгі мотивтері мен идеялық, тарихи тамырлары Асан қайғы, Бұқар, Махамбет т.б. поэзиясында ғана жатқан жоқ, көне заманғы эпоста,

тарихи жырларда, ертегі, аңыз әңгімелерде.

«Жаңа жыл сәлемі» өлеңінде екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі бейбіт жылдарды еске алады. Бейбіт өмірді аңсайды. Бейбіт өмір үшін жан аямай күресуге шақырады. Жамбыл «Жаңа жыл сәлемі» өлеңнің шумағын, ұйқасын жаңаша қиыстырады.

«Жамбыл шығармашылығының басты ерекшелігі - ақын өлең-жырларының айналадағы өмірдің әрбір елеулі құбылысына дереу үн қатып отыру нәтижесінде туатындығы. Және халық ақыны бар оқиғаға жазба ақыннан гөрі әлдеқайда бұрынырақ назар аударып, үн қатады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ж.Жабаевтың балаларға арналған өлеңдеріне идеялық-тақырыптық және көркемдік ерекшеліктер тұрғысында талдау жасаңыздар. Таңдауларыңыз бойынша екі-үш өлеңін жаттаңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Дастан ата(Жамбыл Жабаев туралы естеліктер). - Алматы: Жазушы, 1989.
2. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. -Алматы: Мектеп, 1980.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

4 тарау. С.МҰҚАНОВ

«Бақташының баласы» повесі. С.Мұқановтың «Бақташының баласы» повесі 1953 жылы жазылған. Повестің бас кейіпкері - он жасар Жандос. Жазушы бас кейіпкердің мінезін, батылдығы мен адамгершілігін қиын-

қыстау қауіпті сәттерде сынайды. Повесть «Қазаға ұшыраған құнан», «Қақпандағы қасқыр», «Аянышты лак», «Жаралы құлын», «Бөлтіріктер», «Көкшолак», «Аңды адам жеңеді» атты жеті тараудан тұрады. «Қазаға ұшыраған құнан» тарауы 1929 жылдың күзіндегі оқиғаны баяндаудан, яғни, мұғалімнің сырқаттанып қалып, колхоз председателі Шынболаттың мектеп оқушыларын егін жинау жұмысына шақыруынан басталады. Сол балалардың арасында Жандоста бар. Жандостың атасы Бектас қой бағады, әжесі Бүбі орталықтың сиырларын сауады, әкесі Қамбар - жайлауда жылқы бақташысы, шешесі Бәтия егін жинау жұмысында. Көршілес колхозға ұзатылған туған апасына Жандос жұмыстан соң барып қайтпақ болып, Шымболаттан колхоз құнанын сұрап мінеді. Апасының аулына барып келгеннен кейін құнанды тұсаулап қоя береді. Тұсаулы құнанды қасқыр жарып тастайды. «Егер ол құнанды Шымболаттан сұрап мінбесе, мінген құнанды түнде тұсап жібермесе, құнан мұндай қазаға ұшырамас еді[...]. Соны айтып, Жандос қайтадан өксіп жылауға айналды...».

Жандос боркемік емес, аса сезімтал бала. Кәдімгі қатардағы ауыл баласы. Оның басқа балалардан артықшылығы, ол, бәлкім, өз қателігін мойындай білуінде. Оның бойында аяушылық сезімі, үй малына деген қамқорлық басым. Қазаға ұшыраған құнан үшін де, қасқыр тартқан лак үшін де, жараланған құлын үшін де көз жасын төгеді, бірақ боркеміктікке, сарыуайымға салынбайды. Осы оқиғалардың барлығы бала бақташыны ширықтыра түседі. Повестің кейінгі тарауларынан шындала түскен Жандосты көреміз.

М.Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі танымдық сипат бұнда да бар. Қақпан басуға қар жаудың қажеттігін, қасқырдың ең залалдысы - ұрғашысы екендігін және тағы

басқа жағдайларды Жандос атасы Бектастан естіп біледі. «Көксеректе» Құрмаш үлкендер сөзін елең қылмаған болса, Жандос болған оқиғадан сабақ алуға қауқарлы, естігенін, көргенін, білгенін айтып отырады, іс қылады. «Атам айтушы еді, - деді Жандос Қалқаманға, - «Егер бөлтіріктерінің тірсегін қиып тастап кетсең, қасқыр ол маңайдан бөлтіріктерін алысқа тасып әкетеді де елдің малына тимейді» деп...».

«Көксерекпен» жақындастыратын тағы бір тұсы - қасқыр алатын иттің болуы. «Көкшолақ» тарауында Бектас шалдың арыстандай дүрегей иті Алыпсоқ пен Жолбарыс суреттеледі. Әсіресе, Жолбарысқа қатысты автор қызықты суреттемелер жасайды: «Ал, Жолбарыстың мінезі өзгеруі ме, әлде байлауға ызалануы ма, енді кісіге үріп ұмтылатын дағды шығарды».

«Жандостың бір қайран қап тұрғаны - төңіректегілер желіккенмен, Жолбарыс желікпейді, айғай-шуға тек басын ғана көтеріп қойып, шөке түскен қалпында көзін жұмып жата береді».

Аудармалары. С.Мұқанов аударма саласында да еңбектенді. Навтедждің «Балалар»(1953), В.Осееваның «Васек Трубочев және оның жолдастары»(3-кітабы, 1955), шығармаларын қазақ тіліне аударды. С.Мұқановтың үнді жазушысы Навтежден аударған «Балалар» әңгімесі жетім балалар, қорғансыз, панасыз балалар тақырыбындағы шығармалар қатарын толықтырады. «Қызметші кішкентай кескінді қара қыз, мұнда кел сен! Сүт ішпеген туған үйінді таба алмаған Престо, мұнда кел!.. Менің мектептес досым Башира, мұнда кел!.. Сенің жүрегіңнің жасырын түкпірінде жарқын қиял бар, барына мен сенем. Соқыр шешеннің жарық сәулесі - Каму, сен де кел мұнда!.. Газет сатқанмен, аштықтың құшағынан шықпаған кішкене қыз, сен де кел!..

Өмірің искустводан, дене өнерінен, биден айырып, бәтінке жұлығына үңілдірген Раму сен де кел!..». Аталған балалардың әрқайсысының өміріне автор жеке-жеке үңіледі. Олардың тірлігі бір-бірінікіне ұқсамайды. Бірақ тағдырлары бірдей. Өмір ауыртпалығы олардың еңсесін басуда. Әр баланың тағдыры аяушылық туғызады. Автор тарапынан аяу сезімінен гөрі, олардың болашағына деген сенім мол сезіледі. Сондықтан да өз жанына қол бұлғап шақырады. «Өмірімізді ойдағыдай құру өз қолымызда» деген ой айтады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. С.Мұқановтың балаларға арналған шығармаларындағы түйінді ойдың неде екендігін дәйектеніздер. Шығармаларының тәрбиелік мәні туралы пікір айтыңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. -Алматы: Мектеп, 1980.
2. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2- кітап. - Павлодар: Арман, 2004.
3. С.Мұқанов. Өмір мектебі. 1, 2, 3 кітап. - Алматы: Жазушы, 1970.
4. С.Мұқанов. Алтын аймақ. – Алматы: Жазушы, 1988.
5. С.Мұқанов туралы естеліктер. - Астана: Елорда, 2001.
6. Осеева В. Васек Трубачев және оның жолдастары. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1954 -1-кітап, 1955 - 2-кітап, 1955 -3-кітап.

5 тарау. Ғ.МҮСІРЕПОВ

«Қазақ солдатты» романы. Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдатты» романы - қазақ әдебиетіндегі әскери тақырыпқа жазылған алғашқы шығармалардың бірі. 1943-1944 жылдары Ғ.Мүсірепов Б.Бұлқышевтің соғыс тақырыбына жазылған мақала, очерктерін қазақ тіліне аударып жүрді. Демек, бұл күрделі тақырыпты жазуға жазушының өзіндік шығармашылық тәжірибесінің дайындығы (оған очерктері, мақалалары, аудармалары көзқарастарында жер мен көктей айырма табиғи даму үстінде шебер көрсетілген. 4-шіден, «Қазақ солдаттының» тілі көркем, кестелі сөз өрнектеріне бай. 5-шіден, романды ажарландырып тұрған тағы бір өрнек өрнек - жеңіл әзіл, ащы мысқыл. Юмор мен сатира жау жақтың іс-әрекеттерін бейнелегенде жиі қолданылған.

Романның басты кейіпкері салған жерден өз атынан сөйлейді. Романды оқи бастағанда бір топ баланы жинап алып, өзінің бастан кешірген ерлік істерін айтып отырған Қайырғалидың өзін көргендей боласың. Романның тілі жеңіл. Жазушы диалог сөздер арқылы да баладағы балалық мінез бен оның психологиялық өзгешеліктерін айқын таныта білген. Өмір талқысының кемесінде келе жатқан баланың алдағы мақсаты - оқу. Шеген мен Бораш та Қайырғали сияқты тұрмыс талқысының ауырлығына мойымайды. Балалардың балалар үйіне орналасуы олардың жұпыны өміріне қосылған зор бақыт және болашақ армандарының бірінші басқышы еді. Ана мен баланың сағынышқа толы кездесуін өрнектейтін суреттемеден ананың асыл қасиеттері көрінеді. Коммунада тәрбиеленіп білім алған Шеген ұшқыш болып аспанға шарықтаса, Бораш Москва консерваториясында атақты әншілердің қатарында жүреді. Олардың өмірдегі өз орнын табуы - романның алдына қойған игі мақсаты, көркемдік шешімі.

жатады) ықпал етті. Сондай-ақ, осы жылдардағы орыс әдебиетіндегі соғыс тақырыбында жазылған шығармалардың(Шолоховтың «Олар Отан үшін алысты» романы, Эренбургтің, Полевойдың, Ванда Василевскаяның соғыс кезінде жазған шығармаларының) ықпалы, әсері болды.

Шығарманың бас кейіпкері, Керчь, Қырым майданындағы көзге түскен барлаушы Қайрош Сарталиевтің прототипі - Кеңес Одағының Батыры Қайырғали Смағұлов. Жазушы бастапқыда Қайырғали Смағұловтың ерлігін очерк желісі етті. Кейін бұл шағын повеске, одан романға айналды. 1945 жылы «Қазақ батыры» деген атпен «Майдан» альманағында повесть түрінде жарияланды. Жазушы «Қазақ батыры» повесін, «Қазақ солдаты» романын жазу барысында өз кейіпкерін Атырауға ізеп барып, Қайырғалимен кездесіп, кейін Алматыға шақырып алып әңгімелескен. Материалдарды терең де мұқият зерттеген ол өзінің суреткерлік шеберлігінде олардың логикалық жағынан керекті деп тапқан мәліметтерді ғана пайдаланғандығы байқалады.

Ғ.Мүсірепов повесі «Қазақ солдаты» романына дайындығы іспетті. Бірнеше жыл өткеннен кейін жазушы орыс әдебиетіндегі екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбына жазылған туындылардың тәжірибесін үйреніп, кейіпкерлермен қайта кездесіп және жұртшылық сынын ескере отырып, бұл шығарманы түгелдей жазып шықты. Шығарманың толықтырылған жаңа нұсқасы 1949 жылы «Солдат из Казахстана» деген атпен орыс тілінде жарық көрді. Келесі жылы «Қазақ солдаты» деген атпен қазақ тілінде роман болып басылып шықты.

Ғ.Мүсірепов өмірдегі Қайырғалиды повеске, романға сол күйінде көшіре салмаған. Көркем шығарманың негізгі объектісі - адам. Көркем образ жасалмаған жерде шығарма құрғақ фактілер тізбегіне айналады. Ұлы Отан соғысы

кезіндегі халық басындағы ауыртпалықты жеке кейіпкерлер тағдыры арқылы көрсету мақсатында жазушы әрбір оқиғаны жалаң баяндамай Қайроштың көкірек көзінен өткізуге, сол арқылы характерлердің арақатынасын ашуға ұмтылады. Автор романда Қайрошты типтеніріп, біртұтас тұлға жасауға көп көңіл бөлген.

Романның басты кейіпкері салған жерден өз атынан сөйлейді. Роман 10 жасар баланың бағып жүрген бір табын сиырын тастап қалаға қарай қашып келе жатуынан басталады. Балалар үйіне түсіп тәрбиеленеді. Өмір талқысының кемесінде келе жатқан баланың алдағы мақсаты - оқу. Шеген мен Бораш та Қайырғали сияқты тұрмыс талқысының ауырлығына мойымайды. Балалардың балалар үйіне орналасуы олардың жұпыны өміріне қосылған зор бақыт және болашақ армандарының бірінші басқышы еді. Ана мен баланың сағынышқа толы кездесуін өрнектейтін суреттемеден ананың асыл қасиеттері көрінеді. Романның тілі жеңіл. Жазушы диалог сөздер арқылы да баладағы балалық мінез бен оның психологиялық өзгешеліктерін айқын таныта білген.

Қайроштың өмір жолының әр тұсында түрлі адамдар кездеседі. Мүрсейіт милиционер, Марья апай, балалар үйінің бастығы шығарманың басында ғана көрініп қалып қояды. Шеген, Бораш сияқты достары жас Қайроштың адам ретінде қалыптасып жетілуіне айтарлықтай әсер етеді. Коммунада тәрбиеленіп білім алған Шеген ұшқыш болып аспанға шарықтаса, Бораш Москва консерваториясында атақты әншілердің қатарында жүреді. Олардың өмірдегі өз орнын табуы - романның алдына қойған игі мақсаты, көркемдік шешімі. Соғыс басталғанда шекара күзетіп жүрген Қайрош өз еркімен сұранып майданға аттанады. Оның алдында Отан қорғау мақсаты тұрды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдатты» романының шығармашылық тарихы жөнінде әңгімелеңіздер. Романдағы жасөспірім бейнесінің берілу ерекшелігі жөнінде айтыңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 3-кітап. – Павлодар: Арман, 2004.

6 тарау. С.БЕГАЛИН

Әңгімелері мен повестері. С.Бегалиннің балаларға арналған әңгімелері мен повестерін тақырыбына қарай Ш.Ахметов бес топқа бөледі. Аңшылық, мал шаруашылығы, мичуриндік агробиология тақырыбындағы шығармалары, тәрбие мәселесін көтеретін және екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі тыл мен майдан өмірі туралы туындылары. Жазушы соғыс жылдары қызмет бабымен Аягөз ауданына барады. Сол жақта ителгі асырап, саятшылық жасайтын Сәтжан деген баламен танысады. «Сәтжан» повесі осы кездесуден соң жазылады. Сәтжан бейнесі талапты баланың іс-әрекетін көрсетуге арналған. Мектеп оқушысы Сәтжан жазда колхоз бұзауын бағады. Аңшы атасы Серікбайға еліктеп, құсбегілікпен айналысады. Табиғат тағысы қыран құс ителгіні үйретеді. Тау қыранымен аң аулайды. Сәтжан туған өлкенің сыр-сипатымен танысады. «Таңбалы тастағы» әр алуан суреттер мен тастар Сәтжанды үлкен ойға қалдырады. Талапты бала аңшылықты өлкетану ісімен байланыстырады. Сәтжан алдында аңшылық өнерден жоғары мақсат пайда болады. Оны қиясына қыран, қыналы бетіне тарих ұялатқан зәулім жартастар құпиясы қызықтыра бастайды. Повесть балаларға арналған

әдебиеттің Бүкілодақтық конкурсында жүлде алады. Орыс, армян, азербайжан, өзбек, корей т.б. тілдерге аударылады.

«Бала мерген» повесіндегі Уаш әке жолын қуып аңшы атанады. Әкесі соғысқа кеткенде үй іші тірлігін арқалап қалады. Повесть «Таныстыру», «Алғашқы елік», «Сілеусін», «Қалаумен барып қасқыр атқаны», «Аюмен жекпе-жек», «Таутеке жорығы» деп аталатын тараулардан тұрады. Шығарма кейіпкерлері - он төрт жасар Уаш, укесі Нұрқасым, шешесі Әймен, милиция бөлімшесінің бастығы Исаев, Ыбырайым қарт, Жанжігіт атай, Қалиев, Чуғунов, Мұқан, Уаштың қарындасы Дариға. Повесте жер-су атаулары мол: Қырық құдық белдеуі, Алтай тауы, Сарымсақты өлкесі, Қоскемпір биігі, Тазқара биігі, Үлкен Нарын, Балтақалған тауы, Текше тауы, Шыбынды бұлақ, Сармойын құздары, Ақжар биігі т.б.

«Көксегеннің көргендері» повесіндегі Көксеген - маралшы бала. Ол дала сырын жақсы біледі. Оның далада көргендері - замандастары үшін таңғажайып хикая. Көксеген көп нәрсені көреді, ойға түйеді, көкірегіне байлайды. Көргендері мен түйгендерін жас оқырмандармен бөліседі. Повесте аңшылық кәсіп, жер, егін шаруашылығы өзара байланыста әңгімеленеді. Шөп шабуға шыққан балалар табиғат құбылыстарымен танысады, аңшылықтың қыр-сырын танытатын тосын оқиғаларды бастан кешіреді.

«Шопан даңқы», «Төлбасылар», «Сұрапылда», «Керкиік», «Будан», «Қозышы Нұрман», «Жылқышы» әңгімелерінің тақырыптары - мал шаруашылығы. Мектеп балалары оқуды мал бағумен тығыз байланыстыра жүріп, өмір таниды. Тәжірибелі шопандардың жұысын балалардың алдына үлгі етеді.

«Жас бұтақ» әңгімесінде Жұмақан деген бала өзі өсірген апорт алмасын Артеkte танысқан достарына жібереді. «Қант бұршақ» әңгімесіндегі Зуфар Артеkteгі

достары арқылы қант бұршақ ұрығын алдырады, оны өсіреді. «Мектеп бағында» әңгімесінің кейіпкері Ерден ағаш отырғызумен айналысады. Аталған әңгімелерде жолдастық, достық, қоғамдық еңбек мәселелері көтеріледі.

С.Бегалиннің бірсыпыра әңгімелері ерке балалар қылықтарын әшкерелейді. «Сымбатты Сима» әңгімесіндегі Сима - еңбек етуге құлықсыз жан. Сабаққа да атүсті қарайды. Өзгені менсінбейтін тәкаппарлығы және бар. Әңгімеде баланың тәрбиесі ата-анаға тікелей байланысты деген ой айқын. «Жаңғалақ» повесінде тентек баланың түзу жолға түсуі, тәрбиеге көнуі оқиға желісіне алынған. Жаппарбек деген бала жаңғалақтығынан тосын оқиғаларға тап болып жатады. Содан Жаңғалақ атанады. Қаладағы қазыналық оқудан демалысқа Дойырбай келеді. Жаңғалақ Дойырбайға ілесіп қалаға кетеді. Жаңа мектепте жетістіктерге жетеді. Фабрика-заводтар үшін мамандар даярлайтын мектепке қабылданады. Қазақ баласының оқуға деген құштарлығын ояту, оқу-білімге шақыру және бұзықтық, тентектіктің өрге бастырмайтынын аңғарту - шығарма идеясы.

Соғыстан кейінгі жылдардағы балалар әдебиетінің негізгі тақырыптары тыл мен майдандағы ерлік істер жайында болды. Соғыс жылдарында 11-14 жастағы балалар ересек адамның барлық жұмысын атқарды. Арбамен астық, пішен тасыды, мақта терді, қызылша тазалады, бұзау бақты, жылқы қайырды, есепші болды. Бұл жастағы балалар майданда ерекше маңызы бар тапсырмалар орындайды. С.Бегалиннің тыл мен майдан өміріне арналған шығармалары нақтылы оқиғаларға құрылды.

Тарихта есімі қалған тұлғалар жайындағы биографиялық шығармалар да – балалар әдебиетінің мұрасы. Соғыстан кейінгі балалар әдебиетіндегі көрнекті

қайраткерлер туралы шығармалардың қатарында С.Бегалинның «Шоқан асулары» повесі де бар. Жазушы ғалым есімін Семейде оқып жүрген кезінде естиді. Кітапхана, архивтерден Шоқан жайында материал жинайды. Ғалымның туыстарымен әңгімелеседі. «Шоқан асулары» повесінде автор беймезгіл заманда туып, заманның қыспағына түскен, жарқын талантымен, алғырлығымен қараңғы түнекті жарып өтуге ұмтылған адамның өмірін, балалық, жастық шағын нанымды әңгімелейді.

Поэмалары. С.Бегалиннің «Қыран кегі»(1940) поэмасы да аңшылық, құсбегілік тақырыбын көтереді. «Тінейге түскен құс», «Қыран ұясында» деген бөлімдерге бөлінеді. Қысқаша сюжеті төмендегідей: Сарытаудың сыртынан ағып жатқан Ойтүндік өзеніне киіктің текесі су ішуге келеді. Сұрмерген атпақ болып көздей бастайды. Сол кезде аспаннан алып қыран ұшып келіп, киікті бүріп әкете жөнеледі. Тіней құсты қолға түсірмек болады. Киік жүнін сыртына қаратып тон қылады. Тінейді қыран құз басына алып ұшады.

Ақ үрпек жалғыз балапан,
Ашып аузын қыранға.
Шырылдады талпынып,
Құмар екен тірі аңға!
Тіней жатты талықсып,
Тастады бүркіт әкеліп.
Бауырына басып баласын,
Қыран да шөкті ұяға,
Жатыр Тіней қозғалмай,
Тас үңгір, тар ұяда

Тіней құстан құтылудың барлық айла-амалын жасайды.
Бөкеннің терісінен арқан жасайды. Құстың сирағына

байлап, онымен бірге ұшады. Күспен бірге қарағайдың басына ілініп қалған Тінейді әкесінің досы құтқарады. Поэмадан адамның ақыл-айласы жақсы көрінеді. Тінейдің ептілігі, жүректілігі бала оқырманға үлгі. Поэмада төзімділік пен жүректілік дәріптеледі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. С.Бегалин шығармаларындағы түйінді ойды анықтаңыздар. Шығармаларының тәрбиелік мәні туралы пікір білдіріңіздер.
2. С.Бегалиннің «Бала мерген» повесін С.Мұқановтың «Бақташының баласы» шығармасымен салыстырыңыздар. Екі шығармаға бүгінгі күн талабы тұрғысынан өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. С.Бегалин. Сәтжан. - Алматы: Жазушы, 1979.
2. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. - Алматы: Мектеп, 1980.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 3- кітап. – Павлодар: Арман, 2004.
4. Қазақ балалар поэмасының антологиясы. - Алматы: Арда, 2005.

7 тарау. М.ИМАНЖАНОВ

Шығармалары. Әдеби творчествосын соғыстың қиын кезеңінде бастайды. Саналы өмірін баспасөз маңында өткізді. «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясында әдеби қызметкер, кейін әдебиет бөлімінің меңгерушісі болды. Денсаулығына байланысты өзі сұранып «Пионер» журналы редакциясына бөлім басқаруға ауысады.

М.Иманжановтың тәлім-тәрбиесін көрген балалар қаламгерлері: Б.Соқпақбаев, М.Әлімбаев, С.Сарғасқаев, Қ.Мырзалиев, Ә.Дүйсенбиев, Қ.Ыдырысов, С.Баязитов, Н.Сералиев т.б.

М.Иманжанов туындыларына өмір сүйгіштік рух, пафос, сыршылдық тән. Бұл жағынан С.Ерубаев пен Б.Бұлқышевтің өмір сүйгіштігін, бақыт пен ерлікті жырлайтын романтизмін жалғастырды. Сол замандастары тәрізді Мұқан да өмір туралы, бақыт, ерлік жайында толғанды, көп жазды. Ол ерлікті жалаң патетика емес, адам бойындағы игі сезімдердің, намыстың, азаматтықтың көрінісі деп таныды. Оның шығармаларынан сезім байлығы мен романтикалық көңіл күйі қатар орын алады. Ол балаларға арналған шығармаларын Отан соғысы тақырыбынан бастады. «Шал», «Ақша», «Бала қаны», «Даладағы от», «Жыртық дәптер»(1945), «Адам туралы аңыз»(Қ.Жармағамбетовпен бірігіп жазған) әңгімелері 1942-1945 жылдары жазылған. «Жол үстінде»(1948), «Ораз бен Боря»(1948), «Кітап»(1949), «Жас шебер»(1950), «Талап»(1951), «Бөбек»(1951), «Кішкентай көрші»(1951), «Коммунизм мүйісі»(1951), «Кондуктор»(1952), «Қорқақ»(1954), «Бес»(1954) әңгімелері баланы оқуға, алдағы зор мақсаттарға ынталандыру, еңбекке, іске үйрету, олардың өрісті талабын шыңдай түсу мәселелеріне арналды.

М.Иманжанов әңгімелерінің кейіпкерлері қарапайым жандар, тігінші, сауыншы, троллейбустың кондукторы, телеграфшы болып келеді. Олардың бәрі өз қызметінде қоғамдық пайдалы іске үлес қосады. Бүлдіршіндер үшін істелген және істеліп жатқан игі істер сөз болады, бөбектердің өмірі суреттеледі. 1948-1952 жылдар аралығында жазған «Коммунизм мүйісі», «Кондуктор», «Талап», «Бөбек», «Кішкентай көрші», «Ораз бен Боря»,

«Жол үстінде», «Жас шебер» әңгімелерінде жазушы балалардың ішкі жан-дүниесіне еркін бойлайды. Шығарма кейіпкерлері - өмір қозғалысына сай қимыл жасайтын оптимист балалар. Олар өздерін үлкен өмірдің кішкентай кірпішіндей сезінеді.

М.Иманжанов өз шығармаларында мектеп жұмысын өндірістік оқумен, өмірмен тығыз байланыстыра жүргізу мәселесін көтереді. «Алғашқы айлар» повесінің(1950) әдебиет әлемінде принциптік жаңалығы болды. Шығарма бастапқыда «Ауыл мұғалімі» деген атпен «Пионер» журналында басылды. М.Иманжанов «Алғашқы айлар» повесінде ауыл мұғалімінің өмірі туралы жазды. Мектеп мұғалімінің әр алуан мінезін бейнеледі. Жақыпбек мұғалімнің іскерлігін, табандылығын үлгі етеді. Жақыпбектің белсенді іс-әрекеті ауыл мәдениетін көтеруге, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға жұмсалады. Ол мектеп пен өмірдің байланысын көтеру, балаларды еңбекке баулу ісіне бастамашы болды. Мектеп пен отбасы, мектеп пен колхоз арасындағы байланыс жайы әңгіме етіледі. Автор мектеп жұмысының өмірмен тығыз байланысты болуы оқушылардың білімін тиянақты, тұрақты ететінін және оларды іскер азамат етіп шығаруға баулитынын дәлелдеп берді. Оқу процесімен қатар балалық шақтың алуан түрлі сәттері, бала психологиясындағы ерекшеліктер шынайылықпен көрсетіледі.

М.Иманжанов өз шығармаларында адам деген ұлы атты ардақтауды, оның бай сезім күйін жазды. Жазушылық пафосы мен творчествосының өміршең рухы жағынан М.Иманжанов Саттар Ерубасов пен Баубек Бұлқышевке ұқсайтын еді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. М.Иманжановтың 1942-1945, 1948-1954 жылдар аралығында жазылған әңгімелеріне тақырыптық, идеялық, көркемдік ерекшеліктер тұрғысында талдау жасаңыздар.
2. Соғыстан кейінгі кезеңдегі балалар повестерінің тақырыптық ауқымын анықтаңыздар. Қазақ жазушылары повестерінің көркемдік-идеялық ерекшеліктерін танытыңыздар. С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, С.Бегалиннің, М.Иманжановтың балаларға арналған шығармаларындағы дара және ортақ стильдік белгілерді айқындаңыздар. Шығармаларының сипатын қазіргі заман тұрғысынан бағамдаңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Иманжанов М. Алғашқы айлар. - Алматы: Жазушы, 2003.
2. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. -Алматы: Мектеп, 1980.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 3-кітап. – Павлодар: Арман, 2004.

ҮІБӨЛІМ

1960-80 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

1 тарау. ПРОБЛЕМАЛАР, ІЗДЕНІСТЕР, ЕСІМДЕР

Бұл дәуірде балалар ақын-жазушыларының шығармашылық белсенділігі артты. Қаламгерлер қатары молайды. Балалар әдебиеті жанрларының барлық түрі дамыды. Оған «Жалын» жастар баспасының, «Балауса» балалар баспасының ашылуы, «Жалын» баспасының жанынан балалар мен жасөспірімдерге арналған жылма-жылдық жабық бәйгенің ықпалы да зор болды.

«Балдырған», «Ұлан», «Ақжелкен» газет-журналдары өз қарқындарынан жаңылмады. 1956-1985 жылдар аралығында 1937-1938 жылдардағы қиянаттардың зардабын жоюға ниет жасалды. С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтердің есімдері тарихқа қайта оралды. Ө.Тұрманжанов жазушылық жолын жалғастыра бастады.

1988-1989 жылдары Алаш ақын-жазушыларының өмірі мен шығармашылығын зерттейтін комиссияның шешімі бойынша Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов ақталды.

1966 жылы «Балалар әдебиеті» журналы өз жұмысын қайта жандандырды. 1978 жылы Мәскеудің «Детская литература» баспасының кеңестік балалар әдебиетінің көрнекті өкілдері шығармашылығына арнап «Вслух пр себя» атты 2 томдық шеберханалық кітабына Қазақстаннан М.Әлімбаев «Вечно самим собою недовольный» аталатын мақаласымен қатысты. Ақынның «Аспандағы әпке» жыр жинағына 1985 жылы Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы берілді. М.Қабанбай Андерсен атындағы халықаралық сыйлық алды. Балалар ақын-жазушыларының шығармалары халықаралық кітап жәрмеңкелеріне қатысты, шетел тілдеріне аударылды.

Қазақ балалар поэзиясының ішкі жанрлары байыды, бала характерін ашатын әдеби әдіс-тәсілдер молайды. Бұл кезде жалаң үгіт, насихат тежеліп, бала характері алдыңғы планға шықты, балалар лирикасының мазмұны байыды. Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, М.Жаманбалинов, Қ.Мырзалиев, Ә.Дүйсенбиев, Ж.Смақов сияқты ақындар бірыңғай балалар әдебиетіне маманданды. Олардың танымдық-тәлімдік шығармалары балалардың қиялына қиял қосты. Аталған талантты ақындар ісін 70-жылдардың басында Қ.Баянбаев, Ж.Кәрбозин, Е.Өтетілеуов,

А.Сопыбеков, С.Қалиев, Е.Елубаев тәрізді дарынды жас буын өкілдері іліп әкетті. Балалар поэзиясы жанр жағынан да, мазмұн жағынан да түрлене түсті. 60-70 жылдар аралығында анаграмма, шарадалардан бастап лирикалық, сатиралық, фантастикалық поэма, ертегі, ертегі-поэма үлгілері пайда болды. Шығармашылық салмағы әдебиеттің өзге саласында жатқан Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, Ғ.Қайырбеков, Т.Молдағалиевтар балалар поэзиясын өркендетуге атсалысты. А.Сәрсеков, Е.Ерботин, Ә.Нарымбетов, Б.Серікбаев, С.Оспановтар қазақ балалар поэзиясының табалдырығын аттады.

60-80 жылдар қазақ балалар ақындары творчествосы балалар поэзиясының өзіндік ішкі сырларын терең түсінуімен, оны ойдағыдай меңгеруімен ерекшеленеді. Олардың өлеңдері ой-пікірдің нақтылығымен, сөз ойнақылығымен әсерлі келеді. Бала еңбегі, оның ой-пікірі, әрекеті көркем поэзия тілімен өрнектелді.

Балаларға арнап өз шығармаларын С.Бегалин, Б.Соқпақбаев, С.Сарғасқаев, М.Дүйсенов, М.Ғұмар, С.Қалиев, С.Жұбатыров, М.Қабанбаев, Ә.Төреханов, Б.Қойшыбаев, С.Асылбеков, М.Айымбетов, Б.Ыбырайымов, Н.Мұраталиев, Н.Ақышев, Б.Әділов, С.Дүйсенбиев, Қ.Қазиев және т.б. ұсынды. Таптық-төңкерісшілдік сарындар жібіп, балалар әдебиетінің мұраты - баланың жан сырын тануға ұмтыла бастады. Шығармалардағы басты мәселе - кейіпкердің жан-дүниесіне үңілуге тырысушылықты аңғарамыз. Тіршілік дүниесі бала кейіпкер көзімен беріледі. Ата-анасы, әйтпесе, мектеп ұжымы, достар арасындағы психологиялық конфликт өрістейді. Шығарма кейіпкерлері - жазушылардың балалар өміріне жаңаша қарай бастауының куәсі.

Жоғарыда аталған қаламгерлер балалар әдебиетіне өздерінің балалық өмірбаян сырын әкелді. М.Қабанбаевтың «Бақбақ басы толған күн», «Арыстан, мен, виоленчель және қасапхана», Қ.Қазиевтің «Үркер», С.Жұбатыровтың «Жасыл сағым», М.Айымбетовтың «Бар болғаны он төрт жас», «Көлге шомылған ай», Б.Қойшыбаевтың «Сенім» повестері - мектеп оқушылары өмірінен жазылған шығармалар. Балалық шақ пен жасөспірімдік сәт аралығындағы өтпелі кезеңді бейнелеуді мақсат еткен бұл шығармалар балалар әдебиетіндегі соны ізденістің жемісіне жатады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 60-80 жылдардағы балалар әдебиетінің даму дәрежесі. Жанр, түр, стиль, дәстүр мен жаңашылдық тарапындағы ізденістер.
2. Балалар поэзиясының тақырыптық сипатын анықтаңыздар. Балалар ақындары өлеңдерінің қазақ балалар әдебиетіне әкелген жаңалығы, көркемдігі жайында әңгімеленіңіздер.
4. Қазақ балалар прозасындағы басты тақырыптарды атаңыздар. Өздеріңіз оқыған шығармалардың тақырыптарын анықтаңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Қазақ балалар поэзиясының антологиясы. - Алматы: Жалын, 1977.
2. Шынашақ. Қазіргі қазақ балалар поэзиясының антологиясы. - Алматы: Балауса, 1992.
3. Алғашқы қоңырау. Қазақ ақындарының балаларға арналған өлеңдері. - Алматы: Жазушы, 2001.
5. Алтын бесік. Қазақ жазушыларының балаларға

- арналған әңгімелері. - Алматы: Жазушы, 2003.
6. Қазыналы керуен. – Алматы: Балауса, 2008.
 7. Қабанбаев М. Бақбақ басы толған күн. - Алматы: Жазушы, 2003.
 8. Нұрмағанбетов Т. Қарлығаштың ұясы. - Алматы: Жазушы, 2003.
 9. Табылды Ә. Таңдамалы шығармалары. Екі томдық. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2005.

2 тарау. Ө.ТҰРМАНЖАНОВ

Өлеңдері. Ө.Тұрманжанов - І.Жансүгіров дәстүрін жалғастырушы ақын. Бұл ретте Жансүгіровтің «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз» өлеңдерін еске түсірсек те жеткілікті. Ө.Тұрманжанов өлеңдері де қимыл-қозғалысқа, бояуға толы динамикалы болып келеді. Ақын өлеңдерінде сәбиге тән бала тілі, оқушыға тән асқақ сезім, романтизм, лиризм бар. «Тамаша ғой қыс деген», «Ән салайық айналып», «Балқаш көлге барайық», «Көк гүлдерді жұлмандар», «Жасыбайдың үңгірі» өлеңдері балаларға арнау түрінде жазылған. Автор «Тамаша ғой қыс деген» өлеңінде қыс тамашасын шаңғы тебу қызығымен байланыстырады. Алғашқы шумағында қыстың шұнақ аязын алға тартады. Бірақ «қызыл шұнақ аяз» ықшам киінген шаңғышы балаға бұйым емес. Кейінгі үш шумағы шаңғымен сырғыған баланың қимыл-қозғалысы мен оның физиологиялық, эмоциялық өзгеріске түсу жайын баяндайды. Бұл өлеңде де М.Жұмабаевтың «Ақ қала» өлеңіндегі эмоционалдық реңк бар.

Қуат бітіп бойыңа,
Қанат бітіп қолыңа.
Қарлығаш боп кетесің,

Жел ілеспей соңыңа.

Ақын қыстың бір ғана қызығын айтып отыр. Өлеңді қыстың қызығына балаларды ынтық ете аяқтайды.

Балалар-ау, балалар!
Мұнан қызық не болар?
Қыстың да бар қызығы,
Жылында бір оралар.

М.Дулатов «Мектепке», «Мектептен» өлеңдерінде, І.Жансүгіров өз өлеңдерінде балаларды оқуға шақыруды мақсат етсе, Ө.Тұрманжанов жырларында спортпен шұғылдануды міндеттейтін сыңай байқалады. Ө.Тұрманжановтың арнау түріндегі өлеңдер тілек білдіру, бұйыру мағышасында келеді. Мәселен, «Балқаш көлге барайық» өлеңі балаларды Балқаш көліне қызықтыру мақсатын көздейді. Бірінші бөлімде «Балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған» көлге бару, екінші бөлімде көлдің сан қызығын көру тілек етіледі. Ән сап, өлең айту, сөйтіп ауылға қайту - қызықпен өткен уақыт жемісі. Бұйрықтық мағына «Көк гүлдерді жұлмаңдар» өлеңінде айқын.

Балалар-ау, балалар!
Көк гүлдерді жұлмаңдар!
Көбелекті қумандар!
Көбелекті кусаңдар,
Қуып жетіп ұрмаңдар!

Автор байқауынша, гүл мен көбелек - егіз ұғымдар. «Гүлдің досы көбелек, доссыз өмір не керек?» деп өлеңін түйіндейді автор. Достық тақырыбы табиғат аясындағы құбылыс төңірегінен алыстамай ашылған.

Ө.Тұрманжанов фольклорлық тақырып пен сюжетті шығармашылықпен пайдаланды. «Баласын сүю» атты халық өлеңінде қой, сиыр, түйе, ешкі, жылқы, қабан,

қасқыр, ит, мысықтың баласын қалай сүйетіндігі айтылса, Ө.Тұрманжанов «Төрт түліктің төлдерін сүюі» өлеңінде солардың төртеуін ғана, атап айтсақ, жылқы, ешкі, қой, сиырды таңдайды. Халық өлеңінде «жылқы сүйеді баласын «құлыным» деп», Тұрманжанов өлеңінде «Жылқы сүйер құлынын жүйрігім деп» келеді. Алғашқы өзгешелік осы. «Ешкі сүйер баласын лағым деп, тастан-тасқа(жардан-жарға) секірген шұнағым деп, қой сүйеді баласын қоңырым деп, ештеңені(құлық-сұмдық) білмейтін момыным деп, сиыр сүйеді баласын торпағым деп, қараңғыда баспаған(баспайтын) қорқағым» деп келетін жолдарда жақша ішінде көрсетілгендерден басқа айырмашылық жоқ. Бірақ авторлық өлеңде төрт түлік сипаты толықтырылып беріледі. Бұл өлеңнің төрт түлікке ғана арналғандығынан болса керек.

Ешкі малына арналған халық өлеңі «Ешкі қойды бастаған, қойды артына тастаған ешкі деген жануар» деп басталатын көлемді өлең. Ө.Тұрманжановтың «Ешкі деген жануар» өлеңі шағын.

Қос мүйізі қылтылдап,
Қылшық жүні жылтылдап,
Тұяқтары сыртылдап,
Бүйректері бұлтылдап,
Қой бастаған қутындап
Ешкі деге жануар.

Автор ешкінің қой бастайтын қасиетін аңғартуды мұрат тұтқан тәрізді. Жалпы, ешкі жайындағы өлеңдер Ө.Тұрманжановта бірнешеу. «Ешкім, ешкім, егіз тап» өлеңі «Бөбектің тілегі» атты халық өлеңі үлгісін еске түсіреді. Халық өлеңінде «Тоқтышағым, тоғыз тап, саулық қойым, сегіз тап, сегізін де семіз тап!» делінсе, авторлық өлеңде «Ешкім, ешкім, егіз тап, егіздеме семіз тап, тоқтым, тоқтым,

тоғыз тап, тоғызын да егіз тап!» деп келеді. Өлеңдерде түлік атауларының орындары ауысқан. Халық өлеңінде бие мен сиырға айтылатын тілек («құла бием, құлын тап», «әукем, алып бұзау тап») Ө.Тұрманжановта жоқ. «Ешкім, ешкім, егіз тап» өлеңінде ақынның күтетін нәтижесі төмендегідей:

Төлге толсын қорамыз,
Сүтке толсын шарамыз.
Қазан-қазан сүт қайнап,
Қаймақ жейтін боламыз.

Халық өлеңі жануарға бұйыру түрінде келеді. Мұндай сипат арнау-тілек өлеңдерінен байқалған болатын. Авторлық өлеңдерде балаларға қатысты жиі қолданылған. Мәселен, «Ақ ешкіні баптап бақ» өлеңінде «еңбек түбі - зейнет» деген ой бар. Ақ қаймақ пе ақ қолғап ешкіден. Түбіт беретін - күтім көрген ешкі. Ақ қолғап тоқып берген әжеге ықылас үлкен.

Түлік төлдеріне арналған өлеңдер халық өлеңдері арасында да кездеседі. Мысалы, «Торы құлын» атты халық өлеңі «жағы қалақтай», «мойны садақтай», «жүні құндыздай», «жалы жібектей», «саны білектей», «көзі моншақтай», «құйрығы шашақтай» құлынды көз алдына әкеледі, құлынның жансыз суреті ендігі сәтте қимылдай бастағандай көрінеді. Бірте-бірте құлынның қимыл-қозғалысы үдейді. Ноқта-желіні, киім-теріні ернімен емеді, езгілеп береді. Айнала шабады. Ақыр соңында «Енесін емер еді, еркелеп тебер еді». Халық өлеңі 5-6 аралас буынға құрылған. Өлең үшінші жақта айтылады. Ө.Тұрманжановтың «Құлыншақ» өлеңінің халық өлеңінен бірнеше өзгешелігі бар. Біріншіден, 7 буынды болып келген. Екіншіден, екінші жақта айтылады, яғни қаратпа сөзге құрылады. Үшіншіден, өлеңге бала кейіпкер қатысады, нақтырақ айтсақ, тілегімен қатысады.

Желдей жүйрік құлыншақ,
Құстай ұшқыр құлыншақ,
Қалсын халық ойланып,
Берші маған бәйге алып

Ұқсастығы, халық өлеңі де, авторлық өлең де түлік төлін бірдей мінездейді. Ө.Тұрманжановтың «қамыс құлақ», «күміс тұяқ», «жібек жалды», «бөкен санды» құлыншағы - халық өлеңінің шекпеніне оранып туған құлыншақ. Авторлық өлең көлем жағынан ұтылған. Халық өлеңі жиырма алты жолдан тұрады. Ө.Тұрманжанов болса, құлын сипаттамасын тоғы жол, екі шумаққа сыйғызған. «Қошақан» өлеңі бұдан сәл өзгеше. Бала кейіпкер қошақанды әңгімеге артады.

Қошақан-ау, қошақан!
Гүл берейін, жейсің бе?
Гүлімді жеп қолымнан,
Рақымет дейсің бе?

Лирикалық кейіпкер бұл жолы да өз тілегін батыл жеткізеді:
Күз болған соң қолғапқа,
Берші жұмсақ жүніңді.

Ө.Тұрманжановтың төрт шумақтан тұратын «Әукім, әукім, ақ бұзау» өлеңі де сиыр төлінің келешектегі пайдасын ескертеді. Өлең түгелдей тілекке құрылған. Ақ бұзауды күтетін, шөп салып, суаратын, асты-үстін қарап, тазалайтын баланың еңбегі қоса-қабат айтылады. Автор бұзаудың үркек мінезін дәл береді.

Едіреймей танауың
Ене қойшы қораңа.
Одырайып қарауың
Ескі досқа бола ма?!

Негізгі тілек - бұзаудың сүтті сиырға айналуы.
Әукім, әукім, ақ бұзау!

Ертерек өс, құтты бол!
Өзгелерден өзін дәу
Сыыр бол да, сүтті бол!

Халық өлеңдерінің қаратпа сөзге құрылатын түрі - арнау-тілек өлеңі. Халықтың арнау-тілек өлеңдері табиғат құбылыстарына арналған және хайуанаттарға арналған болып екіге бөлінеді. Ө.Тұрманжановта да осылардың екеуі де бар. «Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр», «Қанатты гүл» өлеңдері - осының дәлелі. Ерекшелігі - көлемінде. Біріншісі - үш шумақ өлең. Екіншісі отыз шақты жолдан тұрады. «Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбырда» автор көңілі шартарапты кезеді. Халық өлеңіндегідей арық суының мол болуымен, өсімдік-шөптің көп болуымен шектелмейді.

Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр!
Жадырасын, жер тойсын.
Төгілген соң жерге нұр
Егін салсын, ел тойсын.

Авторлық өлеңге ел егіні, гүл жапырағы, жеміс түйіні, қосылады. Автор жаз бұлбұлының сайрағанын, қозы-лақтың ойнағанын қалайды. «Қанатты гүл» өлеңі сюжетке өрілген. Гүл терген бір бөбек көбелекті гүл екен деп «Жан бітті ме гүлге» деп шошып қалады. Көбелекке деген жүрекжарды тілегін бірден білдіреді.

Ұстап алсам, қыспаймын,
Жұмсақ қана ұстаймын.
Қанатыңа тимеймін,
Бұл қанатты гүл деймін.

Халық өлеңдерінің ішінде жеткіншектер поэзиясына жататын қызықтама деген өлең түрі бар. Сюжеттік баяндауға құрылады. Ө.Тұрманжановтың халық өлеңі ізімен жазылған «Түлкі, түлкі, түлкішек» өлеңінде көп өзгешелік жоқ. Ешкі сүтіне қатысты «Сүтін қайда қоясың?» деген

сұраққа «Ішіп алып тоямын» деген жауап қатыстырылады. Авторлық қызықтамада лақ орнына қозы сойылады. Оны түлкішек тал басына қояды. Сұрақ-жауап ары қарай төмендегіше жалғасады.

- Құс жеп кетсе, қайтесің?
- Тал түбіне қоямын.
- Ит жеп кетсе, қайтесің?
- Жолына қақпан құрамын
- Ұстап алып ұрамын.

Осылайша, оптимистік сарында аяқталады. Өлең жеткіншекті белсенді іс-әрекетке шақырады.

Ө.Тұрманжанов мазақтамалары да жетерлік. «Тәмпиген Қасым», «Ей, кір бала, кір бала» өлеңдеріндегі буын саны біркелкі емес. «Тәмпиген Қасым» мазақтамасының бірінші шумағында Қасымның әрекеті баяндалады.

Қолына ап тарак,
Айнаға қарап,
Тарады басын
Тәмпиген Қасым..

Екінші шумақта осы әрекетінен зиян шеккен Қасым сипатталады.

Мандайда-ақ шашы,
Тап-таза басы.
Тараймын деп шашын
Тырнатты басын.

Халық өлеңдері тақпақ және сұрамақ болып бөлінеді. Халық тақпағының бірі «Торғай». «Торғай, торғай, тоқылдақ» деп басталатын тақпақ Ө.Тұрманжановта да бар. Авторлық тақпақ 23 жолдан тұрады. Торғай Тұрымтайдан, Мысықбайдан, Күшікбайдан, Нүсіпбайдан қорқады. Торғайды жәбірлеушілердің әрқайсысының мінездемесі қоса берілген. Торғайға лирикалық кейіпкер іштартады.

Торғай, торғай, торықпа,
Бәрінен де қорықпа,
Тары себем жолына,
Қона ғой келіп қолыма.

«Қасқырдың қойшыларға айтқаны» деп аталатын халық өлеңі он тоғыз жолдан тұрады. Аралас буынды өлең. Өлең өзінің атауына сай. Мазмұны қасқырдың бала қойшыға, төрт қойшыға, үш қойшыға, екі қойшыға айтқан тілегіне және атты қошы, түйелі қойшы, өгізді қойшыны мінездеуге құрылған. Ө.Тұрманжановтың «Қасқыр мен қойшы бала» өлеңі қасқыр мен қойшының айтысынан тұрады. Формасы жағынан «Ұл мен қыз», «Бала мен шіл» айтыстарын еске салады.

Қасқыр:

Бала қойшы, бала қойшы!
Асық ойнап қала қойшы.
Малыңды ойға сала қойшы,
Ауылыңа бара қойшы.

Автор халық өлеңінен алдыңғы екі жолды ғана алған және оған аздаған өзгеріс енгізген. Бірақ қасқыр ішкі ойын бала қойшыға сездіргісі келмейді, «бір тоқтыңды бере қойшы» демейді. Бала қойшыға қасқырдың ойы белгілі. Сондықтан алдауға көнбейді.

Бала қойшы:

Қарғадайдан қозы баққам,
Малсақтықпен елге жаққам.
Балалық қып асық атпан,
Малды тастап ойын бақпан.

«Қойыңа қарауыл қып мені қалдыр» деген қасқыр сөзін естіп бала қойшы ашуға мінеді.

Қойшы бала ашуланды,
Тау жаңғыртып аттан салды.

Ат ойнатып жігіт келді,
Қасқыр қашып зытып берді.

Боталы түйе, қос лақты қос ешкі, төрт қозылы екі қой,
шұнақ қулақ бес ешкі барлығы нешеу? «Ойлап тап?»
атты халық өлеңі осыны жасырады. Ө.Тұрманжановтың
«Нешеуі қызыл, нешеуі ақ?» өлеңі барынша
күрделендірілген. Бір жағынан есепке ұқсайды.

Бесеуі қызыл, бесеуі ақ,
Оң қалтамда он алма.
Жетеуі қызыл, жетеуі ақ,
Сол қалтамда толы алма.
Нешеуі қызыл, нешеуі ақ?
Тапқыш болсаң, ойлап тап?
Қызылын берсем қыздарға.

Автор бұнымен тынбайды, «Қызылын қыздарға, ағын
ұлдарға береді». «Қызылы қанша қызға жетеді, ағы қанша
ұлға жетеді?» деген сауал тастайды.

Қызылы нешеу, қыз нешеу?
Ағы нешеу, ұл нешеу?

-деп аяқталады өлең. Бұның жауабы өлеңнің бірінші
бөлімінде беріліп қойған. Он екі қызыл алма, демек, он екі
қыз. Он екі ақ алма, он екі ұл.

Ө.Тұрманжановтың жыраулар поэзиясы дәстүрінде
туған «Мұрап болғым келеді» өлеңі «куат», «шуақ»,
«шырақ», «бұлақ», «суат», «тұрақ», «пырақ» «мұрат», және
«мұрап» сөздерінің мән-маңызы мен қуатын түсіндіреді.

Қартайғанда анама
Қуат болғым келеді.
Бақшадағы балаға
Шуақ болғым келеді.

Өлеңде есім сөзбен тіркесіп келетін күрделі етістік әр
жол сайын қайталанып отырады. Бұл сипаты және 7 буынды

өлең өлшемі өлеңге ойнақылық дарытқан.

Бәрінен де бәрінен
Өзім туған жерімде,
Күн қақтаған кебірде
Шөліркеген егінге
Су беретін қолынан
Мұрап болғым келеді.

«Бар адам арман ететін мұрат болғым келеді» деген екі тармақтың алғашқысы 8 буынды болып келген. Бұның өзі алғашқы әсерге еш көлеңкесін түсірмейді. Буын санын бажайламаса байқалмайтын құбылыс.

Ушинскийдің ізімен жазылған «Екі соқа» мысалында Ө.Тұрманжанов орыс педагогы көтерген еңбек мәселесін қайта жаңғыртады. Тот басқан соқаның «жарқырап кеттің қалайша, досым?» деген сұрағына еңбекқор соқа былайша жауап береді:

- Сұрасаң, досым, айтайын шынын,
Еңбекте, - деді, - негізі мұның.
Еңбек мені жаңартқан қайрап,
Сондықтан тұрмын жарқырап, жайнап.
Тот басып сенің қарайғаның -
Еңбексіз кірлеп тозғаны жаның.

Соңғы екі жол - қазақ ақынының қосқаны, өзіндік концепциясы. Бірлік, ынтымақтық тақырыбы - Ө.Тұрманжановтың «Жеке ағаш пен топ ағаш» мысалының арқауы. Топ ағаштан бөлінген жеке ағаштың қайғылы аяқталған тағдырын мысал етеді.

Шарт сынды сонда жеке ағаш,
Шалқайып кеткен қауымнан.
Қатар тұрған көп ағаш
Жеңілмей қалды дауылдан.

Ө.Тұрманжановтың «Ана өсиеті» өлеңі адамзатқа

жасалатын жақсылық мәнісін түсіндіруге құрылған. Автор ойынша, жол үстіндегі тікеннің өзін алып тастау - келесі адамға еткен үлкен жақсылығың. Жақсы іс - көпке үлгі. Соңғы шумақта ақын жақсы үлгі-өнегенің құдіретті күшін баян етеді.

Бұл еңбегің қалмас-ты босқа, бекер,
Соны көрген соңғы жас солай етер,
Жақсы үлгіні жалпы жұрт дәстүр жасап,
Жол тазарып, жолаушы жылдам өтер.

Өлең халықтың «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Атаңа не істесең, алдыңа сол келер» деген қанатты сөздеріндегі ойды жалғастырады.

Поэмалары. Ө.Тұрманжановтың «Шағымпаз сарғалдақ» ертегі-поэмасының оқиғасы «Қотыр торғай» атты халық ертегісінің сюжетін еске түсіреді. «Елден асқан ерке» сарғалдақ қурайды да, теректі де, өлең шөпті де, бұтаны да менсінбейді. Сарғалдақ жантақты ешкіге, ешкіні қасқырға, қасқырды аңшыға, аңшыны тышқанға, тышқанды мысыққа, мысықты кәрі әжеге шағады. Ешқайсысы тыңдай қоймайды. Тек құйын сарғалдақтың сөзін жерге тастамайды. Осыдан кейін барып кері процесс жүреді.

Әже барып мысықты ұрды, Мысық орнынан ұшып тұрды. Мысық тышқанға тиді, Тышқан мергеннің білтесін қиды, Мерген қасқырды атты, Қасқыр ешкіге шапты, Ешкі жантақты жеді, Сарғалдақ «рақмет!» деді. Сөйтіп, сарғалдақ жантақтан осылайша өшін алды.

«Жекедай» поэмасына Ө.Тұрманжанов «Төрт жігіт - түгел жігіт, жеке жігіт - жүдеу жігіт» деген халық мақалын эпиграф етіп алған екен. Аталас бес жігіт енші алып бөлек шығады. Жаңа қоныс табады. «Көлігім сай, күшім сай, Боламын жеке-дай» деп бесінші жігіт төртеуден бөлініп жеке кетеді. Төрт жігіт қыш құйып, үй салады. Жалғыз

жігіттің жұмысы өнбейді. Төртеудің «бізбен бірік» дегеніне көнбейді. Терезесі, есігі орнатылмаған үйде Жекедай қыстап шығады. Төрт жігіт көктемде егін салуға шақыра келеді. Жекедай ермей қояды. Сөйтіп, дәнсіз қалады. Қателігін түсінеді. Кешірім сұрап келген Жекедайды төрт жігіт құшақ жая қарсы алады.

Адасқанға айып жоқ
Біреу-жалғыз, төртеу-көп.
Қосылайық, толайық.
Бес саусақтай болайық
Ынтымақ ерге лайық,
Жаңа өмір өстіп құрайық...

Ө.Тұрманжановтың «Аңғал бұғы, алдамшы түлкі, аң патшасы - ауру арыстан туралы хикая» поэмасы ел ертегісі ізімен жазылған. Қарны ашқан арыстан түлкіге бұғы егін жегісі келетінін білдіреді. Түлкі бұғының осал жерін дөп басады. Арыстан аң біткеннің ішінен бұғыны патша қоюды дұрыс санап отыр деп жеткізеді. Бұғы арыстан тырнағынан әрең аман қалады. Түлкіні енді маңына жолатпастай болады. Бірақ тілі майда түлкі бұғыны тағы да алдай бастайды.. Ашулы арыстан енді қасқырды патша етпекші дейді. Одан да өзің патша бол дегенді айтады. Сөйтіп, түлкі бұғыны екінші рет көндіреді. Бұғының жерге түскен миы түлкіге бұйырады. Арыстан бұғы миын жеуге ниет етеді. Ертегі-поэма авторы төмендегідей тұжырым жасайды:

Өзәзіл адамды алдап кәсіп етер,
Еңбексіз тілін жалдап нәсіп етер.
Опасыз өмір сүрген өтірікші,
Алдынан әділдіктің қашып өтер.

Ө.Тұрманжановтың «Құмырсқалар, аралар, қиыспас дос құдалар» мысал-поэмасының бас кейіпкерлері - аралар мен құмырсқалар. Ара құмырсқамен құда болғанға дейінгі

аралықта бірнеше жәндіктің тіршілігімен танысады.
Түрленіп шыққан көбелекке

Сауықшыл екен балаңыз
Балаңызға лайқ
Басқа бір қыз қараңыз... -дейді.

Шаққан жерін қан қылған сары масаны
Тым ерсі екен салтыңыз,
Қан ғана екен асыңыз,
Қағынған екен жасыңыз

-деп кері қайтарады.

Тотықұстай түрленген инелікті
Сұлу-ақ екен сыртыңыз,
Жарамсыз екен жұртыңыз
Бұзылған екен құлқыңыз.

- деп қабылдамайды. Өрмегін ала жүгірген өрмекшіге

Жалған өнер жарамас,
Арам тамақ, арам ас.
Ондайларға жаны қас,
Қызым саған қарамас...

- деп қатты айтады. Аралар құмырсқаның сөзін ұйып
тыңдайды. Құмырсқамен құда болуға шешім қабылдайды.

- Тыңдандар! - деді, - бәріңіз,
Ей, жарандар, жарандар!
Бері таман қарандар,
Сөзім енді тым қысқа,
Құдамыз болсын құмырсқа!
Өзіміздей тірлікті,
Ынтымақты, бірлікті,
Өсіп-өнген ел екен,
Ағып жатқан кен екен,
Қолтықтары кең екен,
Бізге нағыз тең екен...

Поэма балаларға арнау сөзбен аяқталады. Өтірік өлең сипаты байқалады. Ө.Тұрманжановтың «Түлкі мен бөдене» поэмасы халық ертегісі ізімен жазылған. Түлкінің қолына түскен бөдене «Бір жолға қанымды қи, мен де саған көрсетем сый» деп жалынады. Түлкі бөденені қоя береді. Күндердің күнінде аңшы қақпанына түскен түлкіге көмекке бөдене келеді. Содан былай екеуі дос болады. Екеуінің достығы былайғы жұртты таңғалдырады. Бөдене түлкінің үш өтінішін орындайды. Алғашқысында етке тойғызады, екіншісінде күлдіртеді, үшіншісінде қорқытады. Үшінші өтініш олардың достығына сына қағады. Көзін жұмған түлкіні бөдене аңшылардың ортасына әкеледі.

Түлкі олардан әрең дегенде қашып құтылады. Поэмада бөдене құйрығының шолақ болу себебін түсіндіруге құрылған этимологиялық сипат бар.

- Өстіп қорқыт деп не ем, жауыз?

Деп түлкі оған салды ауыз.

Түлкі ап қалды құйрық етті,

Бөдене ұшып безіп кетті.

Бар оқиға сол-ақ екен.

Бөдене өстіп шолақ екен.

«Күле-күле тамашаға, кездесті олар оңашада» деп қайталанатын жолдар поэмаға ойнақылық дарытқан.

Ө.Тұрманжановтың «Төрт өгіз» мысал-поэмасы ынтымақ, бірлік мәселесін көтереді. Ақын ұғымында «Төрт» санының қасиет артық. Ұзақ жылдар бойы қазақ мақал-мәтелдерін жинаған ақынның бұл жерде «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген мақалды есте ұстағаны анық. Қалыңға кірген өгіздері қасқырдың көзі шалады. Өгіздерге тап береді.

Қасқырға алам деген айласымен,

Төрт өгіз түгел тұрса, болар ма жем?!

Қасқырды қадай соғып қаңсылатты
Төрт батыр сегіз семсер найзасымен.

Қасқыр жолай жолыққан түлкіге халін баяндайды. Залым түлкі өгіздер арасына жік салу қажеттігін айтады. Түлкі ойындағысын іске асырады. «Әрқайсың әр түбекті басқарыңдар, жерге шоғырланып тұрмай бәрің...» дегенді жас өгіз дұрыс көреді. Үш өгізден бөлінген жас өгіз қасқыр мен түлкіге жем болады. Жас өгіздің өкірген үнін естіп үш өгіз қас қаққанша жетіп барады.

Алданған жас өгіздің алды өшін,
Қулардың құрбан болған айласына.
Мысал түйіні төмендегідей:
Не жетсін бірлік пенен ынтымаққа!
Барлық күш - біле білсек ынтымақта.
Деп халық жай айтпаған, есте сақта!

«Жалғыз боп жол тапқанша көппен адас», -

Ө.Тұрманжановтың «Қарлығаш, дәуіт, жылан» поэмасының да көтеретін мәселесі - бірлік. Поэмада қарлығаш пен дәуіттің ынтымағы үлгі етіледі. Дәуіт қарлығаштың балапандарын жалмамақ болған жыланды өлтіреді. Тіршілік иелерінің әдісі де бар, әлсізі де бар. Әлсізге әлдіден қорғану үшін басқамен бірігу керек. Сондықтан поэмасын автор төмендегіше түйіндейді:

Балалар, қашан-дағы бірлік керек!
Әлсізге артық болмас етсек көмек.
Жақсылығың ұмытылмас қашан-дағы,
Игілікке дәнекер болсаң себеп.

Әңгімелері. 1927 жылы Қызылорда қаласында «Қошан кедей» атты кітабы жарық көреді. 1966 жылы «Адам адамға дос» кітабы жарық көреді. Ө.Тұрманжанов әңгімелерінің де өзекті тақырыбы еңбек саналады «Ұста бала» әңгімесінде бала ана өсиетін орындайды. Жыртылған жерін өзі жамап

алады. Түймесін өзі қадайды. Бара-бара жаңа киімді де өзі кесіп-пішіп, тігіп киіп алады. Әуелі өз етігін жамайды. Кейін үйрене келе жаңа етікті де тігетін, қамшыны да өретін, ерді де шабатын, күмісті де соғатын ісмер ұста болады. Ұста бала атанады. Сөйтіп баланы анасының өсиеті ұста қылады. «Бала жолы» әңгімесінде автор балаларға «Құмырсқалар, аралар - қиыспас дос құдалар» поэмасы арқылы таныс еңбексүйгіш құмырсқаны өнеге етеді. «Дүниедегі жәндіктердің ішіндегі кішкенесінің, ең нәзігінің бірі - осы құмырсқа. Бұлар өз жұмысына тым ұста. Еңбексүйгіш. Еңбек етуге келгенде бұлардан асатын жәндік жоқ. Ынтымақшылдығы қандай тамаша! Тұтас бір қауым - бір күш. [...] Ей, балалар! Сендер міне осы құмырсқа құрлы жоқсындар ма? Бұл қорлыққа төзе бергенше, жолдан өткен сайын жол үстінде жайсыз, тосқауыл болып жатқан тастарды иіліп алып, шетке лақтырып тастай беріңдер, тастай беріңдер» - дейді жол азабын тартқан балаларға шөпшек теріп жүрген қарт ана. Қарт ананың айтуымен балалар жолды тазартады. Халық бұл жолды балалар өз қолдарымен салғандықтан «Бала жолы» деп атап кетеді.

Ө.Тұрманжановтың оқу-білім жайындағы әңгімелері қатарындағы «Бала мен көзілдірік» әңгімесінің жасы кіші бала үшін танымдық та, тәрбиелік те мәні үлкен. Атасының көзілдіріксіз кітап оқи алмайтынын немересі байқайды. «Кітапты атам оқымайды, көзілдірік оқиды екен» деген тұжырымға келеді. Көзілдірігінің атасына кітап оқып, өзіне оқымағандығына бала қатты күйінеді. «Сонда атасы немересін жұбатып: - Мектепке барып, сауатыңды ашып, хат танитын болған соң көзілдірік саған да оқитын болады, балам, - дейді. Сонда баласы: - Хат танып алсам, көзілдіріксіз де оқимын ғой, ата, - депті». Баланың ақылға салған соңғы жауабы да кішкентай оқырман жанына жақын.

Бұдан Ө.Тұрманжановтың көргені мен көңілге түйгенінен әңгіме сюжетін өре білу қабілеті анық байқалады.

«Қамқоршы», «Біздің Ғани» әңгімелері тарихта болған адамдар жайында сыр шерткенмен негізгі идеясы - сауатсыздыққа қарсы күрес, балаларды оқу-білімге шақыру. «Қамқоршы» әңгімесінде Ғани қамқорлығын суреттеуге аса үлкен мән береді.

Ө.Тұрманжанов ісай жанрда жазса да табиғатты жырлап өтті. Табиғат пен «жақсылық», «қайырымдылық», «адамгершілік» деген ұғымдар - автор үшін егіз нәрселер. Табиғат перзенттері - хайуанаттар, құстар, жәндіктердің үнемі адам қамқорлығына зәру екендігі қаламгер әңгімелерінен байқалып отырады. Қамқорлықты туғызатын - ізгі ниет, сүйіспеншілік сезім. Ізгілік жөніндегі әңгімелеріне «Жапанда жалғыз шынар», «Үш өсиет», «Жылан мен кесіртке», «Торғай мен балапандары», «Ақсақ торғай», «Құр бақа мен су жыланы» жатады. Мазмұны мен идеясы жағынан Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ» шығармасымен үндес келетін «Жапанда жалғыз шынар» әңгімесінде балалары әке өсиетін орындайды. Демек, әңгімелерінде ана өсиеті мен әке өсиеті қатар жүреді екен. Балалар әкелері өлген соң оны бұлақ басына қастерлеп көмеді. Сол жерге бір түп шынар ағашын отырғызады. Жас шынар зәулім ағашқа айналады. Ақ үйдің ауданындай жерге сая болады, көлеңкесін түсіреді. Ұзақ жолдан шаршап келе жатқан жолаушылар бұлақтан су ішеді, жуынып-шайынады, ағаш көлеңкесінде рахаттанып демалады.

«Торғай мен балапандары», «Ақсақ торғай» әңгімелері балаларды құстар тіршілігімен ғана таныстырып қоймайды, оларға қамқор болуға шақырады. Бала торғай мен ана торғай харекеттері шынайы суреттеледі. Торғайлардың шыр айналып ұшып-қонуын, мазасыздануын жазушы аса бір

дәлдікпен көрсеткен. Ана торғай бала торғайға тамақ тауып жеуді үйретеді, жаудан сақтану жолдарын көрсетеді. «Ақсақ торғай» әңгімесінде бір бала өзі абайламай аяғын сындырған торғайды қатты аяйды. Үйіне әкеп, оның сынған аяғын орнына салады, сыртын қатты қағазбен қаптайды, сыртын жұмсақ шүберекпен мықтап таңып қояды. Сөйтіп, торғайды емдеп жазып, үйіріне қосады.

«Құр бақа мен су жыланы» әңгімесінде де құр бақаға жанашырлық танытқан бала ісі үлгі етіледі. Су жыланының жеміне айнала жаздаған құрбақа құтқарылады. Бала су жыланын қармағының сабына іліп алып, жар басына лақтырады. Оны дегелек қағып алып, ұясындағы баласына қарай алып ұшады. Жазушы жәндік болсын, құс болсын қайсысының немен қоректенетінін балаға қарапайым тілмен қызықты етіп баяндап берген.

Ө.Тұрманжановтың, сондай-ақ, аңыз-ертегі ізімен жазылған «Байқағыш балалар», «Арпа, бидай - ас екен, алтын, күміс - тас екен», «Жарқырауық жасыл құрбақалар, ақ күмістей асыл құрбақалар туралы хикая» атты ертегілері бар. Бұлардың қатарына «Мысық қалай мысық болған» вьетнам аударма ертегісін де қосуға болады. Әдеби ертегі жанрында жазылған әңгімелерінде адам бойындағы асыл қасиеттер дәріптеледі. Автор ненің жақсы, ненің жаман екендігін танытады, «қандай болмақ керек» дегенге жауап береді. Бұларда балалар ақыл-ойына қозғау салатын тұстар мол. Әсіресе, «Зеректік» халық ертегісін еске түсіретін «Байқағыш балалардан» бала логикасын дамытатын сипатты байқауға болады. Желмен ұшқан қалпақ иесінің қарт адам екенін, оның әрі жаяу, оң қолсыз, шолақ, әйелі жоқ екендігін көрмей-білмей балалар төмендегіше түсіндіреді: «Қалпақ жас адамдікі болса, қуып жетіп ұстап алар еді. Астында мінген аты болса, қарт адам болса да

атымен қуа қайырып қалпағын ұстап алған болар еді. Алшысынан киген ақ қалпақтың сол жақ етегінің сырты теңгенің аумағындай дөңгеленіп, мөр басқандай карайып қалыпты. Қалпақты ылғи сол қолымен киіпті, оң қолының жоқтығы содан білінді. Қалпақтың қайырылған сыртына тебен ине шаншып, сабағымен шандып орап қойыпты. Әйелі бар болса, ине алып жүріп не қылсын».

«Арпа, бидай - ас екен, алтын, күміс - тас екен» ертегісі өлерінде ғана нан қадірін түсінген сараң байдың дүниеқоңыздығын, караулығын әшкерелейді. «Жарқырауық жасыл құрбақалар, ақ күмістей асыл құрбақалар туралы хикая» ертегісі басқаларынан композициялық құрылым жағынан өзгеше. Немересі әжесіне сұрақ қояды. Әжесі немересінің сауалына жауап ретінде әңгіме айтады. Немере мен әже әңгімесі негізгі әңгімеге кіріспе болған. Негізгі әңгіме - жарқырауық жасыл құрбақалар, ақ күмістей асыл құрбақалар туралы ертегі. Шортаннан қашқан олар құрғаққа ұмтылады. Балықтардың құрбақаларға айналуы ертегіге этимологиялық сипат дарытқан.

«Мысық қалай мысық болған» вьетнам ертегісі қаламгерді құрылымдық ерекшелігімен де, идеясымен де қызықтырған болу керек. Ертегі диалог түрінде берілген. Бұл тұста Ө.Тұрманжановтың диалог үлгісінде жазылған өлеңдерінің баршылық екендігі еске түседі. Шығарма жасы кіші баланың табиғат құбылыстарына қатысты танымдық білімін ғана қалыптастырып қоймайды, юморды түсіне білу қабілетін де ұштайды. Әрі «Әр нәрсе өз затына сай аталу керек» деген ойды аңғартады.

Сонымен Тұрманжановтың жоғарыдағы әңгімелері еңбек, оқу-білім және ізгілік тақырыптарына арналған. Басым көпшілігі әр буын өкілдері - ата, әже, әке, ананың өсиеттеріне құрылған. Тағы бірер әңгімесінде өсиет тікелей

халық атынан жеткендей әсер қалдырады. Демек, жазушының қай әңгімесінде болсын басынан кешкені, көрген-білгені негізінде ойға түйгені мол халқымыздың өмірлік тәжірибесі көрініс береді. Бірсыпыра әңгімесінен өсиетке құлақ қойған бала көрінеді. Балалардың халық тәжірибесін сүйеніш еткен тірлігі байқалады. Ал, халық тәжірибесі, негізінен - халық фольклорында. Демек, жазушы өз әңгімелерінде фольклорлық дәстүрді және Ыбырай Алтынсариннен кейін қазақ балалар прозасында орныққан арна-дәстүрлерді жалғастырды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Өтебай Тұрманжанов туралы естеліктер»(2005), негізінде ақынның шығармашылық өмірбаянын әңгімелеңіздер.
2. 1960-80 жылдардағы балалар мысал-поэмаларының тақырыптық ауқымын анықтаңыздар. XX ғасыр басындағы қазақ ақындары мен Ө.Тұрманжанов мысалдарындағы дара және стильдік белгілерді айқындаңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Ө.Тұрманжанов. Менің кітабым. -Алматы: ҚМКӘБ, 1962.
2. Ө.Тұрманжанов. Таңдамалы шығармалар. -Алматы: Жазушы, 1965.
3. Ө.Тұрманжанов туралы естеліктер. - Алматы: Білім, 2005.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. -Алматы: Мектеп, 1980.
5. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 3 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

3 тарау. М.ӘЛІМБАЕВ

Өлеңдері. 2007 жылы «Балауса» баспасынан жарық көрген «Балдәурен, балалық» кітабы «Бүлдіршін, бүлдіршін күнмен бір күлсін», «Жарқырай бер, жұлдызша», «Табиғат тамашалары», «Жас ұлан, асулардан ас ұлан», «Жұмбақтар», «Жаңылтпаштар», «Ән шырқашы әуелетіп», «Дастандар», «Аруақты ата-бабалар», «Атамекен аяулы», «Атыңның затын анықта», «Айналадағы алуандық» атты он екі бөлімнен тұрады. Ақын жазған өлеңдерін, алдымен, балалардың өздеріне тындатады. Олар - балабақшадағы бүлдіршіндер, мектеп оқушылары, бауырлары, өз балалары, туысқандарының, әріптес, жора-жолдастарының балалары, немерелері.

Ақын әр жастағы балалармен сұрақ-жауап арқылы сұхбаттасады. «Кімнің баласысың?» деген сұраққа қыз бала мен ұл бала төмендегіше жауап береді:

- Қыз! Қыз!

Сен кімнің қызысың?

- Анамның.

- Ұл! Ұл!

Сен кімнің ұлысың?

- Атамның.

Өлең, сондай-ақ, «Тұз - даланікі, гүл - Отандікі» деген тұжырым ұсынады. «Міне, өстіп сұрақ-жауап арқылы да бүлдіршіндермен сұхбаттасып, алдымен олардың жауаптарын тындап, мен Тұз бен Гүл арқылы оларға өз көзқарасымды ұсынып, саналарына ой салғым келеді. Қыз бен Ұл өздігінен назарларын аударып, Тұз бен Гүлдің орнына өздерін қойып көрсе екен деймін».

«Менің ойыншықтарым» өлеңі соғыстан кейінгі кезеңде «Пионер» журналында басылып шығады. 1949 жылы бұл өлеңді өзімен қызметтес бір адамның кішкентай

қызының аузынан естиді. Кішкентай қыз қуыршақпен ойнап отырып өлеңді жатқа айтады. Жеке шумақтардан құралған өлеңнен үзінді келтірейік:

Ашытпайды көзіңді,
Шомыла ғой, балақай!
Қарашы енді өзіңе:
Аппақ болдың, алақай!
Түсті түймең үзіліп,
Неге қадап алмайсың?
Тұр ғой әне ине-жіп,
Неге ұқыпты болмайсың?

Өлең жалғыз қуыршаққа ғана емес, ойыншық құлыншаққа, бұлбұлға, күшікке, қоянға да арналады. Сондықтан өлең «Менің ойыншықтарым» деп аталады.

Ақын өлең-жырларының басты тақырыбы - еңбек. Еңбек тақырыбындағы өлеңнің бірі -«Он саусақ». Өлең жөнінде автор былай дейді: «Еңбек қозғалыстан, әрекет етуден басталады. Екі саусақты біріктіру де, онымен ине ұстау да еңбек. Енді одан әрі не түйме қадалады, не киім тігіледі. Өстіп еңбек екі саусақтан, аздан, кішкенедең өрбиді. Сөйтіп үш саусақ біріксе қалам ұстауға, хат жазуға, білім алуға жарайды. Ал, он саусақ кіріссе үй де салынады, жол да жасалады. Саусақ арқылы адамдарды меңзеп тұрғанымды алғыр балалар өздері-ақ аңғарады».

М.Әлімбаев үшін еңбексүйгіштік пен жалқаулық - егіз тақырыптар. Автор еңбекті дәріптеу арқылы жалқаулықты әшкерелейді. Еріншектікті әшкерелеу арқылы еңбексүйгіштікті мадақтайды. «Егер де...» өлеңі төрт шумақтан тұрады. Жалқау бала атқарылуға тиіс шаруаларды істемес үшін күлкі туғызатын сылтаулар айтады. «Аяғым су болмаса, бақшаның қарын күрер едім, үстіме шаң қонбаса, бақшаны баптар едім, қарым талмаса,

су әкелер едім, ағаш қатты болмаса, отын жарар едім,
Жанатты жыламаса жұбатар едім, арифметика болмаса
сабақты жақсы оқыр едім» деген сылтау иесін автор сын
тезіне салады:

Айтайық біз Кәрімге
Бұл мінезін қоймаса:
Тыңдырар ең бәрін де,
Жалқаулығың болмаса.

Жалқаулықтың неге апарарын түсіндіретін өлең -
«Жалқаудың жауабы».

Ана есікті жаба салшы,
Ілгегін де сала салшы.
Жалқау әрең ыңыранды:
Жел соқпай ма,
Сол жаппай ма?!
Үйдің ішін суық алды...

Жалқаудың әрекетсіздігінен үйдің іші суып кетті. Есік
жабуға ерінбегенде бұндай жағдай болмаған болар еді.

Халық өлеңі сарынымен жазылған «Шай қайнатып
берейін» өлеңі екі бөлімнен тұрады. «Үлкенге - құрмет,
кішіге - ізет» принципі байқалады. Апатайы Бағилаға шай
қайнатып, інісі Мерейге сүт пісіріп бермекші болады.
Апасына деген қамқорлығы «Шайға қанып, терлей ғой,
өзінді-өзің емдей ғой» дегенінен көрінеді. Бөбегіне деген
жанашырлығы тілекпен ұштасқан: «Әппақ сүтке тоя ғой,
жылағаның қоя ғой».

Ақын өлеңдері мақсатты. «Санамақ» өлеңінің мақсаты -
бүлдіршіндерге санауды үйрету. Бірден онға дейінгі
сандардың мәнісін түсіндіре келіп өлең соңында былай
дейді:

Сан білмеген айта ма,
Санамақты қайтала!

Сондай мақсатты өлеңнің бірі - «Шынықсаң, шымыр боларсың» өлеңі. Өлең дене шынықтыру жаттығуларының жасалуы жөнінде.

Сағаттың тіліндей
Иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір,
Сағатқа қарап ап
Жаттығу оңай-ақ!

Жаттығу түрлері осылай жалғаса береді. Жаттығу түрлерін үйренуге деген талап-тілек және автор тарапынан үйретуге деген ықылас осыну өлең-нұсқауды дүниеге әкелген. Өлең суретті кітапша түрінде де жарыққа шықты.

М.Әлімбаев өлеңдерінің көпшілігі сұрақ-жауапқа құрылады. Оқушыны сұрақ қойып сынайды. «Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс?» өлеңінде, алдымен, сұрақ қойылады, содан соң бұрыс жауабы көлденең тартылады. Соңында «Бұл сені сынау, дұрысы мынау» деп дайын жауаптарды ұсынады:

Інінде - жылан,
Шөлінде - құлан,
Тайгада - бұлан,
Көгінде - қыран,
Елінде- ұлан.

Ақын сөзбен сурет салады. Бұл ретте сөзді үнемді пайдаланады. Үнемшілдіктің бір көрінісі - «Ай мен Ая» өлеңі.

Айдың беті эппақ,
Аяның беті сатпақ.
Неге олай?
Ол былай
Бұл ай

Аунамайды жерге,
Шомылады көлге.

Бейнелі, суретті өлең. Автор Ай қадір-қасиетін айту арқылы Аяның салақтығын танытқан. Сөзге үнемшілдіктің тағы бірі көрінісі - «Орманда» өлеңі. Екі-ақ жолдан тұратын өлең.

Отын жардық жұмылып,
Орман кетті жылынып.

Бұл өлең өзіне «еңбек түбі - зейнет» деген ойды еркін сыйдырып тұр. Ақынның балаларға арналған кітапшаларының бірі «Биікке-биікке» деген өлеңінің атымен аталады. Өлеңде астарлы ой бар.

Көктемде, көктемде
Күн нұрын төккенде,
Қар еріп ақты су,
Жоғары тартты бу.
Көк шыбық былтырғы
Көгерді - құлпырды.
Құлпырды, құлпырды,
Жоғары ұмтылды!

Биікке ұмтылған көк шыбық - адам перзенті бөбекті меңзейді. Бөбектің тілегі де - өсу, өсіп-жетілу. Адам - табиғат перзенті. Адам өмірі табиғаттан ажырағысыз. Демек, ақын ойы екінші бір құбылыспен атастырыла айтылады.

М.Әлімбаев бір затты екінші затқа, бір құбылысты екіншісіне ұқсату әдісін «Күн тоқыған кілем» өлеңінде де сәтті қолданады.

Күн кілем тоқиды,
Нұрмен тоқиды,
Гүлмен тоқиды.
Ол - Асыл зер кілем,
Жалпақ, кең кілем,

Жерге тең кілем.
Ол - Сен де сиярлық,
Мен де сиярлық,
Ел де сиярлық кілем.

Күн мен бейбітшілік - егіз ұғымдар. Соңғы шумақтан «жер үсті татулығын сақтайық» деген тілек аңғарылады.

Бала өмірін, тірлігін, мінез-құлық, әрекетін табиғат құбылыстарымен байланыстыру - ақын өлеңдерінің басты қасиеті. «Балақай мен қалақай» өлеңі аңғал бала мінезі мен әрекетіне құрылған. Өлеңде сюжет бар.

Саяхаттап көрдік қыр,
Қырға бардық, тердік гүл
Айқайлады балақай:
- Алақай-ау, алақай!
Жапырақты үземін,
Гербарий ғып тіземін.
Ол бұтаны бас салды,
Міне, шатақ басталды.
Қарып қалды қалақай,
Жылап қалды балақай...

Бұл - табиғат аясындағы бала тірлігі. Дала тартуын баяндайтын, танымдық сипаттағы сюжетсіз өлеңнің түрі - «Мен дала бардым».

Мен дала бардым,
Қыр гүлін берді,
Көл суын берді,
Күн нұрын берді.

М.Әлімбаев жыл мезгілдерін жасы кіші бала түсінігіне лайық етіп жырлайды. Халықтың маусымдық өлеңдері дәстүрінде жазылған «Күз келді» өлеңінде күздің көңілсіз көрінісі лирикалық кейіпкер атынан баяндалады. Ерекшелігі, жаңа заман келбеті көрінеді. Сондай-ақ, бала

ұғымына лайық тіл бар. Өйткені лирикалық кейіпкер, ол - бала. 5 буындық өлең өлшемі қолданылған. 12 жолдан тұрады. «Сарғайды тоғай, сап-сары маңай, соңғы әнін айтып, құс кетті қайтып» деген жолдар бала танымын айқын береді. Өлең соңында «Сонда да бізге қызық көп күзде» деген тұжырым жасалады.

«Күз» атты өлеңінің бірінші шумағында бір сурет екіншісіне жылдам ауысады:

Ұшты талдан жапырақ
Сары көбелек секілді.
Аспанда жай шатырлап,
Тамшы жерге секірді.

Өлең жолдары бала табиғатына үйлес ойнақы шыққан. Екінші шумақта ақын даланы еңбеккер алыпқа теңейді:

Барын беріп халыққа,
Жұмыстан соң қалжырап.
Дала ұқсайды алыпқа
Дамыл алған маужырап.

Дала өлеңде еңбеккер әке, ата мағынасында, ағаш жапырағы мен жаңбыр тамшысы перзент ұғымында қолданылған. Секіріп ойнаған бөбек пен жұмыстан шаршап келіп демалып жатқан әке бейнелері қылаң береді. Бүлдіршін жүрегіне жақын сурет.

Балалар фольклоры үлгілерінде тамаша жыр туғызған ақынның өтірік өлеңге бет бұруы әбден заңды. «Суайттың өтірік өлеңдерінен» атпен ұсынған шумақтарда ақын алуан түрлі өлең өлшемдерін қолданады. 7, 8, 11 және аралас буынды өлең өлшемдері кездеседі. Авторлық өтірік өлеңдерден халық өтірік өлеңдері кейіпкерлерімен де жүздесеміз, заманына сай жаңа сөз қолданыстарын да кездестіреміз.

Поезға арттым жалғыз қауырсынды,

Тарта алмай тепловозың ауырсынды.
Тышқанға қоса тіркеп беріп едім,
Жүйткіді әлгі поезд дауыл сынды.

Сурет салып отырған кішкентай бала көлге әкеп тіреп,
жолды жоғалтады. Ақын жолды көлдің арғы жағалауынан
күрең қарындашпен алып шығады. Жол көлге шомылып
шығады. Осы оқиға негізінде «Жол қайда жоғалды?» өлеңі
туады.

Жоғалды ма жол оңай,
Суға кетті-ау. Обал-ай!
Іздеп жүрсек жан-жақтан,
Сүңгіп шықты ар жақтан.

Балалар ақындары өлеңдері ішінде мысық жайында
өлең көп. М.Әлімбаев өлеңі – «Мысық пен құмыра».

Сүтке толы құмыраны
Айналшықтап қызығады.
Төңкеріп тастап қарап отыр,
Енді ернін жалап отыр.

Ақын көргенін қаз-қалпында жеткізген. Бар-жоғы төрт
жолдан тұратын өлең. «Басқа пәле - тілден» деген ойды
«Ұзын тіл» өлеңі аңғартады. Тілдің қызармайтын себебі, ол
- туғаннан-ақ қызыл. Қызармайтын тіл ұялмайды да.

Адам нанбас сөз айтып,
Бөскен сайын ұзарар
Сол тіл үшін көз тайқып,
Бет пен құлақ қызарар.

«Жарқырай бер, жұлдызша» бөлімі «Монтер ағай» өлеңімен
басталады. Жарық тарататын монтер ағайда бір жылылық
бар.

Көшеде, үйде, кеңседе
Жүреді ағай шам жағып.
Түн ішінде келсе де,

Ол жүрген жер жап-жарық.

М.Әлімбаевта омоним сөздерге, логогриф, шарада, метаграммаға құрылған өлең түрлері бар. Өлең басында омоним, логогриф, шарада, метаграмма дегендерге қара сөзбен қысқаша түсінік беріледі. Осындай ішкі жанр үлгілерінің мол болуы ақын ізденісі аясының кеңдігін байқатады.

М.Әлімбаев өлеңдеріне ән де жазылды. «Мұғалім ол біздің», «Бесік жыры» өлеңдері бұған дәлел. «Мұғалім ол біздің» өлеңінде мектеп мұғалімінің бүкіл қадір-қасиеті көрінеді. Ол қадір-қасиет ұстаз міндетінен шығады. Ұстаз міндеті - білім дәні мен ізгілік дәнін егу. Осы міндеттер үддесінде қызмет етуші жан бәріне де сыйлы. Ұстаз - бәрінен бұрын оқушы қамқоры. «Бесік жыры» халықтың дәстүрлі бесік жырын еске салады. Бірақ мазмұндық айырым айқын. Ақын бөбек ұйқысын күш жинау тұрғысында түсіндіреді.

Күш жинап ал, бөпешім,
Ер жеткенде шаршама?!

Сондай-ақ, ұйқы зардабын да айтуды міндет санайды.

Ұйқышының үлесі аз, -
Осы бастан біліп қой.

Ақын ойы еңбек жайындағы қорытынды ойға ойысады:

Өмір сүйген тыншымас,
Еңбек - нағыз қызық той.

«Әлди-әлди, бөбегім, әлдилесін өлеңім» деген қайталау дәстүрлі бесік жырынан өзгеше. Астарлы мәнге ие. «Ақынның ең жақсы сыйы - өлеңі, сол өлең өздеріне арналады» деген ой бар.

Поэмалары. Ақын ел аузындағы ертегі, аңыздар дәстүрімен бірталай поэма туғызған. Соның бірі - «Алатаудың баурайында» ертегі-дастаны. Ертегі-дастан

арнаудан және төрт бөлімнен тұрады. Автор халық ертегілерінің Алдар көсе, Тоғыз Тоңқылдақ, бір Шіңкілдек, балықшы шал сияқты кейіпкерлерін еске алады да, бүгінгі күннің өзге ертегісін баяндауға кіріседі. Туған жерден жырақ кеткен бір жарлы жан жұбайымен ақылдасып елге қайтуды ойлайды. Қара лашығын сатады да құнына есек алады. Сөйтіп, туған жеріне оралады. Жақының қара лашығын Сорай деген кедей сатып алған екен. Сорай лашық астынан кесек-кесек алтын табады. Сорай Жақыны іздеп Қаракемерге тартады. Жақы алтыннан бас тартады. «Алтынды сен ал» деп Сорайға жалынады. «Оңай олжа - арам ас» - деп Сорай алтынды алғысы келмейді. Жақы екеуі қазыға жүгінеді. Қазы «біріңде ұл, біріңде қыз, екеуін үйлендіріңдер, еншісіне алтынды беріңдер»- дейді. Қыз бен жігіт те алтыннан бас тартады. Қазыға, ханға жүгінеді. Хан уәзірі Жиренше былай дейді:

Хан тақсыр, сіз алыңыз
Алтынға елді жалдаңыз
Алма бағын салыңыз,
Халқыңызға арнаңыз.

Сөйтіп, Қастек пен Қаракемерде алма ағашы бой түзейді. Алма бағы жайқалған жер - Алматы. Дастанның төртінші бөлімі түгелдей қала көркін сипаттауға арналады. Дастанның қысқаша сюжеті осындай. «Тәжірибелі талант «Алатау баурайында» поэмасының тең жартысына дейін ел ертегі, аңызының ізімен жырлап отырады, ортасынан ауа жасыл желек жамылған астананың бүгінгі көркін қызықтауға ойысады. Алатаудың алмасы жайлы аңыз, ертегіні бала тілінде баяндай келіп:

Ертектегі сол бақтың
Көргің келсе жұрнағын,
Әсем таулы алқаптың,

Алабына жүр, жаным,
- деп осы өлкенің бүгінгіне әкеліп жалғайды. Алмалы
өлкенің Кешегі зар тіршілігі мен Бүгінгі шат өмірі
осылайша жаңа ертегі-поэмаға айналған»(16,221)

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. М.Әлімбаев поэзиясының тақырыптық сипаты, көркемдігі жайында айтыңыздар.
2. М.Әлімбаев шығармаларындағы түйінді ойды анықтаңыздар. Шығармаларының тәрбиелік мәні туралы пікір білдіріңіздер.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. М.Әлімбаев. Балдәурен, балалық. - Алматы: Балауса, 2007.
2. М.Әлімбаев. Қалам қайраты. - Алматы: Жазушы, 1976.
3. Бесік жыры. –Алматы: Жалын, 1989.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. -Алматы: Мектеп, 1980.
5. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 3 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

4 тарау. Б.СОҚПАҚБАЕВ

Повестері. Шығармашылық жолын балаларға арнап өлең жазудан бастайды. Кейін прозаға ойысады. Прозалық шығармалары арқылы балалардың сүйікті жазушысына айналады. Б.Соқпақбаев шығармаларының басты кейіпкерлері - мектеп жасындағы балалар. Автор балалар психологиясын жақсы біледі, терең сезінеді. «Алыстағы ауышда» повесінің(1953) кейіпкерлері - қаладан ауылға

көмекке келген Болат, Сережа, ауыл балалары Балабек, Қожаш, Әнуар, Досан, Құрмаш. Бұлар ел басына күн туған қиын кезеңде еңбек етеді. Қиындыққа еш мойымайды. Повесте олардың қарттарға жасаған қолқабыстары, өзара достық, жолдастық қарым-қатынастары нанымды әңгімеленеді. Жасөспірім баланың өсу жолын көрсететін шығарма - «Он алты жасар чемпион»(1957). Шығарма кейіпкері - Мұрат Батырбаев 16 жасында Парижде өткен студент боксшыларының халықаралық біріншілігінде әлем чемпионы деген атқа ие болады. Чемпиондыққа дейінгі өрлеу жолы қызғылықты баяндалады. Спортшы Николай Трофимович алыстағы қазақ ауылында секция ашады. Ауыш балаларына алуан түрлі спорт ойындарын үйретеді. Талапты бала Мұрат ата-анасы мен мектеп директоры Тоқмолданың қарсылығына тап болады. Николай Трофимовичтің ісіне, әсіресе, шала сауатты әрі спортқа жаны қас Тоқмолда көп кедергі жасайды. «Он алты жасар чемпион» - өмір шындығын, уақыт тынысын шынайы суреттеген шығарма.

Жазушы өмірбаяндық деректерді пайдаланатындықтан туындылары арасында сабақтастық байқалып отырады. Мәселен, «Менің атым Қожа» повесі(1957) алғашында «Өзім туралы повесть» деп аталған болатын. «Менің атым Қожа» повесі қазақ балалар әдебиетінде үлкен құбылысқа айналды. Повесть балалар прозасына жаңа леп, жаңаша бет ала келді. Бұрын қазақ балалар әдебиетінде кішкентай кейіпкерлер шетінен тәрбиелі болып келетін. Осы схематизмді бұзған Б.Соқпақбаев болды. Жұрт алғашында Қожаны тосырқай қабылдады. Кейіпкерді «жағымды», «жағымсыз» деп бөлетін, тек тәрбиелі баланы ғана үлгі тұтатын ұғым-түсініктерді повесть жоққа шығарды. Жазушы повесті орыс тіліне аударып, Мәскеудің «Детская литература» баспасына ұсынады. Шығарманың бағы

жанады. Көп тиражбен басылып шығады. Көптеген тілдерге аударылады. Киноға түсіріледі. 1967 жылы Францияның Канн қаласында өткізілген балалар мен жастар көркемсуретті фильмдерінің бүкілдүниежүзілік фестиваліне қатысып, жүлделі орынға ие болады. «Менің атым Қожа» повесінің ерекшелігі - Қожаның жағымды, жағымсыз қылықтарын табиғи ашып көрсеткендігінде. Жазушының ізденісі - кейіпкерінің жанына үңіле білгендігінде. Қожа әрекеті бала табиғатына тән. Оның мінез-қылығы өзінің диалектикалық шындығымен, қайшылығымен көрінген. Жазушы саналы түрде кейіпкерді не бірыңғай мақтау, не бірыңғай қаралау принципінен бас тартқан.

«Балалық шаққа саяхат» повесі(1960) - өмірбаяндық деректерге құрылған туынды. Жазушының сегіз жасында шешесі қайтыс болады. Колхоздасудың алғашқы жылдары, ең бір қиын кез. Б.Соқпақбаевтың балалық шағы елдегі әлеуметтік өзгерістерге толы кезеңге дәл келді. Қаршадай бала колхоздастырудың алғашқы жылдарындағы қиыншылықтарды үлкендермен бірге көрді. «Бадалық шаққа саяхат» повесі - осынау балалық шақ туралы толғанысынан туған дүние. Повесте автор ауыл балаларының тірлігін сөз ете отырып, 30-жылдардағы ауыл өмірін бүкіл қайшылығымен көрсетеді. Жазушы сол кезеңді бала көзімен бағалайды. Колхоздастыру, коллективтендіру науқанында неше түрлі асыра сілтеушіліктер, солақайлықтар орын алды. Ел өміріндегі сол қиыншылықтар повесте үзік-үзік суреттер арқылы көрініс береді. Шығарма кейіпкері Бектас - жетімдік пен жоқшылық қасіретін көріп өскен бала. Қаршадайынан колхоз жұмысына араласады: масақ тереді, қырманда астық бастырады. Шешесі қайтыс болады. Тұрмыс ауыртпалығы Бектасты жасытпайды, қайта шынықтырып өсіреді. Повесте

жазушы бала кейіпкерге қоғам бойындағы ауыртпалықты арқалатты. Бала кейіпкер аузымен қазақ қоғамына тән бірталай кемшіліктерді айтты.

Жазушы өз шығармаларын бірінші жақтан жазады. Бұл өмір құбылыстарын бала көзімен көру, бала түйсігімен түйіндеуден туындайды. Баланы зеріктіретін суреттеулерден, ұсақ-түйекті тәптіштеуден бойын аулақ салады. Жазушының балаларға арналған шығармаларында кішкентай кейіпкерлердің ой-көзқарас, психологиясын нақты көрсететін шынайы штрих-детальдар мол. Қала баласының ой-көзқарас, түсінігіне құрылған туындысы - «Аяжан» повесі(1963). Ауылдағы туыстарына қыдырып барған Аяжан атты кішкентай қыз суықтан құлағы естімей қалған әйелге жанашырлық жасайды. Қаладағы дәріханашы анасынан алдырған дәрісі ем болады.

«Өлгендер қайтып келмейді» романында(1967) өмірдің ащы шындығы тереңірек ашылған. Романда екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы, соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі кезеңдегі қазақ ауылының шындығы көрінеді. Соғыс халық тұрмысына қиыншылық, ауыртпалық әкелді. Сондай-ақ, алуан түрлі психологиялық, моральдық проблемалар тудырды. Соғыс кезінде адамдардың адамгершілік қасиеті, моральдық болмыс-бітімі сынға түсті. Роман үш бөлімнен тұрады. Әр бөлім шағын көріністерге бөлінген. Роман желісі соғыс алдындағы жылдардан басталып бас кейіпкер Еркіннің ақындық, жазушылық жолға түсуіне дейінгі мерзімді қамтиды. Роман өзегі - Еркіннің азамат боп өсу жолдары. Бірінші бөлімде Еркіннің ағасы Сәрсебек үйленеді. Ағысының Қаныша жеңгесімен қосылғанына жыл жарымдай уақыт өтеді. Соғыс басталады. Сәрсебек әскерге аттанады. Еркін колхоз председателі Нұрәлінің әділетсіздігіне төзбейді. Нұрәлі Еркінді елден

куады. ФЗО-ға жібереді. Еркін ФЗО-дан қашады. Түрмеге түседі. Екінші бөлімде Еркін өз ауылынан алыста, Сарыбелде мұғалім болып жүреді. «Живсырьенің» қызметкері, ішкі есебі мықты Сегізбаймен араласады. Басынан бірталай оқиғалар өтеді. Еркін студент болады. Соғыстан кейінгі жылдардағы студенттер тұрмысы баяндалады. Декан Дәулетбаев пен доцент Беделбаевтардың іе-әрекеттері есте қалады. Романның үшінші бөлімінде Еркін оқу бітіріп Қазақстанның оңтүстік облыстарының біріне мұғалім болып барады. Еркін үйленген. Әйелі Зағипа да мұғалім. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы ойдағыдай емес. Осы мәселелер жөнінде мектеп директоры Жақыбаев пен оқу ісінің меңгерушісі Ілиясовпен келісе алмайды.

Б.Соқпақбаев - тақырыпты өмірдің өзінен алатын жазушы. Жазушы өзінің шығармалары арқылы өмірдің соншалықты күрделі, соншалықты ауыр екендігін мейлінше шыншыл баяндайды. Қаламгер өз шығармасы арқылы өмірдің соншалықты күрделі екенін, өмірде әділеттіліктің сақтала бермейтінін асқан шыншылдықпен баяндап берді.

Әңгімелері. Балаларға арналған шағын әңгімелерінен де қаламгердің өзіндік ерекшеліктері көрінеді. Жазушының «Бурыл ат», «Әріпбай және көкжал қасқыр», «Жол», «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімелері балалар өміріне құрылған. Әңгімелерінің кейіпкерлері - ауыл балалары. «Борандағы» Нұржан, «Бурыл аттағы» Сүлеймен, «Жол» әңгімесіндегі Балғын - қарапайым ауыл балаларының бейнелері. «Жол» әңгімесіндегі Балғын қоршаған ортаның сырын ұғуға ұмтылады. Әңгімеде бәрін білгісі келген бала бейнесі ғана емес, оған жалықпай жауап беретін әке сипаты да қатар ашылады. Жазушы бала өмірінің бір ғана сәтін бейнелегенімен, оны шынайы суреттейді. Қоршаған ортаның қыр-сырына әлі қанығып үлгермеген сәбиге соқпақ

жолдың ауылдан асқан соң таусылатындай болуы – табиғи құбылыс. «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесінде күтімсіз қалған ағаштар кешегі еркін өмірлерін аңсап, бір-біріне мұңын шағады. Бұл халді самал жел өзен бойндағы орманға жеткізеді. Әңгімеге қиял-ғажайып ертегі элементтері араласады. Тал, қайың, бұтаға жан бітеді. Ағаштың адамға тигізер пайдасын кәрі еменнің өзіне айтқызу арқылы жазушы жас баланы ойлантады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Бердібек Соқпақбаев туралы естеліктер»(2005) кітабын оқыңыздар. Жазушының өмірбаяндық шығармашылығын әңгімелеңіздер.
2. Б.Соқпақбаев повестеріне мазмұндық, тақырыптық, сюжеттік-композициялық талдау жасаңыздар. Жазушы шығармаларының өмірбаяндық сипаты жөнінде айтыңыздар. Қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық мәселелердің қаламгер шығармаларындағы көрінісін дәлелдеңіздер.
3. Б.Соқпақбаевтың «Меің атым Қожа» повесіндегі Қожа бейнесінің жаңашылдығын дәлелдеңіздер. Шығармадағы образдардың жасалу ерекшеліктеріне тоқталыңыздар.
4. Жазушы әңгімелеріне тақырып, идея, образдар жүйесі бойынша талдау жасаңыздар.
5. 1960-80 жылдардағы балалар повестерінің тақырыптық ауқымын анықтаңыздар. Қазақ балалар жазушылары повесть, романдарының көркемдік-идеялық ерекшеліктерін танытыңыздар. М.Иманжанов, Б.Соқпақбаев шығармаларындағы дара және ортақ стильдік белгілерді айқындаңыздар. Шығармаларының сипатын қазіргі заман тұрғысынан

бағамдаңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Бердібек Соқпақбаев туралы естеліктер. - Алматы: Білім, 2005.
2. Б.Соқпақбаев. Аяжан. - Алматы: Жалын, 1985.
3. Б.Соқпақбаев. Менің атым Қожа. - Алматы: Атамұра, 2003.
4. Б.Соқпақбаев. Әжесінің баласы. - Алматы: Жазушы, 2003.
5. Б.Соқпақбаев. Балалық шаққа саяхат. - Алматы: Раритет, 2005.
6. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. -Алматы: Мектеп, 1980.
7. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 3 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

5 тарау. Қ.МЫРЗАЛИЕВ

Өлеңдері. 1970 жылдың аяғында Қ.Мырзалиевтің «Күміс қоңырау» атты кітабы -өлеңдер, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, диалогтар, мазақтамалар жинағы жарыққа шығады. «Күміс қоңыраудағы» шығармалары бұрын жарық көрген бір топ кітаптан -«Көктем», «Жаңғалақтар», «Кішкене Қожанасырлар», «Ноян палуан», «Алуан палуан», «Сабак» кітаптарынан және «Омар мен Кұмар», «Мешін мен адам» кітапшаларынан таңдалып, іріктеліп алынған. Жекелеген өлеңдері бастауыш сыныптарға арналған оқу құралдарына енді. Екі жүзге тарта өлеңдеріне әдейі арнап, ән, кантата, ораториялар жазылды.

Қ.Мырзалиев - философиялық-дидактикалық дәстүрді дамыта жырлаған ақын. Қ.Мырзалиев қазақ балалар әдебиеті мәселелеріне көп көңіл бөледі. Балалар ақынының қасиеті жөнінде былай дейді: «Барша поэзияға қойылатын түбегейлі талаптармен қоса, балалар өлеңінен жеке-дара талап етілетін қасиет белгілердің өзі қаншалық: оларды ұқпайтын, бүкіл жаратылысымен сезінбейтін ақын қандай ма талант, қандай ма дарын болғанмен, егер ол балалар психологиясы мен балалар әдебиетінің өзіндік деген ерекшеліктерін әдейі зерттеп-біліп, үлкен бір даярлыққа кіріспесе, бөбектер көңіліне бірден қона кететін ғұмырлы дүниелер тудыра алмайтыны хақ»(38,324)

«Көктем» өлеңі 5 шумақтан тұрады. 11 буынды өлең. Дала адам бейнесінде алынады. Аспан - әке, көктем - ұл ұғымында.

Аспаның әлсін-әлсін көктем ұлын
Алады шомылдырып жаңбырына.
Тосады жалпақ дала күнге жонын
Денесін жазайын деп құрыстаған.

Автор өлеңнің соңғы шумағын а дейін бір бағыттан айнымайды. Көктемнің жазға орын беруі -кішінің үлкенге құрметі тәрізді қабылданады.

Жаз келіп, көктем жылжып жүре берер
Інідей орын берген ағасына.

Өлең аяқ астынан құйып, аяқ астынан басылған жаңбырды, жаңбырдан соңғы арайлы құбылысты көркем сурет етіп көрсетеді.

Су-су қылып бозторғайды, шымшықты,
Сілкінді де сұп-сұр аспан тыншықты.
Сахна - көк, шымылдық - бұлт сырылып,
Сығалады, нұрын сеуіп күн шықты.

Автор табиғат мінезін бала мінез-құлқымен салыстырады.

Табиғат мінезі бала көңіл-күйімен байланыстырылады.
Құдды ерке бала сияқты.

Жұтты гүлдер нөсер суын, шуақты.
Жылғалардан жылжып қана су ақты.
Жаңбырдан соң күлімдеді табиғат
Жақсы баға

Алған бала

Сияқты.

7 буынды «Шие мен жиегі» атты өлең тілазар баланың қылығын баяндайды. Айтқан тілді алмаушылықтың неге соқтыратынын көрсетуге арналған өлең.

Айтқан тілді алмайтын
Көршіміздің жиені.
Әлі жеуге болмайтын
Жұлатын көк шиені.
Жұлып жүр деп жиенім,
Көрші ойына алмады.
Пісер кезде Шиенің
Бір түйірі қалмады.

Балаларға арналған өлеңдердің ішінде күшік, мысыққа арналғандары жиі кездеседі. Қ.Мырзалиевтің «Саққұлақ» өлеңі үш шумақтан тұрады. Ойыншыл күшік қимыл-қозғалысы кімге болса да таныс. Әсіресе, мына қылығы:

Үріп тұрып жөнімен,
Қызық оның қашқаны.
Қорқып үріп,
Сонымен
Қорқытады басқаны!

Бірінші шумағының бастапқы екі жолы 4 және 3 буынды да, қалған шумақтары 7 буынды.

Қ.Мырзалиев өлеңдерінде теңеу мол. Табиғат үнемі жанды бейнеде алынады. «Қыс» өлеңінде қыс ересек адам

кейпінде болатын болса, тал - жас бала есебінде алынады.

Қыс өзі бүрсеңдеген бала талға
Кигізді үстіндегі ақ халатын.

Қар жапқан аппақ дала хақында «расымен ұқсайды екен!»
дегізетін теңеу табады:

Әлі де із түспеген аппақ дала
Басталмаған оқушы дәптеріндей.

Баланың тілазарлығы - ақын өлеңдері тақырыптарының бірі.
7 буынды «Тілазар» өлеңі тағы да тілазарлықтың салдарын
түсіндіреді.

Тазалашы, мұз болған,
Есік алды тайғанақ!
Жата берсін, біз оған
Теуіп жүрміз сырғанақ! -
Шыға беріп Жалтақбай
Ұшыш түсті қалпақтай!

Халық әңгімесі ізімен жазылған «Аңқау аңшы» өлеңі 5
шумақтан тұрады. Әр шумақта 8-9 жол. 3, 4, 5 аралас
буынды өлең. Қиялға беріліп, қоянды қолдан жіберіп қойған
аңшы жөнінде. Идеясы - бос қиялдың қажетсіздігі, әрекет
етуге ұмтылуға үндеу.

Қ.Мырзалиев мысалдары шағын көлемді. Көпшілігі 2-3
шумақтан аспайды. «Күміс кітапта» ақын мысалдары
«Мұндайлар да бар» айдарымен берілген. «Бас пен тарақ»
мысалы 2 шумақтан тұрады. 11 буынды өлең. Тарақ Басты
«Менсіз сенің күнің құрсын ұйысқан» деп менсінбейді.
Шашсыз тарақтың күні қараң. Осы ойды екінші шумағында
аңғартады:

- Бірте-бірте сиреккіреп барамын.
Уақыт алып келмейді көп тарағым.
Таз болатын кезім жақын, - деді Бас,
-Күнің сонда не болады, қарағым?!

«Бұлбұл және оның иесі» мысалы 6-7 буын аралас өлшеммен жазылған. Тордағы бұлбұл иесіне «босат» деген тілек айтады. «Босатсам, сені мысық жеп қояды» дейді қожайыны.

Қожайын, бұлтарма,
Қолдайсың бұзықты.
Әйтпесе, бұл торға
Қамар ең мысықты!

Үш мысалдың үшеуінде де кісі қадіріне жетпейтін жан қылығы тұспалданады. «Жаңғалақтар» кітабынан енген өлеңнің бірі - «Әттеген-ай». Өкпешіл бала өзіне кесел келтіреді. «Ет аз қалдырдыңдар» деп апасы қойған тамақты жемей қояды.

Ет екен демедім,
Өкпелеп жемедім.
Ал апам күлді де,
Майлы шек, тілді де
Қалдырмай жеп қойды,
Тәтті екен!- деп қойды.
Өйтерін білмедім,
Өйтерін білгенде
Өзім-ақ жейтін ем,
Аз емес! - дейтін ем!

«Досым екеуміз» өлеңінің кейіпкерлері жиілеткен төбелестен соң өзара ортақ шешімге келеді:

Шекіссек те екеуміз
Үйге жылап қайтпаймыз.
Сөзімізге бекембіз,
Апамызға айтпаймыз.
Естімесе өздері,
Айтып қанша қажеті?
Біліп қойса,
Біздерді

Ойнатпайды бір жеті!
Автордың жиі тұспал жасайтыны - жалқаулық.
Жалқаулықты әшкерелеу үшін де кез келген форма тиімді.
Оған мысал - сұрақ-жауапқа құрылған «Балақай» өлеңі.

Бүлдірген тереміз, балақай. Алақай!
Ат жарыс көреміз, балақай. Алақай!
Айға ұшып барамыз, балақай! Алақай!
Кел, ағаш жарамыз, балақай. Әй, ата-ай!...

Тұспалсыз, айтарын ашық айтатын өлеңі - «Шылым жыры»:

Шылыммын, Шылыммын,
Сөзі рас ғылымның:
Сорымын жүректің,
Жүйкенің, Жұлынның.
Шылыммын, Шылыммын,
Бос кеткен пұлыңмын.
Шексең - патшаңмын,
Шекпесең - құлыңмын!

Поэмалары. «Өтірік туралы шындық, яки менің қалай
Судырахмет атануым туралы хикая» поэмасы ойдан қырық
өтірік құрастырған баланың әңгімесіне құрылған. Поэмада
халық шығармасында кездесетін жанды, жансыз
кейіпкерлер жиі ұшырасады.

Әлі есімде қарт кезім,
Таяқ қылдым тебенді.
Жалған болса бір сөзім,
Көрмейін мен төбемді!!!

Қырық өтірік айтқан балаға асыранды бөлтірік берілетін
болады.

Міне, осындай өтірік
Өлеңіме сый алдым.
Жұртты тыңдап отырып,
Өз-өзімнен ұялдым.

Бірақ поэмада кейіпкердің «судырақ» атануын түсіндіретін этимологиялық сипат бар.

Содан бері балалар:

«Судырақсың сен!» - дейді.

Содан бері балалар

Сөзіме бір сенбейді.

Орыс балалар поэзиясындағы классикалық үлгілерден шығармашылық үйренудің үлгісін Қ.Мырзалиев өлең-жырларынан анық байқалады. С.Маршактың «Мастерломастер» туындысындағы қарапайым шындық оқушысын күлкіге кенелтерлік қуат алған. Осындай үйреніс ізі Қ.Мырзалиевтің «Жаңғалақтар», «Омар мен Құмар» шығармаларынан да елес береді. С.Маршактың «Вот какой рассеянный», В.Маяковскийдің «Сказка о Пете, толстом ребенке и о Симе, который тонкий» деп аталатын туындыларынан бағдар алғандығын байқаймыз. Қ.Мырзалиевтің «Киімдер қалай күйінді?» поэмасы К.Чуковскийдің «Мойдодыр» шығармасын еске түсіреді. Айырмашылығы, Қ.Мырзалиев поэмасында салақ баладан өңкей киімдер өш алады. Киімдер таңертеңгілік тығылып қалып, көп іздетеді. Сөйтіп, ұқыпсыз әрі сотқар Еркебекті сабақтан қалдырады. Калошы көк мұзға сұлатып, көп қызға күлкі қылады, көк кепкісі басынан ұшып кетеді. Қалтасындағы винт және жердегі тас жамбасына батады.

Әлінді шамала,

Бізді де бағала,

Әйтпесе, о, бала,

Боласың көкала! -

Обал,ә?!.

Ақынның «Балшықұлы Балшықбай» поэмасында Алексей Толстойдың «Алтын кілт немесе Буратиноның басынан кешкендері» ертегісі оқиғаларының елесі бар. Екеуі де -

куыршақ кейіпкерлер. Бірақ Буратино ақылды тентек болса, Балшықбай - салдыр-салақ бала. Жан бітіп балаға айналған соң рұқсатсыз далаға шығып кетеді. Суық тиіп ауырады. Машинаның астына түседі. Ертегі-поэма соңында балдақпен жүрген Балшықбайды көреміз.

Айбала оның досы боп,
Біраз байқап көрмекші.
Кетсе түгел жақсы боп,
Аяқ жасап бермекші.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қ.Мырзалиевтің шығармашылық өмірбаянын әңгімелеңіздер.
2. Қ.Мырзалиев шығармаларындағы түйінді ойды анықтаңыздар. Шығармаларының тәрбиелік мәні туралы пікір білдіріңіздер.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Қ.Мырзалиев. Күміс қоңырау. - Алматы: Жазушы, 1970.
2. Қ.Мырза Әли. Алтын омырау. - Алматы: Жазушы, 2003.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. -Алматы: Мектеп, 1980.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 3 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

6 тарау. Ә.ДҮЙСЕНБИЕВ

Өлеңдері. Ә.Дүйсенбиев - «Не деу керек?», «Елка жыры», «Ақ мамам» т.б. балалар сүйіп оқитын өлеңдердің авторы. Ә.Дүйсенбиевтің «Шірік алма», «Автобуста»,

«Күшті болсам мен егер», «Не деу керек?», «Жалқау», «Білгіш», «Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ», «Менікі де, сенікі де, оныкі де - біздікі» туындылары да - бүгінгі талапқа толық жауап беретін дүниелер.

Апаң сенің базардан
Алма сатып әкелді.
Ең үлкенін, жақсысын
Саған таңдап әперді.
Не деп барып жеу керек?

- деп басталатын «Не деу керек?» өлеңі бүгін де, ертең де, арғы күні де сәбилерге әдеп әліппесін үйрете береді. Ақын өлеңдері балалар бойында гуманистік сезімді оятуға, оларды ізгі мінезге тәрбиелеуде пайдалы қызмет атқарып келеді. Ә.Дүйсенбиев өлеңдері жанрлық жағынан бай. Ертегі-поэма, санамақ, тақпақ т.б. молынан ұшырасады. Халық поэзиясы көне формасының жаңа мазмұн алып дамуына «Бес саусақ» өлеңін мысалға келтірге болады:

Балаларым, тұрындар,
Сөзге мойын бұрындар.
Бас бармақ,
Жатып алдың талайдан,
Бұзауларды бақ, айнама.
Кешке үйге келгенде,
Құйып берем ақ айран.

Ә.Дүйсенбиев әр өлеңінде баламен сырласудың қарапайым жолын тауып сөйлейді. Оның өлеңдерінің өміршең болатын себебі де осыдан.

Ә.Дүйсенбиевтің туындыларынан жалаң үгіт, насихат байқалмайды. Ақын өз өлеңдеріне тәрбиелік сипат беріп, айтар ойын астарлап, ишаралап жеткізеді. Мысалға «Шірік алма» өлеңін алайық:

Жеп тұр Әсет алманы,

Інісін еске алмады.
-Маған да аздап бер - дейді,
Әсет оған бермейді.
-Кәкәй, жеуге болмайды,
Айта көрме ондайды.
Шірік алма - деп қоды,
Сөйтті де өзі жеп қойды.

Бұл өлеңде бала характері алдыңғы планға шыққан. Дидактикалық өлеңдерден арылудың бір жолы - өлеңді бала мінезіне құру болатын болса, Ә.Дүйсенбиев - бұл істі оңтайына келтірген ақын.

Поэмалары. Бірде М.Әлімбаев «Балдырған редакциясында бас редактор ретінде бір мәселені қозғайды. «Бауырсақ қайдан келеді?» деген сауалға қала балабақшасында тәрбиеленіп жүрген бес жасар бала - қазақ сәбиі «ақ бауырсақ алма сияқты ағашта өседі» деп жауап беріпті. «Ауыл тірлігінің қыр-сырына қала балаларын қанықтыру үшін «Балдырған» беттерінде әдеби-көркем туындыларды көптеп жариялау - басты парызымыздың бірі» - деп ескертеді ақын. «Малшылар еңбегі жаынан оқиғалы сурет-кітапшаны қолға алайын»- деп Ә.Дүйсенбиев өзіне міндеттеме артады. Кейін «Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ» туады.(М.Әлімбаев естелігінен алынып отыр). Ертегі-поэма төмендегіше басталады:

Бәтеңке,
Шұжық,
Балқаймақ,
Дүкенде тұрып ұрысты,

Ұрыс-керістің сыры - қайсысымыз халыққа керекпіз? - деген сауалдың төңірегінде өрбиді. Олар төрешілерге жүгінеді. Көк төбет Шұжықты, ала мысық Балқаймақты, тышқан тістің қышуын қандырады деп Бәтеңкені жақтайды.

Дау шығып, атыс күшейе түседі. Ең соңында олар ақ сиырға жүгінеді.

Сиыр сөйлей жөнелді,
Бір төңкеріп көздерін:
-Мына менен, әуелі,
Шыққансындар өздерің.
Шытынама, Балқаймақ,
Сені сүттен беріп ем.
Ал, Бәтіңке, айқайлақ,
Жасалғансың теріден.
Сен де, Шұжық, безілдек,
Шығасың ғой етімнен,
Енді өзім, өзім» - деп,
Екіленбе бетіңмен.
Сөйте тұра өзімді,
Мақтамаймын, таспаймын.
Әрқашанда сөзімді
Бақташыдан бастаймын

- деп үшеуін ертіп, бақташы еңбегін көзбен көру үшін фермаға кетеді.

Ертегі-поэмада тәлімдік бірнеше сипат бар. Шығарма, алдымен, өзімшілдікті сынайды. Өз көкірегін қағып, менмендік танытқан Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ әрекеттері осыны маңзейді. Екінші, Көк төбет, Аламысық, Тышқан төреші ретінде алынған. Әркім өз керегіне қарай сыңаржақ бағалаған. Соңғысы, Ақ сиырдың аналық пейілі аңғарылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ә.Дүйсенбиев өмірі мен шығармашылығы жайында әңгімеленіңдер.
2. Ә.Дүйсенбиев өлеңдерінің өзіндік ерекшелігін

түсіндіріңіздер, шығармаларындағы түйінді ойды анықтаңыздар. Шығармаларының тәрбиелік мәні туралы пікір білдіріңіздер.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы. М.Жаманбалинов, Ә.Дүйсенбиев. - Алматы: Балауса, 1992.
2. Бесік жыры. –Алматы: Жалын, 1989.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. –Алматы: Мектеп, 1980.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 3 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

7 тарау. Ж.СМАҚОВ

Өлеңдері. Ж.Смақовтың «Сыйлық», «Қаз-қаз бас», «Жастық сыры», «Ойындар мен жұмбақтар», «Күлдірген», «Сылдырмақ» және «Жүз бір жұмбақ» деген өлеңдер жинағы басылды. Ақын қаламынан алуан формалы жанр үлгілері туды. Ақын өлеңдері - баланың өміртанымдық әліппесі іспетті. Ойыншыққа жан бітіреді, жан-жануарлармен таныстырады, бала мінезін әңгімелейді. Ж.Смақов - «Опай-сопай», «Тамшы», «Бұршақ туралы ертегі», «Кім күшті, кім мықты?», «Ұзын аяқ», «Аю қалай адасты?» ертегі, поэмалардың авторы.

Бесік жырлары атқаратын қызметіне қарай қазіргі фольклортануда сәбиді қоршаған ортамен таныстыратын бесік жырлары, халық мұратын арқалаған бесік жырлары және ананың ішкі әлемі сырын шертетін бесік жырлары деп қарастырылып жүр. Бүгінгі авторлық бесік жырларында танымдық мақсат хабарлаушылық сипатта көрінеді де,

тәрбиелілікпен жедел-қабыл ұштасады. Мәселен,
Ж.Смақовтың бесік жырында немересіне
Жылама, балам, жылама,
Әжең отыр әндетіп.
Әжең отыр тербетіп
Апаң кетті нанына
Папаң кетті малына.

- деп оны әке-шешесінің күнделікті тірлігінен хабардар етеді. Ары қарай «үйде отырып бола ма, сен өскенше ер жетіп» деп жалғасатын жолдардан әженің немере алдына ата-ананың күнделікті тірлігін ақтағысы келген көңіл-күйі байқалатындай. Әрі «еңбексіз бос отыруға болмас» дегенге де емеурін бар. Ақыр соңында «апаң кетті нанына, папаң кетті малына, әжең отыр жаныңда» деп немере көңіліне сенім ұялатар сөз тауып айтады.

Қазіргі авторлық бесік жырларының «әлди, бөпем» деп басталуы немесе оларда «әлди, бөпем, әлди-ай» қайталамаларының кездесуі шарт емес. Халық өлеңінің «әлди, әлди, аппағым, қойдың жүні қалпағым, жалпыға жаман болса да, өзіме жақсы аппағым» деп келетін(3,17) шумағындағы «аппағым» сөзін Ж.Смақов жаңа шырайда қолданады.

Аппақ, Аппақ, Аппағым,
Тыныш ұйқтап, жат, жаным.

Халық өз перзентін қастерлісіне балайды:

Әлди-әлди, бөпешім,
Қозы жүнді кепешім,
Жұрт сүймесе сүймесін
Өзім сүйген бөпешім.

немесе

Айналайын, шырағым
Көлге біткен құрағым.

Жапанға біткен терегім,
Жаман күнде керегім.

- деген шумақтар аяулысына баланған жанға, кішкентай тіршілік иесі санатындағы ұрпағына арналған. Авторлық бесік жырларында «қозы жүнді кепешім», «көлге біткен құрағым», «жапанға біткен терегім», «жағамдағы құндызым», «әуедегі жұлдызым» тәрізді бейнелі тіркестеріне ұқсас сөз қолданыстары ұшыраса қоймайды. Автор бөбекті жақсы нәрсеге теңегеннен гөрі, оның мінезін, қылығын, іс-әрекетін қызықтауға көбірек көңіл бөледі. Әйтсе де, сәбиге деген сүйіспеншілігі әр жолдан байқалып тұрады. Мәселен, ақын өлеңінің біріндегі ананың баланы сүйген көңілі орындалатын да, орындалмайтын да мақсатқа ұмтылысынан көрінеді:

Ақ інгеннің тайлағын,
Әкелейін, айналдым.
Аспандағы айды алып,
Әперейін, айналдым.

Бүгінгі ғылыми техниканың қарыштап дамыған заманында адамның Айға ұшып барып келе қоюы да таңқалдырудан қалған. «Аспандағы айды алып беруді» ниет еткен ананың тілегі осы жайтты ескеруден туған болуы да мүмкін. Қалай болғанда да, «бесігіңе жат, жаным, тыным алсын көкешің» деп өзіне қадірлі екі жанның да тыным алуын тілейді, басты қалауы сол.

Ж.Смақовтың бесік жырларының халық тақпағы үлгісінде келетіні де кездеседі. Қыс көріністері суреттеледі, аю, бұғы, түлкі, қоян, қасқыр әрекеттері баяндалады. Бірінші сатыда аналар поэзия тілімен сәбиді қоршаған ортамен таныстыруды мақсат тұтады. Орыс балалар фольклорында бұл мысық, көгершін, әтеш, сиыр т.б. жан-жануарлармен таныстырудан басталады. Аң-құс

тіршілігімен таныстыру сипаты қазақ балалар фольклорынан гөрі, қазақ ақындары бесік жырларынан байқалады. Мәселен, Ж.Смақовтың «Әлдиіндегі» ана аңқұстың бәрінің «ұясында қалғитындығына» жеке-жеке тоқтала келіп, сәбиіне төмендегідей өтініш білдіреді:

Бұзауқан пыс-пыс етеді,
Мамасын емді, жетеді.
Бөпешім, сен де жатасың,
Ұйықтасын десең апашың.

Өтінішін сыпайылап жеткізеді, айтарын «Бұзауқан пыс-пыс етеді, мамасын емді, жетеді» деп барып қана айтады. Ж.Смақовта бесік жырын нәрестенің әжесі де, анасы да, апасы да айтады. Бұл - фольклордан жалғасқан дәстүр. Ал бөпесіне ағасының бесік жырын айтуы -авторлық бесік жырының жаңалығы. Ақынның бесік жыры, тұсау кесу жыры, тақпақ элементтері тоғысқан «Менің бөпем» өлеңінде күннен-күнге, жылдан-жылға өсіп келе жатқан інісін қызықтаған бала бар. Ол жақсы көретін бөпесіне бесік жырын айтады:

Бөпемді жақсы көремін,
Ұнатамын мінезін.
Мамама көмек беремін,
Ұйқтатамын оны өзім.
Әлди-әлди, бөпешім,
Ұйықтасаң, бөпем, ұйықтай ғой,
Ұйқтамай қайтсін, құйттай ғой.

Бөпесін сүйген ағасы тұсау кесу жырындағыдай «жүрсең, бөпем, құлама, құласаң, бөпем, жылама!» дейді. «Жақан Смақов - бесік жырынан бастап сәби құлағын үйретіп, қаз-қаз бастырып, жырмен тұсауын кесіп, ертегі тыңдатып, ертегі айтқызып, баланы мектепке ертіп апарған ақын»(16,119). Және ақынның бала кейіпкері де аталған жақсылықтың барын өз

бөпесіне жасайды. Оған дәлел - аталған «Менің бөпем» өлеңінде жас сәбидің туғанынан балабақшаға барғанға дейінгісі сипатталады, тіпті ағасының оны келешекте мектепке ертіп апармақ ойы бар екендігі де хабарланады. Балаларға арналған халық өлеңдері(бесік жыры, тұсау кесу жыры, санамақ т.б.) элементтері мен детальдарының Ж.Смақовтың бір өлеңінің өн-бойынан өзара үйлесім тауып орнығуынан немесе сол өлеңдер үлгісінде ақынның циклдық өлеңдер топтамасының түзілуінен оның «сәбидің санатқа қосылу эволюциясын»(16,119) танытуды мақсат еткен мүддесі айқын көрінеді. «Менің бөпем» өлеңінен, сондай-ақ, жас балдырғанның балалық, аңқау мінезі, әрекеті көрінеді.

Бөлем кейде асыр сап,
Жасырынбақ ойнайды.
Басын ғана ол жасырса,
«Жасырындым» деп ойлайды.
Бетін ғана ол жабады,
Аяғы сыртта қалады.

Бөпесінің әрбір қылығы ағасының мақтаныш сезімін туғызады, інісіне деген қамқорлығы үлкен сүйіспеншіліктен туған. Қайталанып келіп отыратын «бөпемді жақсы көремін» жолдары адамзат перзентін жақсы көрмеудің мүмкін еместігін әйгілеп, жалпы жақсы көру сезімін кеудеде іркіп қалмай жариялап отырудың да қажеттігін аңғартатындай. Ал енді осы баланың алғаш бесікке бөленгеннен кейінгі қырқынан шығуы, отыруы, тілінің шыға бастауы, қаз тұрып, жүре бастауы түрлі жоралғылармен аталып өтіліп, тілектер айтылады. Халықтың тұсау кесу ырымында мақсат-мұрат ірі, айқын: «Өмірге аяқ баса бер, асулардан аса бер». Ж.Смақовтың «Қаз-қаз бас» өлеңінде баланың әр қадам басқан сайын сүріну мүмкіндігін ескерген сыңайы бар:

Қаз-қаз-қаз,

Қаздан бас,
Бір-екі-үш,
Аздан бас.
Қаз-қаз бас,
Құлама,
Құласаң,
Жылама.

Ересек адам санасы бұл тілекті «өмірде сүрінсең, жігерінді құм қылып жасыма, жылағаныңды көрсетпе» деп қабылдайды. «Алақанда алақан» өлеңінде ересек адамды жүруге талпынған баламен байланыстырып тұрған олардың алақандары:

Алақанда алақан,
Ал келе ғой, балапан.
Қаз-қаз!
Кәне, жүрсең, көрейін,
Келсең, кәмпит берейін.
Қаз-қаз!
Алақанда алақан,
Ал келе ғой, балапан
Қаз-қаз!

Алақанымен демейді, сөзімен жетелейді. Бүгінгі баланың құмар нәрсесі - кәмпит. Кәмпит көрсе, оған талпынбайтын, ұмтылмайтын бала болмайды.

Уату-алдарқату мақсатын көздейтін «Қуырмаш» өлеңінде әр саусаққа бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек деп ат беріледі де, олардың атқаратын қызметтері санамаланады. Өлеңде төрт түлікті күнделікті тіршілігінің өзегі еткен қазақ халқының ата кәсібі көрініс табады. Ж.Смақовтың «Бес саусақ» өлеңі де дәстүрлі міндеттерді - бала ұғымын жүйелі ету, санауға үйрету, еңбекке т.б. тәрбиелеу жүгін арқалайды: біреу, екеу, үшеу,

төртеу, бесеу, қолымда сонда саусағым нешеу? Бес саусақтың сипаттамасы - бес балаға берілген мінездеме. Бірінен бірі өтетін балалар: кішілерге қамқор, елгезек, ойнақы, епті. Бір үйдің бес баласы көз алдына келеді. Халық өлеңінде де, авторлық өлеңде де адамға деген қамқорлық басты орында.

Ақынның «Он батыр» санамағы - соны ізденіс нәтижесі. Он батырдың аттары аталады да, нағыз батыр соңынан анықталып шыға келеді.

- Ағайынды он батыр,
Бесеуің оңға тұр.
Бесеуің солға тұр.
Бәріңді бастайтын
Кім батыр?
- Мен батыр.

Сұрақ-жауап түрінде айтылатын халық өлеңдерінің бір түрі - сұрамақ. Ж.Смақов өлеңдерін оқып отырып, белгілі «Бақа, бақа, балпақ» үлгісінде жазылған біріне көз тоқтаттық.

Бақа, бақа, бақ-бақ!
Сеніп жүрсем мақтап,
Бетің неге сатпақ?!
Бақа, бақа, бақ-бақ!
Жұрт қояды мақтап.
Үстің неге батпақ?
Бақа, бақа, бақ-бақ!
Жүру үшін мақтап,
Болу керек әппақ.

Өлеңде риторикалық сұрақ бар. Жауап қажетсінбейтін сұрақ. Сұрақ ұялтады, әрі ойлантады. Тағы да ересек адам ойымен, ересек адам көзімен таразыласақ, «жақсы болсаң ғана, мақтауға лайықсың» дегенді андаймыз. Үлкенге де, кішіге де керек ой, нақты, қысқа, ұғынықты. Автордың тағы бір сұрамағы

Әйей бала, әй бала,

Ағатайың әйей ме,
Ұрмай ма сені аяй ма?

- деген сұраққа құрылады, халық санамағынан ерекшелігі сонда
- сұрақтың өзінен жауапты аңғаруға болады. Ж.Смақов
мазақтамалары баланың мінез-құұлық кемшіліктерін, теріс іс-
әрекеттерін әшкерелейді. Әсіресе, жылауық, қорқақ, аяншақ,
ұйқышыл, салақ балаларды келемеж қылады. Көп жылайтын
бала, көбінесе, автор мазақтамаларының объектісі болып
келеді. «Жылауық» мазақтамасын

Жылауық-ау, жылауық,
Жақсы бала болмайсың,
Қоймасан сен
Бір ауық

- деп түйіндесе, «Тағы бір жылауық» өлеңін былай қайырады:

Қойсаңшы енді, жетеді,
Жыламасаң, не етеді?
Жылауық-ау, жылауық,
Қойсаңшы енді бір ауық.

Дәстүрлі мазақтамалардан ерекшелігі, ақын өлеңдері
салыстыру негізіне құрылған. «Абалаған ит те үргенін
қойды», «ызаланып ысқырған үскірік боран да басылды»
«сен де енді қойсаңшы» дейді. Ақыры болмаған соң
«жұмыстан шаршап кеп оралған әкеге тыныштық керек» деп
ескертеді.

Сонымен балалар фольклоры үлгілері негізінде
Ж.Смақов қазақ балалар поэзиясын жанрлық түр жағынан
ғана байытып қойған жоқ, мазмұн, идея, стиль, буын, ұйқас
жөнінен де байытты. Ақынның фольклорлық жанрлық
түрлер(бесік жыры, тұсау кесу жыры, санамақ, мазақтама,
ойын өлеңдері т.б.) дәстүрінде туған өлеңдерінен бүгінгі
сәби психологиясының автор еркін өз ырқында ұстағандығы
бірден көзге шалынады. Бұл жайт, әрине, өз жырымен

қайтсе де бала көңілін табуға тырысқан ақынның мақсат-мүддесіне еш қайшылық келтірмеген.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ж.Смақов шығармашылығының өзіндік ерекшелігі жайында айтыңыздар. 60-80 жылдар қазақ балалар поэзиясындағы тың ізденістер мен жаңа тенденцияларды анықтаңыздар.
2. 60-80 жылдардағы қазақ балалар ақындары өлеңдерінің танымдық, тәрбиелік сипаты жөнінде баяндаңыздар.
3. Қазақ балалар ақындарының балалар фольклоры дәстүрінде жазылған өлеңдерін халық өлеңдерімен салыстырыңыздар. Өзара ұқсастығы немесе керісінше, алшақтығы неде екендігін түсіндіріңіздер.
4. Қазақ балалар ақындарының балалар фольклоры дәстүрінде жазылған өлеңдерін жаттаңыздар.

Оқуға ұсынылатын кітаптар

1. Бесік жыры. – Алматы: Жалын, 1989.
2. Ж.Смақов. Бақ-бақ. – Алматы: Раритет, 2008.
3. Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы: Смақов Ж., Кәрбозин Ж., Молдағалиев Т. - Алматы: Балауса, 1992.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. - Алматы: Мектеп, 1980.
5. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 3 кітап. - Павлодар: Арман, 2004.

Қорытынды

Жоғары оқу орнында оқытылатын қай пән болсын, олардың білім мен дағды, тәрбие беруде өзіндік орны бар. Солардың ішінде балалар әдебиеті пәнінің маңызы ерекше.

Балалар әдебиеті пәні ең алдымен, филология факультетінде жүретін арнаулы пәндермен өте тығыз байланысты. Әсіресе, халық ауыз әдебиеті, хандық дәуір әдебиеті, XIX ғасыр әдебиеті, XX ғасыр әдебиеті, қазіргі қазақ әдебиеті пәндерімен, тіпті әдебиетті оқыту әдістемесі пәнімен де тығыз байланысын атап өткен жөн. Әдебиет балалардың рухани дүниесін байытады, туған жерін, елін, жалпы адамзатты құрметтеу сезімдерін тәрбиелейді. Соның ішінде балалар әдебиетінің де мақсаты - балаларға эстетикалық тәрбие беру, оларды халық даналығымен, халық өсиеттерімен таныстыру, сол арқылы адамгершілікке, имандылыққа, парасаттылыққа т.б. тәрбиелеу. Халық даналығы халық ауыз әдебиетінде. Ал халық ауыз әдебиеті - балалар әдебиетінің негізі. Сондықтан, қазақ балалар әдебиетінің даму кезеңдері дегенімізде, бірінші кезекте балалар фольклоры тұрады. Елдікке, ерлікке үндейтін, әділдікке шақыратын жыраулар поэзиясынан балалар әдебиетін тыс қалдыруға болмайды. Махамбеттің патриоттық жырларынсыз, Абайдың ғибраттық ой-толғамдарынсыз балалар әдебиетін көзге елестету қиын. Балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин шығармалары - балалар әдебиетінің күретамаыры.

Балалар әдебиеті пәні XX ғасырда профессионалдық деңгейге жеткен қазақ балалар әдебиеті шығармаларын халық ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясы, Махамбет, Абай, Ыбырай дәстүрлерімен жалғастықта танытуды мұрат тұтады.

Әдебиет өнер пәні болып саналатындықтан, балалар

әдебиеті бейнелеу өнері, музыка пәндерімен ерекше гармониялық үндестікте өтуі тиіс. Тарих пәні де балалар әдебиетіне туыстас пән саналады. Өйткені балалар әдебиетінің даму кезеңдері осы туыстықты жақсы аңғартады. Асан қайғы, Бұқар жырау, Махамбет шығармашылығы жайындағы мәлімет олар өмір сүрген тарихи кезең сипаттамасымен қоса беріледі. Қай суреткер болсын, өз заманының келбетін кескіндейді. Оның шығармасы - өз заманының айнасы. Демек, балалар әдебиеті пәнін студенттерге меңгертудің де жауапкершілік жүгі үлкен.

Балалар әдебиеті пәнін оқып-үйренуде оның өзге факультеттерде жүргізілетін гуманитарлық, эстетикалық циклдағы пәндермен сабақтастығы ескерілуі қажет. Мәселен, педагогика факультетіндегі педагогика, этнопедагогика, психология салаларына катысты пәндер мазмұны ескеріле оқытылғанда студенттерге пайдасы анағұрлым зор, берері нәтижелі, түбегейлі болар еді. Осы мақсатта Ә.Табылдиевтің, С.Қалиевтің қазақ этнопедагогикасына, оның теориялық негіздері мен тарихына арналған еңбектері пайдаланылды. Бірақ балалар әдебиеті мен этнопедагогика пәндері екеуі бір емес. Оқулықта ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті туындыларының балаларға арналған түрлері тақырыптық, идеялық, көркемдік, жанрлық ерекшеліктері, танымдық және тәрбиелік мәні тұрғысында қарастырылады, балалар ақын-жазушыларының шығармашылығы жайында мағұлмат беріледі, қазақ балалар әдебиеті тарихы зерделенеді.

Балалар әдебиеті пәнінің міндеті - өзіндік эстетикалық көзқарасы бар, ойлы, ізденімпаз маманды дайындауында. Жалпы әдебиет пәні - терең ойлаудың және жан-жақты ойлантудың пәні. Оқулық тараулары соңындағы

тапсырмалар әдебиет пәнінің осы сипаттары ескеріле отырып құрастырылды. Тапсырмалар студенттерге көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауды, не соны қаз - қалпында мазмұндатуды мақсат етпейді. Ең бастысы, оқыту процесінде ұсынылатын көркем туынды туралы студент ой-пікіріне ерекше көңіл бөлінгені жөн. Ол үшін көркем шығарма оқылуы керек. Осы мақсатта тарау соңында сұрақтар мен тапсырмалармен қоса оқуға кітаптар да ұсынылады. Кітаптар денін көркем шығарма, естеліктер, хаттар, мақала, очерк жинақтары құрайды.

Егер оқулық студенттер үшін қажетті, пән мұғалімдері мен оқытушылар үшін көмекші, жалпы көпшілік қауым үшін пайдалы болатын болса, онда балалар әдебиеті пәні мақсат-міндеттерінің орындалғаны деп білеміз.

Әдебиеттер

1. «Абай» энциклопедиясы. - Алматы: Атамұра, 1995.
2. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. -Алматы: Мектеп, 1965.
3. Ахметов Ш. Қазақ совет балалар әдебиеті. -Алматы: Мектеп, 1976.
4. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. -Алматы: Қазақ университеті, 2002.
5. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері. -Алматы: Комплекс, 2002.
6. Әуезов М. Зерттеулер, мақалалар. 18 том. - Алматы: Жазушы, 1985.
7. Әуезов М. Абай Құнанбаев. -Алматы: Санат, 1995.
8. Әуезов М. Әдебиет тарихы. -Алматы, 1991.
9. Байтұрсынов А. Ақ жол. -Алматы: Жалын, 1991.
10. Бұлқышев Б. Заман біздікі. -Алматы: Жалын, 1984.
11. Бөпежанова Ә. Өрнектер. -Алматы: Жазушы, 1991.
12. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті.- Алматы:Мектеп, 1974.
13. Детская литература. – Москва: Высшая школа, 2004.
14. Елеуқенов Ш. Мағжан Жұмабаев. –Алматы: Рауан, 1991.
15. Ергөбек Қ. Өтебай Тұрманжанов. –Алматы: Рауан, 1992.
16. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. 1, 2 кітап. - Алматы: Өркениет, 2003.
17. Ерубәев С. Мәңгілік өмір. -Алматы: Жазушы, 1994.
18. Жұмабердіқызы Г. Алаштың бір ардағы.- Алматы: Рауан, 1998.
19. Жұмалиев Қ. Егеулі найза. -Алматы: Арыс, 2003.
20. Жұмалиев Қ. ХУШ-ХІХ-ғасырдағы қазақ әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1967.

21. Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері. -Алматы: Қаз мемкөркемәдеббас, 1957.
22. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 1-кітап. - Алматы:Қазақ университеті, 2001.
23. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.
24. Қазақ совет балалар жазушылары. -Алматы:Жалын, 1987.
25. Қазыбеков Н. Ой таразысы. –Алматы: Жазушы, 1991.
26. Қайырбеков Ғ. Бір кемеңің үстінде. –Алматы: Жазушы, 1981.
27. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. -Алматы:Білім, 1998.
28. Қалиев С, Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. - Астана: Фолиант, 2007.
29. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Білім, 2003.
30. Қанафияұлы Н. Шоқан - әдебиетші, публицист. - Алматы: Қазақстан, 1998.
31. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. -Алматы, 1984.
32. Қирабаев С. Шындық және шығарма. -Алматы: Жалын, 1981.
33. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. - Алматы: Білім, 1998.
34. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. -Алматы: Қазығұрт, 2007.
35. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. -Алматы: Санат, 1994.
36. Мәмесейіт Т. Дидар: әдеби сын. – Астана: Елорда, 2005.
37. Минералова И.Г. Детская литература. – Москва:Владос, 2002.

38. Мырзалиев Қ. Сөз сиқыры. -Алматы:Жазушы, 1982.
39. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. - Алматы: Күлтегін, 2002.
40. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов творчествосы. -Алматы: Жазушы, 1965.
41. Ордалиев С. Қазақ драматургиясының очеркі. - Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1964.
42. Русская литература для детей. -Москва: Академия, 1998.
43. Сөзстан. 4 кітап. - Алматы: Жалын, 1983.
44. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1986.
45. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. -Алматы: Санат, 2001.
46. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. –Алматы: Ғылым, 1974.
47. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. –Алматы: Ғылым, 1993.
48. Ыбырайым Б. Ой мен сөз. – Алматы: Жазушы, 1985.
49. Ыбырайым Б. Сырлы әлем. –Алматы: Жазушы, 1997.
50. Ісләмжанұлы К. Рухани уыз. - Алматы: Ана тілі, 1995.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
I бөлім. Методологиялық мәселелер	
1 тарау. Қазақ балалар әдебиетінің зерттелуі	8
2 тарау. Балалар әдебиетінің ерекшеліктері	28
II бөлім. Қазақ балалар әдебиетінің негіздері	
1 тарау. Халық ауыз әдебиеті	34
2 тарау. Жыраулық поэзия	57
III бөлім. XIX ғасырдағы балалар әдебиеті	
1 тарау. М. Өтемісұлы	64
2 тарау. Ш. Уәлиханов	68
3 тарау. А. Құнанбаев	74
4 тарау. Ы. Алтынсарин	86
IV бөлім. XX ғасырдың басындағы балалар әдебиеті	
1 тарау. Дәстүр мен жаңашылдық	102
2 тарау. Ш. Құдайбердиев	104
3 тарау. С. Торайғыров	107
4 тарау. С. Дөнентаев	113
5 тарау. С. Көбеев	120
6 тарау. А. Байтұрсынов	131
7 тарау. М. Дулатов	135
8 тарау. М. Жұмабаев	144
9 тарау. Ж. Аймауытов	151
V бөлім. 20-30 жылдардағы балалар әдебиеті	
1 тарау. 20-30 жылдардағы балалар әдеби процесінің ерекшеліктері	156
2 тарау. С. Сейфуллин	161
3 тарау. Б. Майлин	164
4 тарау. І. Жансүгіров	170

5 тарау. М.Әуезов178

ҮІ бөлім. 1940-50 жылдардағы балалар әдебиеті

1 тарау. Балалар әдебиеті - біртұтас көркем процесс бөлігі186
2 тарау. Б.Бұлқышев189
3 тарау. Ж.Жабаев196
4 тарау. С.Мұқанов198
5 тарау. Ғ.Мүсірепов202
6 тарау. С.Бегалин205
7 тарау. М.Иманжанов209

ҮІІ бөлім. 1960-80 жылдардағы балалар әдебиеті

1 тарау. Проблемалар, ізденістер, есімдер212
2 тарау. Ө.Тұрманжанов216
3 тарау. М.Әлімбаев236
4 тарау. Б.Соқпақбаев246
5 тарау. Қ.Мырзалиев252
6 тарау. Ә.Дүйсенбиев259
7 тарау. Ж.Смақов263
Қорытынды272
Әдебиеттер275